

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

АӘОЖ 821.512.122.09

Қолжазба құқығында

**ТАДЖИЕВ ХАМИДУЛЛА ХАБИБУЛЛАЕВИЧ**

**Қазақ және өзбек әдебиеттерінде діни-ағартушылық идеялардың көркем бейнеленуі (XIX ғасыр - XX ғасыр басы)**

6D021200-Түркология  
Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін  
дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:  
Филология ғылымдарының  
кандидаты, доцент Қыдыр Т.Е.

Шетелдік ғылыми кеңесші:  
Филология ғылымдарының  
докторы, профессор  
Хасанов Н.Д.  
(Карабук университеті, Түркия)

Қазақстан Республикасы  
Алматы, 2021

## МАЗМҰНЫ

<b>КІРІСПЕ</b> .....	3
<b>1 XIX ҒАСЫР МЕН XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ-ӨЗБЕК ХАЛЫҚТАРЫ ӨМІРІНДЕГІ САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК, ДІНИ-МӘДЕНИ АХУАЛ</b> .....	11
1.1 Қазақ-өзбек халықтарының саяси-әлеуметтік, діни-мәдени өміріндегі ортақ сипаттар.....	11
1.2 Қазақ-өзбек әдебиетіндегі отаршылдыққа қарсы күрестің көрінісі.....	22
1.3 Қазақ және өзбек халықтары тарихында ислами әдебиеттің орны.....	33
<b>2 ИСЛАМИ ӘДЕБИ ШЫҒАРМАЛАРДЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ-ИДЕЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЖАНРЛЫҚ СИПАТЫ</b> .....	48
2.1 Ойшыл-ақындар туындыларындағы Иман шарттарының көрінісі.....	52
2.2 Пайғамбарлардың көркем әдебиеттегі бейнесі.....	64
2.3 Ақыретке сенім мәселелерінің көркем әдебиеттегі бейнеленуі.....	103
<b>3 ИСЛАМ МЕН ИХСАН МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ ҚАЗАҚ-ӨЗБЕК ӘДЕБИЕТІНДЕГІ КӨРІНІСІ</b> .....	123
3.1 Шарифат шарттарының әдеби шығармаларда репрезентациялануы.....	123
3.2 Ихсан мәселелерінің көркем әдебиеттегі көрінісі.....	136
<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b> .....	153
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ</b> .....	157
<b>ҚОСЫМШАЛАР</b> .....	167

## КІРІСПЕ

**Жұмыстың жалпы сипаттамасы.** Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Назарбаев «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына жолдауында: «Мен қоғамда «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауал жиі талқыға түсетінін көріп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – «Мәңгілік ел идеясы», – деген болатын [1]. Елбасының бұл идеясы түркі халықтарының көне тарихын зерттеуге, кешегі мен бүгінін байланыстыра қарауға, жаһандану үдерісінде жұтылып кетпей, қайта жаңғыру жолына түсу қажеттігін меңзеп тұрғандай.

Адамзат әлемінде мәңгі ел болудың тетіктерін қарастырған, ізгілікті, әдептілікті, шынайылықты мақсат еткен әдебиет ғылымы да ежелгі дәуірлерден бастап қалыптасып, бүгінгі қалпына келіп жетті. Әлем халықтары әдебиетінде ежелден-ақ түрлі жанрларда жазылған шығармаларда қоғамды түзеу, оның ажырамас бөлшегі болып табылатын «адамды» ізгілікке бастау, жаратылудағы асыл мақсатын түсіндіруде қаншама данышпандар бас қатырып, қаншама ғалымдар еңбек сіңірді. Сондай тарихи үдеріс ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде біз зерттеу нысанына алып отырған, діні мен дәстүрі, мәдениеті мен әдебиеті ежелден біте қайнасып, жалғасып келе жатқан түркі тектес халықтардың ажырамас бөлігі саналатын, бауырлас қазақ-өзбек халықтары әдебиетінде көрініс беріп отыр.

ХІХ ғасыр мен ХХ ғасыр басындағы тарихи үдеріске ерекше үлес қосқан, қазақ-өзбек халықтары арасынан шыққан көптеген ағартушы ғалымдар мен ақындар адамзатты ізгілікке бастаудағы негізгі идеяларын Орталық Азия және Қазақстан жерінде ежелден қалыптасқан «Иман», «Ислам», «Ихсан» дәстүрі негізінде таратуды мақсат еткенін ерекше атап айту қажет.

Қазақ ағартушы, зиялы ақындарынан әдебиетті бала санасына әсер ететін таптырмас құрал ретінде пайдалана білген Ыбырай Алтынсариннің өлеңдері мен «Мұсылманшылықтың тұтқасы» еңбегі, Абайдың асыл дініміз Исламды насихаттап, кемел адам болу жайында жазып қалдырған өлеңдері мен иман мәселелерін тәптіштеп түсіндірген қара (ғақлия) сөздері, Шәкәрім қажының «Мұсылмандық шарты» еңбектері мен «Иманым» деген атпен топтастырылған өлеңдер жинағы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Қиямет ахуалы», Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.) туралы «Хаятбақшы», «Миғраж» атты қисса-дастандары, Шәді Жәңгірұлының «Назым сияр-и шариф», «Ахуалы қиямет», «Назым фикһ кәйдани», Жүсіпбек Шайхисламұлының «Қиямет ахуалы», Ақыт Үлімжіұлының «Қиямет ахуалы» дастандарымен қатар өзбек ағартушы ақындарынан Махмудқожа Бейбуди және Абдурауф Фитраттың «Исламның қысқаша тарихы» (Мухтасари тарихи Ислом) еңбектері, Абдулла Ауланидың «Пайғамбарлар және Исламның қысқаша тарихы» (Мухтасар тарихи анбиё ва тарихи ислом) еңбегі, Ысхақхан төре Ибраттың «Назми Фикһи кайдани», Хилуатидың «Қасиетті Мәуліт» (Мавлид шариф), Мухаммедкүл Мухаммедрасулұлы Мухайирдың «40 хадис», Сидки Хандайликидың «Тазкира-

и Имам Ағзам» деп аталатын шығармалар жинағынан орын алған «Миғражнама», «Қияметнама», қиссалары, Ғиёсиддин Ғиёсидың «Шариғат айнасы» (Миръоти шаръ) шығармаларымен қатар, Әзім қожа ишанның хикметтері, Хазини төре Хоқанди өлеңдері мен Жүсіп Сайрамидың ғазалдары бұл кезеңдегі діни-ағартушылықты мақсат еткен әдебиеттің негізгі қайнары деуге болады.

**Тақырыптың өзектілігі.** XIX ғасыр мен XX ғасыр басында қазақ-өзбек әдебиетінде қоғамды Ислам дінінің көмегімен ағартуды мақсат еткен әдебиет өкілдерінің шығармаларындағы діни-ағартушылық идеяларды ешбір идеологиялық қоспаларсыз, таза ғылыми көзқараспен талдау, осы кезеңнің тарихи-әлеуметтік сипатын ашып беру зерттеу жұмысының өзектілігі болып есептеледі. Таратып айтсақ, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы әдебиетте саяси әлеуметтік мәселелер мен қатар діни-ағартушылық тақырып та өзекті мәселелердің біріне айналған еді. Ескіше өмір сүруден, Империяның бірінен кейін бірі шығып жатқан қаулыларын орындаушы, «шаш ал десе бас алып келетін жандайшаптардан» жалпы алғанда, білімсіздік пен надандықтан бас тартып, бәрін жаңадан бастап, дүние мен ақыретті қатар ұстап, сол жолдағы білімдерді игеру жолына түсу, сөйтіп тәуелсіздікке қол жеткізу, дүниенің басқа елдерімен терезесін теңестіру – сол кезеңдегі арын таза ұстаған, елім, жерім, тілім, дінім, отаным деген азаматтардың ортақ идеясы болатын. Міне, осы идея отарлаудың құрбанына айналған түркі халықтары әдебиетінде (қазақ, өзбек, қырғыз, қарақалпақ, татар, ноғай, башқұрт т.б. халықтарының әдебиеті), ондағы біз зерттеп отырған, өмірлерінің ажырамас бөлігіне айналған ислами әдеби шығармалар арқылы көрініс берді.

Зерттеу нысанына алынып отырған қазақ-өзбек халықтары әдебиеті тарихында бұл мәселенің зерттелуі қай деңгейде? Бұл екі халық саяси тұрғыда өткен ғасырдың 90-жылдарында ресми тәуелсіздігін алғанымен, өткен отыз жылға жуық уақыт ішінде бірнеше жүз жылдық тарихы бар ислами әдебиет үлгілерін зерттеу қай дәрежеде даму жолына түсті? Саяси-әлеуметтік тұрғыдан ислами әдеби жәдігерлердің қоғамға жасаған әсері мен қатар әдебиет теориясы тұрғысынан сөз өнерін дамытуда қаншалықты маңызға ие болды? деген мәселелерге әлі де болса толық баға берілмей келеді.

Кеңес үкіметі тұсында зерттеушілердің басым бөлігі әдебиетте көрініс беріп отыратын діни-ағартушылық идеялардың мәні мен маңызын, жанрлық ерекшеліктерін, жалпы Ислами әдебиеттің сөз өнеріне жасаған әсерін ашып беруге мүмкіндігі болмай келді. Керісінше, діни-ағартушылық идеялары басым болған шығармаларды діни схоластикаға, пессимистік көзқарастарға құрылған жазбалар деп қарап ысырып тастағандар да болды. Бағзы бірлері әдеби шығармаларды кеңестік цензураға құрылған саяси идеологияның талаптарына сай талдап шықты. Ислами ағартушылық идеясының мәнін терең ұғынған ғалымдар ғана бұл мәселеде үнсіз қалды. Ал, кеңестік тәрбиені бойына сіңірген аға буын өкілдерінің бұл тақырыпқа баруына сол кездегі қоғамдық тәрбие кері әсерін тигізсе, кейінгі буын өкілдері гуманитарлық ғылымдар мен Ислам ғылымдарын байланыстыра алмай келе жатқаны бар.

Түркітану саласында қазақ, өзбек, қырғыз, түрік, әзербайжан сынды бауырлас халықтар арасындағы әдеби байланыстардың ежелгі және ортағасырлық кезеңде жазылған жазба мұралары терең зерттелгенімен, XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы әдебиет кезеңі, ұқсастықтары мен өзгешеліктерін зерттеу мәселесі тілдік байланыстарды зерттеуге қарағанда әлсіз дамып келеді. Бұл салада түрік бауырларымыз алда келе жатқан секілді. Біз қазақ-өзбек елдерінің тәуелсіздік алғаннан кейінгі дәуірде жүргізілген ғылыми зерттеу жұмыстарына назар аударған кезімізде әр халықтың өзіндік бағытпен даму үстінде жүріп бара жатқандығын түсіндік. Ал, түркілік идея тұрғысынан алғанда бұлайша даму үдерісі түркі халықтарының келешекте бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаруына кері әсерін тигізері сөзсіз.

XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ-өзбек әдебиеті тарихын сараптаған кезде екі үлкен мәселені қарастыру қажет. Оның бірі патшалық Ресейдің отарлау саясатының әдебиетке еткен әсері, екіншісі аталған дәуірде жалпы ғылым, баспасөз, техника салаларында ілгері дамушылық ой-сананың жетілуі. Осы екі үлкен мәселені талдау арқылы біз қазақ-өзбек әдебиеттеріндегі елеулі мәселелердің басын ашуымызға болады. Соның бірі әдебиетте діни-ағартушылық идеялардың жырлануы.

Соңғы жылдары ғана зерттеуші ғалымдар бұл мәселені зерттеуге кірісіп, діни мәселелердің әдебиеттегі көрінісі зерделеніп келеді. Алайда, оны да мінсіз деуге болмайды. Кейде шығарманың діни жағы басым тұстарына назар аударып, оның көркемдік жағы, ал, кейде керісінше әдеби туындының көркемдік жағына назар аударып, ондағы діни-ағартушылық идеяларды ұмытып кетіп жататын тұстары болады. Міне, осы мәселелерді дереккөз болып табылатын Құран Кәрім және Хадистер негізінде талдау жасау, сондай-ақ олардың әдебиетке жасаған әсерін, алып келген жаңалығын әдебиет теориясы тұрғысынан бағалау зерттеу жұмысының өзекті тұстары деп білеміз.

#### **Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.**

Тәуелсіздігіміздің отыз жылында әдебиет зерттеушілері тарапынан қолға алынған көлемді жобалар аясында қазақ жазба әдебиетінің қаншама «перде артында» қалып қойған әдеби жәдігерлері анығырақ айтқанда, діни-ағартуды мақсат еткен шығармалар том-том кітаптарға еніп, оқушыға жол тартқанымен оның идеялық мәнін ашып беретін зерттеулер әлі де болса аз. XIX ғасыр мен XX ғасырдың алғашқы ширегінде қазақ-өзбек әдебиетінде кеңінен көрініс берген ислами әдеби шығармалардың тақырыптық-идеялық, жанрлық және көркемдік ерекшелігін ашып көрсету – зерттеудің басты мақсаты.

**Осы мақсаттың үдесінен шығу үшін алдымызға мынадай міндеттерді қойдық:**

- XIX ғасыр мен XX ғасырдың басында бауырлас қазақ-өзбек халықтарының саяси-әлеуметтік, мәдени-діни бағыттарындағы ортақ сипаттарды айқындау;

- Қазақ-өзбек халықтары әдебиетінде империализмге қарсы күрестің жырлануын түркітану тұрғысынан бағалау;

- Қазақ-өзбек халықтары арасында рухани әдеби байланыстарының негізгі қозғаушы күші діни-ағартушылық идея болғандығын дәлелдеу;

- Қазақ-өзбек халықтары әдебиетіндегі ежелден қалыптасқан ислами-ағартушылық поэтикалық дәстүрдің ұқсастықтарын саралау;

- Ислами әдебиеттің түркі халықтары мәдениеті мен әдебиетіндегі алатын орнын зерделеу;

- XIX ғасыр мен XX ғасыр басында діни-ағартушылық мақсатта жазылған шығармалардың тақырыптық-идеялық және жанрлық сипатын айқындау;

- Қазақ-өзбек халықтары әдебиетіндегі «Иман», «Ислам» және «Ихсан» мәселелерінің жырлану ерекшелігін саралау.

**Зерттеу әдістері.** Зерттеу жұмысының мақсат-міндеттерін шешу үшін жинақталған материалдарды әдебиеттер бойынша зерделеу, талдау, салыстыру, жинақтау, сұрыптау, жүйелеу, дәйектеу, топшылау, тұжырымдау әдістері қолданылды. Көбірек қолданылғандары: салыстыру, талдау, дәйектеу, тұжырымдау.

**Тақырыптың зерттелу деңгейі.** Жалпы XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы түркі халықтарының діни-саяси, мәдени-әдеби өміріндегі өзгерістер сол кезеңнің өзінде-ақ көптеген зерттеушілердің назарында болғаны белгілі. Әйтсе де, XIX ғасыр мен XX ғасыр басы қазақ-өзбек халықтары әдебиетіндегі діни-ағартушылық идеялар тақырыбы бүгінге дейін тұтас зерттеу объектісі ретінде алынбаған. Түркі халықтары әдебиетіндегі бұл кезеңнің бүгінге дейінгі зерттелуін 2 дәуірге бөліп қарастыруға болады:

1) Патша өкіметі және кеңестік кезеңдегі зерттеулер;

2) Тәуелсіздік жылдарындағы зерттеулер;

Орталық Азия мен Қазақстан жерінде өмір сүрген халықтардың мәдениеті мен әдебиетін зерттеген В.П.Наливкин [2], Н.А.Бобровников[3], В.В.Бартольд [4], Н.П.Остроумов [5], В.В.Радлов [6], А.Вамбери [7], М.В.Meakin Annette [8], E.W.Curtis [9], E.Schuyler [10] сынды шығыстанушыларды алғашқы кезеңдегі зерттеушілер қатарында атап өтуге болады. Кеңестік кезеңде ғалымдардан М.Әуезов [11], Х.Досмухамедұлы [12], Б.Кенжебаев [13], Ә.Тәжібаев [14], Х.Сүйіншәлиев [15], Ә.Қоңыратбаев[16] сынды ғалымдар бұл дәуірге шынайы бағасын беруге тырысқанымен, цензураның кесірінен көптеген мәселелерді ашық айта алмағаны да белгілі. Ал, тәуелсіздік жылдарында бұл мәселе біртіндеп жанданып, ұлттық танымдық тұрғыдан баға беру, әр ұлт өз таным тұрғысынан зерттеу нысанына алып, ғылыми кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғалғандығын көруге болады. Мысалы, Р.Бердібаев [17], Ө.Күмісбаев [18], А.Қыраубаева [19], У.Қалижанұлы [20], Ф.Жұмажанова [21], Э.Қансейітова [22], Ж.Абдигапбарова [23] сынды отандық ғалымдар XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым өкілдерін арнайы зерттеу нысанына алса, өзбек ғалымдарынан И.Хаққулов [24], С.Сайфуллох [25], Н.Хасанов [26], М.Хасани [27], О.Жорабаевтар [28] орта ғасырлық классикалық сопылық әдебиет өкілдері шығармаларымен бұл әдеби дәстүрдің заңды жалғасы болып табылатын XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы діни-ағартушылықты мақсат еткен ақындар шығармашылығын

зерттеуді қолға алды. Ал, Б.Қосимов [29], У.Долимов [30], Х.Кароматов [31], И.Муминов [32], Н.Абдурахимова [33], А.Худайкулов [34], М.Тожибоева [35], Г.Салижанова [36], Д.Арапов [37] сынды әдебиет зерттеушілері бұл кезеңдегі жәдидтік көзқарастағы әдебиет өкілдерінің шығармашылығына кең көлемде зерттеулер жүргізіп, оларды діни-ағартушы деп бөлмей, жалпы ағартушылар ретінде бағалап келеді. Сонымен қатар, түрік ғалымдарынан XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы әдебиет бойынша зерттеген N.Tosun [38], F.Açık [39], Y.Avcı [40], Ş.Karakaş [41], S.Erşahin [42], жапон ғалымы H.Komatsu [43], американ тарихшысы E.Allworth [44], неміс әдебиет зерттеушісі I.Baldauf [45] сынды ғалымдардың теориялық еңбектері де XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы Орта Азия және Қазақстанның саяси-әлеуметтік, діни-мәдени, тарихи-әдеби ахуалды ашуда құнды дүниелер болды.

**Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері.** Зерттеу жұмысының теориялық және әдіснамалық негіздеріне қазақ әдебиеті бойынша: М.Әуезов, А.Байтұрсынұлы, Е.Ысмайылов, Б.Кенжебаев, М.Мырзахметұлы, Т.Кәкішев, Х.Сүйіншәлиев, Р.Бердібай, Х.Досмұхамедұлы, Ә.Дербісәлі, Р.Нұрғалиев, А.Қыраубаева, Б.Әзібаева, У.Қалижанұлы, Қ.Мәдібай, Д.Кенжетай, Т.Қыдыр, сынды әдебиет зерттеушілері, ал өзбек әдебиеті бойынша Б.Қосимов, Ш.Юсупов, У.Долимов, Н.Хасанов, О.Жорабаев, Х.Кароматов, С.Сайфуллах, А.Мадаминов, М.Хасани, М.Тожибоева, А.Дехканов, П.Қайюмов, шетелдік ғалымдардан N.S.Banarlı, A.Çağlar Deniz, Ch. Gruber, M. Emre, Y. Yigit, N.Tosun, H. Aksoy, F. Açık, M. Temizkan сынды ғалымдар еңбектері негіз етіп алынды.

#### **Зерттеудің ғылыми жаңалығы.**

Зерттеу жұмысының негізгі жаңалықтарының бірі, XIX ғасыр мен XX ғасырдың басындағы қазақ-өзбек халықтары әдебиетінің тұтас қарастырылуы, ондағы саяси-әлеуметтік, мәдени-діни бағыттарындағы ортақ сипаттар айқындалады.

Екіншісі, қазақ-өзбек халықтары басына төнген ортақ қауіп – Патшалық Ресейдің отарлау саясаты болғаны белгілі. Зерттеу жұмысында бұған дейін тұтас қаралмаған әдебиеттегі империализмге қарсы күрес тақырыбы қарастырылды.

Үшіншісі, қазақ-өзбек халықтары империалистік саясатқа қарсы ұстанған бірден-бір рухани қару Ислам діні болғаны белгілі. Міне, осы рухани қарудың бір тетігі ислами әдебиет ретінде бұл халықтардың қалыптасуында ерекше рөл атқарды. XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы бауырлас халықтар әдебиетіне ерекше әсер еткен ислами шығармалардың поэтикасы жүйелі түрде талданды.

Төртіншісі, бүгінге дейін қарастырылған диссертациялық жұмыстарда ислами-ағартушылықты мақсат еткен шығармалар жеке ақындар шығармашылығы аясында талдауға түскен болса, бұл зерттеу жұмысында мұндай шығармалардың тақырыптық-идеялық және жанрлық сипаты зерделенді.

Бесіншісі, XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ-өзбек халықтары әдебиетінде ислами ағартуды мақсат еткен ақындар көтерген ортақ тақырыптар салыстыру, жинақтау, сұрыптау, жүйелеу, тұжырымдау әдістері арқылы алғаш

жүйеге салынып, ақындар басты назарда ұстаған «Иман», «Ислам», «Ихсан» мәселелерінің жырлану ерекшелігі алғаш рет кең көлемде қарастырылды.

Көркем әдеби шығармалардағы иман шарттарының жырлануы, соның ішінде «Таухид» мәселесі, «Пайғамбарлардың көркем әдебиеттегі бейнесі», «Қиямет қайым мәселелерінің көркем әдебиеттегі көріністері», сонымен қатар «Шариғат шарттарының жырлану ерекшелігі» мен «Ихсан» мәселелерінің жырлану ерекшелігі бүгінге дейінгі зерттеу жұмыстарында тұтас көрініс таппаған. Аталған тақырыптардың зерттеліп отырған кезең әдебиетінде түркітану тұрғысынан тұтас қарастырылуы да зерттеу жұмысының келесі ғылыми жаңалығы деуге болады.

**Зерттеудің ғылыми практикалық мәні.** Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары мен нәтижелерін түркі халықтары әдебиетінің ХІХ және ХХ ғасыр басындағы әдеби кезеңдерін оқытуда оның ішінде қазақ әдебиеті мен өзбек әдебиеті тарихына арналған курстарда, сондай-ақ дінтанушылар мен исламтанушы мамандарды дайындауға арналған оқу құралдарында іс жүзінде қолдануға арналады. Атап айтқанда, бұрын әдебиет тарихында арнайы қарастырылмаған, ғылыми айналымға жаңадан ұсынылып отырған, Ысхақ хан Ибраттың «Назми фикһи кәйдани» шығармасы мен Шәді Жәңгірұлының сол тақырыпта жазылған шығармасы, Ақыт Үлімжіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Жүсіпбек Шайхисламұлы, Шәді ақындардың «Қиямет ахуалын» суреттейтін шығармалары мен Пайғамбарлардың көркем бейнесін суреттеген дәстүрлі шығармалар, әсіресе, Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.) өмірінен сыр шертетін, түркі халықтары әдебиетінде орта ғасырлардан бері дәстүрлі түрде жалғасын тауып келе жатқан «Мифражнама», «Мәуліт шәриф», «Әрбәын» шығармалары ХІХ ғасыр мен ХХ ғасыр басындағы діни-ағартушылық әдебиетті оқытуда арнайы оқу құралдарында пайдалануға, арнайы курстар оқуға, семинар сабақтарын жүргізуге болады.

**Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар.** ХІХ ғасыр мен ХХ ғасыр басындағы қазақ-өзбек халықтарының қоғамдық өміріндегі саяси-әлеуметтік, рухани-діни ахуал мен мәдени-әдеби жағдайларды зерттей келе мынадай тұжырымдар ұсынылды:

1) Қазақ-өзбек халықтарының дүниетанымындағы Құдайды тану ұғымына – рухани нәр алатын діни білім көздерінің ортақ болуы негіз болды;

2) ХІХ ғасырдың соңғы ширегінен бастап Орталық Азия мен Қазақстан жерінде жәдидтік көзқарастардың қалыптасуы негізінде, түркілік бірлік, мұсылмандық бірлік идеялары ерекше дамыды;

3) Өлкенің капиталистік жүйеге ауысуы білім көздерінің жаңғыруы, баспа жұмыстарының жандануының арқасында ислами әдеби шығармалардың көптеп жазылуы екі халық арасындағы рухани тұтастықтың жаңғыруына себеп болды.

4) Бауырлас қазақ-өзбек халықтарының өмірлік дәстүріне айналған, отарлауға қарсы күресетін бірден-бір рухани күш Ислам діні болды. Осы рухани күш аясында жазылған ислами-әдеби шығармалар қоғамдық гуманистік идеялардың негізіне айналды;



XIX ғасыр мен XX ғасыр басында ислам дінінің тарихы мен оның адамзат өмірінде алатын ерекше орнын, бүкіл адами құндылықтардың негізі болып табылатын «Иман» деп аталған ұлы нығметтің қажеттілігін шығармалары арқылы насихаттап қоғамды «Ислам» дінінің негізгі қағидаларымен тәрбиелеуді мақсат еткен, «Аллаға деген ғашықтық сезімдерін «Ихсан» деңгейінде жырлаған ақындар шығармашылығын зерттей келе мынадай тұжырымдар ұсынылды:

- Орта ғасырлардан бастау алған ислами әдебиет XIX ғасырдың соңымен XX ғасыр басында ерекше даму жолына еніп, белгілі бір жүйеге түсті.

- Ислами-әдеби шығармалар түрленіп, бағзы бірлері жанрлық сипатқа ие бола бастады. Атап айтқанда «Пайғамбарлар тарихы», «Қияметнама», «Мифражнама», «Мәуліт-шәриф», «Әрбәйн» сынды дәстүрлі даму жолына түскен шығармалар бұл кезеңде өзінің жанрлық сипатымен көрініс бере бастады;

- Діни-ағартушылық идеяларды көркем сөзбен насихаттауда өлең сөздің (поэзия) орны ерекше болды.

- Қазақ әдебиетінде Ислам діні тарихын поэзия үлгісімен өрнектеген авторлық қисса-дастандар жазу дәстүрге айналса, өзбек әдебиетінде бұл дәстүр ғазал, хикмет, мухаммас, мусаддас, таржиғ банд, т.б үлгілерімен жазылған шығармалармен көрініс берді.

- Сопылық танымдағы Ихсан мәселелерінің жырлануы өзбек әдебиетінде кеңінен жырланғаны байқалады. Бұған орта ғасырлардан келе жатқан сопылық әдеби дәстүр мен әдеби мектептердің жоғары деңгейде дамығаны себеп болды. Самарқанд, Бұхара, Қоқан қалаларында қалыптасқан Нақышбандилік, Яссауилік жолын жалғастырған әдеби мектептерде тәлім алған шәкірттер арасында ақындық өнерін шариғат пен тариқатты жырлауға арнаған тұлғалар пайда болды.

#### **Зерттеу нәтижелерінің жариялануы мен сарапталуы.**

Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары мен ғылыми теориялық және практикалық нәтижелері бойынша ғылыми-тәжірибелік конференцияларда 15 мақала жарияланды.

Соның ішінде, ҚР БҒМ Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда (ККСОН) 3 мақала жарық көрді:

1. Таджиев Х., Мырзахметұлы М. Ұлы дала жәдігерлері – «Қазыналы Оңтүстік» көптомдығының түркі әдеби мұрасын насихаттаудағы орны мен маңызы. // Қаз ҰУХабаршысы, №2 (89) 2019. – 131-140 б.б.

2. Таджиев Х., Қыдыр Т., Сайфуллаев М. Шәді Жәңгірұлының әдеби мұрасы және оның «Қазыналы Оңтүстік» көптомдығында жариялануы. // Абай атындағы Қаз ҰПУ Хабаршысы, «Филология ғылымдары сериясы, №1 (71) 2020. 396-402 б.б.

3. Таджиев Х., Қортабаева Г. Нұралы Нысанбайұлының әдеби мұрасы және «Қазыналы Оңтүстік» көптомдығында жариялануы. // Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы, Филология сериясы №2 (131) 2020. 67-70 б.б.

Сондай-ақ, халықаралық Scopus деректер қорында индекстелген «Türk kültürü ve Hacı Bektaş Veli» ғылыми зерттеу журналында 1 мақала жарияланды:

Tadzhiyev Kh., Khasanov N., Qydyr T. «19.yüzyıl ve 20.yüzyıl'ın başında Türkistan dinî-maarifî edebiyatında Ahmed Yesevî izleri». // Türk kültürü ve Hacı Bektaş Veli araştırma dergisi. 96 (2020). 319-344 s. s.

**Зерттеудің жұмысының құрылымы.** Зерттеу жұмысы кіріспе, «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы Қазақ-өзбек халықтары өміріндегі саяси-әлеуметтік, мәдени-діни ахуал», «Ислами-әдеби шығармалардың тақырыптық-идеялық және жанрлық сипаты», «Ислам мен ихсан мәселелерінің қазақ-өзбек әдебиетіндегі көрінісі» деп аталатын 3 тараудан және қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшалардан тұрады.

# **1 XIX ҒАСЫР МЕН XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ-ӨЗБЕК ХАЛЫҚТАРЫ ӨМІРІНДЕГІ САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК, ДІНИ-МӘДЕНИ АХУАЛ**

## **1.1 XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ және өзбек халықтарының саяси және діни-мәдени өміріндегі ортақ сипаттар**

XIX ғасыр мен XX ғасырдың басындағы әлемде орын алған саяси, мәдени-рухани өзгерістер қоғамдық өмірдің барлық саласынан да ақыл-ойы кемел, шығармашылық қуаты мол тұлғаларды алдыңғы сапқа шығарғаны белгілі. Мысалы, Еуропа мен Азия арасын жалғап, түрлі саяси оқиғаларды бастан кешкен Осман империясында XIX ғасырда батысқа бағытталған түрік әдебиеті қалыптасып, соның нәтижесінде «Танзимат», «Сервети фунун», «Феджр-и ати» әдеби ағымдары жүзеге шықты, ал XX ғасырдың алғашқы ширегінде бұл жағдай «Ұлттық әдебиет және «Жумхуриет» кезеңі әдебиетімен жалғасын тапты. Ал, орталық және солтүстік-батыс Азия жерінде ұланғайыр даланы мекен еткен түркі халықтары Ресей империясының толықтай боданына айналған және империя оларды билеудің түрлі амал-тәсілдерін ойластырумен қатар арнайы концепцияларын ашық түрде іске қосқан кезең болды. Бұл кезеңде Ресей өзі отарлауға кіріскен елдерде жаңаша әдістер қолдануға көшіп, «қараңғылықтан жарыққа шығару» үшін «бұратана» аталған халықтардың тарихы, тілі мен әдебиетін, мәдениеті мен антропологиясы һәм этникалық құрылымын жан-жақты зерттеуге кірісті.

Негізі, түркі тілді халықтарды түгел жаулап алу процесі ХҮІ ғасырлардан Астрахан, Қазан, Сібір түркілерін шоқындыру мен орыстандыру саясаты негізінде басталған болатын. Патша өкіметінің түркі халықтарын жаулап алу саясатын терең зерттеген ғалым М.Мырзахметұлының мына сөзі пікірімізді қуаттай түседі:

«Алтын Орда империясы құлап, түрік халықтары көптеген ұсақ хандықтарға шашылып кетуі Ресейдің көктен сұраған тілегін жерден берген заман еді. Шашырап кеткен ұсақ хандықтарды біртіндеп жаулап алысымен-ақ Ресей саясаты оларды шоқындыру арқылы орыстандыру саясатын мықтап ұстанды. Қырым, Қазан, Астрахан, Сібір хандықтары миссионерлік саясаттың шырмауына түсті. Ресей тарапынан құрылған мұндай қанды қақпанға алдымен Сібірдегі түрік халықтары түсті. Түрлі айла-тәсілдер нәтижесінде XIX ғасыр басына келіп Сібір мен Орал өңірі халықтары арасында христиан мариерлер, шоқынған татарлар мен мордвалар пайда бола бастады» [46, б.139].

Зерттеліп отырған кезең қазақ-өзбек халықтарының саяси-әлеуметтік жағдайы, әдеби-мәдени тыныс тіршілігі де сан алуан бағыттарды қамтыған өзіндік ерекше зерттейтін кезең деуге болады.

Бұл кезең Орталық Азияда үш хандық Бұхара, Хиуа және Қоқан хандығы үкімін жүргізіп тұрған дәуір еді. Бұл хандықтарды бірте-бірте қолға алу әлемдегі екі алып империя Англия және Ресейдің басты мақсаттарының біріне айналды. Үш хандықтың өзара талас-тартыстары, түрлі мәселелердегі келіспеушіліктер Империяларға оларды қолға алу әрекетін жеңілдетіп берді.

Бұл жағдайды ғалым Бегали Қосимов былайша түсіндіреді: «XIX ғасыр басында орыстар мәшһүр көне қалаларымыздың бірі Түркістанның солтүстік есігінен кіріп келе бастады. Тимуридтер династиясының орнына келген Шайбанилердің билігі ұзаққа созылмады. Түркістан өлкесі үш хандыққа бөлініп, өзара талас-тартыстың, ұрыс-керістің орталығына айналды. Мұндай мүмкіндікті пайдаланған Англия мен Ресей Түркістанды иемденуді негізгі мақсатына айналдырды. Англия Түркістандағы үш хандықты Ресейге қарсы бірлесу, оларды заманауи құрал-жабдықтармен қаруландырып, соғысқа салу жоспарын құрды. Егер хандықтар тәуелсіздікті сақтап қалса, Ресеймен Англия арасында аралық майдан пайда болар еді. Осы мақсатпен Англия 1841-1842 жылдары хандықтарға арнайы өкілдерін жібереді. Алайда, Бұхара әмірі Насруллахан ағылшындардың бұл ұсынысын қабылдамай, қайта елшілерді өлімге кеседі. Осылайша, Түркістанға берілген тарихи мүмкіндікті қолдан шығарады» [47, б. 5].

Бұл дәуірде Түркістан халықтары өміріндегі діни-саяси ахуалды айқындап беру үшін қоғамда жүріп отырған саяси-әлеуметтік үдеріс пен ел билеу жүйесіне тікелей әсер еткен негізгі қозғаушы күш болып табылатын үш негізгі әдіске назар аударғанды жөн санадық. Бұл үдеріс патшалық Ресейдің отарлау жүйесімен тікелей байланысты жүріп отырғандығын ескеру қажет.

1. Ел билеу жүйесі;
2. Халық оқу-ағарту мәселелері;
3. Тіл мен дін және жер мәселелері.

Жоғарыда аталған үш негізгі фактор қазақ-өзбек халықтарының саяси-әлеуметтік деңгейі мен дамып-өркендеуі жолында негізгі рөл атқарып, халықтық басқару жүйесі мен оқу-ағарту жүйелерінің даму тенденцияларын, сондай-ақ қоғамдағы әлеуметтік тіл және дін мәселелерінің даму үдерісін айқындап берді.

Бауырлас қазақ-өзбек халықтары өміріндегі діни-саяси ахуалды айқындап беру үшін әсер еткен факторлардың алғашқысы – мемлекеттік басқару жүйесі. Яғни, бодан елдердің мемлекеттік басқару жүйесіне араласу, ел билеу саясатына өзгерістер енгізіп, «бөліп ал да, билей бер» әдісін жүзеге асыру. Империяның бұл әрекеті Орталық Азия елдеріне, әсіресе, ұлан ғайыр алып даланы жайлаған қазақ халқы мен өзбек халықтарына айырықша қатыгездікпен тигенін көру мүмкін.

1731-1865 жылдар аралығында Қазақ хандығы мен Түркістан өлкесі Патша өкіметі тарапынан толықтай жаулап алынғандығы тарихи деректерден белгілі. Империя, ең алдымен, бұл халықтарда қалыптасқан дәстүрлі ел билеу жүйесін түгелдей жоюды көздеп, отаршыл Ресейдің ел билеу жүйесіне түсіруді мақсат етті. Түрлі деңгейде миссионерлік институттар ашылып, сол арқылы түркі халықтарының тұрмыстық салт-дәстүріне, рухани әлеміне қатты қысым сала бастағаны да тарихтан мәлім.

Солардың бірі 1865 жылы «Православие миссионерлік қоғамы» құрылып, оның басты мақсаты Ресей империясының отарланған елдеріндегі христиандық өмір салтын нығайта түсу және өзге ұлттарды шоқындыру керектігі белгіленді.

Сонымен қатар, «1868 жылы «Қазақ даласының билеу ережелері» деген атпен заң шығарып, «Қазақтың жері – қазыналық мүлік» деп жарияланып, әкімшілік билеу тәртібі өзгертілді. Бұл заңның мақсаты – қазақ жерін иемденіп, қазақ байларын өзара жауластырып, жікшілдік кіргізуі еді» [48, б. 20].

Бұл бағытта мейілінше кертартпа бағыттағы реформаларды асықпай жүзеге асыруды бастаған империя арнайы құрылған комиссиялар тарапынан отарланған өлкелерде түрлі экспедициялар жүргізді. Экспедицияларда дәстүрлі қазақ қоғамында қалыптасқан үш жүзге бөліну жүйесі негізге алынды. Осылайша, ұзақ уақыт бойы қазақ даласында жүздердің қалыптасу тарихын зерттеу басталды. Мұнда Империя тарапынан арнайы жіберілген В.В.Бартольд, М.П.Вяткин, Александр Гейнс сынды ғалымдардың зерттеулері негізге алынып, елдің арасын алшақтатудың түрлі тәсілдері ойластырылды.

«Ел билеудің «Ұзын арқау, кең тұсау» деп аталатын үлгісі орнықтырылды. Бұл билік түрі 1822 жылдан 1867 жылға дейін, яғни 45 жыл мерзімге созылды. Батыс Қазақстанда билік тұтқасын сұлтан правительдер, яғни ең сенімді төрелер ұстады. Ал, орта жүзде аға сұлтандар әуелгі кезде төрелерден қойылып, Кенесары көтерілісінен кейін билікке қарапайым қазақтар келе бастады. Ал, ұлы жүз қазақтары Қоқан хандығына бағынуы себепті ел билеу тізгінін ірі ру басы, датқалар ұстады, яғни рулық жүйе негізге алынды» [49, б. 61].

Экспедицияларда қатысқан ғалымдар барған жерлерінің мәдениеті мен әдебиетін жан-жақты зерттей отырып болашақта оларды басқару жайлы ұсыныстарын қорытынды есептерінде жазып қалдырған. Мысалы, Вильям Фрей бүркеншік атымен танылған Орталық Азия және Қазақстан жерлерін әкімшілік құқықтық басқарудағы реформаларды дайындаған генерал-лейтенант Гейнс Александр Константинович өз қорытынды есептерінің бірінде: «Земля на которой киргизы кочуют (қазақтарды киргиз деп атайды) должно быть закреплена за ними с представлением права купли и продажи. Этим способом можно только усилить колонизацию степей...Изо всех киргизских степей нужно образовать одно генерал-губернаторство (Туркестанское или Киргизское) с резиденцею на югъ в Туркестан, Чимкент, или Ташкент» [50, б. 211] – деп жазып қалдырыпты.

Түркі халықтарын христиандандыру жолында құлай қызмет жасаған миссионерлердің бірі В.А.Яковлев «Из истории церковной жизни Туркестана» атты еңбегінде: «...здесь каждый христианин обязан быть и миссионером... Мы русские, призваны насаждать среди всего этого населения начала истинной религиозной жизни» [51, б. 10] – деп жазды.

Сонымен қатар, Д.Қамзабекұлы сол кезеңдерде Патша үкіметінің миссионерлік саясатын құлай жүргізген А.Н.Кононовтың: «Ресей империясының шығыстың шеткері аймағын саяси экономикалық тұрғыдан игеру үшін онда тұратын ұлттар мен ұлыстарды православ шіркеуіне бет бұрғызу мақсатында оларды алдын-ала «идеологиялық игеру» қажет болды. Мұны орындауға арнайы даярлық курсынан өткен, баратын жерінің тілін, тұрмыс салтын меңгерген православ миссионерлері жұмылды» [52, б.106] деген тарихи деректі келтіреді. Бұл мәліметтерден ХІХ ғасырдың екінші жартысы

мен ХХ ғасыр басында түркі халықтарының діни наным-сенімдерін өзгертіп, оларды барынша христиандандыруға күш жұмсалғандығы, соның кесірінен бұратана халықтың көптеген бөлігінің өмірлерінде ауытқушылықтар болғанын аңғару қиын емес.

Ендігі бір саяси әдіс түркі халықтарының мың жылға жуық уақыттан бері пайдаланып келе жатқан араб графикасына негізделген жазуын өзгерту мәселесінде жүзеге асырылды. Бұл әдіс – бодан елдердің әліпбиін екі рет ауыстыру арқылы ұрпақтар жалғастығының арасын үзіп тастау еді.

Патша үкіметінің қитұрқы әрекеттерін өз көзімен көрген Жүсіпбек Аймауытов жазбалары да тарихи шындықты айқындап береді: «...Начали делить казахскую землю и раздавать ее пришлым мужикам. В аульные школы устроили миссионеров, чтобы портить язык, портить веру, учредили новые законы, мирового судью, крестьянских начальников, чтобы исковеркать традиции и обычаи, самосознание и подчинить русским. Чтобы обескровить казахов изнутри, внедрили чуждые выборы и штаты, натравили казахов друг на друга» [53, б.16].

Артық дәлелдеуді қажет етпейтін мұндай саяси әрекеттер әдебиеттанушы ғалымдар Х.Сүйіншәлиев, Тұрсынбек Кәкішевтердің еңбектерінде де жиі кездеседі. Мысалы, Х.Сүйіншәлиев «Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері (Ерте дәуірден ХІХ ғасырдың аяғына дейін) атты еңбегінде патша өкіметінің 1867-1869 жылдардағы «Ережесі»нің тек билік жүйесінде ғана емес басқа көптеген салаларда елді отарлауға күш салған тұстарын талдап жеткізеді: «Тек билеу системасында ғана емес, қоғамдық құрылыстың басқа салаларында да жаңа тәртіп қабылданды. Әкімшілік, сот құрылысы, салық, жер, дін, мәдениет мәселелері жөнінде заңдар шығарылды... Дін туралы ереже мұсылман дінінің уағыздарына тежеу салып, христиан дінінің ықпалын арттыруды көздеді. Бұл мұсылман қауымының наразылығын тудырды» [15, б.286].

Әдебиет зерттеушісі, Тұрсынбек Кәкішев «Өтпелі дәуір поэзиясы» аталатын көптомдық шығармалар жинағының 6-томында ХІХ ғасыр соңында Ильминский, Алекторов сынды миссионерлердің саяси әрекеттерін әшкерелесе [54, б.138], «Қағидаға айналған қателер» еңбегінде Патша өкіметінің орыстандыру саясаты күштеп енгізілгенімен халықтың рухани күші саналған «мұсылмандық қозғалыс» жандана түскенін жазады: Патша өкіметі «Конечной целью образования всех и народов живущих в пределах нашего Отечества, бесспорно должна быть обрусение их и слияние с русским народом (Сборник распоряжений Министерства народного просвещения за 1870 год) деген саясатты қолданды. Соның нақты бір көрінісі Ильминский басқарған миссионерлік қоғамның іс-әрекеті. ХІХ ғасырдың аяқ тұсында Тәурат пен Інжілдің отызға тарта аңыз-әңгімелері қазақ тілінде жеке-жеке кітап болып шығып, қазақ даласында шоқындыратын орталықтар құрылды. Міне, осындай процесс күшейе түскенде «мұсылмандық қозғалыс» қазақ даласында жанданды. Мешіт ашып медресе салу ісі өрістеді. Жазба насихат та күшейді» [55, б.142].

Жоғарыдағыдай саяси әрекеттердің халқының болашағына зиянын терең түсінген түркі халықтары арасында саяси, мәдени-ағартушылық ой-сана өсе

бастады. Әдебиет зерттеушісі С.Ергөбек осы саяси әрі мәдени-ағартушылық ой-сананың дамуына бір-бірімен тығыз байланысты екі себепті атап көрсетеді: «Бірі – XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ жері тұтас дерлік Ресей патшалығына өтіп, қазақтың тәуелді, бодан елге айналуы. Екіншісі – қазақ халқының отаршылдарға қарсы сан рет көтерілген қарулы күрестерінің сәтсіздікпен, жеңіліспен аяқталып, елдің орыс патшалығы тарапынан әрі әлеуметтік, әрі рухани тұрғыдан ауыр езгіге түсуі, рухани жүдеуі. Отарлық езгіде өмір сүріп, тығырықтан шығар жаңа жол іздеуі еді» [56, б.33 ].

Әрине, ғалымның пікірімен келіспеуге болмайды. Әйтсе де, Орталық Азияны мекен еткен мұсылман халықтары сана-сезімінің дамуы мен бұл кезеңдегі ерекше өзгерістерге толы болуын жоғарыдағыдай себептермен де шектеп қоймауға тиіспіз. Себебі, тәуелсіздігімізбен бірге тұрмыс-тіршілігіміз, салт-дәстүріміз, имандылығымыз, мәдениетіміз, кеңес кезінде жазықсыз жазаға ұшыраған әдебиетіміз бен оны танытатын ғылым қайта оралып, жан-жақты зерттеулерді талап етуде [57, б.3].

«XX ғасырдағы Ресей империясында жүзеге асқан саяси-экономикалық дағдарыстар, Санкт-Петербургтегі «Қанды сенбі» оқиғаларынан бастау алған бірінші орыс төңкерісі, Патша үкіметінің 1905 жылғы Жапониямен қақтығыста жеңіліс табуы, түркі халықтары арасында ел тәуелсіздігі жолында бір мақсат, бір мүддені көздеген ұлы тұлғалардың іс жүзінде бірігу идеясының жүзеге асуына себеп болды. Орталық Азия халықтарының бірігуі жолында ерекше қызмет жасаған Исмайыл Гаспыралы, Мұса Жаруллаһ Бигиев, Шахабиддин Маржани, Жүсіп Ақшұра, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Махмудқожа Бейбуди, Мунауарқари Абдурашидханов, Абдулла Аулани сынды бір топ ағартушы ғалымдар Ресей мұсылмандарын бірлесуге, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып ұйымдасуға тәуелсіздік жолында күресуге бастады, түрлі жиындар, конгресстер ұйымдастырылды» [58, б.321].

«1905 жылдың көктеміне қарай кеңшілік өмір келісімімен далада жайлауда жергілікті мәселелерді және барлық қазақ елінің мұң-мұқтаждарын талқылаған съездер өте бастады. Осы жылғы барлық ірі дала жәрмеңкелері қазақтардың саяси съездері өткізілген аренаға айналды. Бұл съездерінде қазақтар артынша жоғары мәртебеліге жолдаған алдыңғы дін мен жер мәселесін қойды» [59, б.596] – деп жазды Ә.Бөкейханов.

XX ғасыр басындағы қазақ-өзбек халықтарының діни-саяси өміріндегі маңызды жаңалықтардың бірі, Ресейге тәуелді мұсылман елдердің «бүкілресейлік мұсылмандар съезін» құруы еді. 1906 жылғы 13-23 қаңтарда Санкт-Петербург қаласында өткен II-съездінде түзілген «Ресей мұсылмандарының ассоциациясы» немесе «Мұсылман кеңесі» атты саяси партиясы болды. Махмудқожа Бейбуди 1906 жылы «Хуршид» газетінде жариялаған «Хайрул умури авсатухо» атты мақаласында бұл партияны Ресейде жұмыс жүргізіп отырған 4 маңызды партияның бірі ретінде атап көрсетуі бұл бірлестіктің шынында да ресей мұсылмандарының өмірінде маңызды рөл атқарғанынан дерек береді [60, б.243]. Партия жиындарына Түркістан, Қырғыз-Қазақ, Қырым, Кавказия, Еділ-Жайық, Сібір түркілерінен өкілдер қатысып,

кабылданған қарарларды түркі халықтарына таратуда бар күш жігерлерін жұмсады.

Міне, осы сынды халықтың саяси сауатын ашуға, ағартуға арналған түрлі деңгейдегі іс-шаралар арқылы бірте-бірте халық капиталистік жүйеге еніп, Алаш зиялылары сынды азаматтар шыға бастады. Халық саяси, мәдени, діни мәселелерге құлақ түріп, тәуелсіздік жолындағы әрекеттерге құрметпен қарай бастады. Бұл жағдайды Айқап журналы былайша суреттейді:

«Біздің 1905 жылда Россияның ар жағында ескен самал жел көрпені жылы жамылып, ұйықтап жатқан қазақ жұртының етіне тиіп кеткен еді. Жұрт та ақырын-ақырын көзін ұқалап, былшығын сүртіп, төсектен басын көтеріп, біраз ойға қалды. Ойлап тапты, бұл дүния тек ұйықтап, рахаттанып қана жататын ақырет жұрты емес,... өнерлі болу ғылым арқасында екенін тапты. Оқысақ білімді, өнерлі болып, жұрт қатарында жұрт болып жасаймыз, оқымасақ һәр жұрттың аузында жем болып кетеміз» [61, б.391].

Н.Г.Чернышевскийдің «Адам өзінің өмірін және өзінің мақсатын тек халық өмірімен және халық мақсатымен ұштастырғанда ғана пайдалы іске қолы жетеді» [62, б.32] – деген даналық сөзі XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында түркі халықтарының арасынан жұлдыздай жарқырап шыққан тарихи тұлғаларымызға айтылғандай. Себебі, олар өз өмірлері мен мақсаттарын халықтың мақсат-мүдделерімен ұштастыра білген, сол жолда аянбай тер төккен тұлғалар бола білді.

Бұл дәуірдің жәдидтік көзқарастағы ағартушылары халқын тәуелсіз даму жолына түскен мемлекеттердің халықтары сынды жан-жақты білімді, мәдениетті болуын армандады, өздері сол жолда басқаларға үлгі болуға тырысты. 1917 жылғы ақпан төңкерісі бұл армандардың іс жүзінде жүзеге асыруға мүмкіндік туғызғандай көрініс берді. Өлкені басқаруды түбегейлі өзгерту, жергілікті халықтың мүдделерін қорғайтын заңдар қабылдау, құқықтарын кеңейту, қазақ-өзбек халықтары өкілдерінен мемлекеттік думаға өкілдер сайлау, сонымен қатар демократиялық еркіндіктер – сөз еркіндігі, баспасөз, тіл мен дін еркіндігі сынды мәселелер жан-жақты айтыла басталды.

Қырымда «Тержуман», «Миллет», Қазанда «Уақыт», «Шура», «Қазан мухбири», «Таң жұлдызы», Әзербайжанда «Хаят», «Иршад», Қазақ елінде «Дала уәлаятының газеті», «Түркістан уәлаятының газеті», «Қазақ» газеті, «Айқап» журналы, Өзбекстанда «Тараққий», «Шухрат», «Хуршид», «Әл-Изоһ», «Әл-Ислаһ» сынды газет-журналдардың жариялануы, Түркістан өлкесінде Махмуд кожа Бейбуди, Абдурауф Фитрат, Ысхақхан Ибрат, Абдулла Аулани, Мунаууар қари Абдурашидханұлы сынды саясаткерлер мен ағартушы ақын-жазушылар тарапынан жаңа оқу орындарының ашылуы, кітапханалар құру жолында жасалған іс-әрекеттер түркі халықтарының ұлттық оянуы жолында жасалған үлгілі қызметтер болды.

Әсіресе, өлкедегі баспасөз қызметінің жандануы, газет-журналдардың көптеп ашылуы халықтың санасын оятуға қызмет жасады. Абдулла Аулани өзінің «Бұрынғы өзбек баспасөзінің тарихы» атты мақаласында 1905-1917 жылдар арасында 22 газет, 8 журналдың болғанын жазды [196, б.115]. Олардың



басым бөлігі жекеменшік болғандықтан халықты діни-ағартудағы орны ерекше болды деуге болады. Осы мысалды Қазақ даласында жарияланып жатқан «Қазақ», «Айқап» сынды газет-журналдардың жұмыс жүргізу процесімен де байланысты қарауға болады. Мысалы, Мыржақып Дулатұлы 1913 жылғы «Қазақ» газетінде жариялаған мақаласында: «Заман талас-тартысқа айналды. Қара күніне қайғырмай қамсыз жатқан қазақ болмаса, ұшқан құс, жүгірген аңның бәрі де тіршілік жабдығында. Жағаласпай, жармаспай ешкім қатардан орын бермейді. Басқалармен тізелесуге, тартысуға, жарысуға оқу-білім керек. Надан жұрт оқымысты-білімді жұртпен қатар тіршілік ете алмайды. ..Жалғыз сүйеніш, жалғыз үміт оқуда. Теңдікке жетсек те, жұрттығымызды сақтасақ та, дүниеден сыбағалы орнымызды алсақ та, бір ғана оқудың арқасында аламыз. Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз – оқу. Надан жұрттың күні қараң, келешегі тұман» [63, б.130] – деп жазса, XX ғасыр басында халқын оянуға, ғылым мен білімді, тіл мен дінді қатар меңгеруге шақырған саясаткер, бар өмірін халқын сауаттандыруға арнаған ағартушы – Мунаууарқари Абдурашидханов та елдегі білімсіздіктің кесірінен туындап жатқан проблемаларға сыни көзқараспен қарап: «Бүгін Еуропа халқы аспанға ұшып жүр, бізде шаш пен сақал таласы, еуропалықтар теңіз астында жүзіп жүр, бізде ұзын не қысқа киім кию проблемалары, Еуропа елдері қалаларын электр қуатымен жылытып, жарықтандырып жатыр, біздің мектепте география мен табиғат тану пәнін оқыту не оқытпау таластары жалғасын табуда» [64, б.119] – деп жазды.

Осы кезеңді «Ояну дәуірі» деп атаған ғалым Бейсенбай Кенжебаев: «XIX ғасырдың соңғы және XX ғасырдың бастапқы кезінде ғана өлкенің шаруашылығы капиталистік бағытқа ұласып, ілгері дамуға, 1905-1907 жылдардағы буржуазиялық-демократиялық революцияның әсерінен халықтың сана-сезімінің оянуына мүмкіндік туды. Рухани өмірге өзгеріс енді. Қазақ даласындағы мектеп, медреселердің көпшілігі жаңа оқу усули жәдидті үйренуге көшті, яғни мектеп, медреселерде діни сабақтармен қатар ана тілі, дүниетану ғылымы, есеп, география, тарих оқылды, кейбір медреселерде орыс тілі де үйретілді. Балалар аз уақыт ішінде хат танып, біркелкі дәрежеде бастауыш білім алып шығатын болды»... Жалпы алғанда мектеп, медресе қазақ арасынан сауатты, оқыған адамдардың шығуына, қазақтың жаңаша оқыған зиялыларының көбеюіне халықтың оянуына біраз себеп болды [13, б.50] – деп ой топшылайды.

Ғалымның бұл кезеңді «Ояну дәуірі» деп бағалауы, біздіңше, саяси тұрғыдан берілген баға секілді. Өйткені, дәл осы кезеңде әлемдік өркениетте барлық салаларда алға жылжудың болғандығын байқау қиын емес. Соның ішінде қазақ-өзбек халықтарында бұл үдеріс жоғарыда аталғандай көріністермен пісіп-жетіліп отырды. Бұл дәуірде негізгі саяси құбылыс ретінде көрініс берген жәдидшілдердің түпкі идеялары – отарлауға қарсы азаттық күрестен туындаған болуы заңды деп білеміз. Ал, діни таным тұрғысынан алғанда бұл кезеңді ояну дәуірі деп бағалау ағаттық болар деп пайымдаймыз. Себебі, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Орталық

Азия мен Қазақстан жеріндегі мешіт-медреселерді діни-сауаты жоғары ишандар мен ахундар ұстаған. Медреседе білім алып тәмамдағандарға – молда, дамолла, ишан, ахун сынды діни атақтар берілген. Әсіресе, бұл кезеңде дін ілімдерімен қатар география, тарих, есеп, физика, химия, астрономия сынды дүниелік пәндердің сабақ ретінде өтілуі шәкірттер білімін шыңдай түскен [65, б.313]

Жәдидтік бағыт өкілдерінің тағы бір артықшылығы, олар Түркістан аумағындағы кез келген ұлт өкілдерінің саяси-әлеуметтік, құқықтық-экономикалық, мәдени-әдеби өмірлерінде тең құқықты болу идеясын алға қойды. Халықты ағартуда тарих, әдебиет, математика, география сынды дүниетану ғылымдары діни-исламдық тәрбиемен бірге қоса берілген кезде зор нәтижеге қол жеткізуге болатынын айтты. Мысалы, Махмудқожа Бейбуди жас ұрпаққа бұл идеяның қаншалықты маңызды екенін ескере отырып былай үн тастайды: «Исламият сондай өркениетті дін, оны танымын деген адам дүние ғылымын қанша көп оқыса, ақидасы (сенімі) сонша берік болады. Мысалы, заманауи ғылымды көп оқыған мұсылман ғалымдары Еуропаның дамуына ерекше үлес қосқаны бізге мәлім. Сондықтан да, заманауи білім исламиятқа зиян емес, қайта пайда келтіреді» [61, б.170] – дейді.

Жалпы қай кезеңде болсын адамзат тарихында діннің рөлі ерекше болғандығы белгілі. Бұған дінтанушы мамандардың зерттеулерінен дәлел келтірмегеннің өзінде гуманитарлық ғылымдарды зерттеушілердің ортақ қорытындылары жеткілікті. Яғни, бұл пікірді дәлелдеп жатудың қажеті шамалы. Әйтсе де, түркітанушы ғалым Э.Н.Наджиптің мына пікірі түркі халықтары тарихындағы діннің рөлін айқындай түседі. Ғалым «Регионы и этапы формирования тюркских письменных языков и литератур» деп аталатын еңбегінде V ғасырлардан бастау алатын көне түркі жазбаларының негізі қасиетті кітаптардан алынғандығын жазады: «В первые документы и памятники тюркского языка написанные уйгурским письмом, является переводами различных священных книг – буддийских, манихейских, христианских» [66, б. 27]. Ал, түркі халықтары тарихындағы Ислам діні келгеннен кейінгі жазылған құнды жәдігерлер түркілер ғана емес адамзаттың ізгілігі жолында қызмет жасаған құнды мұралар екені дәлелдеуді қажет етпейтін мәселе.

Ислам дінінің біз зерттеп отырған кезең түркі халықтары өмірінде де, сондай-ақ, Орталық Азия мен Қазақстан жерінде өмір сүрген халықтардың, атап айтқанда бауырлас қазақ-өзбек халықтарының діни сенімдері мен әдебиетіне жасаған әсері орасан зор. Ислам дінін, Алла Тағаланың адамзатқа жіберген соңғы кітабы Құран Кәрімді негізге алып, оның мән-мағынасына терең үңіле отырып, математика, география, тіл, тарих сынды әлем халықтарына ортақ дүниелік ғылымдарды оқып үйренуді қолға алу бұл кезеңде жәдидтік көзқарастағы оқымыстылардың басты принципіне айналды. Яғни, кез келген азамат дүниелік һәм ақыреттік ғылымды өз бойында бірдей жинақтаса, әрқайсысы өзінің қабілеті шегінде қоғамға пайдасы тиетін болса, қоғамда әрі рухани кемел, әрі дүниелік ғылымды терең меңгерген тұлғалар қалыптасады. Мұны жүзеге асырудың бірден-бір жолы жас ұрпаққа білім мен тәрбиені сол

принцип негізінде беру, оқу-ағарту жүйесіне өзгерістер енгізіп, діни-ағартушылық тәрбиені күшейтуді қолға алу еді.

Танымал ағартушы әрі педагог Абдулла Аулани өзінің «Екінші мұғалім» кітабының кіріспесінде Аллаға мадақ, Пайғамбарымызға (с.а.у.) салауат айта отырып: «Үмбетпін деу құр тілмен айтып қоя салатын іс емес. Керісінше, жан-тәнімізбен пайғамбарымыздың бұйырған істерін орындау, көрсеткен жолынан жүру, денемізден жанымыз шыққанша «ұлтым», «ұлтым» деп дүниеден өтумен болады» [67, б.11], – деп оқушысына патриоттық рух бере отырып, оқу мен білімнің артықшылықтары туралы «Мектеп» өлеңін арнайды:

Мектеп ерур дарул әдәб,  
Мектеп ерур еһсани Раб,  
Мектеп ерур гулзар ажаб,  
Ғайрат қылуб оқиң оғлан!

Мектеп дуру гавһар сачар,  
Мектеп сизә жәннәт ачар,  
Мектеп жаһалатдын қачар,  
Ғайрат қылуб оқиң оғлан [ 67, б. 11].

Мағынасы: *Мектеп – әдеп үйі, Құдайдың сыйы, мектеп – гулзар іші, жігерленіп, қайратпен білім алғын, балапаным! Мектеп – дүр мен гауһар шашады, мектеп – сізді жәннатқа жетелейді. Мектеп – надандықтан сақтайды, жігерленіп, қайратпен білім алғын, балапаным!*

Жәдид ағартушыларының күнімізге дейін танылмаған өкілдерінің бірі энциклопедист ғалым, Хариқи лақап атымен бірнеше тарихи-әдеби, ғылыми-публицистикалық еңбектер қалдырған Баситхан Шаши өзінің өлеңдер жинағында мектеп – ғылым мен білімнің кені, түрлі өнердің мекені екенін жеткізгісі келеді:

Мектеп эрур жауаһири хикмәтни мәдәні,  
Мектеп эрур фәйдәи милләтга чун һисар,  
Һәр илму мәрифату фәзл әндә бар,  
Шәғирдләргә һәр бири назу ниһәм турур [68, б. 62].

Мағынасы: *Мектеп жауһар мен хикметтің кені болды, мектеп ұлттың пайдасы, шені болды, онда ғылым мен мағрифат бар, онда көп пайда, шәкірттерге нығмет болар әр қайда.*

Танымал жәдидшілдер қатарында Ысхақхан Ибрат ұрпақ тәрбиесіне жоғары көңіл бөліп, ұлтының жаңа ғылым мен техниканың дамуынан хабардар болуын қалады, оқу-ағарту саласына барын салып жұмысқа кірісті. 1906 жылы Наманганда Ибрат ашқан «Исхақия мектебі» сондай жаңашыл оқу орындарының бірі еді. Себебі, Ибрат Қоқанда оқып жүрген кезінде-ақ сонда жаңадан ашыла бастаған рус-тузем мектептерінің оқыту әдістемелерін жақсы

меңгеріп, жаңа мектептердің оқыту бағдарламасының өлкеде бұрыннан қалыптасқан «усули қадим» мектептерінен артық тұстарын көре білген еді. Ысхақхан Қоқанда еңгізіле бастаған жаңа мектептердің оқыту әдістерін пайдалана отырып, «савтия» немесе «усули савтияи тадрижия» әдісін ұсынып, осы жүйе бойынша оқытуға бел буды.

Ибрат басқа жаидшілдер сынды мектептің оқу бағдарламасын жасауда бұрыннан қалыптасқан оқыту әдістерін өзгертіп, діни білімдермен қатар дүниелік ғылымдарды оқытуға ыңғайлады. Тілдерді үйретудің пайдасы мол екенін түсініп, орыс және неміс тілдерін оқытуға рұқсат алды. Бұл пәндерді оқытуға креативті ойы бар мамандарды жұмысқа қабылдады. Ал, 1912 жылы сол мектепте арнайы қыздар тобын ұйымдастырды. Апталық сабақ кестесін жасап, 40 минуттық дәріс өтуді жолға қойған ол әр сабақтан соң 10 минуттық үзіліс жариялады. Түркістан өлкесіндегі басқа мектептерде сабақ кестесінде оқытылатын оқулықтар аты көрсетілсе, Ибраттың мектебінде оқу пәндерінің атауы көрсетілетін. Сондай-ақ дене шынықтыру пәні де оқу бағдарламасына енгізілген еді. Бұл пән негізінен Ысхақханның жекеменшік «Исхоқия боғи» деп аталатын саябақта арнайы ойындар түрінде өткізілетін болған. Бұл мектеп сол кезеңдегі басқа мектептерге де үлгі болды.

Ибраттың пікірінше, мектеп-медреселердің оқыту жүйесін ауыстырумен қатар халықтың санасын жаңғырту керек. Ол үшін мешіт-медреселерде имамдардың қоғамдағы рөлін жоғарылату керек. Оның «Айна» журналында жариялаған «Ұлтты кім жаңғыртады?» (Миллатни ким ислох этар?) атты мақаласы осы мәселені айқындап бергендей. Онда автор қоғамды жаңғырту жолында имамдардың рөлі ерекше екендігін айта отырып, мешіттерде жұма намаздарында және күнделікті намаздарда жалпыға бірдей түсінікті тілменен халықты ізгілікке шақырып, зұлымдықтан қайтарса, жақсы нәтижеге қол жеткізуге болады. Әрине, мешіт қасиетті жер, онда айтылған насихат әрбір мұсылман жүрегіне әсер етпей қалмайды [69] – деген ойларымен бөліседі.

Ибрат елде болып жатқан жаңалықтарға бейжай қарай алмайды. «Уақыт таразысы» (Мезон уз-замон) еңбегінде: «Бабаларымыз тастан от жағатын, қараңыз қазір қандай рақат. Қара шырақ жағар еді, электр лампа қандай рақат. Заманның жаңғыруынан осылай болды. Ташкент пен Қоқанның арасы қаншама қиындықпен, жиырма сом шығындалып сарт арбада жүрсең бір апталық жол болатын. Алланың рақметі, үкімет басындағылардың әрекетімен темір жол салынып, үш сағат ішінде төрт соммен жетіп алатын болдық. Басқа да жағдайлар осылай салыстырып қаралғанда байқалады. Бұл жеңілдіктер бұрын неге болмаған? Бұған себеп, мәдениет пен өркениеттің жоқтығы. Осының бәріне өнер мен ғылымды игермегендігіміз себеп болып отыр. Ал, енді өнер мен ғылым мектептен, медреседен бастау алады. Демек, дүние мен ақыретте рақат табу үшін ғылымды меңгеру керек. Олай болса, бізден кейінгі ұрпақ рақатта өмір сүру үшін жастарды неге оқытпасқа. Аллаһ тағала бізге оңай болуын қалаған, қиындықты қалаған емес. Сол үшін де: *«Алла Тағала сендерге оңайлық қалайды, ауыршылық қаламайды»* (Бақара сүресі, 185-аят) – десе, біз болсақ, өз-өзімізді зұлымдық жолына салып, қиналып, Құдай солай жасады деп

сол жолдан шықпағанымыз, Құдай солай жасады деп иманға келмей өмірден өтіп кеткенмен бірдей емес пе?» [70, 107 б.] – дейді.

Ғалым Бейсенбай Кенжебаев XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қазақ арасындағы оқу-ағарту жұмысы екі түрлі бағытта дамып, оның бірі мұсылманша, екіншісі орыс тілінде жүргізіліп отырғанын алға тартса, [13, 47 б.] ғалым Н.Сабитов 1917 жылға дейін қазақ даласында жәдидтік үлгідегі мектеп және медреселердің едәуір артқанын жазады: «XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басында жәдидтік оқу жүйесінің пайда болуына байланысты қазақ халқы арасында мұсылманша оқу Қазан, Бұхара қалаларындағы діни қадим оқуы бастауыш мектеп қатарында, орта дәрежелі оқу медреседе болды. Бұлар 1917 жылғы революцияға дейін өмір сүрді. Осы кезеңде елдегі мектептер мен медреселердің саны артты. Мысалы: Сырдария облысында (Ташкент, Шымкент, Әулие ата, Ақмешіт, Түркістан, Қазалы уездерімен Амудария бөлімін қосқанда) 1893 жылы 1497 мектеп, 35 медресе болып, оларда 28 868 бала оқыған, 1895 жылы 2409 мектеп, 34 медресе, оларда 28 898 оқушы болған» [71, 16 б.].

Қорыта айтқанда, XIX ғасыр мен XX ғасыр басында қазақ-өзбек халықтары өміріндегі саяси-әлеуметтік, мәдени-діни ахуал елеулі тарихи өзгерістерге бай болды. Әсіресе, XIX ғасырдың соңғы ширегінен бастау алған халықтық оқу-ағарту жүйесінің дамуы, мәдени-ағарту мекемелері қызметінің жандануы, XX ғасырдың алғашқы ширегінде халық арасынан Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Мұстафа Шоқай, Мұхамметжан Тынышпаев, Махмудқожа Бейбуди, Мунаууарқари Абдурашидханов, Абдулла Аулани сынды тұлғаларды саяси сахнаға алып шықты. Бұл тарихи тұлғалардың риясыз еңбектері аталған кезеңде қазақ-өзбек халықтары өміріндегі саяси-әлеуметтік, мәдени-діни ахуалдың дамуына ерекше әсер етті.

Тақырыпты зерттеу барысында бұл жағдайды тарихи-әдеби процес ретінде қарастырған зерттеушілер еңбектерінен де кездестірдік. Дегенмен, бұл процестің ұзаққа созылмағаны белгілі. Алдымен патшалық империя, соңынан кеңес үкіметінің жандайшаптары қазақ-өзбек халықтарынан «Күн болып жарқыраған» ұландарының қадамын қырқып, миллиондаған адамның өмірін қысқартқан ашаршылықты, содан соң зиялыларды келмеске аттандырған репрессияны қолдан ұйымдастырды. Осындай кезде көкірек көзі ояу азаматтар қара халыққа бағыт-бағдар беріп, жол көрсету үшін қаламның ұшымен әрекет ету керек екенін түсінді, әдеби шығармалар жазу, болып жатқан өзгерістерді поэзия тілімен өрнектеп, кітап етіп бастыру жұмысын қолға алды. Ислам дінін ту етіп, мұсылмандық жолмен алға қарай ұмтылу керектігін түсіндіргісі келді.

## **1.2 Қазақ-өзбек әдебиетіндегі отаршылдыққа қарсы күрестің көрінісі**

XIX ғасыр мен XX ғасырдың басында түркі халықтарының басына төнген үлкен қауіптің бірі – орыс отаршылдығы болғаны тарихтан белгілі. Бұл солақай саясаттың кесірінен түркі халықтарының біразы ассимиляцияға ұшырап, орыстанып, ұлт ретінде қалыптасу үдерісін тоқтатса, тіпті кейбір түркі тектес дербес ұлттар жойылып та кетті. Осы ауыр тағдыр тауқыметі Орталық Азия

жерін мекен еткен өзбек ұлыстары мен Ұлы Дала елін мекендеген қазақ түркілеріне де оңайға соқпады. Олардың әр қайсысы ұлттық қасиеттерін сақтап қалу үшін тарихтың үлкен сынақтарынан өтті. Бұл тарихи үдеріс Алла Тағаланың адамзат баласына жіберген кемел өмірлік қағидаларының жиынтығы болған Ислам дінін өмірлік дәстүріне айналдырған халықтардың саяси-әлеуметтік жағдайлары мен діни сенім ұстанымдары, мәдени-әдеби өмірімен біте қайнасып жатты.

Орыс отаршылдығына қарсы идеялар, ең алдымен осы кезеңде Қазақ хандығы мен Түркістан өлкелерінде ұйымдастырылған ондаған ұлт-азаттық көтерілістер арқылы көрініс берді. Мысалы, Қазақ даласында Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы басшылығындағы көтеріліс (1836-1838), соңғы қазақ ханы атанған Кенесары Қасымұлы басшылығындағы азаттық көтерілісі (1837-1847), Ресей империясының отарлау саясатына қарсы ұлт-азаттық көтерілісін ұйымдастырған қазақ батыры Есет Көтібарұлы басшылығындағы көтерілістер, Маңғыстау шаруаларының патша өкіметінің отарлау саясатына қарсы (1870 жылғы) көтерілістері. Сондай-ақ, Түркістанның Қоқан аймағында 1876 жылы ұйымдастырылған Полатхан басшылығындағы көтеріліс, сол жылы Ош жерінде Құрбанжан датқа басшылығындағы көтеріліс, 1878 жылы Әндижанның Мыңтөбе ауылында ұйымдастырылған Жетімхан қозғалыстары, 1884 жылы Ақбойра жеріндегі ишандар бастаған көтеріліс, 1892 жылы Ташкентте ұйымдастырылған «Уаба» көтерілісі, 1893 жылы Ферғанада ұйымдасқан Сабыр хан көтерілісі, 1898 жылы Әндижандағы Дүкчи Ишан басшылығындағы қозғалыстар әртүрлі себептермен басталған, негізі – отарлаудың зұлмынан езілген халықтың наразылықтарының бір белгісі еді [58, б. 321]. Бұл тарихи оқиғалар елдің саяси-әлеуметтік жағдайларымен қатар мәдени-әдеби өміріне де көп әсер етті. Бір жағынан империалист күштердің отарлау саясаты, екінші жақта халықты оянуға шақырған ағартушылардың тоқтаусыз әрекеттері табиғи жағдайда бұл халықтар әдебиетіне әсер еткен негізгі факторлар дей аламыз.

Түркістан өлкесінде ертеден қалыптасқан жазба әдебиет бұл кезеңде жаңа ұлттық ояну дәуірі жазба әдебиеті ретінде жалғасын тапқан болса, Ұлы дала елінде де бұл үдеріс жандана түсті. Қазақ әдебиетінде Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбайұлы, Шоқан Уалиханов сынды ұлттық жазба әдебиеттің басында тұрған ағартушы ақындармен қатар Шортанбай Қанайұлы, Шәді Жәңгірұлы, Майлықожа Сұлтанқожаұлы, Мәделі Жүсіпқожаұлы, Қалыбай Мәмбетұлы, Ергөбек Құттыбайұлы, Мәди Меркішұлы, Мақыш Қалтайұлы, Нұржан Наушабайұлы, Ақыт Үлімжіұлы сынды халық ақындары елдің жағдайын, отар елдердің әділетсіздіктерін шығармаларында көрсетіп, халық санасын жаңғыртуға шақырды. Бұл пікірімізді ғалым Алма Қыраубаеваның мына жазбалары қуаттай түседі: «Ұлттық оянушылықтың жан-жақты дамуының бір басында Абай бастаған, ұлттық сананы жаңаша дамытудың бір бағыты тұрса, екінші жағында қазақи салт-сана мен имандылықтан айырылып қалмаудың жолын іздеген ақындар тобы жинақталды. Олар қазақтың ежелгі жазба әдеби үрдісін жақсы білетін, мифті сюжеттер мен Құран хикаяларын, «Қисса Жүсіп»

пен «Қиссас-ул әнбияны» оқып көрген, «Мың бір түн», «Тотынама», «Шаһнама» оқиғаларын жаттап өскен ақындар еді. Үлгі алған, оқыған мектебі дәстүрлі классикалық түрік, араб-парсы әдебиеті болған» [19, б.41].

Қоғам қайраткері, әдебиетші-ғалым, жазушы М. Әуезов ХІХ ғасыр мен ХХ ғасыр басында қазақ даласында ең алдымен үш ағартушыны атап көрсетеді: «Қазақ ССР тарихының өткен ғасырын еске алсақ, көзге толық, көңілге медеу үш адамды алдымен айтамыз. Олар кең Қазақстанның шалғай жатқан өлкелерінен шықса да бір туғандай сезілетін асыл жандар. Олар – үшеуі үш мұнарадай болған: Шоқан, Ыбырай, Абай» [72, б.242].

Герольд Бельгер өзінің «Гете и Абай» атты эссесінде немістің әйгілі ақыны һәм философы Гете шығармашылығы мен Ұлы дала данышпаны Абай шығармашылығын ағартушылық тұрғысынан салыстыра келе қазақ ақынының ағартушылығын ғана емес бірнеше салаларды меңгерген білімді ғалым екендігін және бұл оның қара сөздерінде айқын көрініс табатынын орыс тілді оқырманға жеткізеді: «Увлекался Абай социологией, историей, статистикой, культуро-просветительством, читал экономические труды. Читал произведение философов Платона, Спенсера, Спинозу. Это нашло отражение в его философско-этических этюдах – Гаклиях» [73, б.13].

Расында да, Ыбырай Алтынсарин, Шоқан Уалиханов, Абай Құнанбайұлы сынды елдің озық ағартушылары тарихи, әдеби шығармалардың халықтың санасына әсер ететінін ерте түсінді. Мысалы, Ыбырай Алтынсарин Торғайдағы мұғалімдік қызметі барысында қазақ халқының ауыз әдебиетін зерттеп, көркем сөздің әсер етушілік күш-қуатына айырықша көңіл бөледі. «Н.И.Ильминскийге жіберген бір хатында ол: «Халықтың санасын оятып, жүрегін тербейтін кітап керек» деп жазады. ...Ұстаз халқының саяси-әлеуметтік өмірін жақсарту үшін мәдени-әдеби жағынан іргелі өзгеріс кіргізуді алдына арнайы бағдарлама етіп қойған, сол бағдарламаны орындауда бар күш-жігерін, дарынын аямайды, әдебиетті идеологияның құралы ретінде пайдаланады», – дейді ғалым Рымғали Нұрғали [74, б.52].

Дегенмен Н.И.Ильминский, В.В.Радлов сынды ғалымдар бұл мәселеге саяси тұрғыдан қарайтын болғандықтан олардың көзқарастары мүлде бөлек. Мысалы, біз атақты түркітанушы ретінде таныған Василий Радлов: «Халық шығармалары – халық рухының көрінісі мен жетістігі, сондықтан да ол өте кең таралған және халық арасында үлкен құрметке ие, ал кітаби өлең – халық арасына там-тұмдап болса да берік ірге тебе бастаған исламның өкілі, ислам ілімін таратуды мақсат тұтқан және бірте-бірте халық рухын ығыстырып келе жатқан діннің ұрығы. Шындығында да, ол баяу әсер ететін у тәрізді, бірден-бірге күшейіп келеді. Халықтың мұндай сауатты бөлігі шынында да әлі өте аз, соның өзі оларды халық рухынан аулақтатып үлгерді және олар осы кітаби өлеңдер арқылы қарапайым халық санасына ислам ілімін таратып, сіңіруге тырысуда. «Бозжігіт», «Һамра», «Сейфул-Мәлік», «Сақыпжамал», «Киік», «Шарияр» сияқты үлкенді-кішілі аңыздар халық рухына жақындастырылған, онда діни сарын аздау, сондықтан да халыққа кең таралған, ол қалың жұртшылықты исламның басты көзқарастарын қабылдауға дайындайды.

«Бозторғай», «Зар-заман», «Заман ақыр» сияқты ғибрат өлеңдер қарапайым халыққа көне өсиет тәрізді діннің басты негіздерін сіңіреді» [6, б.18] – деп тұжырым жасайды.

Соған қарамай, Ыбырай, Абай, Шәкәрім сынды ұлт зиялылары алға қойған мақсаттарын жалғастыра берген. Көрнекті әдебиет зерттеушісі Өтеген Күмісбаев «Терең тамырлар» атты зерттеу еңбегінде Шығыстың орта ғасырлық классикалық әдебиетінің асыл үлгілері қазақ даласына тереңдей тарап, қазақ ауыз әдебиетінің дамуына ерекше үлес қосқандығын, осы қайнаркөздерден нәр алып, мұсылмандық рухпен Ұлы Алланы бір біліп, көрсеткен жолын «хақ» деп қабылдаған әдебиет өкілдері жазып қалдырған шығармалары арқылы елді имандылыққа тәрбиелеп, ағартушылық қызмет атқарғандығын жеткізеді [197, б. 63].

Расында да, бұл кезең өкілдерінің бір тобы ел арасында ежелден қалыптасқан әдеби дәстүр, халық арасында өтіп отыратын «қиссахандық» кештерінде адами құндылықтарды дәріптеп, жаратылғандардың арасында ерекше бітім мен қасиетке ие болған адам үшін Ұлы Жаратушысының көрсетіп берген ақиқат жолынан тайынбауға, Аллаға серік қоспауға шақырды. Соңғы Елші, Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) пайғамбарлық өмір жолын насихаттайтын қисса-дастандар жазып, ел арасында жатқа оқып, сол арқылы халықты діни біліммен тәрбиелеп жатса, екінші бір тобы заманының жетістіктерін пайдалана отырып, Ташкент, Қазан, Орынбор сынды сол кезеңдегі түркі халықтарының ғылым мен білім ошағына айналған қалаларда дәстүрлі Ислам тарихынан мол хабар беретін, хикаяттар мен қисса-дастандарды кітап етіп басып шығару, сөйтіп халыққа тарату ісімен айналысқандығын көруге болады [49, б.136]. Ал, қазаққа өз мәдениетін, дінін сақтап қалу үшін халықтың санасын оятуды қажет деп тапқан Ұлы Абай «Жасымда ғылым бар деп ескермедім, пайдасын көре тұра тексермедім» – десе, ақын әрі ағартушы, философ, Шәкәрім Құдайбердіұлы, адам өмірін үш кезеңге бөліп, оның сол Абай меңзеген ең қуатты жастық шағын ғылымға арнауды насихаттайды. Сол сағаттағы уақыттың бір минөтін де босқа өткізбеуге шақырады. Кей кездері халықтың арасындағы санасы төмен жандарға өкінішпен қарап:

Салынған қала жоқ,  
Оқытқан бала жоқ.  
Қолында өнер жоқ,  
Ғылымда дана жоқ, – деп, өкінеді [75, б.224].

Ғалым Бейсембай Кенжебаев ХІХ ғасырдағы қазақ халқының әлеуметтік жағдайын ұлтының дана перзенті Абай Құнанбайұлы өмірімен байланыстыра зерттей отырып: «Абайдың заманында қазақ даласында екі түрлі қоғамдық қарым-қатынас бар еді: ол бектік феодалдық, капиталистік қалып болатын. Қазақ бұқарасында осы екеуінен туған екі түрлі ауыр азап, екі түрлі қанау, қысым бар еді. Оның бірі отаршылық қанау еді де, екіншісі бектік феодалдық қанау еді» [13, б. 169] – деп, империя тарапынан ашық жүргізіле бастаған



отарлаумен қоса ішкі бектік феодалдық яғни бай, шонжарлардың елдегі әлсіз, кедей, шаруаларды қанаушылық әрекеттері де сыртқы жаулауға «өлгеннің үстіне тепкендей» әрекет екендігін айтады. Абай бұл сынды елдің аянышты жағдайын «Болыс болдым мінеки» деп аталған өлеңінде сынға алса, Абайдан сәл-ақ алдын өмір сүрген зар-заман әдебиетінің белді өкілі Шортанбай Қанайұлы «Билік кетті басыңнан» деп басталатын өлеңінде:

Патша жұртын қанады,  
Байлар жөргем санады.  
Жарлының жаны берік екен,  
Мал үшін он екі ай қой бағып,  
Жалғыз тоқты алады [76, б. 27] – деп ашына жырлайды.

Патша өкіметі Ұлы Дала елін еркін билеп төстеу үшін байырғы жерлерді мемлекет меншігіне алып, қазақ халқының ғасырлар бойы атадан қалған мұрасына меншіктік құқығын жойғаны белгілі. «Қазақ жерлерін жабайы жолмен отарлау 1891 жылғы 25 наурыздағы «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы Ереже» қабылданған соң бұрынғы жоғары қарқынмен жүргізіле бастады. Ереженің 119-бабы бойынша «Жыл мезгілдеріндегі көші-қон жерлерін және сол жерлерге тиесілінің бәрін соның ішінде ормандарды да» бүтіндей мемлекеттік меншікке айналдырды» [200, 98].

Осы саяси жағдайды басынан кешіп отырған ағартушы ақындар қаламның ұшымен қарсы күресуді мақсат етті. Солардың бірі, түркілік идея жолында аянбай қызмет еткен ақын Мыржақып Дулатов «Қазақ жерлері өлеңінде:

Жылында мың сегіз жүз алпыс сегіз,  
Қазыналық – деді, жердің һәммәсін да.  
Тарылып жылдан-жылға жер-суымыз,  
Мұжықтың кетті бәрі қаласына...  
Кір жуып, кіндік кескен қайран жерлер,  
Мұжыққа қош-аман бол барасың да.  
Қасиетті бабамыздың зияраты,  
Қалдыңғой көшесінің арасында.  
Қазағым, жерің қайда атамекен,  
Қазақ қазақ болғалы мекен еткен? [201, б.31] – деп ашына

жазады.

Шортанбай, Ыбырай, Абай, Шәкәрім сынды алып тұлғалар салып берген әдеби өмірдегі сыншыл реализм жолын ары қарай өзінің ақындық өнерімен жалғастырған тұлғаның бірі Мақыш Қалтайұлы. Адамгершіліктің тереңдегі тамырына балта шабатын тәкәппарлық, надандық, көре алмаушылық, арсыздық, еріншектік, жалқаулық т.б. барлық адам бойындағы жағымсыз қасиеттердің өршіп кетуі қоғамдық ортадағы тәрбиенің әлсіздігі мен адам баласының имансыздығынан, өзінің әлсіз ғана бір жан екенін сезінбеуінен, әр

адамның алдында тұрған ақыреттегі есеп күнін ескермеуінен екендігін дөп басып айтқан ақын да «Қазақ хәкімдері» атты өлеңінде сол кездегі қазақ қоғамының реалистік көрінісін ашып береді:

Заманадан хабарсыз біздің халық,  
Болыс боларынша мың ақша салып.  
Ел қарату үшін де ақша беріп,  
Онысын қайта жияр пара алып.  
Мұнысының үш-ақ жыл ақыр шегі,  
Орысша пәс дәреже қазақ бегі.  
Партия себебімен дау жанжал боп,  
Үш жылға да жетпейді мұның көбі [202, 7 б.].

Замана жайын өзінше толғаған Мақыш өзі өмір сүрген қоғамның қатпарлы, көлеңкелі тұстарын барынша батыл сынады. Патша чиновниктерінің, би-болыстардың қарапайым халыққа жасап отырған озбырлығын қатты шенеді [203, 72 б.].

Имандылық – адамгершілік қасиеттер адамның жаратылысында бар қасиеттер болғандықтан, бұлар әр адамның ойынан, ниетінен және әрекетінен байқалады. Адамның жаман қылықтарынан жазықсыз жандар жапа шекпесе, адам еңбекпен табысын тапса, өзінің білгенін, білім мен біліктігін басқаға үйретсе қоғам түзеледі.

Қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік өмірінде орын алған осы көріністер бауырлас өзбек халқын да айналып өткен емес. Отарлауға қарсы қаламының ұшымен қарсы тұрған тұлғалар өзбек әдебиетінде жетерлік. Өзбек халқының талантты ақындарының бірі Надим Намангани «Мақта арызы» (Шикояти пахта) мухаммасында сол бір қиын-қыстау кезеңнің ауыр зардаптарын сөзбен суреттей отырып:

Бир неча камбағаллар ауқатын өткізалмай,  
Қышлик мәашларын әсбабын тузалмай,  
Һәр кимсәдін алыб пұл, миңдін бірін узалмай,  
Пахтага пул көтарыб, уақтыда йеткәзалмай,  
Арқасыда маһасил, деһқанчылық тауанда [77, б. 6].

Мағынасы: *«Бірнеше кедейлер жемістерін өткізе алмай, қыстың азығын уақтысында қамдана алмай, әркімнен қарыз алып, мыңнан бірін бере алмай, диқаншылығы аяққа тапталған заман болды»* – десе, «Бір түрлі» (Ғалати) мухаммасында билік жүйесінің бұзылғанын, соның кесірінен бүкіл ел аянышты жағдайда екенін еске салады. Әсіресе, ақын сайлау жүйесінің былықтарын өлеңдері арқылы былайша жеткізеді:

Ел етіп мансаб учун бир-бирига жангу талош,  
Йарылыб фурсати сайлауда көп көз илә қаш,  
Берибан ришуә болур һазию әллама тарош,

Пул алыб макру ниял бірлә қылар айши мәш,  
Болды аһуалы тәмами Наманган ғалати [77, б. 7].

Мағынасы: *«Елдің бәрі билікке ұмтылып, мансап үшін бір-бірімен таласып-тартысып, сайлау кезінде қаниама қас пен көз жарылды. Пара беріп би-болысқа ғұлама сынды болып, өзі де ақша алып жүрген жері ойын-сауық, міне, осындай бір түрлі Наманганның ахуалы».*

Зерттеліп отырған кезеңде отаршылдықтың кертартпа тұстарын заманынан бұрын көріп, бұратана халықтардың шоқынып, орыстанып бара жатқан өкілдерін бар ынта-жігерімен қайтарып, бұл алапат зұлымдықтың ұлт болашағына тигізер кері әсерін жүректен сезінген, оны шешудің бір-ақ жолы – елін қасиетті Ислам құндылықтарымен тәрбиелеу, сол арқылы түркі жұртының басына төніп келе жатқан күпірліктің алдын алуды мақсат еткен шығармашыл зиялы қауым өкілдері де қалыптасты.

Әдебиет зерттеушісі, Жанар Жақсыбекқызы, XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиетінде империализмге қарсы Исламды дәріптейтін діни тақырып ерекше орын алғандығын алға тарта отырып: «Оның негізгі себебі, XIX ғасырдағы Патша үкіметінің отарлау саясаты, крестьяндарды қазақ жеріне жаппай қоныстандыру, сол арқылы жергілікті халықты басып, билеп төстеудің жолын арттыру, рухани тонау, орыстандыру, шоқындыру жұмыстарын жандандыра жүргізумен қатар іске асырылғандығын» айтады [23, б. 8].

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басында қазақ арасында діни-ағартушы ақындар Ыбырай Алтынсариннен бастап, Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы сынды көзі ашық, жан-жақты сауатты ғалымдар, өз өмірін түркі дүниесімен тікелей байланыста ұстаған Алаш көсемі Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан, Мұстафа Шоқай, ал Түркістан өлкесінде Махмуд қожа Бейбуди, Ысхақхан Ибрат, Мунауарқари Абдурашидханов, Абдулла Аулани бастаған саналы азаматтар мен ел тағдырын ойлаған зиялы қауым халықтың ғылымы мен оқу-білім жүйесін, қоғамдық ой-санасын, баспасөзін, саяси бағытын қалыптастыра бастады. Осы шоғырдың бел ортасында жүрген Мыржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мухтар Әуезов, Сәкен Сейфуллин, Жүсіп Сайрамы, Хилуати, Хамза, Чолпан, Абдулла Қадири сынды қаламгерлер бір жағынан жазба әдебиеттің толық қалыптасуына үлес қосса, екінші жағынан орыс империализміне ішкі қарсылықтарын елін сауаттандыру арқылы білдіріп отырғандығын көруге болады [197, б. 62]. Сонымен қатар, бұқара халық арасында Исламды насихаттауды мақсат еткен сопылар, ишандар мен ахундар империя зұғымына қарсы ашықтан-ашық, қолдарында қарумен қарсы күрестер жүргізбесе де бұл саяси идеологияның тоқырауға алып баратынын халық санасына сіңіре білді.

«XX ғасыр басында жан-жақты білімді зиялы қауым өкілдері мәдени-ағарту майданы мен әдебиет майданына елдің прогресшіл, капиталистік дамудың әсері мен оянушылық, ағартушылық бағыттың кеңінен өріс алуына байланысты шықты. Олар XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің тарихынан өз

орнын ойып алуға тиіс ақын-жазушылар. Бұлар – оянушылықты, ағартушылықты, адамгершілікті, ізгілікті мақсат еткен қайраткерлер» [23, б. 10] – дейді зерттеуші Ж.Абдигапбарова.

Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Мыржақып Дулатұлы, Ысхақхан Ибрат, Мунаууарқари Абдурашидханов, Абдулла Аулани сынды өзбек-қазақ ағартушылары тарапынан оқулықтар жазылуы елдің ұлттық оянуына қызмет жасаған факторлардан еді. Сонымен қатар, Орталық Азия халықтары мен қазақ даласында ертеден қалыптасқан білім көзі, тегі бір түркі халықтарын бір жазу-сызу арқылы тұтас танымдық жүйеге банғындырған, қадым оқуымен («усули қадим») соның негізінде пайда болған орта ғасырлық әдебиеттің заңды жалғасы болып табылатын әдеби шығармаларымен тарих сахнасына шыққан Шортанбай Қанайұлы, Әбубәкір Кердері, Шәді Жәңгірұлы, Мәді Меркішұлы, Ергөбек Құттыбайұлы, Майлықожа Сұлтанқожаұлы, Ақыт Үлімжіұлы, Хазини Хоқанди, Мухайир, Хилуати сынды әдебиет өкілдері шығармаларынан империяның ауыр зардаптарына деген ішкі қарсылықтарын білдіріп, бұл тауқыметтен құтылудың бірден-бір жолы халықты ағарту, оқу-білімге шақыру, солайша елдігімізді, дініміз бен тілімізді сақтап қалу мүмкіндігін ұсынып отырғанын көруге болады.

Тағдырлары үзенгілес қазақ-өзбек халықтарының рухани-әдеби өмірінде ерекше із қалдырған жәдид ағартушыларымен қатар классик әдебиет өкілдері, сопылар, ахундар, ишандар бұл жолда іштей бір мақсат, бір мүддемен іске кіріскен, алайда араларында ортақ диалогтың жоқтығынан көп жағдайларда бірлесе алмағанын ерекше айту қажет. Жәдид ақындарының алдына қойған негізгі мақсаттарының бірі – ұрпақты діни білім мен қатар дүниелік ғылымдардан хабардар ету болды. Олар жаңа мектептер ашып, жастарды білім алуға, осылайша орыс тілі мен қатар батыс тілдерін меңгеріп, әлем жаңалықтарынан хабардар болуға шақырса, таза Ислам шарифаты негізінде білім алған, оны ақындық өнермен ұштастыра білген ақындар шарифат шарттарын насихаттаған өлеңдері мен термелері, қисса-дастандары арқылы адамзатқа Исламның құндылығын жеткізгісі келді. Бұл жолда бір Аллаға сыйынып, пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.) өмірлерін үлгі етіп отырды.

XIX ғасырдың екінші жартысында халқының білім мен ғылымды меңгеруін империализмге қарсы күресудің бір жолы деп түсінген, сол жолда барын салған ақын әрі ағартушы Ыбырай Алтынсарин: Бір Аллаға сыйынып, кел балалар оқылық», – деп жырласа, адамзат үшін Исламның ақиқат дін екенін, Алла елшісінің өмірі үлгі боларлық жол екенін дәлелдейтін «Шараит-ул-Ислам» еңбегінде:

«Дін ғылымы дегеніміз, Құдай тағала пенделеріне екі жол көрсетті: бір жолы – осылай бар деп бұйырған жолы, екіншісі – бұл жолға түспе деп тыйған жол. Әуелгі жолдың баратын ұшы – ұжмақ. Соңғы жолдың ұшы – тамұқ. Әр екі жолды көрсетіп қойып, қайсысына түсудің ықтиярын бұл дүниеде Құдай тағала адамның өзіне берді. Осы екі жолдың мәнісін түсініп үйренуді дін ғылымы деп атаймыз» [78, б. 6] – дейді.

Өзбек халқының ағартушы ғалымы Бейбуди Ыбырай Алтынсариннің пікірлерін қуаттай түседі. «Дінсіз дүниеде өмір сүру – адамгершілік пен мәдениеттілік емес, керісінше айуандық. Дінсіз мәдениетті болу қиын. Адамзат қоғамды тұрақтылықта ұстауы үшін дін, шариғат, қағида басты қажеттілік және оны басқарушыларға негізгі себеп сол [79, б. 3] – дейді ғалым мектеп оқушыларына арналған «География» атты оқулық кітабында.

Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым өкілдерінің шығармалары жайлы зерртеген ғалым У.Қалижанұлы:

«Бұл ақындар өздерінің шығармаларында феодалдық қараңғылыққа, ескі сенімге, надандыққа қарсы шықты. Олар халықты оятуды, оқуға тартуды мақсат етті, жаңа жәдид оқуын жақтады. Оны насихаттап, жаңалық үшін күресті. Өздерінің негізгі көзқарасы ағартушылық болды. Сондықтан да олардың өлеңдерін діни-ағартушылық поэзия деп бөліп атауға болар еді» [80, б. 23] дейді. Ғалымның бұл пікірін сол кезеңдегі өзбек әдебиетінің белді өкілдері шығармашылығына қатысты да айтуға болады.

Түркітанушы ғалым Н.Келімбетовтың: «Қай халықтың болмасын әдебиет тарихы ең алдымен сол халықтың қоғамдық, әлеуметтік тарихымен тығыз байланысты болып келеді. Ендеше қазақ әдебиетінің тарихы қазақ халқының қоғамдық, әлеуметтік және саяси өмірінің бейнелі көрінісі, соның сүрлеуі, ізі болып табылады» [81, б. 5] деген пікірін ескерсек, XIX ғасыр мен XX ғасырдың басында жоғарыда аталған саяси әлеуметтік жағдайлар мен тарихи оқиғалар өз заманында қазақ-өзбек тарихшыларымен ақындар тарапынан хатқа түсіп тарихи шығарма ретінде елдің тарихи-әдеби мұрасына айналған. Мысалы, Ысхақхан төре Ибраттың «Тарихи Фарғана», Молда Әлім Махдұмның «Тарихи Түркістан», Мұхаммед Салыққожа Ташкандидің «Тарихи жадидаи Ташканд», Мұхаммед Жүніс Ташкандидің «Естеліктер», поэзиялық үлгімен жазылған Молда Қалыбай Мәмбетұлының «Орыс әскерінің Түркістанға тарихтың 1853-1866 жылдарында жасаған басқыншылығы» атты тарихи дастаны, Мәді Меркішұлының «Тухфа-и жұмхурият» (Республикаға сый) атты шығармалары, Сидки Хандайлиқидың «Ресей төңкерісі» (Русия инқилоби) дастаны міне, осы кезеңдегі патшалық Ресейдің отарлау саясатының қитұрқы оқиғаларын толығымен суреттеуге тырысты.

Қалыбай Мәмбетұлының тарихи дастаны Жетісу мен Оңтүстік өлкелері, Сыр бойы мен Өзбекстанның Қарақалпақ жерлерінде өмір сүрген бауырлас қазақ, өзбек, қарақалпақ халықтарының тарихи көркем бейнесін елін, жерін қорғау үшін ерлікпен күрескен батырлар бейнесін поэзия үлгісінде сәтті жырласа, Мәди ақын шығармасының «Русияның Түркістанды алғаны» бөлімінде патша үкіметінің қара халыққа түрлі салықтарды салғандығын былайша жеткізеді:

Айталы елге сөзді осыншалық,  
Бұл сөздер даналарға күннен анық.  
Жүп ауыз, земски пұл, қызыл қағаз,  
Әрқилы қылып елге салды салық.

Шаһардан көп ел алды нөмір пұл деп,  
Даладан отын, ағаш көмір пұл деп.  
Пұл алды мал айдаған саудагерден,  
Тұяққа түйе, сиыр шобыр пұл деп.

Құдды өрт шалғандай боп ылди мен өр,  
Болды жүрген жайымыз есік пен төр.  
Әсіресе, мал жайған шаруалар,  
Кейбір күні таппады-ау кірерге көр [82, б.27].

Сонымен қатар, елдің басқару жүйесіне болыстық жүйені енгізу және құнарлы жерлерді келімсек орыстарға тартып алып бергендігі жайлы:

Шығарып Түркістаннан бес облыс,  
Қойып әр мың үйге бір-бір болыс.  
Ескі дәулет жәбірмен жерін алып,  
Қазақтарға тарылды сулы қоныс.

Көшпелі ел қазаққа жер жоқ десіп,  
Қазақ жерін мұжыққа берді кесіп.  
Шариғатсыз, низамсыз, зорлықпенен,  
Ауыр тауды мойнына ілді тесіп.

Адам Атадан бері әуел ақыр,  
Әрбір халық иеленген жерде жатыр.  
Переселенка деген ұры шығып,

Айырылды жақсы жерден қазақ пақыр [82, б. 27] – деп жырлайды.

Тәуелсіздікке дейінгі оқу құралдарында ескіні көкसेген, кертартпа пантюркист ақын деп танылған Әбубәкір (Кердері) Боранқұлұлы былай жырлапты:

Алланың өзі ашпаса,  
Заманның пасық тұманын,  
Шариғат жолы сүймейді,  
Залымдардың бұларын.  
Тыймасам да халықты,  
Айтсам тарқар құмарым.  
Шекерден шырын сөзім бар,  
Жамағат салса құлағын [83, б. 109].

Ақын мал аяғы тимеген тың жерлерге орыстың мұжықтарын орналастырып, ел жерден қағылып жатқанда, ел ішінен шығып оларға қолшоқпар болған залымдардың бұл әрекеттеріне өлеңмен жауап беріп, құмарын таркатады.

Империяның елге жасаған қысымы ел арасында Исламды насихаттауды мақсат еткен ахундар мен ишандар, молдалар мен діни-ағартушы ақындарға ерекше қатты тигені белгілі. Бұл жағдайларға шыдай алмаған ақындардың бірі, Қарақалпақ жерінде өмір сүрген Әйімбет ақын:

Қорлады олар дінімді,  
Исламият бүлінді.  
Белсенділер қарсы кеп,  
Өшірмекші үнімді...  
Өртемекші Құранды,  
Шапағатым – Нұрымды.  
Кәпірлерден сақтай гөр,  
Саған айтпай кімге айтам,  
Көңілімдегі мұңымды – [84, б. 85], деген өлең жолдарын

қалдырыпты.

XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті тарихында отаршылдық қысымның зардабын көрген Оңтүстік өңіріндегі ақындардың бірі Ергөбек Құттыбайұлының «Сәлем де туған елдерге», «Іздрости, Некалай», «Менің атым Ергөбек», «Ергөбектің Табаншөлге айдалғанда айтқаны», «Ергөбектің Күрең биге айтқаны», «Ергөбек ақын мен едім», т.б. өлеңдерінде патша үкіметінің қазақ жерінде жүргізген отаршылдық саясатының сойқанды көріністері жеріне жеткізіліп жырланған.

Тағдырлары үзеңгілес өзбек халқының да бұл зардаптарды басынан кешкені мәлім. Сидқи Хандайлиқидың ақпан төңкерісін жан-жақты суреттеген «Ресей төңкерісі» (Русия инқилоби) дастаны да 1916-1917 жылдардағы ауыр жағдайды өлеңмен суреттейді. Мысалы, ақын:

Сәрасәр хәлайиққа йетти жәфа,  
Мәгәр йанди көкдін әләргә бәла.

Балоеки, йоқтур дауаси әнинг,  
Халойиқ болуб мубталаси әнинг.

Чидолмай мунга йығлаб эл һай-һай,  
Дер эрдики, «Раһм әйләгіл, әй Худай!» [85, б.120].

Мағынасы: *«Отарлаудан басы айналған халық зұлымдықтың құрбанына айналды, оларға көктен бәле жауды. Бұл бәле сондай бәле, оның дауасы жоқ. Халайық міне, осындай ауыр зардапқа душар болды. Шыдай алмай ел түгел жылап, еңіреп, дер еді Рақым еткін, уа, Құдай!».*

Қоқан әдеби мектебінің өкілі Зауқи ақын да «Қиссаи Фарғона» өлеңінде:

Мусәлләт қылды феъліміздін болшевикләрні,  
Көтәрді башымыздын сайә болған хану бекларні,

Өлүм чағыға салды балшувикләр бу тірікләрні,  
Кіші білмәс һисабын күйүб өлған өлікләрні.  
Өлүкләрдин болубдур көчәләр мазар, Фарғана [86, б. 74].

*Мағынасы: Пейілімізге қарай большевиктер басқаруға келді, елге пана болып тұрған хан-бектерімізді алды. Тірі жүргеннің бәрін өлтірді, өлгендердің есебін адам білмес, өлілердің көптігінен Ферғана көшелері мазарға айналды.*

Қорыта айтқанда, Сібірден Кавказға дейін кең байтақ өлкені қоныстанған түркі халықтарының барлығы дерлік орыстың отарына айналған тұста барлық отарланған түркілердің руханиятын мансұқтап, тарихын жойып жібергісі келген орыстың отарлау саясатының астарында өздеріне бағынышты халықтарды түбегейлі жойып жіберу пиғылы жатқаны тарихи деректерден белгілі. Олар өз идеяларын жүзеге асыру үшін, ең әуелі, түркілердің діні мен тіліне қатты тиісті. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Орталық Азияны мекендеген мұсылман түркілерді, соның ішінде қазақ-өзбек халқын шоқындыру жағына кірісті. Қазақтарды күшпен шоқындыру арқылы өз тамырынан, болмысынан айыру өз жемісін жылдам береді деп сенді. Себебі, оған дейін Сібірді жайлаған кейбір түркілерді шоқындыру арқылы ұлттық болмысынан айырып та үлгерген болатын. Өкінішке қарай, бір кездері тағдырдың жазуымен мұсылман болу нәсіп болмаған Сібір түркілерінің біразы шоқынудың салдарынан демографиялық өсу деңгейі төмендеп, бүгінгідей жаһандану заманында ұлт ретінде жойылып кетудің аз-ақ алдында тұр. Десек те, иманына берік Орталық Азия түркілері өз діндері мен соған негізделген салт-дәстүрлерінен бас тарта қойған жоқ. Мың жылдан аса уақыттан бері мұсылман болып келе жатқан қазақ, өзбек халықтары имани сенімдерінің беріктігінің арқасында христиан дінін қабылдаудан бас тартты. Ақындар орыс отарлауына қарсы қарумен емес, қаламының ұшымен күресті. Содан орыстардың шоқындыру саясатына бірде күштеп, кейде айла-тәсілмен қарсы шықты. Ислам дінін асқақтата жырлап, Алланы мадақтады, пайғамбардың өнегелі өмірін дәріптеді. Бұхара, Ташкент, Қарнақ, Қазан шаһарларындағы медреселерде діни тәлім-тәрбие алған ақындар орыс отаршылдығына қарсы нәзіралық дәстүрді ұтымды пайдаланды. Яғни, шығыс мұсылман әдебиетінде кеңінен жырланған имани, ерлік дастандарды қайта жазды. Сол арқылы халықтың көзін ашып, көкіректерін имани сумен сусындатты. Дін тақырыбындағы қисса-дастандарды көптеп жырлаудың нәтижесінде қазақ даласында кітаби ақындар шоғыры пайда болды. Олар не жазса да, не жырласа да тақырыбы – «иман», «ислам», «ихсан» болды. Себебі, олар ипериализмге қарсы бірден-бір құрал – күшті имани сенім деп ұқты. Соның нәтижесінде Орталық Азия халықтары әдебиетінде діни-ағартушылық бағыт кеңінен өркен жайды. Мұсылман халықтарын күшпен не айла-тәсілмен шоқындырып жіберудің мүмкін еместігіне көздері жеткен отаршылдар коммунистердің билікке келуімен атеистік яғни дінсіздік қоғамды орнатты. Ондағы мақсаты да түркілерді дінінен ажыратып, ұлт ретінде жою болатын. Коммунистік билік



Орталық Азия түркілерін ұлт ретінде жою үшін мың жылдан аса уақыт қолданылған араб графикасын әуелі латынға, содан соң кирил әрпіне ауыстырды. Бабалардан мұраға қалған жазба жәдігерлерді түсінбейтін халге жеткізіп, тарихын мансұқтау негізгі мақсат болатын. Бірақ қашанда ақиқат жеңетіні секілді отаршылдар Орталық Азия түркілерін, соның ішінде қазақ-өзбек халықтарын дінінен, салт-дәстүрінен айыруға барын салғанымен, имани-сенімін біржолата жойып жібере алған жоқ. Себебі, ел үшін, Отан үшін, дін үшін жанын қиған ел ардақтылары қашанда алдыңғы қатарға шығып уды умен қайтарып отырды. Міне, осы жолда діни-ағартушылықты мақсат еткен ақындар риясыз қызмет етті. Халықтың Аллаға деген сенімін, Пайғамбарға деген махаббатын, отанына деген сүйіспеншілігін сақтап қалу үшін иман негіздері мен шариғат шарттарын насихаттауды қолға алды.

### **1.3 Қазақ және өзбек халықтары тарихында ислами әдебиеттің орны**

Мәдениет руханиятсыз қалыптаспайтыны сияқты, қоғам да мәдениетсіз, тарихсыз, яғни, рухани тіректерсіз даму жолына түсе алмайды. Ал, ұлттың рухани жаңғыруы оның ежелден қалыптасып, даму жолына түскен мәдени-рухани арналарымен үндестігінде. Кез келген халықтың әдебиеті де адамзатты тәрбиелеу жолында өзіндік мәдени-рухани арналармен үндесіп жатады. Сондай мұсылман түркі халықтары әдебиетінің ажырамас бөлігіне айналған рухани арналардың бірі – Ислами әдебиет (Islamic Literature).

Ислам мәдениеті төңірегінде бірлескен араб және ажам халықтары әдеби мұраларының дені діни-ағартушылық һәм сопылық бағытта жазылған танымдық шығармалардан тұратынын зерттеу барысында дәйекті дәлелдермен берілді. Соңғы жылдары ислами әдебиет (Islamic Literature) термині аясында қалыптасып келе жатқан Ислам дінінің негізгі қағида шарттарын насихаттайтын әдеби шығармалардың өзіндік маңызы мен қоғамдағы алар орны зерделеніп, заманауи тілдерге аударма жасалуда, арабтанушы, парсытанушы, түркітанушы ғалымдар тарапынан ғылыми айналымға түсіріліп, әдебиет тарихы мен теориясы байи түсуде.

Әдебиеттің белгілі бір кезеңін немесе бағыты мен жанрлық ерекшеліктерін зерттеуге ден қойған кезде, міндетті түрде, оның пайда болуы мен қалыптасу, даму кезеңдерінің қажет болатыны аян. Біз зерттеу нысанына алып отырған түркі халықтары өміріндегі «Ислами әдебиеттің» алғашқы бастаулары, даму эволюциясы да адамзаттың рухани болмысының негізі болған Ислам дінімен үндесіп, талай тарихи оқиғалар мен тұлғалар өміріндегі тарихи деректермен ұштасып жатыр.

Түркі халықтары тарихы тұрғысынан әдеби мұраларды зерттеу мәселесі көлденең қойылғанда «Ислами әдебиеттің» орны қай кезеңде болса да ерекше болғандығын атап кеткен жөн. Түркітанушы ғалым М.Ф.Көпрүлү түрік әдебиетін «Исламға дейінгі түрік әдебиеті» (ежелгі дәуір), «Ислами түрік әдебиеті» кезеңдерге бөлуі де Ислами әдебиеттің маңызын арттыра түседі. Бұл әдебиеттің пайда болу, қалыптасуы тікелей Ислам дінінің келуімен байланысты

екендігі белгілі. Түркі халықтарының тарихы мен әдебиетін дәуірлеу мәселесінде ғалымдар Ислам дінінің келуіне ерекше назар аударған.

Фуат Көпрүлү [88] мен қатар түркілер тарихы мен әдебиетін зерттеген италяндық ғалым А.Бомбачи [89] түркі халықтарының әдебиет тарихын «Исламнан алдыңғы және Ислам келгеннен кейінгі кезең» деп арнайы кезеңге топтастыруы Исламның түркі халықтары өмірінде ерекше рөл атқарғанын аңғартса, қазақ ғалымы М.Әуезов те: «Өз бетімізбен долбар жасасақ, қазақ елінің ішкі өмірі екі үлкен дәуірге бөлінеді. Мұның біреуі – ісләм діні кірген соңғы мезгіл», – деп Исламның қазақ елінің рухани өміріне жасаған әсеріне ерекше тоқталғанын ескеру керек [72, б.19].

Ал, түркі халықтарының ерте замандардан қалыптасқан әдебиетін алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы «Діндар дәуір» десе, орыс әдебиетімен байланысты кезеңін «Ділмар дәуір» деп баға берген. Толығырақ ғалымның өз сөзімен келтіретін болсақ: «Діндар дәуір әдебиетімізге араб, парсы, әдебиетінен үлгі алып, соларға еліктегеннен пайда болған. Бұл жазба әдебиеттің басты мақсаты – дінді жаю, дінді күшейту» [90, б.435] – дейді.

Түркітануші ғалым Төрәлі Қыдыр «Дешті Қыпшақ даласындағы Ислами әдебиет (X-XV) (Ислам, Иман және Ихсан мәселелерінің жырлану ерекшеліктері) атты көлемді зерттеу еңбегінде Ислами әдебиеттің генезисі және оның кейінгі кезеңдерде өмір сүрген араб, парсы, түркі халықтары әдебиетіне жасаған әсерін және бұл мәселеде көлемді зерттеулер жүргізген Грюнбаум, Мухамед Реза сынды ғалымдардың пікірлерін назарда ұстай отырып Ислами әдебиетке төмендегідей анықтаманы ұсынды: «Алла аяттары мен пайғамбар хадистерінен нәр алып, туралық пен пәктікті ту еткен ақындардың мұрасын ислам шығармалардың қатарына жатқызуға болады» [87, б.10].

Ғалым қазақ әдебиеттану ғылымы тарихында алғашқылардың бірі ретінде «Ислами әдебиет» терминін ұсынып отырғанын ерекше атап кеткен жөн. Демек, Ислами әдебиетке бүгінге дейін адамзат баласының шынайы тарихы мен кемел өмірлік қағидаларының жиынтығы болған Құран Кәрім мен адамзаттың ардақтысы Мұхаммедтің (с.а.у.) өмірлік өнегелері жайлы еңбектерді жатқызамыз.

Расында да, түркілер басынан өткізген тарихи кезеңдердің ең маңыздысы әрі бүгін мұсылман атанған түркі халықтарының жер бетінде дербес мемлекет болып қалыптасуында ерекше рөл атқарған кезеңі – жүректеріне Ислам діні орнап, Алла Тағаланың әмірлеріне және соңғы пайғамбар жолын үлгі еткен кезең болды дей аламыз. Себебі, Ислам діні келмес бұрын қоғамның жағдайы жан түршігерлік еді. Тайпалар арасындағы өзара қақтығыстар, рухани азғындық пен зұлымдықтың шектен асуы, ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан даулар адамзат баласының жаратылуындағы асыл мақсатын ұмыттырған еді.

Ислам діні келуімен қоғамда ұлы төңкеріс жасалды. Қоғамды құраушы негізгі фактор адам баласы болғандықтан жүрегіне иман ұялаған жандар өзінің жаратылуындағы мақсатын түсінгендей болды..

Себебі, Құран Кәрімнің Бақара сүресінде Алла Тағала:

*«Уә мә холақтә жиннә уәл инсә иллә ли яьбудун»* (Жын мен адамзатты тек Өзіме құлшылық қылулары үшін ғана жараттым) (Зарият сүресі, 56-аят) – деп, жындар мен адамзат баласын жаратуындағы ұлы мақсатты анық жеткізген болса, соңғы Елші, Пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.а.у.) алғашқы пайғамбарлық міндеті жүктеліп, Алла елшісі (с.а.у.) оны көркем түрде жеткізе бастаған кездері араб түбегі де надандықтың ошағына айналған еді. Бұл кезде Сөз шеберлерінің Сұлтаны адамзат баласына Құран Кәрімді түсірді. Алғашқы аятта:

– *Оқы. Жаратқан Раббыңның атымен* (Алақ сүресі, 1-аят).

Аяттың алғашқы сөзі бұйрық райымен келген «Оқы» сөзі. Оқу – сөздікте үйрену, білім алу, тану секілді мағыналарға ие. Демек, бұл сөз Жаратушы тарапынан құлына түсірілген алғашқы сөз болуы адамзаттың асыл мақсатын білдіріп тұрғандай. Бұдан оқу, үйрену, тану мен кез келген бір істі бастау Жаратушының атымен басталу керектігі белгілі болады.

Алғашқы аяттар халық арасында тарала бастаған кезде, әрине ең алдымен сөздің майын шағатын елдің назарына жетпеуі мүмкін емес. Сөз шеберлерінің бірі оған таңдана қарап, ойлана бастаса, екіншілері бірден қарсы шыға бастады. Тіпті, Алла елшісін (с.ғ.с.) кәззаб (өтірікші), ойдан өлең құрастырып елді алдап жүрген мәжнүн (есуас) деп атаушылар да болды. Алланың сөздерін жоққа шығарған кәпірлерге қарата төмендегідей аят түсті:

*«Егер құлымызға түсіргенімізден (Құраннан) күдіктенсеңдер, онда сендер де со құсаған бір сүре келтіріңдер, Алладан өзге көмекшілеріңді де шақырыңдар, егер сөздерің рас болса. Егер оны істемесеңдер (әзір келтірмесеңдер, келешекте) сірә істей алмайсыңдар. Ендеше, отыны адамдар, тастардан болып кәпірлер үшін әзірленген оттан қорқыңдар!»* (Бақара сүресі, 23-24-аяттар).

Дегенмен, Алла жүректеріне иман нұрын шашқан жандар ғана хақты қабылдады. Араб түбегінде күн санап Құран аяттары қоғамға терең бойлап, әрбір мұсылманның жолбасшысына айнала берді. Араб әдебиетінде де Исламның ұлы адамгершілік мұраттарын насихаттаған шығармалар пайда бола бастады.

Араб әдебиетіне Құранның жасаған әсерін зерттеген шығыстанушы И.М.Фильштинский былай жазады: «Коран оказал огромное влияние на всю последнюю арабскую литературу. Не только трактаты по мусульманскую богословию, но и многиу произведение изящной словестности средневековья насыщены цитатами из Корана и кораническими реминиесениями промитаны кораническим духом» [91, б. 32]

Ал, Құран Кәрімнің өзбек әдебиетіне жасаған әсері мен тығыз байланысын зерттеген ғалым Хамидулла Кароматов өзінің «Қуръон ва ўзбек адабиёти» атты зерттеу еңбегінде:

«Шығыс және әлемдік әдебиет құрамындағы өзбек әдебиеті де ғасырлар бойы Құранды түрлі деңгейде меңгеріп, ондағы тақырыптар негізінде түрлі

еңбектер жазылды. Құран мәтіні өзгермеді, қайта Ислам дінін қабылдаған халықтардың тарихы замандар өте өзгеріп отырды. Ал, Құран мәтіні мезгіл және мекенмен үндесіп отырып, жергілікті тарихи ортаға әсер етті және әр халық дамуының белгілі бір кезеңдерінде одан үнемді пайдаланып отырды әрі Құрандағы тақырыптарды әдеби шығармалар арқылы ашып келеді. Осы процесс нәтижесінде ұлттық әдебиет Құран мәтінімен синтезге түсіп, көркем және діни-дидактикалық шығармалар дүниеге келді», [31, б. 6] – деп бағалайды.

Жаратушысын тануға бет бұрған басқа мұсылман халықтар сынды түркі халықтары арасында да алып дүниенің мақсатсыз жаратылмағанын, оның ішінде адам баласы ерекше құбылыс екендігін жүректерімен сезіне бастаған тұлғалар пайда болды. Ислам дінін жан-тәнімен қабылдаған түркі халықтарының басым бөлігі өмір сүру қағидаларын бұрыңғы наным-сенімдерімен емес, Ұлы Жаратушысы және Оның соңғы елшісі Мұхаммед (с.а.у.) көрсетіп бергендей етіп түзетуге бел буды.

Ақиқатқа көз жеткізген қарапайым адамдар арасынан уақыт өте келе нағыз парасат-пайымы жоғары, жалпы адамзатқа өнеге боларлық Ислам қаһармандары шыға бастады [92, б. 11]. Олар Исламды қабылдаумен өзін-өзі тануға ден қойып, адами құндылықтардың жоғары деңгейіне қол жеткізді, дүниелік ғылым мен білімін дамытып, ақыреттік сенімдерін нығайтты. Өмірге, адамзат баласына мейірім шуағын шашатын жаңа мұсылман түркілер пайда болды.

Ислам діні VIII ғасырлардан Түркі халықтары өміріне біртіндеп ене бастаса, кейінгі ғасырларда түгелдей мемлекеттердің, Қарахандықтар мен Селжұқтар, Ғазнауилер мен Алтын Орда хандықтарының ресми дініне айналды.

«...Адамзат Ислам дінінің сәулесінен нәр алып, Пайғамбарымыздың (с.а.у.) басшылығының арқасында қысқа уақыт ішінде ғаламшарда мәңгі үлгі боларлық дәрежеге көтерілді. Мұндай оң жетістіктерді Ислам дінін қабылдаған елдердің бәрінен көруге болады. Түркі халықтарының өзінде Қарахан, Алтын Орда, Ғазнауи, Селжұқ бертін келе Осман мемлекеті тәрізді мемлекеттер өздерінің аты мен даңқында Ислам дініне борыштар екені ақиқат» [87, б.10].

Ислами әдебиеттің генезисі жайлы сөз қозғаған кезде түркі халықтары әдебиетінде Исламды насихаттаудың алғашқы ұшқындарынан сыр шертетін ежелгі және орта ғасырлық кезеңін зерттеу мәселесі қалқып шығары сөзсіз. Ортағасырлық әдеби мұралардың әдебиет тарихынан алатын орны және зерттеудегі ұқсастықтары мен айырмашылықтарын саралай келе А.Қыраубаева, Р.Бердібаев, Т.Қыдыр сынды ғалымдар Ислами әдебиеттің нағыз қайнаған шағы болып табылатын орта ғасырлық кезеңі Кеңес өкіметі кезінде бірнеше рет жазылып жарық көрсе де тиісті бағасын алмағандығын айтады:

«1948 жылы М.Әуезовтің редакторлығымен «Қазақ әдебиетінің тарихы» деген жинақтың алғашқы томы басылса, араға оншақты жыл салып барып үш томдық (алты кітап) зерттеу тағы жарық көрді. Бірақ, бұл еңбектерде қазақ әдебиетінің ежелгі және ортағасыр дәуірі жіті қарастырылған жоқ» [87, б.11]

Мұның негізгі себебін түркітанушы ғалым, Рахманқұл Бердібай еңбектерінен көруге болады:

«Өткендегі әдеби мұраны игеру – ғылыми ізденістердің күн тәртібінен түспейтін күрделі мәселе. Бұл бағытта атқарылған істер қомақты көрінгенімен, әлі де алмаған асулар, көтерілмеген тыңдар аз емес. Жүздеген, мыңдаған жылдарда дүниеге келген мұраны тексеріп, тауыстық деу тым ұшқарылық болар еді. Кеңес өкіметі кезінде «мұраны зерттейік» деген шақыру қанша көп айтылғанымен көне заманнан келіп жеткен әдеби қазынаны «таптық» тұрғыдан ғана қарап бағалау бір қырсық болса, қазақ мәдениетінің ислам әлемімен байланысын көрсетуге мүлде дерлік жол жабық болды» [17, б. 244].

Түркі халықтарының әдебиет тарихы тұрғысынан маңызды деректерге толы бұл кезеңді «Империя боданына айналған» дәуірлерде зерттеуге мүмкіндік берілмегендігінің негізгі себебі бұл әдеби жәдігерлердің көтерген негізгі тақырыбы жалғыз Аллаға табынатын таухид сеніміне негізделген діни мәселелер болғандығы. Бұл мәселеде империя боданында болған, тағдырлары үзеңгілес өзбек, татар, башқұрт, әзербайжан, түрікмен, қарақалпақ елдерінің әдебиет тарихының зерттелуі бір-біріне ұқсас.

Империалистік дәуірге аяқ басқан Россияның өміріндегі өзгерістер оның шығысында жатқан халықтарға атап айтқанда, татарлар мен башқұрттар, қазақтар мен өзбектерге Қырым, Кавказ елдеріне әсер етпей қалған жоқ [80, б. 18] – дейді ғалым У.Қалижанұлы.

Ғалым Т.Қыдыр Кеңес өкіметі құрамында болған бауырлас түркі халықтардың әдебиет тарихына көз жүгірте келе «Азербайжан әдебиаты тарихи» (Баку, 1960), «Борынғы татар әдебиаты» (Қазан, 1963), «IX-XII асыр түркмен әдебиатының шахырлары» (Ашгабат, 1967), «Түркмен әдебиатының тарихы» (Ашгабат, 1975), «Қарақалпақ әдебиатының мәселелери» (Нөкис, 1975), «Башкорт ээбиэтэ тарихенэн» (Өфө, 1975), «Ўзбек адабиёти тарихи» (Ташкент, 1977), «Борынғы төрки һәм татар әдебиатининг чыганақлары» (Қазан, 1981), «Гадымы түркмен әдебиаты» (Чержев, 1981) деген еңбектерде де ежелгі әдеби мұраларымыз толық зерттелмей, тек шолу жасалып келгенін жеткізеді [87, б. 11]

Бұл зерттеулермен қатар біз қазақ әдебиетінің тарихы ғана емес, бауырлас түркі халықтары да дәл осы жағдайды бастан өткергендігіне көз жеткізе түстік. Яғни, түркі халықтары әдебиет тарихын зерттеу мәселесінде айтарлықтай тереңге сүңги алмағандығының басты себебі, ортағасырлық шығармалардың дені Ислами әдебиеттерді құрағандығы, Ислам дінінің насихатталуы және дінді көркем тілмен жеткізу мәселелері империалистік саясаттың ұстанымдарына сәйкес келмегендіктен үнемі күн тәртібінен түсіп қала берген.

Мұндай пікірді татар ғалымдары да келтірген: «Схемы и заданные установки сильно затрудняли воссоздание исторически и научно-объективного облика средневековой литературы. Злосчастными камнями преткновения для исследователей неизменно представили два момента: идеологический и политический. Идеологической помехой являлось то, что вся средневековая литература носит религиозную окраску. Исследователь и критик, вернее, их

внутренний цензор, упорно не хотели признавать, что господствующая идеология средневековая литература носит религиозную окраску» [93, б. 5]

Ендігі бір мәселе, ислами әдебиеттің түркі халықтары өміріндегі рөлін зерттеген кезде араб, парсы тілдерінде немесе көне түркі тілінде бірақ араб қарпімен жарық көрген еңбектердің бәрін арабтарға тән, араб мәдениетінен келген діни схоластикаға құрылған дүниелер деп бағалау, оларды араб тілді халықтардың әдебиеті деп қабылдау, сондай-ақ ертеде Орталық Азия мен Қазақстан жерінде жасалған мәдени, әдеби жазба деректердің бәрін арабқа тән, түркі тектес халықтарда мұндай жазба мұралар болмаған деген теріс бұрмалауға құрылған түсінік әсіресе, кеңес өкіметі кезінде өмір сүрген оқымыстылардың еңбектерінде көп кездесіп отырды.

Дегенмен, Бейсенбай Кенжебаев, Өтеген Күмісбайұлы секілді әдебиет зерттеушілері сол кездің өзінде мұндай көзқарастағы оқымыстыларға өлкемізге Ислам діні кіріп келуімен оқу, білім, өнер, әдебиет – бәрі де араб тілінің ықпалында дамып отырғанымен түркі тектес халықтардың өкілдерінен шыққан ғалымдарды араб ғалымы деп қабылдау мүлде дұрыс еместігін жеткізген. Ғалым Б.Кенжебаев «Әдебиет белестері» атты кітабында бұл мәселеге ерекше көңіл аударып:

«X-XII ғасырларда Орталық Азия мен Қазақстанда қала кенттер өркендеген, жергілікті халықтардан талай ұлы жазушылар, ұлы ғалымдар шыққан, жергілікті ру-тайпалар өкілдері шығарған, жазған түрлі әдеби шығармалар ғылыми еңбектер болған. Бұл жерде оларды толық теріп отырмай, Мұхаммед Хорезмиді, Әбунасыр әл-Фарабиді, Әбурайхан әл-Беруниді, Әбуғали Ибн Синаны, Әбілқасым Фердоусиді, Рабғұзиді, Махмұт Қашқариді, Қожа Ахмет Яссауиді, Омар Һайямды, Баласағұндық Жүсіпті және солардың көркем шығармалары мен ғылыми еңбектерін атасақ, біздің әлгі пікірімізді толық дәлелдей алады» [94, б. 11] – дей отырып ойын академик В.В.Бартольдтың «Бағдат шаһарында мұсылман елдерінің көптеген әдебиетшілері мен ғалымдары болған, олардың басым көпшілігі Таяу Шығыс пен Орталық Азиядан еді» деген пікірімен қуаттай түседі.

Ғалым бұл мәселедегі ойларын қорытындылай келе: «Рас түрік тайпаларының бұл тұстағы әдебиеті араб әрпімен, араб тілінің ықпалымен жазылды. Бірақ араб әдебиеті болып кетпеді. Өздерінің ежелгі әдебиетінің жалғасы, жаңа жағдайдағы жаңаша өсіп дамуы болды» [94, б. 11] – дейді. Әрине, түркі халықтарының жазба әдебиетінің тарихы тым тереңде жатқаны сыр емес. Ежелгі сақ, ғұн дәуірінен бастау алатын түркі сөз өнері Ислам дінінің келуімен жаңа бір белеске көтерілгені де тарихтан белгілі. Араб, парсы һәм түркі мәдениетінің негізінде түркі жазба әдебиетінің негізі қаланып, көркем сөздің аясы кеңейе түсті. Мешіттер мен медреселер, сұлтан сарайы мен хан ордаларына жиналған біз төменде сөз ететін түркі сөз зергерлерінің тамаша жыр-жауһарлары мен әдебиеттің қалыптасуына жоғары деңгейде әсер еткен Әл-Фараби, Ахмет Ясауи, Ахмет Иүгнеки, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашғари, әл-Беруни, әл-Бухари, әл-Хорезми, Әбу Әли Ибн Сина сынды түркі перзенттері

ел арасында ғылым мен білімнің негізін қалап, «Түркі тіліндегі Ислами әдебиеттің» қалыптасып, жаңа сатыға көтерілуіне ұйытқы болды.

Арғы арнасы «Күлтегін», «Тоныкөк», Орхон-Енисей секілді руна жазулы мәтіндерден бастау алатын түркі жазба әдебиеті адамзат баласына Ислам келуімен кемелденді, толысты. Ежелгі әдебиет нұсқалары болып табылатын Қорқыт ата кітабы, Оғызнаме жырлары Ислами әдебиеттің бастаулары десек артық айтқандық емес.

Кемеңгер ғалым, Отырардан шыққан атақты ғұлама, Аристотельден кейінгі екінші ұстаз титулына ие болған тарихи тұлға – Әбу Нәсір әл-Фарабидің трактаттары ислами әдебиеттің нағыз қайнаркөзі деуге болады. Әбу Нәсір осыдан мың жыл бұрын өзінің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты трактатында:

«Барлық елді өзара бақытқа жеткізетін нәрселер үшін бір-біріне көмек беретін бір ұлт – ізгі, қайырымды ұлт болып табылады. Дәл сол секілді ізгі, қайырымды әлемдік мемлекет те, тек қана ішінде өмір сүріп жатқан барлық ұлттары бақытқа қол жеткізу үшін бір-біріне көмек еткен кезде ғана мүмкін болады» [95, б.149 ] деген болатын.

Расында, ойшылдың ізгілікті мақсат тұтқан түйінді идеялары бүгін де күн тәртібіндегі маңызды мәселенің бірі болып отыр. Ғалымның бүкіл адамзатқа ортақ құндылықтарды насихаттайтын «Ғылымдардың шығу тегі туралы», «Ғылымдардың жіктелуі туралы сөз», «Әріптер кітабы», «Мәселелер мәні» секілді ғылымдардың жіктелуі мен логикалық мәселелерді талдаған трактаттары мен «Поэзия өнері туралы», «Риторика», «Софистика», «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары», «Бақытқа жету жайында», «Жүректің мәселелері жайлы», «Азаматтық саясат», «Бақыт жолына бағыттау», «Дін кітабы» және «Ваккум туралы мақала» атты трактаттары түркі халықтары өміріндегі ислами әдебиеттің орнын жоғары белестерге көтерді.

Осылайша, түркі жазба әдебиеті Қараһандықтар тұсында дүниеге келген «Құтты білік», «Диуани хикмет», «Ақиқат сыйы» секілді құнды әдеби жәдігерлермен толыға түсті. Мысалы:

Рахымды Ием пайғамбарын жіберді,  
Кісі ізгісі, ел сарасы жігерлі.

Түнек түнде шамы болды халықтың,  
Саған, жұртқа нұрын шашты жарықтың!

Ол Құдайдың елшісі елім білгейсің,

Сен содан соң тура жолға кіргенсің! – [96, б.80 ] деп жырлаған Жүсіп Баласағұн «Құтты білік» еңбегінде жүзге жуық хадисті қолданса [97, б.100], XII ғасыр соңы мен XIII ғасырлар басында өмір сүрген Түркістан өңірінің Иүгнек (қазақша Жүйнек) қыстағында зағип болып туып, фәни жалғанның жарық сәулесін көруге өмір бойы ғашық болған, Ұлы Алла Тағаланың берген ерекше қабілеті арқасында жастайынан ілім-білімге

құмартып, түркі тілдері мен араб тілін жетік меңгерген, Ислам шариғаты қағидаларын жан-жақты зерттеп-танып, терең іліміне сай «Әдиб Ахмед» деген құрметті атқа ие болған Адиб Ахмет Махмұтұлы Жүйнекидің ақыл-ойы толысып, діни танымы әбден кемелденген шағында жазған, мазмұны мен танымдық жағынан алғанда Әбу Нәсір әл-Фараби, Махмұт Қашғари, Қожа Ахмет Ясауи жазбаларымен үндесіп жатқан орта ғасырлардағы түркі халықтарының рухани жәдігерлерінің жарқын туындысына айналған, Ислам құндылықтарына негізделген дидактикалық өлең-жырларының жиынтығы – «Ақиқат сыйы» («Ғибәтул-хәқайк», XII ғ.) шығармасында адамды кемелділік жолында тәрбиелеу үшін Құран мен Алла елшісінің (с.а.у.) хадистерін үлгі етіпті [98].

Ислами әдебиеттің қалыптасу кезеңдеріне тоқталған кезде Қожа Ахмет Ясауи шығармалары мен оның шәкірттері жазып қалдырған әдеби жәдігерлерге назар аудармау мүмкін емес. Түркі сопылық әдебиетінің негізін қалаушы, кемеңгер ойшыл, түркі әлемінде «Шайық-ул машайық» атанған Қожа Ахмет Ясауидың «Диуани хикмет» кітабы түркі халықтарының мәдениеті мен әдебиетіне, рухани өміріне зор үлес қосқандығын ақын шығармашылығын әлемдік деңгейде насихаттаған Д.Кенжетай [99], Т.Қыдыр [100], Нодирхон Хасан [26], Фуат Көпрүлү [101], Неждет Тосун [102], Абдурахман Гузел [103] сынды ғалымдардың зерттеулерінен көруге болады.

Ясауи қалдырған ілім өз бастауын түркі халықтарының ғасырлар бойы қалыптасқан рухани құндылықтарынан алады. Кемеңгер сопы осы рухани құндылықтарды жинақтап, қорытып, оны Ислам дінінің қағидаларымен үйлестіріп, біртұтас ілімге айналдырды. Ол өз ілімінің барлық қағидаларын әһлі сүннәт уәл жамағат көзқарастары негізінде, Имам Ағзам Әбу Ханифа мазхабы ұстанымдарының аясында дамытты.

Ясауидің ақындық мектебі мен өмірлік жолына назар аударсақ, бұл өнердің ең алдымен оған Ұлы Жаратушы Алла Тағаланың берген сыйлығы екенін ескеруіміз қажет. Міне, осы қабілетті Ясауи о бастан-ақ ақындық өнер жолындағы өзінің биік нысанасы, асыл мұраты екендігін жете түсінгендей. Өзінің көкірегіндегі имандылық – ағартушылық идеяларды жеткізуде поэзияны айрықша қастерлеп, даналықпен қоғамды тәрбиелеу керек деп түсінді. Оның шығармашылық өсу жолы мен ол қалыптастырған Ясауилік мектеп бір жағы Татарларға дейін созылса, екінші жағы Анадолы жеріне дейін жетіп жығылды. Ақынның хикметтеріндегі үзілмес желідей болған идея да Аланың ақиқат жолын насихаттаудан туған. Халқының мұң-мұқтажын жырлау, бүкіл адамзаттың мұратын көздеу, адам бойындағы жақсылы-жаманды қасиеттерді іштей сезіну оның шығармаларының тақырыптық аясын айқындап бергендей:

Құл Хажә Әхмәд дүниә сөзін ешітмәгіл,  
Нәфси һәуа рәйи бірлә һәм кетмәгіл,  
Хақ хайрани мән деб өзің фахр етмәгіл,  
Он сәккіз миң аләм ерур хәйран Әңә [104, б. 228] – дейді ақын.



«Шәкіртсіз – ұстаз тұл» деп Абай айтқандай, Ясауидің сопылық ілімін ары қарай дамытып жалғастырар ақын шәкірттері болмаса, яғни ақындық мектебі қалыптасып, дәстүр жалғастығының дамуы екі талай болмақ. Сүлеймен Бақырғани (Хакім ата), Мұхаммед Данышменд, Құл Ұбейди, Құл Ұмури, Нематуллаһ, Міскін Қасым, Халис, Хусаметдин Сығнақи, Мәулана Қойлақи, Қожа Ысқақ ата, Мұхаммед Хусейн Бухари, Худайдад Уәли, Хазини Хоқанди, Зинде Али, Алим шайх, Құл Надири сынды әр кезеңдерде өмір сүрген Ясауилік дәстүрді жалғастырған шәкірттер сопылық ілімнің пәлсапалық деңгейін одан әрі дамытты. Алланың бірлігі, иман, қиямет қайым, кемел адам болуға ұмтылыс мәселелері бұл ақындар поэзиясында жан-жақты жырланып даму жолына түсті. Адамзат баласының қоғамдық ойдағы философиялық, теологиялық дүниетанымдық ой шеңбері кеңейіп тереңдеуіне байланысты сопылық поэзия үдере дамып, классикалық биікке көтерілді.

Ислами әдебиеттің алғашқы бастауларынан болып табылатын сопылық поэзияның классикалық түрі тұңғыш рет түрік тілінде жырланып, оның ұшар басында Ахмет Ясауидің «Диуани хикметі» тұрған болса, бұл поэзиялық дәстүрдің идеялық мазмұны мен тақырыптық желісі тікелей Құран Кәрім мен хадистерден нәр алып, сопылық поэзия арқылы насихаттауға бағытталғанын, бұл әдеби жалғастықтың жүздеген ізбасарлар шығармалары арқылы XX ғасырдың басына дейін Орталық Азия және Қазақ даласында кеңінен тарағанына тақырыпты зерттеу барысында көз жеткіздік және келесі тарауларда бұл мәселеге қайта тереңдеп соғуды мақсат еттік.

XIII-XV ғасырларда бір жағы Сарай ордасы, екінші жағы Хорезм аймағымен ұштасып жатқан кең байтақ өлкеде өмір сүрген түркі халықтары тілінде жазылған ортақ рухани дүниелердің негізгі бөлігі діни-дидактикалық, діни-танымдық бағытта жазылды. Тамыры тереңде жатқан түркі жазба әдебиетінің Алтын Орда кезеңі міне, осындай Ислами әдебиеттің адамзатқа үлгі етерлік еңбектерімен зерттеушілер назарын өзіне тартады. Бұл кезеңде сөз өнері жанрлық және поэтикалық жағынан байи түсті. Бұл рухани мұралар Насируддин Бұрханиддин Рабғузидің «Пайғамбарлар тарихы» (Қисса-с ул-әнбия) [105], қазақ даласынан шыққан әйгілі ғалым Әл-Кердеридің діни-дидактикалық сарында жазылған Жұмақтардың ашық жолы («Нәһжүл-фәрадис») [106], XIV ғасырға тән Құтбтың «Хұсрау-Шырын» дастаны [107], Алты Бармақтың «Мұхаммедтің Пайғамбарлық дәлелдері» («Дәлаил нұбүуат Мұхаммади», XV ғ.) еңбегі [108], XV ғасырда көне Тұрбат жерінде туылып, кейіннен Орталық Азияның ірі мәдени-рухани орталықтары Самарқанд, Бұхара қалаларында білімін шыңдаған түркі халқының дана перзенті Мәулана Атаи ғазалдары [109], XV ғасырда өмір сүрген ғалым Шәриф Әмиди тарапынан жазылған әйгілі туынды «Түрік тіліндегі Шаһнама» «Шаһнаме бит-турки» шығармасы, [110], сопылық әдебиетте Ахмет Ясауи жолын жалғастырған Сопы Аллаярдың «Әлсіздердің табандылығы» («Сәбатүл ажизин») және Тажүддин Жалшықұлұлының «Әзизаға хат» («Рисалаи Азиза») еңбектері [111] сынды діни-ағартушылықты мақсат еткен еңбектермен толығып отырды.

Адамзатқа үлгі болған Құран қиссаларындағы пайғамбарлар тарихына арналған, XIV ғасырда жазылса да, күнімізге дейін маңызын жоймаған негізгі діни-ағартушылық идеяны мақсат еткен еңбектердің бірі Насируддин Бұрхануддин Рабғұзидың «Қиссас ул-әнбия» еңбегі.

Рабғұзи шығармасы – ислами әдебиеттің қалыптасып дамуына әсер еткен негізгі қайнар бұлақтың бірі. Себебі, Құрандағы персонаждар мен сюжеттерді суреттеуде кейінгі ақын-шайырлар Рабғұзи мұрасын өздеріне үлгі етеді. Бұл мәселе А.Қыраубаева, Р.Бердібаев, Т.Қыдыр сынды әдебиет зерттеушілері тарапынан дәлелденген. Мысалы, Рабғұзидың «Пайғамбарлар тарихын» қазақ тілді оқырманға ұсынған ғалым Т.Қыдыр былай деп жазды:

«Діни тақырыпқа барып, пайғамбарлардың өмірін өлең сөзбен өрнектегісі келген жазба ақындар Рабғұзи мұрасымен танысып, көп мәліметке қол жеткізген. Сондықтан да XIV ғасырда дүниеге келген бұл шығарма сол дәуірде жазылған көптеген жәдігерлер секілді тарих толқынында жоғалып кетпестен, қайта бірнеше нұсқада біздің дәуірімізге дейін жетіп келді, сондай-ақ XIX ғасырда Қазан және Ташкент шаһарларындағы алғашқы баспаханаларда бірнеше рет баспадан шықты» [112, б. 27] Оның мәнісі XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басында қазақ даласында жетіліп шыққан ақындар шығармаларында бұл дәстүр өз жалғасын тапқан еді. Әдеби мұраларда кеңінен жырланған, Құранда есімі зикір етілген Жүсіп (а.с.) жайлы «Жүсіп-Злиха», Құранда Алла тарапынан ерекше бағаланып, үлгі етерлік оқиғасы «Кәһф» сүресінде баян етілген «Ескендір», пайғамбарлардың ұлықтарынан саналатын Ибраһим (ғ.с.) мен Мұса (ғ.с.) туралы қиссалар, соңғы елші Мұхаммедтің (с.а.у.) өмір жолын насихаттауға арналған «Сияр-Шариф», Алла елшісінің (с.а.у.) дүниеге келуіндегі кереметтерді жырға қосқан «Мәуліт» шығармалары, мұғжизаларға толы «Миғраж» сапарын баяндайтын «Миғражнама», сондай-ақ Алла елшісінің немерелері Хасан мен Хусейн жайындағы тарихи деректерге құрылған «Кербала оқиғасы» мен Қияметтің белгілері және ақыреттегі адамзаттың ахуалын жыр еткен «Ахуал қиямет» секілді діни-ағартушылықты мақсат еткен қисса-дастандар соның айғағы. Бұл шығармаларда да Алла елшілерінің өмір жолы, аят, хадистермен көмкеріліп, өз құндылығын арттыра түскенін көруге болады.

Алтын Орда кезеңі әдеби жәдігерлері арасында ислами әдебиеттің қалыптасуына зор үлес қосумен бірге кейінгі кезеңдерде көптеген діни шығармалардың жазылуына әсер еткен әдеби шығармалардың тағы бірі «Муғинул мүрид» («Мүридке көмекші»). Исламның негізгі 5 ұстыны болып табылатын иман, намаз, зекет, ораза, қажылық секілді парыздарды қамтып, әрбір мұсылман үшін маңызды болған сауда-сатық, аң аулау, ұйықтау, сыйлық беру, тариқат пен ақиқат мәселелері мен қатар кемел адам болу жайындағы ілімдердің әдептерін жеткізуді мақсат еткен бұл шығарма түркі халықтары тарихында ерекше маңызға ие[113].

Алтын Орда кезеңінде дүниеге келген жоғарыдағы әдеби жәдігерлермен қатар «Нәһжул фәрадис» («Жұмақтардың ашық жолы»), «Кесікбаш кітабы», «Жұмжұма», «Түрікше Гүлістан» сынды көптеген әдеби көркем шығармалар

жазылғандығын еске алсақ, ислами әдебиеттің қалыптасуында бұл кезеңнің маңызды рөл атқарғандығы айқындала түседі. Бұл пікірімізді түркітанушы В.В.Радловтың өз заманында жасаған ғылыми тұжырымдары да дәлелдеп отыр:

«Ғибрат өлеңдердің ішінде көп айтылатыны осы аттас кітаптың атымен аталатын Жұм-жұма. Үлкен жиындарда айтылған осы жырды маған бірнеше рет тыңдауға тура келді. Жыршы сөзін бар ынтасымен тыңдаған жұртшылық тірі күнінде дін шарттарын орындамаған мұсылманның өлгеннен кейінгі азабын сипаттаған кезде қорқынышты үрей пайда болады. Тыңдаушылардың үнсіз тыныштығын тек қана «О құдіретті Тәңірім», «Қайырымы көп Құдайым» деген тәрізді лебіздер ғана бұзып отырды. Маған қазақтар арасында исламды орнықтыруға бір «Жұмжұманың» әсері даланы кезіп жүрген жүздеген молдадан артық тәрізді» [б, б. 19] дейді ғалым. Бұл Империя боданында болған түркі халықтарын орыстандыру саясатына мейілінше үлес қосқан ғалымның Ислами әдебиетке сыни көзбен қарап, берген бағасы болса керек.

В.В.Радловтың ендігі тұжырымы халық шығармашылығына қатысты. «Түркі халықтарының халық әдебиеті үлгілері» атты он томдық еңбегінің қазақ фольклорына арналған үшінші томы 1993 жылы «Алтын сандық» деген атаумен қазақ тілінде жарық көрген болатын. Міне, осы еңбекте В.В.Радлов халық шығармалары мен кітаби өлеңдерге оқырманның назарын аудара отырып: «Халық шығармалары – халық рухының көрінісі мен жетістігі, сондықтан да ол өте кең таралған және халық арасында үлкен құрметке ие ал кітаби өлең – халық арасына там-тұмдап болса да берік ірге тебе бастаған исламның өкілі, ислам ілімін таратуды мақсат тұтқан және бірте-бірте халық рухын ығыстырып келе жатқан діннің ұрығы. Шындығында да ол баяу әсер ететін у тәрізді бірден-бірге күшейіп келеді» [б, б. 18] – деген ойлары жоғарыда ойымызға дәлел болары сөзсіз.

Түркі халықтары ортақ пір тұтқан сөз зергерлері санаулы ғана. Міне, сондай тұлғалардың бірі, ақын әрі ойшыл, мемлекет қайраткері Әлішер Науаи. Он бес жасында-ақ түркі және парсы тілдерінде еркін шығарма жаза алатын дарынды ақындығымен танылған тарихи тұлғаның өмірі мен шығармашылығының кейінгі кезеңі ізгілікке қызмет жасауға арналды. Өзіне Низами, Хорезми, Жами, Сайф Сараи сынды шығыс классиктерін үлгі еткен ғалымның халқына жасаған материалдық қызметтерін қоспағанда шығармашылық тарихының өзі бір төбе. Ақынның шығыс классик әдебиеті үлгісінде жазылған «Ләйлі мен Мәжнүн», «Жеті әлем», «Ескендір қабырғасы», «Фархад пен Шырын», «Ізгілердің таңдануы» атты бес дастаннан құралған «Хамса» кітабы, «Ажам патшаларының тарихы» атты тарихи-өмірбаяндық шығармасы, «Құстар тілі», «Көңілдердің сүйгені» атты философиялық еңбектері, «Өлең өлшемі» атты әдеби-теориялық еңбегі, «Екі тілдің таласы» лингвистикалық еңбектерімен қатар, түркі халықтары әдебиетінде ислами-әдеби шығармалардың жазылуына себеп болған «Пайғамбарлар мен хакімдердің тарихы», «Мұсылмандық нұры», «Гауһарлар шоғыры» сынды Ислам дінін насихаттау мақсатында жазылған шығармалары, Пайғамбарымыз

Мұхаммедтен (с.а.у.) сенімді жеткізушілер арқылы жеткен сахих хадистерді өлеңмен бейнелеген «Әрбәғин» жинағының орны ерекше.

Тарихи деректерден белгілі, Ислам тарай бастаған алғашқы дәуірлерде-ақ Алла елшісі Мұхаммедтен (с.а.у.) жеткен хадистерді жаттау, ізгілікті тарату мақсатында қоғамда жаю жұмыстары кең қанат жайған болатын. Ал, сөз ұсталары оларды өлеңмен көркемдеп жеткізуді мақсат еткен дәстүр пайда болды. Бұл дәстүр бірте-бірте араб әдебиетінен тысқа тарап, ажам халықтары арасында да жайыла бастайды. Пайғамбар өсиеттерін орындау мақсатында қаншама тақуа жандардың, ғалымдар мен ойшылдардың Алла елшісінің (с.а.у.) тәрбиелік мәні жоғары хадистерін жаттап, кейінгі ұрпақтарға жеткізіп отырғаны мәлім.

Науаи де сүйікті ұстазы Әбдірахман Жамидің парсы тілінде жазылған шығармаларын түркі тіліне тәржімалаған. Міне, осы аудармалар арасында Алла елшісінің (с.а.у.) хадистерінен 40 хадисі өлеңмен өрнектелген шығармасы болды. Науаи осы шығарма арқылы түркі әдебиетіне «Әрбәғин» деп аталатын жанрды алып келді.

Қияметте Алла елшісінің (с.а.у.) шапағатына бөленіп, Алланың разылығына қол жеткізуді мақсат еткен Әбдірахман Жами мен Әлішер Науаи қоғамды ізгілікке шақырып, жамандықтан қайтарған 40 хадисті бірісі парсы тілінде, ал бірісі түркі тілінде өлеңмен өрнектепті.

Шығарманың кіріспесінде Науаи араб, парсы тілдерін білмейтін бұқара халыққа Алла ризалығы мен Алла елшісінің (с.а.у.) шапағатына бөлену үшін ұстазы парсы тілінде жазған 40 хадисті түркі тілмен жеткізгенін жазған:

Форсийдонлар айлабон идрок,  
Орий эрди бу нафъдин атрок.  
Истадимки бу халқ хам бори,  
Болмағайлар бу нафъдин орий [114, б. 8].

Мағынасы: *«Парсы тілін меңгергендер түсініп, мұның пайдасын көріп жүр. Мен де түркі халқының бәрі түгел түсініп пайдасын көруін қаладым»,* – дейді ақын.

Науаи шығармаларын зерделеу барысында жасаған қорытынды ойымыз төмендегідей: Ақын шығармалары арасында «Пайғамбарлар мен хакімдердің тарихы», «Мұсылмандық нұры», «Гауһарлар шоғыры» атты ислами әдебиеттің қалыптасуында ерекше маңызы бар шығармаларға талдау жасамағанның өзінде бір ғана «Әрбәғиннің» өзі Алланың ақиқат жолын насихаттауда жеткілікті болатын. Себебі, Науаи бұл еңбегімен өзінен кейін қаншама жандардың Алла елшісінің (с.а.у.) хадистерін басқаларға жеткізуіне, әдебиетте бұл дәстүр жалғасын табуына себеп болған.

Физули, Шәмси, Сәйхали, Науаи, Сағди, Фирдауси сынды шығыс классиктерінің шығармашылығын өзіне үлгі еткен қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлы Науаи шығармаларын ерекше құрметтеп, ақындық жолында оны үлгі етті. Науаи өмірі мен шығармашылығын тану, зерттеу мәселесінде әлемнің

көптеген елдеріндегі ғалымдарымен қатар қазақ ғалымдары да бұл салаға өз үлесін қосты. М.Әуезов [115], Е.Ысмайылов [116], Р.Бердібаев [117], К.Сейдаханов[118], сынды әдебиетші ғалымдар кеңес өкіметі тұсында-ақ Науаидың тарихи бейнесін қазақша сайратса, тәуелсіздік жылдарында да бұл тақырып жандана түсті. Бүгінгі таңда Т.Қыдыр, Ә.Хамраев сынды отандық ғалымдар тарапынан Науаи шығармашылығы зор ықыласпен зерттелуі ақын дүниетанымындағы Ислам дінінің негізгі заңдылықтарына негізделген ортақ гуманистік идеялармен сабақтасып жатқанында дер едік.

XVI ғасырда Ұлы Моғолдар империясының негізін салушы, даңқты мемлекет қайраткері, жиһанкез әрі тарихшы, әрі ақын Заһираддин Мұхаммед Бабырдың өмірі мен шығармашылығы да Орталық Азия және Қазақ даласында ислами әдебиеттің қалыптасуына ерекше әсерін тигізген. Бабырдың Орталық Азия аймақтарының ортағасырлық кезеңі туралы мол ақпарат беретін «Бабырнама» атты тарихи-мемуарлық еңбегі оның жиһанкез әрі білімді тарихшы екендігінен хабар берсе, лирикалық ғазалдары, рубаилары, сондай-ақ сөз өнерінің негізгі мәселелерін қарастыратын аруз ілімі туралы еңбектері – ортағасырлық түркі жазба әдебиетінің асыл жауһарлары іспетті.

Бабырдың міне, сондай жауһарға теңеуге лайықты әдеби туындыларының тағы бірі («Мубәййән дәр фикһ») «Шарифатты түсіндіруші» [119] шығармасы. Сөз зергерінің бұл еңбегін ислами әдебиеттің қалыптасуында ерекше рөл атқарған әдеби жазба жәдігер ретінде тануға болады.

Жалпы мұсылман түркі халықтары әдебиетінде шарифат шарттары мен иман негіздерін түсіндіретін шығармалар көп жазылғанын ескерсек, соның ішінде орта ғасырлық әдебиетте Бабырдың «Мубаййән дәр фикһ» еңбегі тақырыптық-мазмұндық, идеялық, көркемдік жағынан тарихта өзіндік орны бар ғалымдар Бурһаниддин Али ибн Әбу Бәкір Марғинанидың «Һидая», Убайдуллаһ ибн Масъуд ибн Тажу-ш-шариға Маһбуби Бухаридың «Мухтасару-л Виқоя», Масъуд ибн Махмуд ибн Юсуф Самарқандидың «Салоту Масъуди», Әбу Ләйс Самарқандидың «Танбехул ғафилийн», «Муқаддима фи-с-салот», Ибн Камалпашшаның «Шурут-с-салот», Лутфуллаһ Насафидың «Фикһи кайдани» еңбектері, «Алтын Орда» тұсындағы түркі халықтарының жазба әдебиет үлгілерінен «Раунакул Ислам», «Муғинул мурид» сынды көптеген шығармалармен үндесіп жатыр.

Бабырдың әдеби мұрасы ертеден-ақ зерттеушілер назарына түскен. Өзбек ғалымдарынан С.Мирзаев, В.Вохидов, А.Қайюмов, Я.Ғуломов, Р.Набиев, С.Азимжонова сынды ғалымдар Бабыр мұраларын ғылыми айналымға салуда көп еңбек атқарды. Сонымен қатар, Бабыр мұралары ағылшын ғалымдарынан Ж.Лейден, В.Эрскин, Р.Колдекот, А.Бевереж, Т.Албот, неміс ғалымдарынан Ю.Клайнрат, А.Кейзер, француз ғалымдарынан Паве де Куртейл, Бакке Громон сынды зерттеушілер, сондай-ақ орыс шығыстанушылары Н.Ильминский, О.Сеньковский, А.Самойлович, Л.Дмитриева, И.Стеблева сынды ғалымдар тарапынан зерттелген. Р.Арат, Ф.Көпрүлү, О.Сейхан сынды түрік ғалымдары Бабыр мұралары жайлы тамаша ғылыми еңбектер жариялап, ғылыми тұжырымдар жасаған.

Бабырдың әдеби мұраларын алғаш рет қазақ тілді оқырманға тарту еткен ғалым, филология ғылымдарының кандидаты доцент Төрәлі Қыдыр түгел шарифат мәселелерін өлеңмен қамтыған «Мубәййән дәр фикһ» (Шарифатты түсіндіруші) еңбегі, өз кезеңінде ислами әдебиетті қалыптастыруға ерекше үлесі болғандығын еске салады:

«Заһираддин Мұхаммед Бабырдың «Мубәййән дәр фикһ» (Шарифатты түсіндіруші) еңбегінің түркі жазба әдебиетінде алар орны ерекше. Бабыр бұл шығармасында Ислам дінінің ұстындарын, иман негіздері мен шарифат шарттарын өлең сөзбен өрнектеген. Себебі, ақын өмір сүрген орта – Исламның негізгі ағымдарынан саналатын сүнниттік және шииттік бағыттардың өзара бәсекелесіп тұрған уақыты болатын. Хорасан мен Мауараннаһрде негізінен, сүнниттік бағытты, соның ішінде Имам Ағзам мазһабын ұстанатын мұсылман жамағаты өмір сүргенімен де, Иранға Шаһ Исмаил Хатаидың келуімен, шииттік ағым мемлекеттік дін болып жарияланады да, өзге жамағаттарға қысым жасала бастайды. Осы саяси идеологиялық мәселелерді арыдан түсінген Бабыр дәстүрлі Исламның негізгі ұстындарын өлең сөзбен жазуға кіріссе керек».

Бабырдың әдеби мұралары қазақ тілінде жарық көргенімен әзірге көлемді зерттеулер жоқтың қасы. Алдағы уақытта бұл мәселе зерттеушілер тарапынан ескерілуі тиісті мәселе екені сөзсіз.

Қорыта айтқанда, біз зерттеп отырған ХІХ ғасыр мен ХХ ғасыр басында діни-ағартушылықты мақсат еткен, орта ғасырлық ислами әдебиет үлгілерінен сусындамаған, Шығыс әдебиетінен шабыттанбаған ақын кемде кем. «Қазақ жазба әдебиетінің негізін мұсылманша оқыған сауатты ақындар салғаны сөзсіз. Сондықтан да жазба әдебиеттің алғашқы үлгілерін халық поэзиясының діни және ғибраттық үлгілерінен іздеу қажет» [12, б. 33] – деген ғалым Х.Досмұхамедұлы сынды әдебиет зерттеушілерінің тұжырымдарын ескерсек, ХІХ ғасырдағы жазба әдебиеттің арғы арналары орта ғасырлардан бастау алатын ислами әдебиет үлгілерінде жатқанын аңғару қиын емес.

ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың 20-жылдарына дейін Қазан, Ташкент, Орынбор сынды қалаларда өте көп таралыммен шыққан діни қисса-дастандар кездейсоқ шыққан кітаптар емес. Қазақ, өзбек, татар, әзірбайжан, ноғай ақындарының қаламымен жазылған бұл әдеби шығармалардың негізгі сюжеттері мен образдары орта ғасырлық түркі тілінде негізі қаланған ислами шығармаларда жатыр. Жоғарыда зерттеу нысанына алынған Ж.Баласағұн, Ахмет Ясауи, Ахмет Жүйнеки, Рабғұзи, Науаи, Бабыр сынды т.б. тарихи тұлғалар шығармалары кейінгі ғасырларда әдебиет айдынына аяқ басқан ақындар мен жыршы-жыраулар шығармашылығына, әсіресе, ХХ ғасырдың басындағы біраз ақынның дүниетанымына септігі тиді. Келесі тарауларда сөз етілетін Абай Құнанбайұлы, Ыбрай Алтынсарин, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Шәді төре Жәңгірұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Әбубәкір Кердері сынды қазақ әдебиетінің белді өкілдерімен қатар сол кезеңде өмір сүрген Әзімқожа Ишан, Хазини Хоқанди, Мухайир, Абдулла Аулани, Абдурауф Фитрат, Жүсіп Сайрами сынды өзбек ақындары шығармашылығы бұған айқын дәлел.

Сонымен, «Ислами әдебиет» – Ислам дінінің тарихы мен мәдениетін, адамзат тарихындағы орны мен маңыздылығын насихаттап, Иләһи танымдар негізінде қоғамды ізгілікке шақырып, жамандықтан қайтаратын, кемел адам болуға үндейтін гуманистік идеяларды насихаттайтын көркем шығармалар. Құран мен хадис – сол көркем шығармалардың қайнар бұлағы. Осы бұлақтардан сусындаған әдебиет өкілдері ізгілікпен пәктікті мақсат ете отырып, Құран Кәрімдегі тарихи оқиғаларды шығармаларында сәтті пайдаланды. Бүгінде талай ғылыми жаңалықтардың ашылуына себеп болып отырған аяттардың ішкі сырларына бойлап, сырға толы дүниенің жұмбағын әдеби шығармалары арқылы беруге тырысты.

Демек, жоғарыда біз сөз еткен әлемдік ғылымның қайта өрлеуіне негіз болған Ислами ғылымдар мен ислами әдебиеттің қалыптасуына себеп болған әдеби жәдігерлер бүгінгі түркітану саласының ажырамас бөлігіне айналуы тиіс және оны дінтанушы ғалымдар теологиялық тұрғыдан, ал әдебиеттанушылар тарапынан түркі халықтарының бірлігі жолындағы тұтас зерттеу нысаны ретінде қаралуы болашақта бауырлас халықтардың өзара байланысы жолындағы теңдессіз шаралардан болар еді деп сенеміз.

## 2 ИСЛАМИ ӘДЕБИ ШЫҒАРМАЛАРДЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ-ИДЕЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЖАНРЛЫҚ СИПАТЫ

Түркі халықтары әдебиеті тарихындағы ең қызықты арнаулы кезеңнің бірі – ХІХ ғасыр мен ХХ ғасыр басындағы әдебиет деп алсақ, бұл кезең бір жағынан әдебиетте түрлі пікірлер мен ұстанымдардың пайда болуына әсер еткен Ислами әдебиеттің жаңғыру кезеңі, бір жағынан әдеби жанрлар мен діни танымға негізделген шайырлық дәстүрдің жаңа арнаға түсіп, түрленген дәуірі деуге болады.

Ерте замандарда қалыптасқан, діни мен ділі, мәдениеті мен тарихын бір арнаға салып зерттеуді қажет ететін түркі халықтарының бір бөлігі бауырлас қазақ пен өзбек халықтарының әдебиеті екені даусыз. Бүгін қазақ-өзбек әдебиеттану ғылымдары тәуелсіз саясаттың ықпалымен қайта жаңғыру жолына түсті. Кезінде кеңестік идеология қолданған саясат ықпалымен жіберілген кемшіліктері жөнделіп, тарихи-рухани болмысқа, діни-танымдық мәдениетке қатысты өзекті мәселелер жаңаша пайым, көзқарас, пікірлер аясында топтастырылып, қайта қаралу үстінде.

Бұл кезеңнің, өзіндік ерекшеліктерін зерттегенде, екі бауырлас халық өміріндегі Ислам дінін ту еткен ақындар шығармашылығы сол жаңаша пайым, жаңаша көзқараспен жүйеге салынып, әдебиеттегі өз орнын алуы тиіс. Әдеби өмірде ерекше көрініс берген бұл ақындар шығармашылығы жайлы бірер тұжырым жасау үшін олар өмір сүрген дәуірді терең зерттеп, олар жазған шығармаларға да тәуелсіз көзқараспен баға беру бүгінгі зерттеушінің міндеті.

Бұл мәселеде қазақтың әдебиеті мен мәдениеті үшін жанын салған Ахмет Байтұрсынұлы, Мұхтар Әуезов, Бейсенбай Кенжебаев, Рахманқұл Бердібай, Мекемтас Мырзахметұлы, Халел Досмухамедұлы сынды ұлттың дара тұлғаларының пікірлерін басты назарда ұстауымыз қажет.

Алаш ардагері Ахмет Байтұрсынұлы жазба әдебиеттің негізгі мақсаттарына тоқтала келе: «Бастапқы жазба әдебиетінің бас мақсаты – дінді жаю, дінді күшейту болса, соңғы әдебиеттің бас мақсаты – тілді ұстарту, әдебиетті күшейту, көркейту болады. Сөйтіп, жазба әдебиеттің өзі екі дәуірге бөлінеді: діндар дәуір, ділмар дәуір» [90, б. 39] – деп жіктей отырып, діндар дәуірге мынандай сипаттама береді: «Діндар дәуір ауыз әдебиет түріне түр қосып жарытқан жоқ. Арнайы әдебиеттегі шығармалардың түрлерінен діншілдігімен ғана айырылмаса, айрықша түр-тұрпатымен айырыла қоймайды. Діндар жағының басымдылығымен айырылатын түрлері мынау: қисса, хикаят, мысал, насихат (үгіт), мінажат, мақтау, даттау, айтыс, толғау, терме» [90, б. 39].

М.Әуезов «Әдебиет тарихы» еңбегінде Исламды ту еткен ақындар шығармашылығының атаусыз қалып бара жатқандығын атап айтып, ескертпе жасағаны мәлім. Ғалым өз заманында ислам дінін еске түсіретін ұғымның бәрін жоғалып бара жатқанын қадай айтып, «мұсылманшылыққа ауысқан соң, қазақ биік белден асып кеткендей болды», – деп, ерекше айтуы да босқа емес [120, б. 14].



XIX ғасырда қазақ әдебиетіндегі зар-заман ағымы өкілдерінің ізін жалғап, әдеби шығармалары арқылы қоғамды ізгілікке, адамгершілікке бастаған діни-ағартушылықты мақсат еткен жазба әдебиет өкілдері қалыптасты. Бұл ақындар жайлы кеңінен зерттеу жүргізген ғалымдардың бірі профессор Қанипаш Мәдібаева: «Әдебиеттегі діни сарын, мұсылманшылық идеясы, діншілдік пен діни-ағартушылық сияқты бүгінде де аражігі аса ашылмай, ғылыми жүйеге түспей келе жатқан ойлар әр кезде айтылғанын жоққа шығаруға болмайды. Діннің дүниетаным, адамшылық негіздермен астасып жатқан ұлы рухани күш ретінде мызғымас тірек болып келгенін, жалпы адамзаттық таным, биік мұраттармен сабақтасып жатқан өлшеусіз әлем, нұрлы бастау болғанын көрмеске болмайды» [121, б. 224] – деп ой қорытса, танымал әдебиет зерттеушісі Халел Досмұхамедұлы қазақ жазба әдебиетіндегі Исламды ту еткен ақындар шығармашылығына жоғары баға бере отырып, арнайы түрде «діни сипаттағы әдебиет» дегенге тоқталады: «Діни сипаттағы әдебиет (литература религиозного характера) исламның негіздерін шарифаттың қағидалары мен талаптарын, тамұқтың азабын, жұмақтың рақатын және басқа о дүниелік өмірдің көріністерін суреттейді» [122, б. 29]. Сондай-ақ, ғалым жазба әдебиеттің негізін ислами әдебиеттен іздеу қажеттігін ескере отырып: «Қазақтың жазба әдебиетінің негізін мұсылманша оқыған, сауатты ақындар салғаны сөзсіз. Сондықтан да жазба әдебиеттің алғашқы үлгілерін халық поэзиясының діни және ғибраттық түрлерінен іздеу қажет» [122, б. 33] – деп тұжырым жасаған. Қазақ-өзбек әдебиеттерінде аталған кезеңде тарих сахнасына шыққан әдебиет өкілдерінің шығармашылығын зерттеген кезімізде жоғарыда ғалым Х.Досмұхамедұлының тұжырымдарына толық көз жеткіздік.

Фольклорлық шығармаларда да діни-ағартушылық идеяны мақсат еткен шығармалар молынан кездесіп отыр. Бұл саланы терең зерттеген ғалымдардың бірі Б.Әзібаева, қазақ даласында XIX ғасыр мен XX ғасыр басында халық арасына кеңінен жайылған, бүгінге дейін жарық көрген не қолжазба күйінде сақталып қалған діни-ағартушылықты мақсат еткен қисса-дастандарды мазмұнына сәйкес 4 топқа жіктеп қарастырады:

1. «Ислам дінінің негіздері мен ұстанымдары (діни ақиқаттар мен өсиеттер, тоқтам, тыйымдар, Құран оқу шарттары, Құдайға құлшылық ету ережелері, т.б.) дәріптеу және оларды бұзушыларды жазалау туралы дастандар.

2. Мұхаммед пайғамбар «мұсылманды құтқарушы» (мессия) және «әділетті төрт халиф» жайлы дастандар.

3. Әртүрлі мұсылман батырлары мен әулие-әнбиелердің өмірі, жасаған ерліктері туралы шығармалар.

4. Исламды тарату мен орнықтыру жолында дінсіздермен күресті суреттейтін туындылар» [123, б. 133].

XIX ғасыр мен XX ғасыр басында жазылған діни дастандардағы тарихи шындық және көркемдік уақыт мәселесін зерттеген Э.Қансейітова XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы әдебиеттің дамуында Ислам тарихын, Алланың құдіретін адамзат өркениетінің аса өзекті мәселесі ретінде жырлау кең тарағанын айта келе: «Ақындардың дидактикалық сарындағы лирикалық және

эпикалық шығармаларында діни тақырыпта жырлаудың мынадай жүйесі байқалады, біріншісі – Мұхаммедке (с.а.у.) дейінгі пайғамбарларға, әулие-әнбиелерге байланысты оқиғаларды жырлау, екіншісі – Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбар мен оның төрт досына (Әбу Бәкір, Омар, Оспан, Әли) байланысты сюжеттерді жырлау» [22, б. 133] – деп діни дастандарды тақырыптық ерекшеліктеріне қарай талдай отырып, ақындардың танымдық-философиялық өлеңдері мен басқа да шығармаларында ислами қағидалар, Алла тағаланың құдіреті, Құран ақиқаттары, пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.а.у.) өмірлік жолы ерекше жырланғанын, сахабалардың исламды таратудағы күрестері сынды тарихи оқиғалар діни дастандарда тарихилықпен және көркемдік шындық бейнелеулерімен өрнектелгенін, сондай-ақ Ислам дінін насихаттауды мақсат еткен дастандарды «Діни-исламдық дастандар» [22, б. 6], – деп атап, оған төмендегідей анықтама ұсынады:

«Діни-исламдық дастандар – тақырыптық идеялық желісінде адамзат дамуының аса озық гуманистік адамгершілік идеяларын арқау ете отырып, Құран кітабында негізделген Жаратушының қасиетті сөздерін ұлағат ете ұсынған сюжеттерін ақындық көркемдік таныммен қорыта жырлаған эпикалық туынды [22, б. 11]

Ал, түркітанушы ғалым Төрәлі Қыдыр, «Дәстүрлі ислам жауһарлары» еңбегінде орта ғасырларда қазақ даласында жазылған ислами әдебиет үлгілерінің көтерген тақырыбы мен ішкі мазмұнына қарай 1) діни-дидактикалық, 2) діни-сопылық, 3) діни-канондық, 4) діни-танымдық – деп төрт топқа бөліп қарастырған және бұл топтардың әрқайсысына жеке анықтамалар ұсынған [100, б. 14].

Ал, XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы өзбек әдебиеті тарихы мәселелерін зерделеу барысында өзбек әдебиет зерттеушілерінің бұл мәселеге біраз өзгешелеу қарағанын көруге болады. Яғни, мұндағы әдебиеттанушы ғалымдар еңбектерінде «діни-ағартушы ағым өкілдері» немесе «Ислам дінінің тарихы мен негізгі шарттарын насихаттауды мақсат еткен ақындар шығармашылығы» деп бөліп қарау деген көзқарас мүлдем жоқ. Өзбек әдебиеттанушы ғалымдары XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы әдебиет өкілдері шығармашылығын талдау кезінде оларды «Ташкент әдеби мектебі», «Бұхара әдеби мектебі», «Қоқан әдеби мектебі» немесе «Хорезм әдеби мектебі» өкілдері деп классификация жасай отырып өзіндік ерекшеліктеріне қарай талдауды мақсат етеді. Бұлай болуы заңды да, себебі, XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы өзбек жазба әдебиеті орта ғасырлардан бастап ерекше даму жолына түскен түркі халықтарының классикалық диуан әдебиетінің заңды жалғасы деуге болады. Және бұл байланыс өзбек әдебиетінің XX ғасырдың отызыншы жылдарына дейін жалғасын тапқан. Сондықтан да, бұл ақындар шығармаларын Исламнан бөлек қарауға келмейді. Яғни, саяси-әлеуметтік мәселелер тікелей Ислам дінімен байланысты болғандықтан әдебиет өкілдерінің қайсысы болсын шығармашылығында иман, ислам, ихсан мәселелері көрініс беріп отырғандығын аңғару қиын емес.

Өзбек әдебиеттанушыларының негізгі бөлігі ХІХ ғасыр мен ХХ ғасыр басындағы өзбек әдебиетін «ояну дәуірі» деп қарастырған. Мысалы, Бегали Қосимов, Шариф Юсупов, Улуғбек Долимов, Шухрат Ризаев, Суннат Ахмедов сынды әдебиеттанушы ғалымдар тарапынан ұсынылған «Ұлттық ояну дәуірі өзбек әдебиеті» (Миллий уйғониш даври ўзбек адабиёти) оқулығында ұлттық ояну дәуірі әдебиетін екі кезеңге: 1) Ұлттық ояну дәуірі әдебиетінің алғашқы кезеңі: дереккөздері мен пайда болуы (ХІХ ғасырдың соңы); 2) ұлттық-әлеуметтік күрес дәуірі: дамуы және жойылуы (ХХ ғасырдың алғашқы ширегі) деп классификация жасаған [47, б. 2].

Сонымен қатар бұл кезең әдебиетін Озод Шарафиддинов, Хамидулла Болтабоев, Ислонбек Маннопов, Отабек Жорабоев, Мукаддас Тожибоева, Зайнобидин Абдурашидов, Озода Болтабоева, Сирожиддин Ахмедов сынды ғалымдар халықтың ұлттық оянуына әсер еткен негізгі фактор болып табылатын жәдидшілдік көзқарастар арқылы ашып береді.

Әйтсе де, бүгінгі түркітану ғылымы 12 ғасырға жуық уақыт ішінде түркі халықтары өмірінде ерекше із қалдырған Ислам дінінің мәні мен маңызын, оның ажырамас бөлігі болып табылатын тағдырлары үзенгілес қазақ-өзбек халықтары әдебиетіндегі Ислам діні негізінде дүниеге келген баға жетпес құндылықтар – әдеби жазба жәдігерлердің өзіндік орны мен маңызын тәуелсіз көзқараспен бағалауға тиіс.

Жоғарыда аталған зерттеуші ғалымдардың тұжырымдарын жинақтай келе біз аталған мәселелерге түркі халықтарының ортақ мүддесі тұрғысынан қарай отырып, түркітанушы ғалым Т.Қыдырдың топтастыруы неғұрлым толыққанды жасалғанына көз жеткізіп отырмыз. Себебі, бұл жүйелеу діни-ағартушылықты мақсат еткен шығармалардың неғұрлым жан-жақты талдануына мүмкіндік туғызып отыр. Дегенмен, исламның негізгі қағида-шарттарын насихаттауды мақсат еткен, шынайы ислам тарихынан сыр шертетін әдеби шығармалармен қатар діни-дидактикалық әдеби көркем шығармалардың ара-жігін ажыратып, сұрыптау жұмысы аса жауапты іс. Себебі, әдеби шығармада ақын не жазушы өзінің қиялындағы «ұлы» кейіпкерді жасау барысында оның өміріндегі кейбір жағдайларды бұрмалап, кейде тым әсірелеп жататын тұстары да кездеседі. Немесе бір тарихи оқиғаны поэзия тілімен көркемдеп жеткізу үшін артық-кем мәлімет қосуы мүмкін. Мұндай жағдайда шығарма оқырманға қаншалықты тартымды болғанымен өзінің негізгі реал көрінісінен қол үзіп қалады. Ал, Ислам негіздері мен иман шарттарындағы таухид, қиямет сынды сенім мәселелерін немесе Құрандағы пайғамбарлар қиссалары мен пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.а.у.) өмір жолын насихаттауға арналған «Сирәтун-нәби» («Пайғамбар жолы»), «Сиәри нәбәуи» («Пайғамбарлық жол»), «Сияр шәриф» («Қасиетті жол»), «Мәуліт Шәриф», «Миғражнама» сынды т.б. тақырыптарға құрылған шығармаларды жазуға бет алған ақын не жазушыға Ислам дінінің арнайы қоятын талаптары бар. Жоғарыда аталған тақырыптарға қалам тербеймін деген ақын не жазушы мына үш деректі басшылыққа алуы тиіс. Олар:

1. Құран кәрім аяттары;

2. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.) хадистері
3. Исламның негізгі қағида шарттарын түсіндіретін ғылыми еңбектер.

Осы үш арна ислами ілімдердің басты қайнаркөзі десек, ал, Ислам басты үш іргетастан тұратыны белгілі. Оған пайғамбардың мына хадисі дәлел бола алады:

Сахаба Омар (р.а.) былай деп риуаят етеді: «Бір күні біз Аллаһ елшісімен (с.а.у.) отырған кезімізде қою қара шашты, аппақ киімді, бойында сапар ізі көрінбейтін және арамыздан оны ешқайсымыз танымайтын бір адам келді. Ол Расулуллаһтың тізелеріне тізелерін тигізіп (қарама-қарсы) отырды да екі қолын сандарына қойып: «Әй, Мұхаммед! Маған Ислам туралы хабар берші», – деді. Алла елшісі (с.а.у.): «Ислам дегеніміз – Аллаһтан өзге құлшылыққа лайық тәңір жоқ екеніне әрі Мұхаммед оның елшісі екеніне куәлік етуің, намазды толық орындауың, зекет беруің, Рамазан оразасын ұстауың және шамаң келсе қасиетті үйге (Қағбаға) қажылық жасауың», – деп жауап қайтарды. (Әлгі адам): «Сен рас айттың», – деді. Ал, біз оның сұрақ қойып кейін растағанына таңқалыстық. Сонан соң ол: «Енді маған иман жайынан хабар берші», – деді. Алла елшісі (с.а.у.): «Иман дегеніміз – Аллаһқа, Оның періштелеріне, кітаптарына, пайғамбарларына, ақырет күніне және тағдырдың жақсылығы мен жамандығына иман келтіруің», – деді. Әлгі кісі тағы да: «Сен рас айттың», – деді. Содан соң, «Енді ихсан жайлы хабар берші», – деді. Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Аллаһты көріп тұрғаныңдай құлшылық жасауың немесе сен оны көріп тұрмасаң да Ол сені көріп тұрғанын сезуің», – деді. Әлгі адам: «Енді маған Қиямет сағаты жайында хабар берші», – деді. Сонда пайғамбар (с.а.у.): «Ол жайлы сұралушы сұраушыдан артық білмейді», – деді. Әлгі адам: «Онда маған оның белгілерінен хабар берші», – деп еді, Расул Аллаһ: «Күң өзінің ханшайымын туады және жалаң аяқ, жалаңбас қой соңындағы кедейлер биік үйлер салуда жарысатынын көресің», – деп жауап берді. Содан әлгі адам кетіп қалды. Біраз уақыттан соң Алла елшісі (с.а.у.) маған: «Әй, Омар, сұраушының кім екенін білемісің?», – деді. Мен: «Аллаһ пен Оның елшісі жақсырақ біледі», – деп едім, ол кісі: «Расында, бұл Жәбірейіл, ол сендерге діндерінді үйрету үшін келді», – деді. (Муслим, 8; Әбу Дауд, 4695; Тирмизи, 2610; Насаи, 4990, Ибн Мажәһ, 63).

Пайғамбардың осы хадисінің негізінде ислами ілімдердің жүйеленгендігін ескере отырып, XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ-өзбек ақындары шығармаларында діни-ағартушылық идеяны насихаттауда көтерілген тақырыптардың, идеялық-мазмұндық ерекшеліктеріне қарай негізгі үш бөлімге бөліп қарастырғанды жөн санадық.

## **2. 1 Ойшыл-ақындар туындыларындағы Иман шарттарының көрінісі**

Ардақты сахаба Омар ибн Хаттабан (р.а.) жеткен хадисте пайғамбарымыз (с.а.у.): «Иман дегеніміз – Алла Тағаланың барлығы мен жалғыздығына, Оның періштелеріне, кітаптарына, пайғамбарларына және қиямет күнінің болатынына сенуің, әрі жақсылықпен жамандықтың белгіленуі Алла Тағаладан деп білуің»

[124, б. 15 ] – дейді. Сонымен қатар, келесі бір хадистерде «өлім және қиямет күні қайта тірілуге сенім» мәселесі де соңғы шарт ретінде көрсетілген.

Демек, иманның 7 шарты бар десек, олар төмендегідей:

- 1) Таухид – Алладан басқа жаратушының жоқ екендігіне сенім;
- 2) Періштелерге сенім
- 3) Қасиетті кітаптарға сенім
- 4) Пайғамбарларға сенім
- 5) Ақыреттің болатынына сенім
- 6) Тағдырға сену және жақсылық пен жамандықты тек Алладан деп білу
- 7) Өлім және Қиямет күні қайта тірілуге сенім.

Міне, осы жеті шарт имандылық мәселелерін жырлауды мақсат еткен ақындар шығармаларының негізгі арқауы болды.

Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у) бір хадисінде:

*«Иман келтіру дегеніміз – құр иманды болсам екен деген арманмен, ашекей затпен сәнделу емес. Бәлкім, иман дегеніміз жүректе орныққан нық сеніммен иманды екенін растайтын амал»* [124, б. 16] – десе, Алла елшісі айтқандай жүрегінде орныққан нық сеніммен иманды екенін амалымен көрсеткен, жан мен ар тазалығын ұстанып, оны халқымен бөлісуді өз алдына мақсат еткен ақындар өз шығармалары арқылы иман шарттарын жеткізудің түрлі әдіс-тәсілдерін қарастырған. Біз зерттеп отырған кезең қазақ-өзбек әдебиетінде жоғарыда аталған иманның 7 шартының ішінде «Таухид – Алладан басқа жаратушының жоқ екендігіне сенім», «Пайғамбарларға сенім», «Өлім және Ақырет күнінде қайта тірілуге сенім» мәселелері сөз шеберлерінің көтерген тақырыптарының өзегі болғандығына көз жеткіздік және бұл мәселелерді өз орнымен талдауды мақсат еттік.

Алладан басқа жаратушының жоқ екендігін жүрекпен бекітіп, тілмен растаған ақындар шығармаларында «Таухид» мәселесі қашанда, жетекші орынды алған. Жалпы, Жаратушы Құдай туралы идеялардың Исламнан бұрынғы дәуірлерде, тіпті, біздің жыл санауымызға дейінгі ХХХ-XX ғасырларда жазылған шумерлердің (сумер) «Гильгамеш» жыры мен одан беріректегі Авестаның [125, б. 3] мифтері, осы дәуірде жазылған «Даналық пірін мадақтайын» («Да прославлю я владыку мудрости») деп басталатын шығармадағы бейнет пен азаптан шыға алмаған кісі туралы «не қыламын десе де бәрі – Құдайдың қолында» деген ойлар тұжырымдалған [126, б. 38] шығармаларда Құдайға сенім мәселелері жетекші орын алған. Сондай-ақ Құрандағы Адам мен Хауаның жаратылуы, Жер бетіне түсірілуі, олардан тараған алғашқы ұрпақтар Қабыл мен Әбіл жайлы қиссалар, адамзат баласының ортақ тарихы ретінде жазылуға тиісті екеніне көз жеткіздік. Бұл жөнінде ғалым Б.Кенжебаев қылышынан қан тамып тұрған кеңес өкіметі кезінде-ақ: «Осы күні ғылым адам баласы тарихындағы тұңғыш поэма «Гильгамеш» деп жүр ғой. Сол сияқты адамзат баласы тарихындағы тұңғыш көркем әңгіме осы «Әбіл-Қабыл» болуға тиісті деп шамалаймыз» [94, б. 22] – деп өзінің нақты ұсынысын айтып

кеткен. Ал, «Әбіл мен Қабыл» әңгімесінің қайнаркөзі қайда екенін зерттейтін болсақ, оның дініміз тарихының бастауы екеніне көз жеткіземіз.

Ислам – Алла тағаланың діні екендігі, адамзат баласына уахи арқылы түсірілген илаһи діндердің ең соңғысы және оны көркем үлгіде адамзат баласына жеткізген Алла елшісі Мұхаммед те (с.а.у) соңғы елші екендігіне, Жаратылыстың Иесі соңғы діннен бұрын да адамзат баласын түзеу, ізгілікке шақыру мақсатында діндер мен оны жеткізуші елшілерді жібергенін түсінеміз. Бұған нақты дәлел соңғы кітап – Құран Кәрім. Бүгінгі заманауи гуманитарлық тіпті, техникалық ғылымдарда бұл мәселе біртіндеп дәлелдену үстінде. Демек, Құран Кәрімді Алланың сөзі деп қабылдаған соң ондағы біздің заманымыздан бірнеше мың жылдар бұрын болған оқиғалар тек қана дінтанушы, теолог мамандар зерттейтін объекті ғана емес немесе әдебиет зерттеушілері оны аңыз-хикаяттардың, қиссалардың жиынтығы емес, керісінше адамзаттың ізгілігі жолындағы шынайы тарих деп қарай отырып, заманауи гуманитарлық ғылымда насихатталуы, сол бағытта жазылған әдеби шығармалардың жанрлық ерекшеліктері айқындалып, түркі халықтарына ортақ сөз өнері заңдылықтарына сәйкес талдануы тиіс деген мәселе қалқып шығады. Мәселеге осы қырынан қараған кезімізде ешбір тарихи еңбек пен әдебиет үлгісі Құран Кәрім сынды адамзаттың ізгілігі жолында қызмет жасай алмайтындығына көз жеткіземіз. Құран Кәрімді негізге алсақ, адамзаттың ортақ тарихы осыдан мыңдаған жылдар бұрын Алла тағала тарапынан болмыстың жаратылуымен басталған. Осы танымға негіз болып отырған басты сенім – «Таухид» деп аталады.

XIX ғасырда қазақ әдебиетінде зар-заман өкілдерінен бастап, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Шәді Жәңгірұлы, Майлықожа Сұлтанқожаұлы, Әбубәкір Кердері, Тұрмағанбет Ізтілеуов, Жүсіпбек Шайхисламұлы, Нұралы Нысанбайұлы, Ораз молда, Ақыт Үлімжіұлы, Шораяқтың Омары, Ерімбет Көлдейбекұлы, Қаңлы Жүсіп Қадірбергенұлы, Кете Жүсіп Ешниязұлы сынды талантты ақындар «Таухид» мәселесінің Қазақ даласында таралуына септігі тисе, сол кезеңнің университеті қызметін атқарған «Көкелдаш», Мір Араб» сынды медреселердегі Құран мен Хадис, Фикһ пен Ақида ілімдерімен көкірек көздерін ашқан Қоқан, Бұхара, Ферғана, Ташкент әдеби мектептері өкілдерінен Әзім қожа ишан, Мажзуб Намангани, Молда Жолдас Хилуати, Хазини Хоқанди, Жүсіп Сайрами, Мухайир, Махмудқожа Бейбуди, Абдурауф Фитрат, Абдулла Аулани, Ысхақхан Ибрат, Мунаууарқари Абдурашидханұлы сынды өзбек халқының талантты ағартушы ақындары да Ислам діні негізінде имандылықты, адамгершілікті насихаттады. Алланы танытуды ортақ мақсат еткен бұл ақындар «Таухид» сенімінің қоғамда кеңінен тарауына айтарлықтай дәрежеде септігін тигізді.

XIX ғасырдың екінші жартысында қоғамдық санаға «таухид» сенімін сіндіруді мақсат еткен, «Бір Аллаға сиынып, кел балалар оқылық» деп жырлаған Ыбырай Алтынсарин, өлеңдері арқылы таухидтің терең мәнін түсіндіруге тырысса, «Шариатул ислам (Мұсылманшылықтың тұтқасы) еңбегінде «иман» сөзінің мәнін ауам халыққа былай түсіндіреді:

«Мүмин мұсылманның мұсылман аталуы құр мұсылман киімін киіп мұсылман арасында жүргеннен емес. Әуелі иманды болып, иман деген не екенін түсініп, түсінген соң сол иман ішіндегі сөздерді шексіз шын көңілмен дұрыс деп білген кісіні мұсылман деп атайды. Соның үшін Құдай Тағаланың пенделеріне парыз еткен парыздарының ең әуелі иман болса керек. Иманнан соң дін ғылымы дүр» [78, б. 6].

Имам Ағзам мазһабы бойынша Алла тағалаға және Мұхаммед (с.а.у.) оның елшісі екендігіне сену ең алдымен тілмен айтылып, кейін жүрекпен бекітілуі шарт. Осы шартқа сәйкес Ыбырай Алтынсарин де иманның екі мағынасы: тілмен айтылуы және жүрекпен растауы шарт екенін жеткізген. Ғалымның сөзімен айтсақ:

«Бұл растамақ дегеніміз, жалғыз «Құдай тағала бар, Мұхаммед хақ пайғамбар» деп айту ғана емес, пайғамбар хақ деп біліп һәм ол пайғамбарымыз әләйһи сәләмнің Алла тағала жанабынан алып келген қанша парыз, бұйрықтары болса, мәселен намаз, руза рәуішті, осылардың бәрін де тілмен рас деп айтып, һәм шын көңілмен растығына сенбек. Мәселен, біреу Құдай тағаланың жанабынан алып келген намаз, руза рәуішті бұйрықтарды растамаса, немесе растығына көңілі бос болып, шәк<sup>1</sup> қылса да кәпір болар» [78, б. 7] деген.

Ал, иманның мәнін жүрекпен ұққан Шәкәрім Құдайбердіұлы «Мұсылмандық шарты» еңбегінде: «Иман деген Алла тағаланың барлығына, бірлігіне, одан басқа Алла жоқтығына, Мұхаммед ғалейһи саламның пайғамбарлығына, Құран сөзінің бәрі шындығына анық ықыласпен нанбақ. Иман айтқанда «Ла илаһа иллаллаһу уа Мухаммадур расулуллаһи» дейміз. Оның мағынасы: Бір Құдайдан басқа құдай жоқ және Мұхаммед ғалейһи салам Алла тағаланың бізге тура жолды көрсетуге жіберген басшысы» деген болады. Мұның мағынасын білмей, құры айтқанменен иман болмайды және анық шын наным айтпай құры тілімен ғана айтылса, о да иман емес. Аятта:

*«Уә мина-н-наси мәй йәқулу әмәннә билләһи уә бил йәумил ахири уә мә хум би муъминина»* деген.

Мағынасы: «Кейбір адам Аллаға һәм ахирет болатұғынына иман келтірдім десе де, ішкі ықыласы нанбай тұрған соң, ол мұсылман емес», – дейді» [127, б. 364].

Шәкәрім де иманның мәнін түсіндіруде Құрандағы Бақара сүресінің 8-аятын дәлел келтіре отырып, иманның тіл мен жүректе бірдей қабылдану қажеттігіне мән берген.

Демек, екі ғалым да еңбектерінде «адамның тілі мен жүрегі бір болу қажет» деген 15 ғасырлық Ислам насихаттаған, атақты имам Әбу Ханифаның басты қағидасы болған иман тұжырымдамасын қолдағанын көруге болады.

Бұл тұжырымдама бостан-босқа Исламның басты мәселесі ретінде қарастырылмаған. Себебі, жеке адамдарға тән «мунафиқтық» қасиет немесе «екіжүзділік» деп аталатын қоғамда ашық түрде қозғала бермейтін, бірақ қоғамды түбірінен шірітіп, тастайтын адамгершілік нормалардан тыс мінез-құлықтар бар. Ғалымдардың бұл мәселеге кітаптың басында-ақ оқырман

---

<sup>1</sup> күмән

назарын аударып отырғанының басты себебі, «мұсылман киімін киіп», «мен мұсылманмын» деп көкірегін керіп екіжүзділікті кәсіпке айналдырып жүргенмен іс бітпейді. Кәміл мұсылман болуды мақсат еткен әрбір жан иесі «Иман деген не екенін түсініп, түсінген соң сол иман ішіндегі сөздерді шексіз шын көңілмен дұрыс деп білген» [78, б. 6] адам болуы шарт.

Демек, иман ішіндегі сөздер – иманның шарттары, яғни мен мұсылманмын деген әрбір адам ең алдымен Алланың бар екендігіне, және жалғыз Жаратушы екендігіне, жаратылыста Алла жаратқан періштелердің бар екендігіне, Адам атадан бастап адамзат арасынан таңдалған пайғамбарлар және соңғы пайғамбар Мұхаммед (с.а.у.) екендігіне, сол пайғамбарларға Алла тағала тарапынан түсірілген кітаптардың ақиқат-рас екендігіне, ақырет күнінің болатынына, тағдырға және жақсылық пен жамандық тек Алла тарапынан болатынына, сондай-ақ өлім мен қайта тірілудің ақиқат екендігіне міндетті түрде илануы шарт. Сонда ғана, адам өзін «мұсылман» деп есептесін деген идеяны ұсынған.

Қазақ әдебиетіндегі шариғат негіздерінің көріністерін зерделеген ғалым Ф.Жұмажанова Ыбырай Алтынсарин мен Шәкәрім Құдайбердіұлының бұл еңбектерін жан-жақты талдай отырып, екі ағартушы да өз заманында Ислам діні туралы қазақ халқына мағлұмат беруде араб ғалымдарының шариғатқа берген анықтамаларын орынды пайдаланғанын, осылайша діннің тәрбиелік мүмкіндігін молайтып, қалың қауымға иман-ғибадаттың мәнін қазақ тілінде дұрыс ұғындыруды мақсат еткенін жеткізеді [21, б. 24].

Хакім Абай он үшінші қара сөзінде «Иман деген – Алла табарака уа тағаланың шериксіз, ғайыпсыз бірлігіне, барлығына уә әртүрлі бізге пайғамбарымыз саллаллаһу ғалейһи уәсәлләм арқылы жіберген жарлығына, білдіргеніне мойын ұсынып инанмақ» [128, б. 66] дейді. Сондай-ақ, Абай адамдардың иман дәрежелеріне қарай екі түрге бөліп қарастырады: «Енді иман дерлік инануға екі түрлі нәрсе керек. Әуелі не нәрсеге иман келтірсе, соның хақтығына ақылы бірлән дәлел жүргізерлік болып, ақылы дәлел – испат қыларға жараса, мұны «яқини иман» десе керек. Екіншісі – кітаптан оқу бірлән яки молдалардан есту бірлән иман келтіріп, сол иман келтірген нәрсесіне соншалық берік боларға керек. Біреу өлтіремін деп қорқытса да, мың кісі мың түрлі іс көрсетсе де, соған айнып, көңілі қозғалмастай берік болу керек. Бұл иманды «иман тақлиди» дейміз» [128, б. 66].

Ал, Ыбырай Алтынсарин пенделердегі иман дәрежелерін үш түрге бөліп қарастырады. Олар: 1) иман тахқиқи; 2) иман истидләли; 3) иман тақлиди.

Автордың сөзімен келтірсек:

1) «Иман пенделерде үш түрлі болар. Бір түрін иман тахқиқи деп атайды. Бұл иман тахқиқи дегеніміз сондай иман хазірет Расул Алла тағаланың жанабынан алып келген бұйрықтарын бекер деп бүкіл дүние жұрты сөйлеп тұрса да, ол жақсы адам сол растаған қалпынан көңілі зәредей қозғалып қайтпас. Бұл иман – кәміл иман. Құдай тағала қасындағы зор мәртебедегі адамдардың иманындай».

2) «Екінші түрі «иман истидләли» деген. Құдай тәбарак уа тағала барлығын һәм бірлігін дәлелменен, ақылмен ойлап болып рас тұтуды айтады.



Яғни, бұл көк пен жер, ай мен күн, теңіздер, адамдар уә ғайри дүниедегі ғажайып зат, мақлұқтардың бәрі әуелінде өз-өзінен жаратыла алмайды ғой, мұны жаратушы ешкімге теңдесі жоқ бір ие болса керек деп, Алла тағаланың барлығын осынан түсініп, біліп және егер Құдай тағала екеу, үшеу болса әр патшаның заңы әртүрлі болған рәуішті жаратқан дүниелері де әртүрлі болып һәм араларында араздық, татулық рәуіштілер болар еді. көктегі, жердегі зат - мақлұқтың өзгермейтін бір қалыпша бейне бір жүргізіп жіберген сағаттай өз-өзінен қалпынан танбай келуіне қарап, Құдай тағаланың екі емес, бір екендігін осыдан танып, осылайша, Құдай тағаланың барлық, бірлігін дұрыстауды – иман истидләли деп айтады. Бұл рәуіште иман келтірмек әркімге уәжиб, уәжибті орнына келтірмегендер күнәһар болар».

3) «Үшінші бір түрі – иман тақлиди. Бұл иман – өз ақылымен Құдайды танымайынша, ата-бабаларының ұстап келе жатқан жолы ғой деп иман келтіргендердің иманы болар. Әрине бұл иман надан халықта болады, соның үшін ең әлсізрегi болса керек» [78, б. 7] – дейдi ғалым.

Бір карағанда, екі данышпанның пенделердің иман дәрежелері жайындағы көзқарастары екі түрлі болып көрінгенімен, екеуінің дәлелдемек мәселелері біреу. Олай болса, Абайдағы «яқини иман» мен Ыбырайдағы «иман тахқиқи» деген терминдерге назар аударайық.

Мағыналық жағынан алғанда, Абайдың «яқини иманға» берген анықтамасы Ыбырай Алтынсариннің «имани истидләли» деңгейіне берген анықтамасына сәйкес келетін сияқты. Мұны әлемге әйгілі физик ғалым Альберт Эйнштейннің көзқарастарының мысалында көруге болады: «Менің діни ұғымым шексіз бір рухтың бар екеніне негізделеді. Тәңірінің құдыреттілігі оған деген терең сезімді ұғыну үшін мына әлемге назар салғанымның өзі жүрегімдегі Құдай бар деген сенімді нығайта түседі», – дейді ғалым [129, б. 1]. Ал, орыстың танымал жазушысы Лев Толстойдың өмірінің соңғы кезеңінде иман ақиқатын мойындап, шіркеуден бас тартқаны да тарихи шындықтың бір көрінісі.

Эйнштейннің Құдайға деген сенімі салыстырмалы түрде карағанда Абайдың «яқини иманы» және Алтынсариндегі «иман истидләли» деңгейімен ұштасып жатқандай.

Абай да, Ыбырай да, адамның иман деңгейінің ең төменгі сатысы – «Иман тақлиди» екенін айтады. Бұған Алтынсарин мынадай анықтама беріпті: «Бұл иман – өз ақылымен Құдайды танымайынша, ата-бабаларының ұстап келе жатқан жолы ғой деп иман келтіргендердің иманы болар. Әрине бұл иман надан халықта болады, соның үшін ең әлсізрегi болса керек» [78, б. 8].

Демек, Алтынсариндегі иман деңгейінің үшінші түрі Абайдағы екінші деңгеймен бірдей. Яғни, екі ғалым да «тақлиди иман» – иман деңгейінің ең төменгі сатысы деп баға берген.

Алтынсарин «Шариатул ислам» еңбегін: 1) Иман мәнісін айтатын бап; 2) Сыртқарыға, әркімнің көзіне көрінетін амалдарының турасындағы бап; 3) Көңілдегі жақсылық-жамандық ниеттер турасындағы бап – деп негізгі 3 бапқа бөліп қарастырған. Құрылымы, тілдік ерекшеліктері тұрғысынан алғанда автор

бұл еңбегін мектеп оқушыларына арнап жазған. Ал, Шәкәрімнің «Мұсылмандық шарты» еңбегі бұқара халыққа арналған. Себебі, көтерілген мәселелерінің күрделілігі жағынан және иман шарттарының мәнін түсіндіру, сол арқылы Исламды жан-жақты тану, шарифат үкімдерінің жай-жапсары мен құлшылықтарының ереже-шарттарына қанығу, әрбір мұсылманға тән бес парыздың шарифат заңы бойынша қалай дұрыс орындалу керектігін білу тұрғысынан, сондай-ақ мұсылманның қарыз алу-беру мәселелері, аманат, аң аулау сынды маңызды әлеуметтік мәселелерді көтеру жағынан «Ислам ғылымхалы» еңбектерімен сабақтасып жатыр.

Шәкәрімнің иман мәселелерін насихаттаудағы шынайы ықыласын оның өлеңдері мен поэмаларынан да көруге болады. Мысалы, мына бір өлеңінде:

Қырық жылдан өтіп жасым,  
Ақылым болды сырласым.  
Отыз жылдық замандасым,  
Иманым – басшы, жолдасым [75, б. 366] – дейді ақын.

Шәкәрім қырықтан асқан шағында ақылымен сырлас болғандығын айтса, ал иманын отыз жылдық замандасына теңеп, осы уақыт арасында әрі басшысы, әрі жолдасына айналғанын айтады. Занды сұрақ туындайды, Шәкәрім неліктен иманын отыз жылдық замандасына теңеп тұр? Он жылдық өмірі қайда? Шарифат үкімі бойынша баланың балиғатқа толу жасы 10-12 жас арасы. Оған дейін өмірден озған баладан қабірде иман туралы сұрақ жауап алынбайды делінген. Демек, бұдан Шәкәрім өзінің 10 жастан кейінгі кезеңінде иманмен жолдас болғанын, әрі отыз жылдың ішінде иманы өзінің басшысы болғандығын айтып отырғаны белгілі болады.

Ал, Абай мен Шәкәрімді өзіне ұстаз деп білген Қарақалпақстандық ақын Әйімбет Қаймақбайұлы өлеңдерінде «Бір Құдайға таухид қылдым» деп бір Аллаға сенім мәселесін жырласа, «Лә иләһә иллаллаһ, Мухаммадур Расулуллаһ» деп мұсылман болған мүмінге:

Мүмін болсаң сен егер,  
Сөзінде қате болмасын.  
Адал болсаң маған кел,  
Иман – менің жолдасым.

Исламият бұл біздің,  
Иманымыз ежелден.  
Құранды оқып санамыз,

Нұрлы ақылға кенелген [84, б. 126] – деп, Шәкәрім сынды «иманын жолдасына», Абай сынды «ақылды нұрға» теңеген.

Ғалым Ақжан Машани «Әл-Фараби және Абай» атты зерттеу еңбегінде былай деп жазады: «..Қазақстан жерінде Абай заманында Исламның екі түрлі ағымы майдандасты деуге болады. Оның бірі – әл-Фараби, Ұлықбектен,

Маржаниден бағыт алған ғақли Ислам; екіншісі – әл-Ғазалиден – Бақырғаниден – Софы Аллаярдан бағыт алған нақли ислам. Қазақстанда Абай бағытында сыңар жақ болмай қатар ұстау жолы болған. Абай жолы – нақли, ғақли Исламның бас қосқаны немесе ғылымның ғадалаттың, ақыл, қайрат, жүректің бас қосқан жолы [130, б. 91].

Ғалым Машанидің зерделеуі бойынша, Абайдың Аллаға деген сенімі бір жағынан Әл-Фараби, Ұлықбек сынды ғалымдардың ғылыми көзқарастары мен ақылға қонымды дәлелдері арқылы жеткен Ислам негізінде қалыптасса, екінші жағынан Исламды жүректен иләһи сезімдер арқылы насихат жолымен таратқан Имам Абу Хамид Ғаззали, Ахмет Ясауи, Сүлеймен Бақырғани, Науаи, Сағди, Қожа Хафиз, Софы Аллаяр сынды ақындардың нақли жолымен қалыптасқан. Осылайша, «Абай сенімі – нақли, ғақли Исламның бас қосқаны» десек, бұл оның өлеңдерінде де көрініс беріп отыр. Хакімнің «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңі ақынның қазақ жазба әдебиеті тарихында «таухид» мәселесін көркем сөзбен өрнектеген маңызды шығармасының бірі:

Алланың Өзі де рас, сөзі де рас,  
Рас еш уақытта жалған болмас.  
Көп кітап келді Алладан оның төрті,  
Алланы танытуға сөз айырмас [131, б. 408].

Өзіндік ақыл-есімен, сана-сезімімен, түйсігімен ерекше болмыс-бітімімен жаратылған адам баласының бұл өмірге келуіндегі негізгі міндеті – өзін жаратылыста қадірлі етіп жаратқан Жаратушысын тану. Ол жалған болуы мүмкін емес. Оның өзі қолымен жаратып, өзінің қасиетті болмысынан рух беріп тірілткен құлдарына түсірген «Сөзі» де рас. Ол «Сөз» жалған болуы мүмкін емес. Себебі, Ол адамзат үшін бүгінге дейін сыры ашылмаған жұмбақ ғаламды жаратып, онда періштелерді содан соң жындар мен Адамды жаратқан бір сәт те мүлгіп, қалғып кетпейтін, ешбір теңдесі, серігі жоқ Ғалымның сөзі. Адам ата мен оның жұбы Хауаны жер бетіне түсіріп, Өзінің құзырына қайтарылғандарына дейін жер бетінде қалай өмір сүру керектігі жайында ілімді үйретті. Сондай-ақ олардан ұрпақ таратты да кезең-кезеңімен олардың арасынан елшілер таңдап, сол ардақты пайғамбарлар арқылы көп кітаптар түсірді. Олардың соңғы төртеуі біз үшін уақыт пен кеңістік тұрғысынан алып карағанда жақын және Жаратушы Раббымызды тануға жеткілікті дәлел бола алады. Олар Дәуіт (ғ.с.) арқылы жеткен «Забур», Мұса (ғ.с.) арқылы жеткен «Тәурат», Иса (ғ.с.) арқылы түскен «Інжіл» және ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.) арқылы жеткен қасиетті «Құран Кәрім», – дейді ақын.

Өзбек әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі Сидқи Хандайлиқи Ислам дінінің негіздерін түсіндірген «Мезони шариат» (Шариғат таразысы) атты шығармасында дінді ұстанамын деген адам мән беру керек болған негізгі сегіз мәселені өлеңмен өрнектей отырып, олардың негізгісі «Таухид» екенін ескертеді:

Усули дин, бирадар, біл сәккіздур,  
Кишикім білмәс ани бетәміздур.  
Әууәл таухид эрур, біл, ей мусулман,  
Іккінчідур әмәлдә әдл, ей жан. [27, б. 19]

Мағынасы: *Есіңде сақта, діннің негізі сегіз. Мұны білмеген адам әдепсіз. Білгін, ей мұсылман, оның әуелгісі «ТАУХИД» Алладан басқа жаратушы жоқ деп сену, екіншісі – әр істе әділ болу.*

Абай сенімінде Жаратушым жалғыз Алла екен дегенмен іс бітпесі анық. Ақыл-есі толық жан иесі үшін Оны тану зор міндет. Сондықтан ақын келесі кезекте Жаратушысын тану үшін қажет болатын сенімнің шарттарына тоқталады:

Аманту оқымаған кісі бар ма?  
Уәктубиһи дегенмен ісі бар ма?  
Алла өзгермес, адамзат күнде өзгерер,  
Жарлық берді ол сіздерге, сөзді ұғарға [131, б. 408].

«Аманту» – иман ету, сену деген сөз. Алланың бар және бір екендігіне сенген адам Оның жаратқан есепсіз періштелеріне сенуі, адамзат арасынан таңдалған Пайғамбарларға, Оларға Жәбірейіл (ғ.с.) арқылы түсірілген кітаптарға (уәктубиһи – кітаптарға деген мағынада Т.Х.), ақырет күнінің міндетті түрде болатынына, тағдырға иман келтіру, жақсылық пен жамандық тек Алла тағала тарапынан болуына және өлімнен соң қайта тірілуге сену мәселесін тілге тиек етеді. Әрине, ақын өлеңде жеті шарттың бәрін санап айтпағаны мен иман келтірген адамдардың көбі бұл шартқа көңіл бөлмейді, мән бермей ұқыпсыз қарайды, олардың бұл ұқыпсыздығынан Жаратушыға келіп кетер пайда да, зиян да жоқ. Алла еш уақытта өзгермейді, керісінше жаратылыс бірінің орнына бірі орын ауысып, өзгеріп отырады. Сол үшін Алла өзінің қасиетті сөзін ұғу үшін «жарлық берді» дейді.

Замана, шаруа, мінез күнде өзгерді,  
Оларға кез-кезімен нәби келді.  
Қағида шарифаты өзгерсе де,  
Тағриф Алла еш жерде өзгермеді. [131, б. 408]

Бұл шумақта да ақын заман мен кеңістік үнемі өзгеру процесінде екенін еске салады. Шаруалар, адамдардың мінезі күнде өзгеруі, сондықтан кезең-кезеңімен пайғамбарлар жіберіліп отырғандығын сөз етеді. Әр заманда өмір сүрген адамдар жағдайына қарай оларға берілген шарифат та өзгеріп түсіп отырды. Бірақ олардың баршасында Аллаһ Тағаланы дәріптеу, яғни «Таухид» сенімі өзгерген жоқ. Яғни, Адам атадан кейінгі нәби Шис (ғ.с.), одан кейінгі Ыдырыс (ғ.с.) және т.б. пайғамбарлардың бәрі де «Аллаһтан басқа тәңір жоқ» деген Ұлы сөзді адамға ескерту мақсатында жіберілді.

Күллі махлұқ өзгерер, Алла өзгермес,  
Әһлі кітап бұл сөзді бекер демес.  
Адам нәпсі, өзімшіл мінезбенен  
Бос сөзбенен қастаспай, түзу келмес [131, б. 408].

Жаратылыстың күллі бөлшегі өзгеріске ұшырайтынын, тек Аллаһ тағала ғана өзгермейтін Құдірет иесі екендігін өздеріне кітап берілген христиандар мен еврейлер де мойындайды. Алайда, «Адамның нәпсісі, өзімшіл мінезі» түзу жолды таңдағысы келмейді. Аллаһ тағала Құран кәрімде олар туралы:

*«...Олар барлық дәлелдерді (мұғжизаларды) көрсе де иман келтірмейді. Сондай-ақ тура жолды көрсе де ол жолмен жүрмейді. Қисық жолды көрсе болды оны бірден жол қылып ала қояды. Бұл олардың дәлелдерімізді өтірік деп, шындықтан мақұрым қалғандықтарынан»* (Ағраф сүресі, 146-аят ) – дейді.

Абай әрбір мұсылман тарапынан таухидтен соң жүзеге асырылатын төрт парызды – жыл сайын Рамазан айында рамазан оразасын ұстау, бес уақыт намазды толық орындау, мал-дүниесі нисаб мөлшеріне жеткен уақытта шарифат шарты бойынша жеті түрлі деңгейдегі қоғам мүшелеріне таратып, оларға көмек қолын созу және шамасы келсе өмірінде бір рет болса да қажылық міндетін орындау ешбір талас тудырмайтын мәселе екендігін, алайда бастапқы үшті бекітпей кейінгі төртті орындағаныңмен еңбегің зая кететіні туралы ескертеді.

Руза, намаз, зекет, хаж – талассыз іс,  
Жақсы болсаң, жақсы тұт бәрін тегіс.  
Бастапқы үшін бекітпей, соңғы төртті  
Қылғанменен татымды бермес жеміс [131, б. 408].

Демек, бастапқы үш сүю – Абайдың ұсынысы бойынша ең алдымен «Таухид», яғни Алланың бар және бір екендігін жүрегімен қабылдап, оны сүю деңгейіне қол жеткізу. Екіншісі, Алла жаратылыста адамзат баласын ең жоғары деңгейге көтерді. Сондықтан, адам баласы жаратылыс мүшелерінің ең ұлысы деп білу. Үшіншісі, адамзат арасында әділетті болу. «Міне, осы үш шарт жүрекпен бекімесе келесі парыздарды орындағаныңмен пайда жоқ», – дейді ақын.

Абай мен замандас өзбек ақыны Ғиясиддин Ғияси де өзінің «Шарифат айнасы» (Миръоти шаръ) аталатын шығармасында жүректегі Құдайға деген сенімді жөндемейінше ешбір жасаған амал-әрекеттің пайда бермейтінін айта келе:

Әгәр бөлмәсә етіқадиң бәжа,  
Намазу розэләр бәрчә хечу хәба.

Дуруст етмәсә етіқадын киши,

Қабул болмас әлбәттә хеч қилмиши, [132, б.16 ] – дейді.

Мағынасы: *Егер сенімің дұрыс болмаса, намаз бен ораза сынды барлық жасаған жибадатың босқа кетеді. Сеніміңді түзетпесең ешбір әрекетің қабыл болмайды.*

Абай өлеңнің кейінгі жолдарында да ең алдымен Аллаға деген сенімді берік ұста: «Істің басы – ретін танымақтық, Иман білмес тағатты қабыл демен» немесе «Мүмин болсаң, әуелі иманды бол, Пендеге иман өзі ашады жол» [131, б. 409], – дей отырып, оқырманды иманын бекемдеп, шынайы таухид сенімін бойында қалыптастыруға шақырған.

Әдеби шығарма арқылы иман шарттарының мәнін түсіндіруде Шәді Жәңгірұлы шығармаларының орны ерекше екенін басқа тарауларда айттық. Адам бойындағы Аллаға деген берік сенімді қалыптастыруда ақынның «Ахуалы қиямет» дастаны да оқырманға көп септігі тиеді дей аламыз. Дастандағы «Адамзаттың о баста пайда болуы» немесе «Жоқтан бар болу» үдерісін танытуға арналған алғашқы бөлімде ақын оқырманның бойындағы «Таухид» сенімін тағы бір рет бекемдеп алу мақсатында Құранның ең қысқа, бірақ мағынасы жағынан Исламның негізгі ұстыны болған, таухид мәселесін түсіндіретін «Ықылас» сүресінің пайдаларымен бөліседі:

*Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен!*

*(Мұхаммед F.C оларға) айт: (Ол Алла,біреу ақ. (1) Алла мұңсыз. (Әр нәрсе оған мұқтаж) (2) Ол, тумады да туылмады (3) Әрі оған ешкім тең емес.(4) (Ықылас сүресі).*

Ақын бұл сүренің пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.а.у.) түсу тарихы және оның қасиетін баяндау үшін арнайы бап енгізген. Себебі, мұсылмандыққа бет бұрған әрбір адам Ұлы Жаратушысының негізгі белгісін тануы тиіс:

Құдайға хәмді бихәд, сәна сансыз,  
Бимысал, бибәдәл-дүр Ол мәкансыз,  
Алланың бірлігіне тасбих айтар,  
Жаралған күллі әлем жанды-жансыз.

Барлығы зікір етеді есмі затын,  
Әрбірі бір ләфзде айтар атын,  
Құранда сүре «Ықылас» аятында,  
Білдірген құдіретімен Өз сипатын [133, б. 9].

Ақынның бұл әдісті қолдануы босқа емес. Оқырман сенімін бұл әдіспен қайта пысықтап алуының себебі, егер оқырман осы баста Аллаға деген сенімінде әлсіздік болса, оған шығарманың қалған бөлігін оқудың қажеті шамалы екендігін ол жақсы біледі. Сондай-ақ, Құранды оқып үйренген әрбір адам Оның пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.а.у.) қырық жасынан бастап 23 жыл бойы шынайы өмірде болып отырған оқиғаларға байланысты түсіп отырғанын,

ондағы барлық деректер тарихи шындық екенін аңғарады. Ақын жырлап отырған еңбек те, шынайы түрде, ең сенімді деректер мен оқиғалар негізінде жазылған. Бұл өз кезегінде шығарманың шынайылығы мен әдеби қуаттылығын арттыратыны ақиқат [198, б. 401].

Құран Кәрімдегі әрбір сүре мен аяттың түсуінің өзіндік тарихы бар. Ықылас сүресі де Расул Аллаға (с.а.у.) алғашқы пайғамбарлық келген жылдары Мекке мүшріктері Оған сенімсіздік танытып, «Құдайыңды сипаттап бер» деп қарсылық білдіріп жатқан тұста оларға жауап ретінде түсірілген еді. Шәді ақын, міне, осы оқиғаны өлеңмен өрнектей отырып:

Қырық жаста пайғамбарға уахи келді,  
Кәпірді дағуат<sup>2</sup> ет деп илһәм<sup>3</sup> енді,  
Құдай бір, мені Расул бархақ біл, – деп,  
Меккенің кәпіріне хабар берді.

Кәпірлер Расулға айтты: Ия, Мұхаммад,  
Көресің пұттарымыз әрнешік зат.  
Сен-дағы Құдайыңның асыл-нәсілін,  
Біздерге мағлұм етіп айлағын жад.

Өзінің күдіретімен Жаппар Құда,  
Жіберді бұл сүрені Хәбибына.  
Пайғамбар кәпірлерге хабар беріп,  
Бірлігі, барлығына болды куә [133, б. 10] – деп, сүренің түсу себебін үш шумақ өлеңге сыйғызады.

Құранның бұл сүресі Ислам дінінің тірегі әрі Алланың «Барлығы» мен «Бірлігін» толықтай айқындап беретін «Таухид» ілімінің кіріспесі деуге толық негіз бар. Ақын Алла елшісінен (с.а.у.) жеткен хадистер және мужтаһид ғұламалардың еңбектері негізінде бұл сүренің қасиеті жайлы сөз қозғай келе оны үнемі оқып жүрген адамдарға берілетін 6 түрлі пайда туралы сөз етеді.

Бірінші пайда:

«Ықылас» деп бұл сүреге қойылды нам,  
Ықылас бірлән көп оқыса әрбір адам.  
Мағынасы жаһаннамның жанған отын,  
Ол құлдың ағзасына қылар харам [133, б. 10 ].

Яғни, бұл сүрені ықыласпен үнемі оқып жүрген әрбір мүмінге Алла тағала жаһаннамның отын харам етеді.

Екінші пайда:

Бағзылар мағрифат<sup>4</sup> дер бұл сүрені,  
Оқыса ықыласымен әркім оны.  
Бір Құдай ол пендеге мағрифат қып,

---

<sup>2</sup> дінге үгіттеу

<sup>3</sup> аян

<sup>4</sup> Тану, білу, мейірім

Рәхметке уасил болар<sup>5</sup> көңілдері [133, б. 10].

Яғни, әрбір адам бұл сүрені үнемі ықыласпен оқып жүретін болса, Алла тағала ол құлдарын мағрифатқа яғни тура жолға бастайды. Осылайша ол пенде Алланың рақметіне бөленеді.

Үшінші пайда:

Һамду<sup>6</sup> деп бағзы имамдар және айтар,  
Әр кісі әдет етсе бұл сүреге,  
Деген сөз ол пендеден шайтан қашар,  
Жақындап мәкр ете алмас әр кез унға [133, б. 11].

Яғни, Ислам ғұламалары бұл сүрені мақталған сүрелердің қатарына қосқан. Кімде-кім бұл сүрені үнемі оқып жүруді әдеттенсе, ол пендеден шайтан қашады да оған мүлдем айла жасай алмайды.

Төртінші пайда:

Бағзы дер, әр сүренің бір нұры бар,  
Құранның үшбу сүре нұры-дүрлар.  
«Рийәзул-музәккирин» кітабында,  
Бұл сүрені тәфсилімен қылды изһар [133, б. 11].

Бұл сүренің түпкі мәнін, мазмұнын түсінген жандар ғана Қиямет қайым болатынына сенетінін, осы дүниенің өзінде өмірінің әрбір сәтін иманмен өткізіп, дүниеден өтер кезінде иманмен кететінін, сол арқылы Жаратқанның разылығына ие болып, жұмақтың төрінен орын алатынын автор әлеуметке түсіндіргісі келеді.

Бесінші пайда:

Әр кісі болсын десе көрім жарық,  
Оқысын бұл сүрені аузына алып.  
Қараңғы көр ішінде үшбу сүре,  
Мысалы шырақ сипат тұрар жанып [133, б. 12].

Әрбір жан иесі өлім атаулыға жолығатыны сөзсіз. Жаратылғандардың ең ұлығы саналатын адам баласы да өлімнің дәмін татып көретіні ақиқат. «Кімде-кім өлген соң қабірі нұрлы әрі жарық болуын қаласа, үнемі бұл сүрені оқуды әдетке айналдырсын», – дейді ақын.

Алтыншы пайда:

Көңілінде күпірліктен қауіп айласа,  
Иманым кәміл болсын деп ойласа,  
Дүниеден иман бірлән сапар етер,  
Аузынан бұл сүрені еш қоймаса [133, б. 12].

Жүрегімен Жаратушыға серік қосудан қорқып, иманы кемел болуын қалаған құлдар бұл сүрені ауыздарынан қоймай айтып жүретін болса, дүниеден қайтар сәтінде иманмен кетеді екен.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басында шығармаларымен «Таухид – бір Аллаға сенім» тақырыбын өрнектеген ақындар шығармашылығын зерттеу барысында Қазақстанның оңтүстік-батысындағы

<sup>5</sup> кенеледі

<sup>6</sup> Мадақ, алғыс



Қызылорда, ондағы «Сыр сүлейлері» атымен белгілі діни-ағартушы ақындар шоғыры, Өзбекстанның солтүстігіндегі Хорезм, Қарақалпақ жерлерінде өмір сүрген бауырлас қазақ-өзбек халықтарының бүгінге дейін түркітануда таныла қоймаған Әйімбет Қаймақбайұлы, Мыңбай Есмағанбетұлы, Өтім Балтуғанұлы, Омар Сейілұлы, Бекенкұл Ақымбетұлы сынды әдебиет өкілдерінің шығармашылығы да өз алдына бөлек әңгіме екенін айта кеткеніміз жөн.

Кез келген адам баласы өз қоршаған ортасына сыртқы болмыс-бітімінің сұлулығымен және ішкі жан-дүниесінің тазалығымен әсер ететінін ескерсек, бұдан бір жарым ғасыр уақыт бұрын адамзатқа таухид сенімін қалыптастыруды мақсат еткен, келешек ұрпағы үшін рухани мұра қалдыруды көздеген Ыбырай, Абай, Шәкәрім, Шәді, Сидқи, Ғиәсий сынды ақындарымыз бұл мақсатқа қол жеткізді деуге болады.

## **2.2 Пайғамбарлардың көркем әдебиеттегі бейнесі**

Адамзатқа Алла тарапынан жіберілген пайғамбарлар болмысынан ізгілік пен мейірімге ісімен де, сөзімен де барша жұртқа үлгі-өнеге бола білген, қоғамды ізгілікке шақырып, жамандықтан тыйған, айналасына тек адамгершілік қасиеттерді насихаттаған. Сондықтан да өздері өмір сүрген заманда шынайылығымен танылып, адамзаттың ардақтысы ретінде кейінгі ұрпақ тарапынан тарихи, әдеби көркем шығармалардың негізгі кейіпкерлеріне айналды. Пайғамбарлар мен ұлы тұлғалар жайлы шығарма жазу орта ғасырлық ислами әдебиетте кеңінен қалыптасты. Тіпті, кейін келе бұл дәстүр ғылымда агиография жанрының қалыптасуына себеп болды.

Алла елшілері туралы мыңдаған жылдар бұрын болған оқиғаларды баяндайтын бірден бір сенімді дерек – Құран Кәрім екендігін тілге тиек етсек, бұл қасиетті кітаптағы пайғамбарлар бейнесінің әдеби шығармалардағы көрінісі әдебиеттану ғылымының зерттелуге тиісті тақырыптарының бірі екені көрінеді.

Құран Кәрімде 25 пайғамбардың аттары аталып, олар туралы өнегелі оқиғалар пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.а.у.) үлгі ретінде жіберілгені белгілі. Осы өнегелі оқиғалар түркі халықтары әдебиеті тарихында әр кезеңдерде пайғамбарлар жайлы көптеген шығармалар жазылуына ұйытқы болып отырды. Әсіресе, пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.а.у.) дүниеге келуінен бастау алатын Ислам тарихы, Алла елшісінің (с.а.у.) өмірі мен көркем мінезі жайлы сыр шертетін тақырыптарды ақындар жарыса отырып жырларына қосқан. Кейбір ақындар Алла елшісінің өнегелі өмір жолын бастан-аяқ жырласа, енді бірі оның ғибратқа тола өмірінің бір сәтін өлең сөзбен өрнектеді. Тағы бірі пайғамбардың көркем мінезін мақтаса, енді бірі даналық сөзінің (хадисінің) аясында қалам тербеді. Яғни, пайғамбарлар болмысы Хақ дінді қабылдаған ақындардың көтерер басты тақырыбының біріне айналды.

Ислами араб әдебиетінің алғашқы өкілдерінен саналатын Хассан бин Сабит, Кағб бин Зубейр және Абдуллаһ бин Рауһа сынды сөз шеберлері Алла елшісіне (с.а.у.) жыр жолдарын арнаған. X-XI ғасырларға тән Мұхаммед ибн Жарир әт-Табаридің "Тарих-ур-расул ва-л-мулук" (Пайғамбарлар мен патшалар

тарихы) еңбегі бұл тақырыпқа жазылған танымал еңбектердің бірі саналады. Сонымен қатар, Мұхаммед пайғамбардың көркем әдебиеттегі бейнесін зерттеген ғалым Т.Қыдыр ұсынған деректер пікірімізді дәлелдеп отыр: «Иран ғалымы Хакими Мұхаммед Реза, пайғамбардың айналасында отыз үш шайыр болғанын жазса, Сириялық ғалым Бейрути «Пайғамбарды мадақтаған өлеңдер жинағы» кітабында пайғамбарды мадақтаған елу шайырдың өлеңдері берілген. Ал, Ирак ғалымы Уәлид әл-Ағзами өзінің «Пайғамбардың ақындары» деген еңбегінде пайғамбар заманында бір жүз он үш ақынның өмір сүргенін алға тартқан. Олардың сегізі әйел ақын болған. Ал, Әли әл-Қируани өзінің «Пайғамбар мен әділетті төрт халифа заманында Исламды үгіттеген шайырлар» атты зерттеуінде Әбубәкір, Омар, Оспан және Әли секілді төрт шадиярдың да Пайғамбарға арнап жыр жолдарын жазғаны айтылған» [134, б. 6].

Жалпы бүгінге дейін жүргізілген зерттеулерден араб әдебиеті Исламды насихаттау арқылы әлемдік әдеби ортада ерекше танылғанын байқау қиын емес. Ғалым Ә.Дербісалиевтің төмендегі пікірі де ойымызды қуаттай түседі: «Ислам дінінің Аравия жарты аралынан ұзап шығып өзге елдерге тарауы, араб халқының басқа жұртпен қарым-қатынасы, әдет-ғұрып алмасуы әдебиетіне әсерін тигізбей қойған жоқ. Егер исламға дейінгі бәдәуи ақындары өз өлеңдерінде руы мен тайпаластарын мақтаумен ғана шектелсе, исламнан кейінгі кезеңдегі шайырлардың бір тобы жаңа дінді Мұхаммадты мадақтап жырға қосты» [135, б. 47].

Ислам дінін көркем сөзбен жырлауда «Адамзаттың ардақтысын» (с.а.у.) өз өмірлеріне үлгі еткен ақындар шығармашылығын зерттей келе, Ислам келгелі өткен он төрт ғасырдан астам уақытта Ислами әдебиетте «Пайғамбарға махаббат» тақырыбы үнемі күн тәртібінен түспей, әр кезеңде Алла елшісіне (с.а.у.) сүйіспеншілігі мен жүрек жарды лебіздерін өлеңдері арқылы жеткізген ақындар шоғыры қалыптасып отырғанына көз жеткіздік. Мұның негізгі себебі Құранда Алла тағаланың мүміндерге жасаған ескертуі болса керек:

*«Расында Алла тағала мен періштелері Пайғамбарға салауат айтады (яғни, Алла оны мейіріміне бөлеп, мерейін өсіреді, ал періштелер болса соны тілеп дұға жасайды). Уа, мүміндер! Ендеше, сендер де оған шын жүректен салауат айтып, сәлем жолдаңдар (оны шын жүректен жақсы көріп, сүннетін ұстаныңдар һәм ол үшін игі тілек тілеңдер)»* (Ахзаб сүресі, 56-аят).

Аятты ескерер болсақ, мұсылмандар арасында «Әр мұсылман Алла елшісін (с.а.у.) өз ата-анасын танығандай тануы шарт» деген танымдық қағида да босқа айтылмағаны айқындала түседі.

Алла елшісінің (с.а.у.) келісті келбеті мен көркем мінезі, ерекше тұлғалық қасиеттері мен пайғамбарлық мұғжизалары Алланы бір білген, Мұхаммедтің (с.а.у.) соңғы пайғамбар екенін мойындаған әрбір мұсылман жүрегінде оған деген махаббатын арттыра түседі. Осындай шынайы ғашықтық сезімдерін әдеби шығармалар арқылы насихаттау мұсылман ақындарының басты тақырыптарына айналды. Бастапқыда араб елдерінің танымал ақындары

жырлаған бұл тақырыптар кейінгі кезеңдерде Исламды қабылдаған түркі халықтары арасында да ерекше даму жолына түскендігін көру мүмкін. Әсіресе, парсы мен түркіден шыққан шайырлар Алла елшісінің асыл қасиеттерін асқақтата жырлап, мұсылман үмбетінің жүрегінде пайғамбарға деген сүйіспеншілікті оятуға себеп болды.

Шығыстың әйгілі шайыры Мұхаммед Фузули Алла елшісіне (с.а.у.) ғашықтығын шығармаларында жырлап өткенін көреміз:

«Ия, Һабибуллаһ, Ия Һайр ал-Бәшәр, муштақинам,  
Әйлә ким ләб тәшнәләр йануб тиләр һәм вәре су» [136, б. 23].

Мағынасы: *«Уа, Алланың сүйіктісі, ей, адамзаттың хайырлысы, сусыздықтан еріндері құраған жандар суға қалайша ұмтылса, расында менде саған солай ұмтыламын».*

Фузулидің жоғарыда келген атақты «Су» қасидасына әдеби тұрғыдан талдау жасап, зерттеген түрік ғалымы Adem Çalışkan ақынның пайғамбарға деген махаббатын былай суреттейді:

«Onlar gönüllerini ilahi adaletini emrine serdiler. Ahmed-i Muhtâr (SAV)'in yoluna kurban oldular. O'nun ayağının tozunu başlarında bir taş gibi taşımak için çırpındılar. Evet aşk ehlinin göğsünden yükselen inleyişler cihanın kalbinde nice fırtınalar kopardı. Cihan aşıkların feryadıyla dolup taşıtı. Ve...bir Fuzulî çıktı, muhabbet arkına düştü. Hz. Peygamber (SAV) aşkında yandı da. Sonra da susuzluğunu gidermek için “su, su, su!” diye duygularını şiir halinde terennüm etti. Meşhur Su Kasidesi'ni bu aşkla kaleme aldı» [137, б. 52].

Мағынасы: *«Олар жүректерін иләһи әділеттің бұйрығына бұрды. Пайғамбардың (с.а.у.) жолында құрбан болды. Оның (с.а.у.) аяқтарының шаңын бастарында тәж сынды алып жүру үшін барын салды. Ия, ғашықтардың көкірегінен шыққан үндер жаһан жүрегінде қаншама дауыл болып соқты. Әлем ғашықтардың нала-зарымен толып тасты. Фузули есімді біреу шықты және махаббат өзеніне түсті. Әзірет Пайғамбарға (с.а.у.) ғашықтықпен жүрегі жанды. Соңынан шөлін қандырмақ болып «су, су, су!» деп ішкі сезімдерін өлеңге түсірді. Атақты «Су» қасидасын осылайша жазды».*

Түркі халықтарының танымында кең тараған әрбір адам өзінің жеті атасын білуі шарт болғаны сияқты, әрбір мұсылман өзі үшін қасиетті болған Ислам дінінің тарихын, ол дінді аса көркем үлгімен жеткізіп берген Пайғамбардың өнегелі өмірін білуі шарт дедік. Осы қағиданы басшылыққа алған ғалымдар мен ақындар әрі тарихи тұрғыдан әрі әдеби шығармалар арқылы Ислам тарихын, соның ішінде Пайғамбарлар тарихын қоғамда насихаттауды ерекше қолға алған.

Алла елшілеріне, әсіресе, Пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.а.у.) деген ерекше ықылас пен махаббат түркі шайырларының шығармаларына арқау болғанын тақырыпты зерттеу барысында көз жеткізіп келеміз. Мысалы, Жүсіп

Баласағұн өзінің «Құтты білік» шығармасында «Набат» түрінде Алла елшісін (с.а.у.) ерекше мадақтаса, «Он сегіз мың ғаламға басшы болған Мұхаммед» деп жырлаған, 63 жылдан артық жер бетінде жүруді өзіне ар санаған «Пир-и Түркістан» Ахмет Ясауи:

Әйа, достлар, бұ пәндімгә құлақ тұтғыл,  
Ақыл ерсәң Мұстафаның шәр`ін тұтғыл,  
Үшбу йаңлық гүмраһ ишдін йирақ кетгіл,  
Йоқса сәні шәйтан йаңлығ әлдәрләра [104, б. 474].

Мағынасы: *«Әй, достар, бұл насихатыма құлағыңды түр, ақылдымын десе, Мұхаммедтің (с.а.у.) шариғатын ұстан, білместікпен жасайтын істерден алысқа кет, әйтпесе сені шайтан сынды алдап кетеді»,* – деп хикметтері арқылы Алла елшісіне (с.а.у.) өзін үмбет санаған жарандарына Алла ризалығы үшін пайғамбар шариғатын ұстануын насихаттап, Алла елшісі үшін жанын пида етудің көркем үлгісін өзі көрсетіп берген.

Расул Алланың (с.а.у.) өмірін хикметтері арқылы насихаттаған талантты ақын Сүлеймен Бақырғани (Хакім ата):

Екі жаһан сардары Мұхаммед Мұстафа,

Лаухул Махфуз үстінде жазылған ол бисмилла [138, б. 106] – деп жырлары арқылы Пайғамбарға деген ыстық ықыласын білдірді. Сонымен қатар, Хакім ата Пайғамбарлардың ұлығы Ибраһимның (ғ.с.) өміріндегі елеулі оқиғаның бірі болып табылатын перзенті Исмайылдың дүниеге келуі жайлы тарихи оқиғаларды баяндайтын «Исмайыл (ғ.с.) қиссасы» мен Иса (ғ.с.) мен оны әкесіз (Алланың мұғжизасымен) дүниеге келтірген анасы Бибі Мариям жайлы «Бибі Мариям» атты қиссаны поэзия үлгісінде тамаша жырлап шыққан.

Ғаламның рақым нұры болған Пайғамбардың (с.а.у.) өнегелі өмірі мен көркем ахлақын қоғамда насихаттау прозалық шығармалармен де қалыптасып, даму жолына түскенін көруге болады. XIV ғасырда Насируддин Бұрхануддин Рабғұзидың «Қиссас ул-әнбия» (Пайғамбарлар тарихы) атты еңбегі, Әл-Кердеридің «Жұмақтардың ашық жолы», Әлішер Науаи тарапынан жазылған «Тарихи әнбия уә хукама» сынды еңбектер алты ғасырдан астам уақыт бойы Орталық Азия түркі халықтарына Пайғамбардың өмірін насихаттады. Ал, көне Тұрбат қалашығында туылып, өзінің ерекше қабілетімен сөз сұлтаны Әлішер Науаидың назарына іліккен атақты ақын Маулана Атаидың «Мифражнаме» еңбегі Кашмир елінде өз зерттеушісін күтіп жатқан еңбектердің қатарында тұр.

Аталған жәдігерлерден пайғамбарлардың өмірлік өнегесін көркем әдебиетте жырлау дәстүрі Дешті қыпшақ әдеби жәдігерлері мен Алтын Орда кезеңінен бастау алып кейінгі кезеңдерде түркі халықтарының классик әдебиетінде ерекше даму жолына түскені көрініп отыр. Мысалы, ӨРҒА Әдебиет музейінде № 431/І сақтаулы, авторы белгісіз «Мұхаммед Мұстафаның (с.а.у.) дүниеге келуі» атты қолжазба еңбегі, сондай-ақ бүгінге дейін өмірі мен шығармашылығы толық зерттелмеген, шамамен ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырларда өмір

сүрген, есімі Шаһаким болған, бірақ әдеби шығармаларында «Холис», «Холис Тошканди» деп аталған ақынның пайғамбарлар өміріне қатысты «Жүсіп пен Злиха» дастаны, «Айюб пайғамбар» қиссасы мен пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.а.у.) қатысты «Миғражнама», «Вафоти Он Һазрат соллаллоху алайһи васаллам» (Әзірет Пайғамбардың қайтыс болуы) атты қиссалары мен Алла елшісінің (с.а.у.) ұлы Ибраһимнің қайтыс болғанын баяндайтын «Вафоти Иброһим ибн Мұхаммад соллаллоху алайһи васаллам», атты шығармалары, Алла елшісінің қызы Фатиманың қайтыс болуы жайлы «Қиссаи вафоти Биби Фотимат уз-захро розиёллоху анһо» немесе Пайғамбардың немересі Имам Хасанға арналған «Қиссаи Имам Хасан» сынды ислами әдебиеттегі пайғамбарлар немесе олардың ұрпақтары образын сомдаған көркем шығармалардың ХХ ғасыр басында (1913 жылы) Ташкент қаласындағы литографиялық баспадан мыңдаған тиражбен шығарылып ел игілігіне жарауы, сол кездегі қоғамның сұранысынан туындағаны шындық. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында-ақ Холис шығармаларын кирилл әліпбиіне түсіру жұмысын қолға алған ғалым Махмуд Хасани Холистың 1913 жылы төте жазумен басылған «Миғражнама», «Вафоти Он Һазрат соллаллоху алайһи васаллам» (Әзірет Пайғамбардың қайтыс болуы), «Қиссаи вафоти Биби Фотимат уз-захро розиёллоху анһо» атты шығармаларының жинағын кирилл әліпбиімен жариялады [139]. Бұл сияқты шығармалар өзбек ғалымдары тарапынан зерттеу нысанына алынғанымен түркітанушылар тарапынан зерттеу мәселесі әлі де болса ақсап келеді. Әсіресе, біз зерттеп отырған ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырдың басындағы кезеңде өмір сүрген ақындар тарапынан бұл тақырып қайта жаңғыруға бет бұрғанын байқауға болады.

ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырдың басында Орталық Азия аймағы мен Қазақ даласында Пайғамбарлардың өмірінен үлгі боларлық көріністерді әдеби шығармалар арқылы суреттеп оқырманға көркемдеп жеткізу мәселесінде жемісті еңбек еткен ақындар мен ғалымдардың тарихи һәм әдеби шығармалары бүгінгі түркітанушы ғалымдардың тәуелсіз көзқараспен зерттеуіне мұқтаж екенін қайталап айту артық емес.

Тарихи шығарма ретінде пайғамбардың өмірін насихаттауды мақсат еткен Самарқанда 1913 жылы өзбек тілінде жарық көрген Махмудқожа Бейбүдидің «Исламның қысқаша тарихы» (Мухтасар ислом тарихи), 1915 жылы жарық көрген Абдурауф Фитраттың «Исламның қысқаша тарихы» (Мухтасари ислом тарихи), сонымен қатар Мунаууарқари Абдурашидханұлы және Шакир Сулайман сынды ғалымдардың осы тақырыптағы еңбектері мен Абдулла Ауландидің «Пайғамбарлар және Исламның қысқаша тарихы» (Мухтасар тарихи анбиё ва тарихи Ислом), Алихан төре Сағунидің «Тарихи Мухаммади» атты шығармалары Адам атадан басталатын Пайғамбарлармен соңғы елші пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.а.у.) кемел тұлғалық қасиеттерін оқырманға танытуда негізгі құрал қызметін атқарса, ұлық пайғамбарлардан Ибраһим (ғ.с.), Мұса (ғ.с.), Иса (ғ.с.) мен пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.) туралы тарихи кітаптардағы сенімді деректер, өнегелі оқиғалар түрлі әдеби жанрлар арқылы әдебиетте көрініс берді. Мысалы, Сидқидың (Сидқий Хондайлиқий) «Газкира-и

Имам Аъзам» деп аталатын шығармалар жинағынан орын алған «Миғражнама», «Рознама-и Муса алайһиссалам», Мұхаммедкұл Мухайирдің «Қырық хадис», Молда Жолдасбай Төребайұлы Хилуатидің «Мәуліт Шәріп», Муслихабегім Міскіннің «Ғарнама-и Расул» дастандары, пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.а.у.) өнегелі өмірін насихаттады. Ал, қазақ әдебиеті тарихында Шәді Жәңгірұлы тарапынан жазылған Алла елшісінің өмір жолын насихаттайтын «Назым Сияр-Шариф», немесе пайғамбарлардың ұлығы саналатын Ибраһим (ғ.с.) жайлы «Назым Ибраһим Халилолла» қиссаларымен қатар «Дәуіт уақытындағы рәйіс», «Мұса мен Перғауын» атты дастандары, Жүсіпбек Шайхисламұлының «Қисса Мұса ғалейһиссалам илән Қарун хикаясы», «Кесік бас» дастаны, Нұралы Нысанбайұлының «Гүлзейнет» қиссасы мен «Мұхаммед ғалейһи саламның Әбу Жәһилмен күрескені» атты дастаны, Майлықожа Сұлтанқожаұлының «Мұхаммед пайғамбардың қиссасы», «Әзіреті Мұхаммед Саллаллаһу әләйһи уәс-сәләм» атты дастандары, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Сүлеймен мен Ібіліс», «Хазірет Нұхқа 370 жасында пайғамбарлық берілді», «Жүсіп пайғамбар туралы», «Жаппардың пайғамбарды қонаққа шақырғаны», Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.) туралы «Хаятбақшы», «Миғраж», «Мұхаммед пен Әбужаһил», «Мұхаммедке пайғамбарлық келгені», «Пайғамбардың соңғы тілегі», «Пайғамбардың өсиеті», «Пайғамбардың дүниеден өтуі», «Пайғамбардың ақтық үні», «Расулдың өлімі» атты дастандары, Ақыт Үлімжіұлының «Мұса пайғамбардың мойындауы», «Мұсаның Қызырға жолдас болуы», «Смағұл қиссасы», Сүлеймен мен байғұздың хикаясы» сынды жыр-дастандар ХІХ ғасыр мен ХХ ғасыр басындағы елді діни-ағартуды көздеген шығармалар екені даусыз.

Жалпы тарихи, әдеби шығармалар Пайғамбарлардың өмірлік өнегесін бейнелеуде «Нәби», «Әнбия», «Расул» терминдерін көптеп қолданғандықтан зерттеу барысында бұл терминдердің өзіндік мағынасы мен ерекшеліктеріне назар аудару қажеттігі көрінді.

Исламтанушы мамандар Алла тарапынан жіберілген пайғамбарларды «Нәби» және «Расул» деп екі топқа бөліп, олардың өзіндік миссияларын түсіндіріп берген. Дінтанушы ғалым, С.Сейтбеков оларды былай деп түсіндіреді:

«Нәби» сөзі – «хабаршы» деген ұғымды білдіреді. Демек, нәби – Алладан келген әмір мен тыйымдардан халықты хабардар етуші, жеткізуші деген сөз. Нәби сөзінің көпше түрі әнбия (хабаршылар). «Нәби» сөзі ұғымдық һәм терминдік жағынан «Расул» сөзімен мазмұндас. Бірақ, нәби пайғамбарлар жаңа шарифат не жаңа кітап әкелмейді, олар өзіне дейінгі иләһи заңдылықтарды жалғастырушы. Ал «Расул» деп өзіне кітап түскен пайғамбарларды атаймыз. Екі сөздің (нәби мен расул) мағына жағынан айырылысатын тұсы да осы жер. Мәселен, алғашқыда Хазірет Мұсаның шарифатын ұстанып, қауымына соны уағыздаған Хазіреті Яхяға (а.с.), Алла Хазіреті Иса (а.с.) жаңа шарифатпен келген тұста сол шарифатты ұстануын әмір етеді. Яғни, бұл жерде Хазіреті Яхя (а.с.) нәби болады да, Хазіреті Исаны (а.с.) – расул деп білеміз. «Расул» – «елші» деген ұғымды білдіреді. Яғни, «расул» сөзі Алланың әмірімен адамдарға

жаңа шарифатпен жіберілген пайғамбарларға тән. Расул мәртебесіндегі пайғамбар өзіне дейінгі шарифатты мансұқтап, жаңаша үкімдермен жеткізеді. Расул пайғамбарларға Алла Тағала көбіне кітап немесе парақтар түсірген. Сол себептен де әрбір расул нәби, әрбір нәби расул бола алмайды [140, б. 260]. Демек, пайғамбарлардың өмірлік өнегесін танып білу және олар туралы жазылып қалдырылған құнды әдеби жәдігерлерді зерттеуде жоғарыдағы мәліметтер көп пайда беретіні сөзсіз.

XIX ғасыр мен XX ғасыр басында «Пайғамбарлардың әдебиеттегі бейнесін» әдеби шығармалар арқылы қоғамда насихаттауда Шәді Жәңгірұлының еңбегі орасан зор. Профессор Шәкір Ыбыраевтың сөзімен айтсақ, «Шәді мұрасы әділдік таразысына қызмет еткен ой-пікірлердің жиынтығы ғана емес, әдемілеп өрілген тарихи тақырыптағы поэзия» [134, б.10].

Ақынның адамзаттың асылы, ғаламның рахмет нұры – Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.) өмірін өлеңмен өрнектеген «Назым Сияр Шариф» атты шығармасы жоғарыда профессор Шәкір Ыбыраевтың пікірлерінің қаншалықты шындыққа жақын екенін дәлелдеп берді. Ал, ғалым Мекемтас Мырзахметұлы, бұл шығарма жайлы:

«Назым Сияр Шәриф» қиссасы исламият тарихының ең өзекті тақырыбына айналған пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.а.у.) тарихи шындыққа сай жеке өмірбаяны мен қырық жасында пайғамбарлық дарып, политеистік, яғни көпқұдайға табынған адамзат баласының арасында жалғыз Аллаға ғана табынатын Ислам дінін тарату, насихаттау жолындағы күрес жолы ақын жырына арқау болып өрілетін құбылысты көреміз. Бұл қисса-дастанның композициялық құрылысы мен сюжеттік желісіне арқау болып тартылған желісінің негізі теологиялық мұсылмандық әдебиетінде молынан айтылып аңызданған әдеби-тарихи дерек-мағлұматтардан алынғаны талассыз. Мәселе – осы дерек-мағлұматтарды қисынын тауып қиыстырған Ш. Жәңгірұлының ақындық шеберлігі» [134, б. 6].

Бұл тарихи шығармасын ақын оқырманға жеткізуде Құран Кәрім тәпсірлерімен қатар Алла елшісінің (с.а.у.) хадистері мен көптеген Ислам ғалымдарының танымал еңбектерін негізге ала отырып, түркі тілінде жазып шыққан. Мысалы, Шәді ақынның Алла елшісінің (с.а.у.) өмірін жырлауда пайдаланған негізгі еңбегі орта ғасырда өмір сүрген ғалым Мұхаммед ибн Мұхаммед Алты Бармақтың «Мұхаммедтің Пайғамбарлық дәлелдері» атты еңбегі деуге болады. 1913 жылы Ташкенттегі Ғұлам Хасан Арифжанов литографиясынан баспа бетін көрген «Назым Сияр Шәриф» кітабында:

Бір кітап «Алты бармақ» қойған аты,  
Сирадан алынғандүр әслі заты.  
Шығарып бұл кітапты андин айттым,  
Муғтабар болғандықтан риуаяты, [141, б. 5] – деген шумақ бар.

Шәді ақын өзінің шығармасына негіз етіп алған «Алты бармақ» кітабы жайлы ізденістеріміз нәтижесі, шын мәнінде XIX ғасыр мен XX ғасыр

басындағы қазақ ақындары шығармашылығы орта ғасырлық түркі халықтары әдебиетінің озық үлгілерінен жалғасып келе жатқан үзілмес шынжыр болғандығына көзімізді жеткізе түсті.

Тақырыптық-мазмұндық жағынан алғанда Шәді шығармасы Алты Бармақ кітабын басшылыққа алған, дегенмен оны сөзбе-сөз поэзия түрінде қайталап жырлап шыққан емес. Яғни, ақын мұнда шығыс әдебиетіндегі «назира» дәстүрін пайдаланған. Мысалы, ақын «Сияр» кітабында негізге алынған Алла елшісінің (с.а.у.) қырық хадисін толығымен қамти алмағанын жеткізе отырып:

Муғтабар үлкен кітап Сияр-Шәриф,  
Құраннан Молда Муъин жазған алып.  
Дурудтың фәзәилін баян етіп,  
Расулдың қырық хадисін қойды салып.

Айтпаққа бәрін бірден келмес шама,  
Баршасы ілгергідей сауап һәмә [134, б. 43], – деп жырласа, шығарманың жазылу себебіне арналған бөлімде ақынның берген мәліметіне қарағанда, сол заманның танымал тұлғасы, ғылым хал мен қал ілімдерін жетік меңгерген, Ясауи жолын ұстанған, Пайғамбарымыздың (с.а.у.) Хусейн атты немересінен тараған ұрпақтардың бірі Сейіт Ахмет есімді ұстаз Шәдіге бұл шығарманы жазуды ұсынып: «Пайғамбарымыздың (с.а.у.) өмірлік өнегелері сира кітаптарында көп жазылған. Алайда, бұлар өзге тілдерде жазылғандықтан түркінің арасында ауам халықтар оны түсініп оқи алмай қиналып жатады. Осы тарихты назыммен (өлеңмен) жырлап шықсаңыз, ауам халық оңайлықпен танып білсе екен» деген ұсыныс білдіреді. Сондықтан ақын:

Өзіме ердің әмірін лайық білдім,  
Сираны назым етпекке қалам ұрдым.  
Бағзы бір ихтилаф бар оқиғаны,  
Айтпақтан өзім тартып таукиф қылдым.

Сиярдың рүкнісінің әуелгісін,  
Ілгергі мурсәлдардың қылған ісін,  
Зікір етпей бұл кітаптан тастап кеттім,  
Пәрмені Расул сөзі болған үшін [134, б. 48] – дейді.

Шәді ең әуелі Аллаға мадақ, Пайғамбарға салауат айта отырып Құран Кәрімнің кіріспесі әрі ашушысы аталатын «Фатиха» сүресінің қасиеттері туралы сөз етеді:

Хақиқат Кәләм шәриф – Хақ кәламы,  
Өзі һәм хәмдімен әуелі бастады оны.  
Жазылған сүрелердің тәртібінде,  
«Фатиханың» әуелі еді сүрелері.



Өзінің күдіретімен Қадыр Құда,  
«Әл-хәмд» деп бұл сүрені қылды ибтида.  
Өзгеден мәртебесін жоғары етіп,  
Ат қойды «Фәтихатул-китәб» мунға [134, б. 40].

Фатиха сүресінің қасиеттерін жырға қосқан соң ақын Пайғамбарымызға (с.а.у.) салауат айта отырып, «Сәбәб-и тәсниф-е китаб бихәзән-назм» яғни, шығарманың жазылу себебіне тоқталады. Содан кейінгі Алла елшісінің (с.а.у.) «нұрының» жаралғаны, туған күнінен бастап, өміріндегі қызықты, өнегелі әрі мұғжизалы «Шаққ-е садр» сынды оқиғалармен қатар Қадиша анамызбен некелесуі, Пайғамбарлық уахидің түсуі, асыл дініміз Исламды тарату жолында көрген ауыр азаптары мен қиындықтары, Мекке қаласынан Мәдинаға хижрат еткені, ансарилердің Исламды қабылдағаны, Миғраж оқиғасы және одан кейінгі тарихи деректер желісі «Алты Бармақ» кітабымен қатар жүріп, аса қызықты әрі кез келген оқырманға тартымды етіп жырланған. Алты Бармақ кітабы прозалық үлгіде жазылса, Шәді ақын шығармасы ең алдымен поэзиялық үлгіде жазылғандығын ескеру керек.

Профессор Зәки Ахметов, «Өлең – сөздің теориясы» атты еңбегінде: «Қазақ поэзиясында өлең ырғағының тірегі – буын, яғни ырғақ буын санымен өлшенеді. Сондықтан қазақ өлеңі силлабикалық (силлабо – грек тілінен буын деген мағына береді) жүйеге жатады. Буын санына жататын силлабикалық өлеңдер қазақ поэзиясымен қатар түркі тілдес өзбек, қырғыз, түрікмен, татар, әзербайжан, башқұрт сынды халықтар әдебиетінде, сондай-ақ француз, чех халықтары әдебиетінде қолданылады» [142, б. 126] – дейді.

Шәді ақын шығармаларының барлығы дерлік силлабикалық өлеңдер жүйесіне жатады. Сияр Шәрифтің өлең құрылысына назар аударған ғалым Мекемтас Мырзахметұлы, шығарма толығымен 11 буынды өлең құрылысымен жазылғандығын айтады:

«Шәді Жәңгірұлының «Назым Сияр Шәриф» дастаны бастан-аяқ өлең ағымын сақтап жазылған көркем туынды. Өйткені өткен заманда өлең жазған ақындар өз тыңдаушысының ұғым-танымын ескере отырып, яғни тыңдаушы өлеңді жатқа алып айтқанда жаттауға оңай болу үшін белгілі бір әнге салып, ықылдап отырып жазатын болған. Мысалы, «Айнамгөз» әніне салып жазғанда буын саны 11 буынды өлеңде:

xxx xxxx xxxx (3 + 4 + 4 = 11) түрінде келіп отырады. Осы өлең буынындағы осы ерекшелікті Шәді өз дастанында бастан-аяқ бұлжытпай отырып қолданған ерекшелікті көреміз. Мысалы:

Шәклінде // қызыл төбе // орны тұрып,  
Жүрер-ді // шарапатын // барша біліп,  
Ибраһим пайғамбар һәм Исмайыл,  
Үшінші // Қағба салды // бина етіп, – деген өлең шумағын схемаға

түсірсек:

xxx // xxxx // xxxx = 11 буын

xxx // xxxx // xxxx = 11 буын

xxx // xxxx // xxxx = 11 буын

xxx // xxxx // xxxx = 11 буын қалыбына түседі де, оны Айнамгөз әнінің ырғағына салып айтуға келеді» [134, б. 8] – дейді.

Шығармада араб, парсы тілдерінен кірген кірме сөздердің көп болуының негізгі себебі, ақын ең алдымен діни білімдерін араб, парсы тілдерінде жазылған еңбектер арқылы алғандығынан, сондай-ақ ақын бұл шығармасын тек қазақ тілді оқырманға емес, керісінше түркі халықтарының барлығы бірдей оқып түсіне алатындай стильде жазған. Бұл жағынан алғанда Шәді танымы Түркі халықтарының бірлігі жолында аянбай қызмет жасаған жәдид ғалымдарының көзқарастарымен, таным-түсінігімен үндесіп жатады деуге болады.

Шәді Жәңгірұлының Құран Кәрімде аты аталған ұлы пайғамбарлардың бірі Ибраһим (ғ.с.) жайлы жазған көлемді шығармасы «Ибраһим Халилолла» қиссасы.

Қазақстан Республикасы БҒМ Ғылым комитеті «Ғылым ордасы» РМК орталық ғылыми кітапханасының сирек қолжазбалар қорында сақтаулы «Ибраһим Халилолла» қиссасы қордағы әдеби жәдігерлер арасында жарыққа шығу кезегін күтіп тұрғандай күйде болатын.

2014 жылы Оңтүстік өңірінің тарихи-рухани мұраларына арналған «Қазыналы Оңтүстік» көптомдық кітаптары жобасы аясында Шәді ақын әдеби мұраларын жинақтау жұмыстары қолға алынып, ақынның шығармаларына арналған 227 томға «Ибраһим Халилолла» қиссасын қазіргі қазақ графикасына түсіріп, асылмәтін, түсініктері және түсіндірме сөздігімен жарияланды.

Шәді ақын Пайғамбарлардың ұлықтарынан саналатын Ибраһимның (ғ.с.) пайғамбарлық өмір өткелдерімен қатар онымен замандас нәби пайғамбарлардан Лұт (а.с.), Һұд (а.с.) және Ибраһимның (а.с.) перзенттері Исмайыл (а.с.) мен Исхақ (а.с.) өміріндегі түрлі кереметтерге бай оқиғалар жайлы 3104 жолдан, 776 шумақтан тұратын қиссаны сәтті жырлап шыққан.

Ақын әдеттегідей, Аллаға мадақ, пайғамбарға салауат айта отырып, шығармаға кіріспе ретінде 64 жол мінәжат арнаған. Мұнда Шәді шығарманың әсерлі болуы, оқырманын терең ойлануға тартуы үшін алдымен шынайы өмірлік ақиқаттарды санамалап өтеді:

Мынау жер, тау менен тас, анау көгің,  
Өлшеусіз, түпсіз шыңырау дария көлің,  
Шақаның мың теңгелік асыл тастары,  
Ем болған әр нәрсеге жерде шөбің [143, б. 5].

Жұмыр жер, тау менен тас, аспан әлемі, өлшеусіз, түпсіз шыңырау дариялар мен көлдер, асыл тастар, әртүрлі дертке шипа болатын жеміс-жидектер мен дәруменді шөптер, әсем табиғаттың сөз жетпейтін сұлулығы, көз

жеткісіз тоғайлар – мұның бәрін «Жараттың Қадір Алла оңай бәрін» деп Алланың теңдессіз құдірет күшін мойындап, тыңдаушыға да соны үлгі ұсынады.

Жоғарыда ақынның суреттеген табиғаттың тылсым дүниелері, аспан мен жер, жаңбыр, түрлі түсті өсімдіктер мен жеміс-жидектер туралы ойлары Құранның мына бір аятына негізделе жырланғандай:

*«Ол сондай Алла, сендерге жерді төсек, аспанды төбе етіп жаратты. Әрі көктен жаңбыр жаудырып, сол арқылы сендер үшін әр түрлі өсімдіктен ризық шығарды. Сондықтан біле тұра Аллаға шерік қатпаңдар»* (Бақара сүресі, 22-аят).

Шәді Алла тағаланың көркем есім сипаттарынан «Әл-Қадир» сипатын казақи тұрғыда көркемдеп түсіндіріп өтеді «Жоқтан бар, бар нәрсені Сен жоқ еттің, Пендеңе құдіретінді құп көрсеттің» – деп, «Әсліміз бір қатра аб һәм мәни», – деп, адамзат баласының «бір қатра аб – бір тамшы сұйықтық», яғни «мәни – ұрықтан (сперма)» пайда болатынын атап өтеді.

Дәл осы үдерісті Шәді ақыннан шамамен сегіз ғасыр бұрын өмір сүрген атақты шайыр Хакім атаның (Сүлеймен Бақырғани) шығармалары арасынан кездестірдік:

Жоқ едік бізді бар қылды,  
Тән жаратты жан берді,  
Тамшы судан біздерді,  
Осындай көрікті қылды-йә [144, б. 202].

XIX ғасырдың жаратылыстану жөніндегі заманауи ғылымы «Адам – маймылдан пайда болған» деп әлемге жар салған ағылшын натуралисті Чарльз Дарвиннің тұжырымын бүкіл адамзат баласына ұрандатқан тұста Ресей Империясының білімділері тарапынан «бұратана» атандырылған халықтың өкілі «Шәді төре» адамзат баласының бір тамшы судан пайда болғандығын халқына қалайша дөп басып айта білді?! Бұл білімді қайдан үйренді? Міне, бұл сұрақтарға Шәді ақын Құран Кәрімнен жауап тапқанын көруге болады. Себебі, осыдан шамамен 1400 жыл бұрын Алла тағала Құран Кәрімнің бірнеше сүресінде ескерткені мәлім. Мысалы, Қиямет сүресінде:

*Адам баласы бос қоя берілеміз деп ойлай ма? (36) Ол, (жатырға) тамызылған бір тамшы мәни емес пе?(37) Сосын ол, ұйыған қан болды. Сонда Алла жаратып бейнеледі. (38) Сонда одан ер, әйел екі жыныс жаратты. (39)* (Қиямет сүресі, 36-39-аяттар).

Шәді ақын бұл үдерісті одан әрі дәлелдей түсуді қалайды:

Әсліміз бір қатра аб һәм мәни,  
Рахмына<sup>7</sup> анамыздың қойдың оны.  
Қарнында сурет етіп жан кіргізіп,

---

<sup>7</sup> жатыр

Аяқ-қол, ағзасының бітті бәрі.

Тоғыз ай он күннен соң дүниеге іліндік,  
Ананың құрсағында жарық көрдік.  
Ия, Алла, өз пазылың<sup>8</sup> болмағанда,  
Бұл түрлі халық болып жүрмес едік. [143, б. 6]

Ақын осы түрлі маңызды адамзаттық мәселелерді еске сала отырып, тыңдаушысын терең ойлауға бастайды әрі оқырманды келесі айтылатын шынайы тарихи оқиғаларға психологиялық тұрғыда дайындап алады.

Шынайы тарихи оқиғалар деп отырғанымыз – Құран Кәрімдегі ақын жырлап отырған пайғамбарлар жайлы деректер. Әрине, бұл деректермен қатар ақын өзінен бұрын өткен Ислам ғалымдарының еңбектерімен де етене таныс болғандығын жоғарыда сөз еттік. Сонымен қатар, ақын шығарма соңында бұл қиссаны жазу барысында қандай еңбекке сүйенгенін айтып өткен:

Қиссасын Шарх Сияр Шарифиден,

Назым еттім бұл сөздерді одан алып [143, б. 119], – яғни, Пайғамбарлар тарихына түсіндірме кітабын негізге ала отырып бұл шығарманы жазып шықтым, – дейді ақын.

Адам атадан басталған елшілер арасында «Ұлул азм» (Ұлық пайғамбарлар) пайғамбарлар бар. Олардың саны – бесеу. Олар: Нұх (а.с.), Ибраһим (а.с.), Мұса (а.с.), Иса (а.с.) және пайғамбарлардың соңғысы Мұхаммед (с.а.у.). Олар туралы Алла тағала Ахзаб (7-аят), Шура сүрелерінде (13-аят) еске алған. Ақын бұл туралы:

Әуелі пайғамбарың Әзірет Адам,  
Ақыры Расул Құда хайрул әнам<sup>9</sup>.  
Ілгергі барлық өткен пайғамбарлар,  
Бұлардың ортасында болған тамам<sup>10</sup>.

Ішінде үш мың үш жүз мурсалин<sup>11</sup> бар,  
Олардың жиырма төрті абзалдары.  
Алладан тоғызына кітап түскен,  
Улул әзм бесеуі деп қылған изһар [143, б. 7].

Бұл пайғамбарлар Алла тарапынан келген сан түрлі ауыртпалықтарға төтеп беріп, Аллаға серт еткен, ақиқат жолды үгіттеуден бір сәт те бас тартқан емес. Міне, сондықтан да оларға «Ұлық пайғамбарлар» деп ерекше құрмет көрсетілген. Сол ұлық пайғамбардың бірі сөзсіз, Ибраһим (а.с.) еді.

Ақын елшілердің абзалы Мұхаммед (с.а.у.) екендігін айта келе, Ибраһимның да (ғ.с.) Алланың досы дәрежесіне көтерілген ұлы пайғамбар

<sup>8</sup> фәзл, фәзиләт – қасиет

<sup>9</sup> Адамзаттың абзалы, ең жақсысы

<sup>10</sup> ақыр, соңы

<sup>11</sup> пайғамбар

екендігін және бұлар туралы пайғамбарлар қиссасында көп баяндалғанын, солардың арасынан өзі шамасы келгенше Ибраһимның (ғ.с.) өмірлік оқиғаларын баяндауды мақсат еткенін жеткізеді:

Абзалы баршасының Расул Құда,  
Ат болды Хайрул бәшәр дәлел аңа.  
Аршы Ағла айуанына атын жазып,  
Алладан хабибім деп келген нида.

Екінші – Ибраһим-дүр Азар ұлы,  
Халилімнің бірі деп нида қылды.  
Пазылымен Ибраһимнан пайда болып,  
Қаншама пайғамбар мен нәби туды.

Қиссасы баршасының қиссаста көп,  
Болмайды айтпағыма бәрін бірдеп.  
Мүжмәлмен өз хәлімше талап еттім,  
Халилдің рух шәрифін бытыратсам деп [143, б. 7].

Ақын шығарманың негізгі бөлігін Ибраһимнің (ғ.с.) пайғамбарлық өмір жолына арнайды. Мұнда ақын Ибраһиммен (ғ.с.) байланысты отызға жуық тарихи оқиғаларды сөз етеді. Атап айтқанда: туылғаннан бастап болған оқиғалармен қатар жастайынан әкесі Азарды (кейбір деректерде әкесінің есімі Тарих деп беріледі. Т.Х.) пұт жасап сатудан қайтару үшін жасаған талпыныс-әрекеттері, пұттарды жою оқиғасы, Намрудтың Ибраһимды отқа жаққан кезіндегі Алла тағаланың көрсеткен мұғжизасы, Ибраһимның (ғ.с.) Сарамен қосылғаны, Мысыр патшасының Ибраһимға (ғ.с.) жасаған қиянаты, Ажармен үйленген оқиғасы, Ибраһим (ғ.с.) мен Сара, Ажар үшеуі Шам жерінде Бәйтул Муқаддасқа барып тұрақтағаны, Намруд наданның Алланың әскерімен соғысқандығы, Ибраһимның (ғ.с.) бірнеше қалаларға барып Алланың әмірлерін жеткізгені, Исмайылдың (ғ.с.) дүниеге келуі, Ибраһимның (ғ.с.) Ажар мен Исмайылды қураған шөлге тастап кетуі, «Зәм-зәм» бұлағының шығуы, Ибраһимның (ғ.с.) түс көруі, Исмайылды (ғ.с.) құрбандыққа шалу оқиғасы, Жәннаттан жіберілген қой оқиғасы, Ибраһимның (ғ.с.) баласы Исмайылмен бірге Қағбаны тұрғызғаны, Қағбаның алғашқы пайда болу тарихы, Әзірет Исхақтың дүниеге келгені жайлы оқиғалар жырға арқау болған.

Мысалы, Шәді ақын Намруд залымның әскерлері Ибраһимның (ғ.с.) қол-аяғын байлап, «манжанық» деген атқы арқылы отқа атарда Жәбірейіл (ғ.с.) көктен еніп, көмектесу үшін келгендегі жайын былай жырлайды:

«Ибраһим Жәбірейілге айтты тұрып,  
Әмір етіп жіберді ме Хақ бұйырып»,  
Жәбірейіл Халилге айтты өзім келдім,  
Ажыратып алмақ үшін жәрдем беріп [143, б. 32]

– деп, бірер қажеті болса айтуын, оған көмектесуге келгенін айтқанда, Ибраһим: «Саған ешқандай қажеттілігім жоқ. Тек Аллаға ғана қажетім бар», – деп жауап береді. «Олай болса Аллаға қажетінді неге айтпайсың?» – деп сұраған Жәбірейілге Ибраһим: «Өзіне халім мәлім. Алла маған жетеді, Ол нендей жақсы Ие» деп, нағыз Аллаға ғана сиынады. Ақын бұл жағдайды былайша суреттепті:

Ибраһим бұл сөзді айтты жауап беріп:  
«Баршасын құдіретімен тұрар көріп.  
Алланың күйдірмекке әмірі болса,  
Зәредей арманым жоқ кетсем өліп [143, б. 32].

Ақын сол сәттегі Алла тағала тарапынан болған мұғжизаны былай жырлайды:

Ибраһим сол уақытта отқа жетті,  
Намрудтың көйлектері күйіп кетті.  
«Ия, от, Ибраһимды күйдірме?» деп,  
Бір Құдай құдіретімен нида<sup>12</sup> етті.

Жәбірейіл Хақ әмірімен көктен еніп,  
Сипады қанатымен отты келіп.  
От іші бақ-бостан гүлзар болды,  
Ағашқа хулла<sup>13</sup> жапқан миуа өніп [143, б. 33 ]

Жырға негізгі арқау болған Құран Кәрімдегі бұл мұғжизалы оқиға Әнбия сүресінің 69-70-аяттарында төмендегідей баяндалғанын көруге болады:

*«Әй от! Ибраһимға салқын, зиянсыз бол» дедік. Олардың Ибраһим (ғ.с) ға қастық істегілері келді. Бірақ өздерін сәтсіздікке ұшыраттық (Әнбия сүресі, 69-70-аяттар).*

Бұл оқиға бүкіл адамзат баласына өнеге боларлық тарихи оқиға екені мәлім. Тарихи деуіміздің мәні оны әлемдердің Жаратушысы айтып отыр. Бізге Құран арқылы жеткен бұл қисса кейінгі дәуірлерде талай шығармалардың өзекті тақырыбына айналған. Солардың бірі сопылық әдебиеттің асыл үлгілерінен саналатын XIV ғасырда Ысхақ ата тарапынан жазып қалдырылған «Хадикат ул-арифин» атты шығармада да көрініс беріпті. Шығарманың «Мағрифат жайлы сөз» бөлімінде автор Ибраһимның (ғ.с.) Аллаға деген ықыласын осы оқиға арқылы айқындай отырып: «Ибраһим Халилуллаһдың сордыләрки, не үчүн Намруд отыда күймәдің. Жауаб әйділәрки, «Әл мухтариқ ла йәхтәриқ. Йә'ни, бір қәтлә күйгәнни робәра күйдүрмәс. Бәс, бір көңілікім, муһәббәт дост ашығы күймәс болса, дунйа отыдын һеч әсәр уә зәрәр йеталмас [145, б. 98].

---

<sup>12</sup> үн, дауыс

<sup>13</sup> киім, жабынғы

Мағынасы: *«Ибраһим Халилуддан сұрады, неліктен Намрудтың отында күймедің? Жауап берді, бір мәрте күйген қайта күймейді. Яғни, жүрек зашықтық жолда бір рет күйсе, оған дүние оты әсер ете алмайды».*

Шәді Жәңгірұлы шығармасындағы тағы бір ерекше сюжет, «Ибраһимның (ғ.с.) баласы Исмайылмен бірге Қағбаны тұрғызғаны» жайлы оқиға. Бұл жөнінде Құран Кәрімде:

*«Сол уақта Ибраһим мен Исмайыл (ғ.с.) үйдің (Қағбаның) ірге тасын көтере: «Бізден қабыл ет, күдіксіз Сен тілекті тым естуші, толық білушісің» деді»* (Бақара сүресі, 127-аят) делінген.

Аят тәпсірлерін негізге алған ақын оқиғаны былайша жырлапты:

Қағбаның әмір еткен ғимараты,  
Таспенен тамам болып бітті бәрі.  
Алладан Ибраһимға илһам болды,  
Айналып тауап ет деп Байтулланы.

Қаждағы парыз, уәжіп, сүннеттерін  
Жәбірейіл тағылым берді оның бәрін.  
Қағбаны ата-ұғыл тауап қылып,  
Әмірін орындады бір Алланың [143, б. 88].

Бұл тақырыпты ерекше айтып отырған себебіміз, ақын адамзат тарихында ғасырлар бойы маңызды рөл атқарып келе жатқан, бүгінгі таңда миллиондаған мұсылмандардың қасиетті орны саналатын Қағбаның тарихы жайлы Құран дерегін көркем сөзбен оқырманға ұсынған.

Ғалымдардың айтуынша, адамзат баласы тарихында жүз жиырма төрт мың пайғамбар болған. Ал ең соңғы дереккөз болып табылатын Құран Кәрімде 25 пайғамбардың есімдері зікір етілген. Шәді Жәңгірұлы бұл шығармасында Алланың расулы Ибраһимның (ғ.с.) тарихымен бірге онымен замандас, оған келген шарифатқа мойынсұнып, құлай қызмет жасаған Лұт (ғ.с.) және Һүд (ғ.с.) мен олардың өмір сүрген ортасы, қауымы, Лұттың (ғ.с.) халқын жерге жұтқызғаны жайлы оқиғаларды да жырға арқау еткен. Сонымен қатар, ақын Ибраһим Халилолланың заманында адамзат баласына әдет болған, бүгінгі таңда мұсылмандар түрлі құлшылықтарда жасайтын іс-әрекеттер туралы да хабар береді. Мысалы:

Көп еді Ибраһимның қиссасы,  
Қылмаған мұнан бұрын ешбір кісі.  
Мазмаза<sup>14</sup>, мисуәк<sup>15</sup> қылмақ ыштан кимек,  
Әуелі ол нәбидің қылған ісі.

Суменен істеу истинжаны<sup>16</sup>,

<sup>14</sup> ауыз шаю

<sup>15</sup> тіс тазалағыш

<sup>16</sup> ішкі жыныс мүшелерін тазалап жуу

Әуелі Халилолла қылған оны.  
Шаш алмақ, мұртын басмақ, тырнақ алу,  
Бұл істер әуел оның қылғандары.

Аяққа кебіс кимек одан қалған,  
Бұл еді ғанимының<sup>17</sup> малын алған.  
Алланың дәрғаһынан илһам болып,  
Әуелі Халилолла сүннеттелген.

Ілгергі өткендердің бәрі һәмма,  
Сақалы тұрар еді болып қарша.  
Сақалға нышан болып ақ кірмектік,  
Ибраһим пайғамбардан қалған жана [143, б. 111].

Ақын міне, осындай маңызды тарихи деректерді көркемсөзбен баяндай отырып, Ибраһимның (ғ.с.) қайтыс болуы жайлы оқиғалармен шығармасын аяқтайды.

XIX ғасырдағы өзбек әдебиетінің Қоқан әдеби ортасындағы өзіндік орны бар, өзбек классик әдебиетінің дамуына салмақты үлес қосқан ақын – Султонхон Адо. Негізгі мақсатымыз пайғамбарлар бейнесінің ақын шығармаларындағы көріністерін зерттеу болғандықтан бұл тарауда ақынның «Гапур» яғни «Сөйле» ғазалына көркемдік, идеялық тұрғыдан баға берумен шектелуді, басқа да діни-ағартушылық бағыттағы шығармаларын алда жүргізілетін зерттеулерімізде қарастыруды жөн деп таптық.

Ғазал назира үлгісінде жазылғанымен өзіне тән идеясы мен мазмұны жағынан ерекше бағалауға лайық. Ақынның пайғамбарлар өміріндегі ерекше құбылыстардан хабар беретін кілт сөздерді немесе Құран Кәрім аяттарын өлеңге сыйғызуы, ең алдымен оның кемел ақындық тәжірибесінен дерек берсе, бір жағынан оқырманға тың деректерді ұсынғанын көруге болады:

Минг шубон кўрсат, яди байзоу Мусодин гапур,  
Ояти «анзур илайк» у Тури Синодин гапур [146, б. 37].

Мағынасы: *«Мың шопанды көрсет, бірақ қолы әппақ Мұса (ғ.с.) жайлы сөйле, «анзур илайк» аятынан және Тур мен Сина тауы жайлы сөйле».*

Классик әдебиеттің барлық жанрларында, әсіресе, ғазалдарда әдебиет теориясының көркем әдістерінен пайдаланудың пайдасы мол. Солардың бірі «талмих» әдісі. Талмих – араб тілінен «назар аудару», «көз қырын салу» деген мағыналарды бергенімен әдебиеттану ғылымының термині ретінде тарихи тұлға немесе аты аңызға айналған адамдар, сонымен қатар атақты шығармалардың кейіпкерлерін таныту мақсатында соларға тән бір құбылысты көркем үлгіде ықшамдап жеткізуге айтылады. Қазақ әдебиеттану ғылымында

---

<sup>17</sup> дұшпан



алғашқылардың бірі болып «Ислами әдебиет» жәдігерлерін зерттеп, олардың идеялық-көркемдік, жанрлық ерекшеліктеріне назар аударып жүрген ғалым Төрәлі Қыдыр талмихты ислами шығармаларға тән айшықтаудың бір түрі ретінде қарастырып, оған мынадай анықтама ұсынған:

«Ақын немесе жазушының өз ойын дәлелдеуде Құранның белгілі аяттарына, пайғамбардың танымал өсиеттеріне немесе әулие-әнбиелердің канатты сөздеріне сілтеме жасауы. Ең бастысы, ақын онда баяндалатын жағдайды (аяттағы, хадистегі) тура түпнұсқа қалпында емес, оны өз сөзімен еркін жеткізеді» [87, б. 57] – дей отырып, ислами әдебиеттің ортағасырлық үлгісі Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» шығармасынан мысал келтіреді.

Ақын Адо шығармаларында бұл әдістен ұтымды пайдаланған деуге болады. Бәйітке назар аударайық:

*«Мың шопанды көрсет, бірақ қолы әппақ Мұса (ғ.с.) жайлы сөйле, «анзур илайк» аятынан және Тур мен Сина тауы жайлы сөйле» деп тұр.*

Бәйіттің мағынасын терең түсіну үшін Құран Кәрім тәпсірлеріне жүгінуге тура келеді. Құранның бірнеше сүрелерінде Мұсаның (ғ.с.) қиссалары зикір етілген. Мысалы, «Кәһф» сүресінде Мұса (ғ.с.) мен Қызырдың (ғ.с.) кездесуі оқиғасы баяндалса, «Қасас», немесе «Ағраф», «Таһа», «Шуғара», «Нәмл» сүрелерінде жоғарыда ақын «мың шопанды көрсет» деп еске салып отырған Мұсаның (ғ.с.) Мадиян қаласындағы өмірі, оның екі қызға көмектесуі, нәтижесінде қыздардың қартайып қалған әкесіне шопандық қызмет етуі, уақыт өте келе қыздардың бірімен үйленуі жайындағы қиссаны еске салады. Сондай-ақ ақынның «қолы әппақ Мұса» деп отырғаны Мұса (ғ.с.) мен Ферғаун арасындағы оқиғаларды бейнелейтін «Таһа» сүресінің 22-аяттарын еске салады. Ал, бәйіттегі «анзур илайк» тіркесі Құранның «Ағраф» сүресінің 143-аятында келетін Мұсаның (ғ.с.) «Сені көрейін» деген сөзі. Сонымен бірге *Тур мен Сина тауы жайлы сөйле*» дей отырып, ақын Мұса жайлы маңызды тарихи оқиғалардан хабар бергісі келеді.

Зерттеуші ғалым Өткірбек Мадумаров (Ұткірбек Мадумаров) бәйіттің идеялық мәнін айқындай келе: «Мұса (ғ.с.) Ферғаунның зұлымына сабырлық танытып, «Таухид» ілімін насихаттауда бүкіл қайрат-жігерін іске салды. Нәтижеде, Алла тағаламен сөйлесу бақытына қол жеткізді»[147, 403], – дейді. Мұсаға (ғ.с.) Алла тағаламен сөйлесу бақыты бұйырғаны тарихи деректерден де белгілі. Аят тәпсіріне назар аударсақ, бұл ғажайып оқиға Тур тауында болған. Сонда Мұса: *«Раббым, маған Өзіңді көрсет, Сені көрейін»,* дейді. (Алла): *«Мені, әсте көре алмайсың, бірақ тауға қара, сонда егер ол орнында тұра алса, сен де Мені көресің»* деді. Сонда Раббы тауға елестеген сәтте, оны быт-шыт қылды. Мұса (ғ.с.) да талып түсті. Есі кіре сала: *«Сен пәксің, Саған тәубе еттім, әрі мен сенушілердің алғашқысымын»* деді. Сондай-ақ, *«Қолыңды қолтығыңа кіргіз, әппақ болып шығады. Бұл басқа бір мұғжиза* [148, б. 313].

Жоғарыдағы аяттардан әрбір иманды жан өзіне тиісті өнегесін алуы мүмкін. Ақын да осындай өнегелі оқиғаларды сөз өнерін сүйген жандарға көркем үлгімен жеткізген. Ғазалдың келесі бәйітіне назар аударайық:

Рәузә деб келдинг чаман базмида, эй Идрис сен,  
Тубаю жәннәтні қой, қадду бәладың гапур [146, б. 37].

Бұл бәйітте ақын Ыдырыс пайғамбардан (ғ.с.) хабар береді. Ыдырыс (ғ.с.) – Құран Кәрімде аты аталған 25 пайғамбардың бірі екені белгілі. Құранның «Ниса», «Мариям», «Әнбия» сынды сүрелерінен бұл пайғамбар туралы қиссаларды оқып үйренуге болады. Мысалы, «Мариям» сүресінің 56-аятында Аллаһ тағала Ыдырысты (ғ.с.) өзіне садық құлдардың бірі және нәби пайғамбарлардан болғанын айтады. Сондай-ақ, Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.) Миғражға көтерілген кезінде төртінші аспанда Ыдырысты (ғ.с.) көргенін айтқан. Бәйіттің мағынасына мән берсек, ақын оқушыға Ыдырысты (ғ.с.) және жәннаттағы қасиетті Туба ағашы туралы айтқысы келеді.

Еру көккә Хизру Исадын дема юрсун тірік,  
Ул ләби жанбахш ила хатти Хизрадын гапур [146, б. 37].

Мағынасы: *«Жер-көкке Қызыр мен Исаны тірі деп жар салудан гөрі оларға берілген ұлы мұғжизалар туралы айт (сөйле)».*

Ақын мұсылмандар арасында ойдан құрастырылған аңыз-әпсаналарға немесе «Тәурат», «Інжіл» сынды адамдардың қолымен өзгеріске ұшыраған иләһи кітаптарға сүйеніп Қызырды (ғ.с.) тірі деп санайтындар немесе адамзатқа бүгінге дейін сыры ашылмаған, Құрандағы Исаның (ғ.с.) көкке көтерілу оқиғасы мен оның қай кезде жер бетіне түсетіні жайлы айтқаннан «Ул лаби жонбахш» Исаның (ғ.с.) өлгендерді тірілткен мұғжизасын, «хатти Хизро» Қызырға (ғ.с.) берілген иләһи ілім туралы айтуды ұсынған.

«Талмих» әдісінің қазақ әдебиетінің белді өкілдерінің бірі Шәді Жәңгірұлы шығармаларында да қолданылғандығын көруге болады. Мысал ретінде Шәді төренің өлім жайлы насихат термесін алуға болады. Мұнда ақын:

Исадай саһиб нәпсі болса демің,  
Халилдей отқа күймей тұрса тәнің.  
Аспаннан фидия үшін қошқар түсіп,  
Исмайыл Забихулла болса намың, [149, б. 158] – дейді.

Жоғарыда Адо ақын Иса (ғ.с.) пайғамбарды еске салған кезде «Ул лаби жонбахш» (ернімен сыбырлап өлілерді тірілткен) деп дәріптесе, Шәді «Исадай саһиб нәпсі болса демің» (Иса сынды демің өлілерді тірілтетіндей күшті болса) деп дәріптей отырып, Исаның (ғ.с.) мұғжизасын еске түсіреді.

Екінші жолда Ибраһимды (ғ.с.) оған Алла тағала берген ұлы сипаттың бірі «Халил – Алланың досы» сипатымен таныту арқылы Құран Кәрімнің «Әнбия» сүресіндегі залым патша Намрудтың Ибраһимді (ғ.с.) отқа жағуы, бірақ Алла Тағаланың: «*Әй от! Ибраһимға салқын, зиянсыз бол*» (Әнбия сүресі, 69-аят) деген әмірімен отқа жанбай қалу оқиғасын баяндауды мақсат еткен. Ал, үшінші және төртінші жолдар Ибраһим (ғ.с.) мен ұлы Исмайылдың (ғ.с.) Алла жолында құрбандыққа баруы, алайда бұл Жаратушы тарапынан бір сынақ болғаны, Алла тағаланың аса қамқор, ерекше мейірімділігінің арқасында оларға мұғжиза көрсетіліп, құрбандық үшін қошқар жіберілгені сынды маңызды тарихи оқиғаларды оқырманға сөз етеді.

Жалпы Шәді ақын бұл өлеңінде «өлім» деген өмірлік ақиқатты оқырман жүрегіне жеткізу үшін бар білімін салуға күш салған. Адам атадан бастаған Сүлеймен (ғ.с.), Айюб (ғ.с.), Иса (ғ.с.), Жүсіп (ғ.с.), Мұса (ғ.с.) сынды пайғамбарлардан бөлек Аллаға кәпір болған, пайғамбарды мойындаудан бас тартқан Ферғаун, Намруд сынды залымдардың бейнесін ашып көрсетеді:

Перғауындай Құдаймын деп аузыңа алсаң,  
Шаддаттай жер жүзіне жәннат салсаң.  
Намрудтай бір Алламен ұрыспаққа,  
Аспанға кәркәс<sup>18</sup> мініп ұшып барсаң [149, б. 158],

– дей отырып, Құран кәрім хабар берген шынайы тарихи оқиғалардан хабар береді. Осылайша, әрбір оқырманды Құранды оқып үйренуге бастайды. Себебі, Ферғаундай өзін Құдай санаған залымның, Шаддаттай Құдайдың ісін жерде қайталаймын деген патшаның, Намрудтай Құдайдың әскерімен соғысамын деген наданның оқиғалары тек «Қасиетті кітап» та ғана жазулы.

XIX ғасыр мен XX ғасырдың басында өмір сүрген, ортағасырлық сопылық әдеби дәстүрдің ізін жалғап, Нақшбанди, Ясауи сынды сопылық әдебиеттің жолбасшыларын өздеріне ұстаз санаған классик ақындар шығармаларында «Пайғамбарға махаббат» тақырыбы молынан көрініс беріп отыр. Сондай ақындардың бірі Әзім қожа ишан.

Ақынның классик поэзияның түрлі үлгілері мен қатар Ахмет Ясауи хикметтерінен әсерленіп жазылған хикметтері бөлек кітап түрінде XIX ғасырдың соңына қарай бірнеше рет баспа бетін көрген. Мысалы, 1894 жылы Ташкентте басылған нұсқасын айтуға болады. Сондай-ақ, Ясауилік дәстүрдің негізгі шығармасы болып табылатын «Диуаны Хикметтің» XX ғасырдың басында жарияланған жазба немесе баспа нұсқаларында да Әзім Қожаға тиесілі бірнеше хикметтер орналасқан. Бұл ақынның өлеңдері сол заманда халық тарапынан жоғары бағаланғандығының белгісі деп пайымдаймыз.

Хикметтердің арасында ақынның екі хикметі толығымен Пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.а.у.) арналған. Мысалы, 1-хикметінде:

---

<sup>18</sup> *Ұшақ мағынасында*

Нәпсі шайтан үстем болып жолым тосты,  
Қолым ұстап жолға салың, ия, Мұстафа!  
Күннен күнге расуалығым шектен асты,  
Қолым ұстап жолға салың, ия, Мұстафа!

...

Әлсіз Әзім бұзықтығын енді түсініп,  
Қасірет отына жаны күйіп, жүрек жібіп,  
Нәпсі зұлымынан жалбарынам сізге жылап,  
Қолым ұстап жолға салың, ия, Мұстафа [150, б. 21] – деп

жырлайды.

Ақынның Пайғамбарымызға (с.а.у.) арналған 2-хикметі де алғашқы хикметтің жалғасы іспетті көрінгенімен мұнда ақын әрбір мұсылманның Алла алдында мойнындағы бес парыздың бірі қажылық парызын орындау, сондағы жасайтын ғибадаттың рақаты мен Алла елшісінің (с.а.у.) басқан топырағын басып, жатқан жері «Рәуза» ға кіру өзінің ең ұлы арманы екенін жеткізгісі келеді:

Медет қылғын, дүние түзеп, дін түзейін,  
Қағба рәузаға үміттеніп бауырым езейін,  
Жолға түсіп тау мен теңіз, шөл кезейін,  
Қолым ұстап жолға салғын, ия, Мұстафа!

Қажылық, Ұмра амалына барып жетсем,  
Барша рүкін, шарттарын орындасам,  
Харам ішінде таңырқап зар жыласам,  
Қолым ұстап жолға салғын, ия, Мұстафа!

Одан соң Мединеге барғым келед,  
Салауат, айтып Рәузаға кіргім келед.  
Естен танып өзімді оған ұрғым келед,  
Қолым ұстап жолға салғын, ия, Мұстафа! [150, б. 23].

Міне, осындай Алла елшісінің (с.а.у.) адами әлеуетін, көркем ахлақы мен өмірлік өнегесін өз бойына сіңірген Әзими ақын ендігі хикметтерінде өлім мен өмірлік ақиқаттарды, Аллаға деген махаббат пен адамзатқа деген мейірім-шапағатты жырлап өткеніне куә болдық.

Өмірінде Алла елшісін (с.а.у.) өнеге тұтып, шығармалары арқылы оны халқына үлгі еткен түркі шағатай классик әдебиетінің белді өкілдерінің бірі – Зияууддин Каттақожаұлы Хазини төре Хоқанди болған. Шайырдың өмірі мен шығармашылығын тыңнан зерттеген ғалымдар А.Мадаминов және А.Жорабаевтардың мәліметтеріне қарағанда, Хазини 1867 жылы Қоқан қаласына жақын орналасқан Кенагас ауылында қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген. Басқа бір деректерде ақынның Жаңақорған жерінде 1851 дүниеге келген деген қате мәліметтер бар. Ақынның ұрпақтарынан алынған

нақты деректер Хазинидің 1867 жылы дүниеге келіп, 1923 жылы қайтыс болғандығын нақтылайды [28, б. 10].

Хазинидің тегі Пайғамбарымызға (с.а.у.) барып тірелетіні және ұстаздарынан алған кемел діни-сопылық жолындағы білімдері негізінде қалыптасқан адами болмысы оны шығармалары арқылы үнемі Алланың жолын насихаттауына, Мұхаммед Пайғамбарға (с.а.у.) деген сүйіспеншілігін хикметтері арқылы көрсетуіне жол ашқан. Мысалы, мына бір өлең жолдарында ақын Расул Аллаға (с.а.у.) жан пида еткісі келген ғашық кейпін танытады:

Сизә жан фида ия хаят ән-нәби,  
Қылай мән гәда ия хаят ән-нәби.  
Атыңыз – Мухәммәд, рәсули Худа,  
Ки сіз Мустафа, ия хаят ән-нәби [151, б. 98].

Мағынасы: *Сізге жаным пида, ия өмірдің мәні болған пайғамбарым, Атыңыз – Мұхаммед, Алла елшісі, һәм Мұстафасыз, ия өмірдің мәні болған пайғамбарым.*

Мейірім мен шапағаттың жаршысы, Адамзаттың Сардары – Мұхаммед (с.а.у.) әлемдерге рахмет етіп жіберілген. Бұл жайлы Құран Кәрімнің Әнбия сүресінің 107-аятында:

*«(Мұхаммед F.C.) Біз сені бүкіл әлемге рахмет етіп қана жібердік»* делінген.

Алла елшісінің (с.а.у.) бұл ерекше қасиетіне ғашық болған Хазини мухаммасында:

Икки аләмдә ерурсіз асиләргә рахнама,  
«Рахматан-лил-аламин», деб көз түтәр рузи жаза,  
Қабриңиздә мауж ұрадұр рәхмәти нұры Худа,  
Һәр киши қылса зиярәт, дәрдігә тапғай дауа,  
Рәузәйи пакинә келдім, ия расули Мустафа [151, б. 118], – деп жырлапты.

Мағынасы: *Екі дүниеде күнәһарларға шапағатшысыз, Жаза (махшар) күні «Әлемдердің рахметі» деп сізден үміт күтіп тұр, Қабіріңізде Құдайдың рахмет нұры шұғыласын шашып тұр, кім зиярат етсе, тапқай дертіне шипа, Пәк қабіріңіздің басына зиярат етуге келдім ия, Мұстафа (с.а.у.).*

Қиямет күні Пайғамбарымыздың (с.а.у.) шапағатшы болуы Құран Кәрім аяттары мен хадистерде баяндалған. Мысалы, «Таха» сүресінің 109-аятында:

*«Сол күні Рахман рұқсат берген, сөзін жақтырғаннан басқаның шапағаты пайда бермейді»* – делінсе, пайғамбардан риуаят етілген бірнеше сахих хадистерде Алла елшісінің (с.а.у.) Қиямет қайымда үмбеттеріне шапағатшы болатыны жайлы хабар береді. Пайғамбардың шапағатынан үміттенген ақын:

Йығылса әууәл-у ахыр өшәл сахрайы махшарға,

Халайық эргашурлар барчасы хади-ю рахбарға,  
Тараххум қыл ошал саат бізніндек аси музтарға,  
Барурмыз бәрчә тәшнә су тиләб сақийи каусарға,  
Берәр әһли саадатқа тасаддук, ия Расулуллаһ [151, б. 131], – дейді.

Мағынасы: *«Әуел-ақыр жаралыстың бәрі махшарда жиналса, Халайықтың баршасы ізгі жолбасшыға ереді, біздей аси құлға сол күні сен басшы бол, барамыз баршамыз шөлдеп, кәусәр суын тілеп, оны берер ізгі құлдарға, саған жанпида, ия, Расул Алла».*

Әзими ақын сынды Хазини төренің де шығармалары тәуелсіздік алғаннан соң әдебиеттанушылар тарапынан зерттеу нысанына алынып, жан-жақты талқыланып келеді. Әсіресе, ақындардың ислами әдебиетке қосқан үлесін терең зерттеп, түркітану саласында ғылыми айналымға қосу бір жағынан көне Түркістан халықтары әдебиетінің жаңғыруына себеп болса, екінші жағынан бұл әдеби мұралар бүкіл түркі жұртына ортақ жәдігер ретінде тарихта қалатыны сөзсіз.

Қазақстанның Оңтүстік бөлігі көнеден Исфижаб, Ясы, Отырар, Сауран, Тараз сынды ғылым мен мәдениеттің орталығы ретінде танылған тарихи қалаларымен белгілі. Әсіресе, 2000 жылдан астам тарихы бар Мәдинәт әл-Байза, Орынкент, Исфижаб аттарымен аталған бүгінгі Сайрам қалашығы ертеден Қожа Ахмет Ясауи, Мұхаммед ибн Юсуф Исфижаби, Хусамеддин Омар бин Бурхан әл-Исфижаби, Хажы Махмуд әл-Исфижаби, Қазы Байзауи сынды көптеген танымал ғұлама-әулиелерімен белгілі.

XIX ғасыр мен XX ғасырдың алғашқы ширегінде өмір сүріп Пайғамбарға деген махаббаттың көркем үлгісін өмірі мен шығармаларында көрсетіп берген ақындардың бірі Молда Жүсіп Сайрами.

Зерттеу тақырыбымызға сәйкес, Сайрамидің діни-ағартушылық бағытта жазған өлеңдері, Аллаға деген шынайы сенім мен Пайғамбарымызға (с.а.у.) деген ерекше сүйіспеншіліктен туғандай. Ақынның Алла елшісіне (с.а.у.) арнаған мусаддасында:

Эй, зати паки нури Аһад рәһмәти Худа,  
Хуршиди асманы кәрәм машриқи Худа,  
Кәунәйн бәрғузидәси аләмға муктада,  
Эй мазһәри инайәти Хақ, сәнгә жан фида,  
Үммәтлариң гунаһ қолыда зар, Әһмәда,  
Бұ күн шафаат әтмәсәңіз, йа, Мустафа [152, б. 132]

Мағынасы: *«Уа, Құдайдың рахметі, Ахадтың нұры, пәк тұлға, әлемдерге жолбасшы, Хақтың дәлелі саған жаным пида. Үмбеттерің күнәнің батпағында, уа Ахмет, бұл күні шапаат етпесең, уа Мұстафа!».*

Султанхан Адо, Әзім қожа ишан, Хазини, Жүсіп Сайрами, Шәді ақындар әдеби мұраларының өзара ұқсастықтары мен үндестігін зерттеу, ары қарай

талдау жұмысын кейінге қалдырып, олардың ортақ мақсаттарын ғылыми ортаға жеткізу әзірге алға қойған мақсатымыздың орындалғаны дер едік.

Орта ғасырлардан жалғасын тауып келе жатқан көне түркі классикалық әдебиеті ХІХ ғасырдың екінші жартысына қарай Түркістан өлкесінде алғашқы жәдидтік көзқарастағы топтардың пайда болуына байланысты біраз өзгерістерге түсіп, сөз өнері мен әдеби дәстүрдің қайта жаңғыруына себеп болғаны белгілі. Ғасырлар бойы халықтың жүрегіне сіңіп кеткен әдеби шығармалар мазмұн мен түр жағынан байып, классик әдебиеттен ерекше өзіндік мазмұн мен мәні бар әдебиет ортаға шықты. Бұл әдебиетті алып келген жәдидтік ағым өкілдері өлкенің зиялыларынан құрылған Ыбырай Алтынсарин, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Мағжан Жұмабаев, Мыржақып Дулатов, Махмуд қожа Бейбуди, Мунаууарқари Абдурашидхан ұлы, Абдулла Аулани, Садриддин Айни, Абдурауф Фитрат, Ысхақхан Ибрат сынды жан-жақты сауатты тұлғалар еді. Бұл ғалымдардың ізін жалғап танымал ғалым әрі саясаткер Алихан төре Сағуни Ислам тарихы мен Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.а.у.) өмірлік өнегелерін насихаттаған «Тарихи Мухаммади» шығармасын жазды. Мұндай шығармалар жазылуының негізгі себебі, сол тұста империалистік саясаттың құрбанына айналып, орыстанып, ұлттық мұсылмандық рухы жоғалып бара жатқан қоғамға өзін қорғау үшін бірден-бір «идеологиялық құрал» қызметін атқаратын еңбектер қажет болуы еді.

Ескі жүйеде қалыптасқан мектеп-медреселерде оқытылған Пайғамбарлар тарихы, Ғибадат Исламия, Ақайд сынды пәндер жәдид ғалымдары ашқан «усули жәдид» жүйесіне негізделген мектептерде де толықтырылып негізгі пән ретінде оқу жүйесіне енгізілді. Адам атадан бастап өткен Пайғамбарлар мен Ислам тарихынан мол хабар беретін тарихи-педагогикалық мәні бар шығарманың бірі, жәдид ғалымы Абдулла Ауланидің «Мухтасар тарихи анбиё ва тарихи Ислом» (Пайғамбарлар және Исламның қысқаша тарихы) немесе «Адам ғалейһи саламнан Мұхаммедке (с.а.у.) дейін өткен пайғамбарлардың қиссалары және Исламның шығуы» атты тарихи шығармасы. Еңбек ең алғаш 1910 жылы Ташкенттегі «Ильин» баспасында жарық көрген. Автордың мәліметіне қарағанда, кітап үшінші және төртінші сынып оқушыларына арналған.

Шығарма *«Наһну нақуссу алайка аһсанал-қасаси бима авһайна илайка һазал-қуръана ва ин кунта мин қаблиһи ламинал гафилин»* – деген «Юсуф» сүресінің 3-аятымен басталады.

Мағынасы: *«Ей, Мұхаммед (с.а.у) Саған бұл Құранды уахи етуімізбен өзіңе қиссалардың ең жақсысын баян етеміз. Әрине, сен бұдан бұрын хабарсыз едің».*

Прозалық үлгіде жазылған тарихи шығарма толығымен Құран деректерін басшылыққа ала отырып, алдымен Құран Кәрімде өмірлік деректері келтірілген 25 пайғамбарға (Исаға (ғ.с.) дейінгі) арналған қысқа тарихи оқиғаларды хикая түрінде баяндаса, келесі бөлімдерде Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.а.у.) ата-тегі және дүниеге келуі, тәрбиеленуі, Басра қаласына сапары, Хадиша анамызбен некелесуі, пайғамбарлықтың басталуы, Меккеден Медине қаласына

көшуі, Бәдір, Ухуд, Хандақ, Хайбар соғыстары, Худайбия келісімі, Умра қажылығы, Меккенің алынуы, қоштасу қажылығы, Алла елшісінің (с.а.у.) дүниеден өтуі, ол кісінің (с.а.у.) көркем ахлақы, әйелдері, олардан тараған ұрпақтары және Алла елшісінен (с.а.у.) кейінгі төрт әділ патшамен байланысты тарихи деректер оқушы тіліне жеңіл әрі тартымды етіп берілген.

Өзбек әдебиетінде XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы жәдид әдебиетінің ірі өкілдерінің бірі Абдурауф Абдурахимұлы еді. Фитраттың «Мухтасар Ислом тарихи» атты еңбегі де тарихи шығарма ретінде танымал. Еңбек Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.) өміріне және төрт әділ халифаға қатысты көптеген тарихи деректерді ұсынумен Абдулла Аулани еңбегімен өзара үндесіп жатса, Пайғамбарымыз (с.а.у.) дәуіріндегі кейбір маңызды тарихи оқиғалар мен Харижилердің пайда болуы, төртінші халифа Әлиден (р.а.) кейінгі Уммевилер мен Аббасидтер патшалығы, Кербала оқиғасы сияқты маңызды тарихи оқиғаларды оқырманға жеткізумен Аулани еңбегін толықтырып отырған.

Пайғамбарлар немесе Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.) өміріндегі елеулі мұғжизаларды жырға қосу дәстүрі негізгі мақсаты Исламға қызмет жасауды, солай Алланың разылығына бөленуді мақсат еткен ақындар шығармаларында көптеп кездесіп отыр. Ислами әдебиет тарихында қысқа сюжетті, терең мағыналы мұндай шығармалардың көптеп жазылуы олардың ғасырлар бойы қалыптасу барысында әдеби жанр деңгейіне жеткенін көрсетіп отыр. Мысалы, екі әлем Сардары – Мұхаммедтің (с.а.у.) дүниеге келуі жайлы жазылған шығармалар желісі «Мәуліт Нәби» немесе Расул Алланың (с.а.у.) ғибратқа толы ғұмырындағы мұғжизалы оқиғалардың бірі «Миғраж оқиғасы» жайлы жазылған шығармалар, сондай-ақ Алла елшісінің (с.а.у.) қырық хадисін өлең арқылы насихаттауды мақсат еткен шығармалар негізінде түркі халықтары әдебиет тарихында қалыптасқан жанрлардың бірі «Әрбағин» жанры деуге болады. Ендеше, оларға жеке-жеке тоқталсақ.

Мәуліт – араб тіліндегі «Мәулид» сөзі, сөздікте «туылу, дүниеге келу немесе жаңа туған сәби» деген мағыналарды білдіреді. Алла тағаланың ең сүйікті құлы әрі елшісі Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.а.у.) дүниеге келген айына атау ретінде қалыптасқан діни термин деуге болады.

Құран кәрімнің Ахзаб сүресі, 56-аятында:

*«Пайғамбарға (с.а.у.) Алла рахымын төгіп, періштелер жарылқау тілейді. Ей, мүміндер! Пайғамбарға (с.а.у.) сендер де салауат айтып, сәлем жолдаңдар»,* – делінген.

Жаратушы әмірін шынайы орындайтын мұсылмандар Алла елшісіне (с.а.у.) үнемі салауат жолдап, жыл сайын Алла елшісі туылған рабби-ул әууәл айының 12-түнін Ол кісінің (с.а.у.) туған күні ретінде белгілеп, тіпті сол айды «Мәуліт» айы деп ерекше қастерлеген.

Расында да, Алла елшісінің (с.а.у.) дүниеге келуі, таңғаларлықтай мұғжизаларға толы болған. Араб жазирасында ұзаққа созылған құрғақшылық пен жұттан кейінгі жердің қайта гүлденуі, Әмина анамызға құрсағындағы



нәресте жаратылыстың ардақтысы әрі ең көркемі, екі дүниенің мырзасы екендігі жайлы түстің аян берілуі, аяғы ауыр кезінде басқа әйелдерде болатын ауыртпалықтарды сезбеуі, сондай кереметтерден еді. Осы және басқа да мұғжизалы оқиғаларды жырға қосқан ақындар шығармалары әдебиетте «Мәуліт» жанрының қалыптасуына себеп болған болса, мұсылман әлемінде жыл сайын Алла елшісінің (с.а.у.) туған айында Оған салауаттар жаудырып, ерекше қадірлеп, қастерлейтін рухани танымдық кештер ұйымдастыру дәстүрге айналды.

Мәулітте Алла елшісінің өнегелі өмірі туралы жазылған шығармалар оқылып, мадақ жырлар айтылады. Пайғамбардың туылған күніне арнайы жазылған шығармаларды «Мәуліт шәріп» деп атайды. Әдетте мәулітте оқылатын жырлар қасида жанрының өлең құрылысымен жазылатындықтан да, кейде «Қасида» деп те аталады [153, б. 244].

Түркітанушы ғалым Ниһад Сами Банарлы Мәуліт жайлы алғашқы еңбек ІХ ғасырда өмір сүрген атақты хадис ғалымы Имам Тирмизидің «Шәмәил-и шәриф» атты кітабы екендігін, сондай-ақ, «Мәуліт» атауымен дүниеге келген алғашқы шығармалар ХІІ ғасырдың соңында атақты ғалым Ибну-л Жаузидің «Әл-Арус» немесе «Мәулидун-нәби», Әбул Қасым әс-Сәбтидің «Әд-дурул-муназзам фи мәулидин-нәбийил муъаззам» еңбектері мен ХІІІ ғасырдың алғашқы жартысында жазылған Ибну-л Арабидің «Мәулидул-жисмани уә-р-рухани», Ибн Диһяның «Китабут-Тенвир фи мәулидис-сиражил-мунир», Замланканидің «Мәулидун-нәби» еңбектері екендігін алға тартады [154, б.12].

Кейінгі дәуірлерде де араб әдебиетінде Мәуліт жайлы қалам тербеген ақындардың шығармалары бұл саланың дамуына өзіндік үлес қосып отырған. Атап айтқанда, Мұхаммед бин Айюбтың «Әд-дуррәтул-фабире» атты шығармаға жазған «Әр-Рәузәтун-нәзирә» атты түсіндірме кітабы да Пайғамбарымыздың дүниеге келуі мен өмірі жайлы поэзия үлгісінде жазылған танымал еңбек. Сонымен қатар, Әл-Хәйтәми, Әл-Бәуния, Ахмет бин Мұхаммед әл-Кәстәлани, Әл-Бәрзәнжи, Мұхаммед бин Жағфар әл-Каттани, сынды ғалымдардың «Мәулидун-нәби» шығармалары.

Түркі халықтарының діни-сопылық әдебиетінде де Пайғамбарымыздың (с.а.у.) дүниеге келуін жырға қосқан біршама шығармалар жазылған. Мысалы, түрік ғалымы профессор Хасан Аксой «Türk edebiyatında Mevlidler» тақырыбында жазылған көлемді зерттеу мақаласында, бүгінге дейін Абди, Абдулкадир Нежиб, Ахмет, Бехишти, Әмири, Хамидуллаһ Хамди-Акшемседдинзаде Хожаоғлы, Муради, Наһифи, Селаи Мутсафа, Шәмси, Уисали, Яхия, Зати сынды жетпістен артық ақындардың «Мәуліт» тақырыбына жыр жолдарын арнағандығын жазды [155, б. 759].

Көріп отырғанымыздай, түрлі кезеңдерде, әртүрлі мекендерде өмір сүрген шығармашыл ақындар «Мәуліт» дәстүрінің қалыптасуына, ерекше даму жолына түсіп, әлемдегі мұсылман үмбеттерінің Пайғамбарымызға (с.а.у.) деген сүйіспеншілігін арттыра түсуіне, Ұлы Жаратушының «...*Ей, мүміндер! Пайғамбарға (с.а.у.) сендер де салауат айтып, сәлем жолдаңдар*», – деген бұйрығын орындауға себеп болған.

Әдебиеттану ғылымында «Мәуліт» өзіндік ерекше жанр ретінде қалыптасты. Ғалым Төрәлі Қыдыр «Мәуліттің – синкретті жанр екендігін айта отырып, оның себебін былайша түсіндірген: «Мәуліт шәріптерде пайғамбарды мадақтап, салауат айтылады (нағт), ғибратты ғұмырынан үзінділер оқылады (сияр), пайғамбарлық мұғжизалары қатарында көкке көтерілгені дәріптеліп (миғражнама), ерекше қасиеттері (хилиә) мен көркем мінезі (шәмаил) насихатталады. Сондай-ақ, мәуліт белгілі бір мақам үстінде орындалып, бір сюжет не оқиға желісі аяқталар тұста пайғамбарға салауат айтылып, қошаметке тола жыр жолдары арналады. Мәуліттің басқа діни жанрлардан айырмашылығы – тек қана өлең сөзбен жазылып, белгілі бір мақам үстінде оқылатындығында» [153, б. 244].

Біз зерттеп отырған кезең әдебиетінде Орталық Азия, Түркістан өлкесі және Қазақстанның солтүстік өлкелерінде Алла елшісіне (с.а.у.) арнап мәуліт кештерін өткізу сияқты діни мерекелерді жариялы түрде жасау үрдісі «жардың жағасында тұрғандай» күй кешкенімен, үлкен ортада болмаса да, жер-жерлерде мәуліт оқытылып отырғанын көне көз қариялар айтып отырады. 1951-1955 жылдары СДРК-ның (Совет по делам религиозных культов) Қазақстандағы өкілдері Н.Сәбитов және Б.Жұмашевтардың есептерінде Қазақстан аумағында, оның ішінде Түркістан, Жамбыл, Шымкент өңіріндегі тұрғындар арасында «Мәуліт» айту ғұрыптары сақталғанын айтылып өтілген [65, б. 325].

Осылай, Алла елшісінің (с.а.у.) өмірін насихаттауды мақсат еткен ақындар «Мәулид-нәби», «Мәулид-шәриф» атымен шығармалар жазған. Сондай шығармалардың бірі Молда Жолдасбай Төребайұлы Хилуатидің «Мәулудун-нәбий саллаллаһу алайһи уәсәлләм» атты поэзиялық туындысы.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Түркістан өлкесінде қалыптасқан Бұхара, Қоқан, Хорезм, Ташкент әдеби мектептерінің өкілдері тарапынан жазылған шығармалар арасында діни-ағартушылықты мақсат еткен еңбектер көп болғанымен Алла елшісінің (с.а.у.) дүниеге келуін дәріптейтін «Мәуліт» тақырыбындағы шығармалар аз жазылғаны байқалады. Оның негізгі себебі, патшалық Ресейдің озбыр саясатына барып тірелетіні анық. Діни салт-дәстүрді түгелдей мансұқтауға кіріскен империалистік күштер Мұхаммед пайғамбардың (с.а.у.) туған күнін кең көлемде тойлауға рұқсат беріп қоймайтыны рас. Міне, осындай жағдайда да Исламды насихаттауды тоқтатпаған ғалымдар қайта бұл кезеңде түркі тілдерінде ауам халықтарға түсінікті болу үшін шығармалар жазуды қолға алған. Пайғамбардың мәуліті жайлы да ертеден қолданыста келе жатқан араб ақыны Сейіт Жағфар Бәرزәнжи тарапынан жазылған араб тіліндегі «Мәулид-и шәриф» шығармасының орнына қоғамға ортақ түркі тілінде жазылған Мәуліт шығармасы қажеттігін сезінген танымал ғалымдарының бірі Ленгери дамла өзінің белді шәкірті Хилуатиге «Мәулид-и Шәриф» атты шығарма жазуды тапсырады. Хилуати де бұл жауапты іске ықыласпен кірісіп, ұстазының тапсырмасын ойдағыдай орындап шығады. Түркі шағатай әдебиетінде «Мәулид-и Шәриф түрки» атымен танылған бұл шығарма қысқа заманда ел арасында қолдан-қолға өтіп, бірнеше

рет баспа бетінде жарық көрген. Мысалы, 1899 жылы Истанбулда, 1908, 1911, 1912, 1916 жылдарында Ташкентте басылған.

Кеңес дәуірінде мәуліт оқу дәстүріне тыйым салынған болса да халық арасында Хилуатидің мәуліт шығармасы кеңінен тарағандықтан мәжілістерде оқыла беретін. Ал тәуелсіздік алған соң, Хилуатидің мәуліт шығармасы кирилл әрпімен алғаш рет Хайруллаһ Қасым Элтүрк тарапынан 1994 жылы, кейінірек Абдулхамид Қурбанов тарапынан 2000 жылы өзбек тілінде баспаға дайындалған.

Хилуати Алла тағаланың көркем есім-сипаттарын жырға қоса отырып Ұлы Жаратушыға мадақ айтып, Алла елшісіне (с.а.у.) салауат жолдап, шығарманың жазылу себебіне тоқталады. Мәуліт шәрифтің маңыздылығы, оны оқу мен оқытудың қасиеті жайлы сөз етеді. Шығармада Мәуліт жайлы кеңінен баяндала отырып, Пайғамбарымыздың (с.а.у.) дүниеге келуіндегі кереметтер, аспан мен жердің жарық болуы, анасы Әминаның Алла елшісін (с.а.у.) дүниеге алып келген сәттегі жағдайы былайша дәріптелген:

Ул тәуәллуд кечәси көп уақиһат,  
Руй берді бениһайәт муъжизат...

Аминә дебдурки фәрзәндім Рәсул  
Сәруәрі аләм, шәфиһи жүзу гүл.

Туғулур түндә зәмину асман,  
Болды раушан мисли хуршиди жаһан.

Соңра бір ақ құш учыб тамдын түшіб,  
Келдйу йанымда олтурды қоныб.

Ғайыбдын бір таифә пәйда болыб,  
Бәрчәсі чүн ашықы шәйда болыб.

Мәнгә тұтты қадахда шәрбәти,  
Мәһрибанлықлар қылыб һәм шафқати.

Тәшнәлік отын өчүрдім нуш етіб,  
Рахат-у арам-у көп таптым ічіб [156, б. 33].

*Мағынасы: Ол кісі (с.а.у.) дүниеге келетін түні көп оқиғалар, көп мұғжизалар болды.. Әмина айтты: перзентім, әлемнің сардары, туылатын түні жер мен көк жап-жарық болды. Бір ақ құс келіп қасыма қонды, гайыптан періште сипат махлұқтар пайда болып, гашықтар сынды маған құрмет көрсетіп, ыдыста шербет ұсынды. Артықша мейірім-шапағат көрсетті. Шербетті ішіп шәлімді қандырдым, әрі көп рахатқа бөлендім.*

Алла елшісінің (с.а.у.) мұсылман үмбетіне қалдырған ең қымбат мұрасы, оның көркем ахлақы, адамзатқа деген махаббаты мен жаратылысқа деген мейірім-шапағаты болатын. Ақын Алла елшісінің (с.а.у.) өміріндегі мына бір оқиғаны былайша суреттейді:

Көрдi икки құш Мухәммәд шафқатын,  
Әйләгән мәзлумләргә химмәтiн.  
Бiрiсi сiлкiндi болды Жәбраил,  
Бiрi Микаил көруң хукми Жәлил [156, б. 44]

Мағынасы: *Құс кейiндегi еки перiште Мұхаммедтiң (с.а.у.) жануарға көрсеткен мейiрiм-шапағатына тәнтi болып, бiрi сiлкiнiп Жәбiрейiлге, ал екiншiсi Микайыл перiштеге айналды. Алланың үкiмi – бiр мұғжиза.*

Ақын Алла елшісінің (с.а.у.) өміріндегі басқа да кереметтерді жырға қосып, әр тақырып соңынан пайғамбарға салауат айтып отырып, шығармасын Аллаға мінәжатпен аяқтайды:

Ия, Илаһи хастайу бечарамыз,  
Фисқ-у исйан дәштіда аууарамыз.  
Мәсьийәтдүр кечә-күндүз карымыз,  
Қалмады шәрму-һәйа-у арымыз,  
Үмрнi беһудәгә сәрф әйләдүк,  
Фикр-и бәдғә сийнәни зәрф әфләдүк,  
Бiр нәфәс йадың қылыб ия Зүлжалал...  
Хилуатидек аси-йу дiл хәстәни,  
Жүрму исйан дамигә пабәстәни,  
Афу ет, жүрму хатасын тамам,  
Неъмәти дидари бергiл уәссәлам [156, б. 53].

Мағынасы: *«Уа, Тәңiрiм, әлсiз, бейшарамыз, бүлiк пен күйiк даласында босқа әуремiз, күндiз түнi жасап күнә iстердi, қалған жоқ ұят-арымыз. Өмiрдi босқа өткiздiк, жаман ойға бойымызды алдырдық, бiр сәт болса да өзiңдi еске алайын, ия, Зүлжалал... Хилуатидей жүрегi күйген асының қатесiн түгел кешiре гөр, қияметте дидарыңды көрудi жаза гөр».*

Пайғамбарлар, әсіресе соңғы елші Мұхаммедтің (с.а.у.) өнегелі өміріне арнап көлемді шығарма жазған Шәді Жәңгірұлы «Мәуліт» тақырыбына арнайы шығарма жазбаса да, «Сияр-Шәриф» атты шығармасында Пайғамбарымыздың (с.а.у.) дүниеге келуіне, ондағы мұғжизаларға кеңінен орын берген. Мысалы, ақын тасаууф танымындағы күрделі мәселелердің бірі болып табылатын «Алла тағала әлемді жаратудан бұрын Мұхаммед Пайғамбардың (с.а.у.) қасиетті нұрын жаратқан» деген идеяны қолдай отырып, шығармаларында оны насихаттағанын көруге болады. «Ан әзірет Расулул әкрамның нұр шәрифінің жаралғаны баянында» деп аталатын бөлімде:

Әлемнен он сегіз мың әуел бұрын,

Жаратты Пайғамбардың Алла нұрын.  
«Әууәлә мә халақаллаһу» нұрым деген,  
Хақында дәлел болды хадис мұның.

Аспан-жер, Ғаршы күрсі, Лаухы қалам,  
Сидра<sup>19</sup> мен жәннат, дозақ бәрі тамам,  
Ол нұрдың тіфілінен<sup>20</sup> пайда болды.

Жаралған он сегіз мың барша ғалам, [134, б. 49] – деп, Алла тағала соңғы елшісінің (с.а.у.) нұрын он сегіз мың әлемнен бұрын жаратқандығын алға тартса, ақынның «Ахуалы қиямет» шығармасының екінші бөлімі толығымен осы тақырыпқа арнай отырып, өзінен бұрынғы еңбектерде бұл жайлы мәліметтер берілгенін еске салады:

«Дәқайикул-әхбар»<sup>21</sup> атты бір кітап бар,  
Араби ләфзі<sup>22</sup> бірлән айтып-дүрлар.  
Расулдың нұр шәрифінің жаралғанын,  
Осылайша тәусифімен<sup>23</sup> қылған изһар [134, б. 21].

Молда Хилуати де Алла тағала бар жаратылыстан бұрын Пайғамбардың нұрын жаратқандығын жеткізеді:

Хақ тағала зати бар ерді-йу бәс,  
Өзгәләр йоқлықда тайрун фил қафас.  
Ұл Мұхәммәд нұрыны өз нұрыдын,  
Халқ етгән ерді Раббил аләмийн [156, б. 14]

Мағынасы: *Хақ тағаланың өзі ғана бар болатын, басқалар жоқтықта, тура қапастағыдай еді. Әлемдердің Раббысы Мұхаммедтің нұрын өзінің нұрынан жаратты.*

Сонымен қатар, Шәді ақынның «Сияр-Шәриф» дастанында бұл нұр пайғамбарлар арқылы оның әкесі Абдуллаға, содан соң Әмина арқылы Пайғамбарымызға (с.а.у.) көшкені айтылады:

Абдулла сұлу еді артық түрі,  
Бар еді маңдайында Расул нұры.  
Ақырғы Пайғамбардың атасы деп,  
Яһудтер<sup>24</sup> айтар еді танып мұны.

Абдулла Әмина атты әйел алды,  
Ибраһим милләтімен некеленді.  
Әуелі жолыққанда Абдулладан,

<sup>19</sup> көк

<sup>20</sup> себебінен

<sup>21</sup> Мұнда ақын Ислам дінінің танымал ғалымы Имам Абу Хамид Ғаззалидың «Дақайикул әхбар уә Мәнақибул әббар» (Жәннатқа жол немесе қиямет хабарлары) атты еңбегін қысқартып берген.

<sup>22</sup> араб тілімен

<sup>23</sup> баянымен

<sup>24</sup> еврейлер

Расулдың Әминаға нұры барды [134, б. 53].

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Пайғамбар нұры» атты хикаясында да пайғамбар нұрының Адам атадан бастап кейінгі пайғамбарлар арқылы Ибраһимға (ғ.с.), содан оның ұлы Исмайыл (ғ.с.) және одан тараған ұрпақ арқылы Ғабдоллаға жеткені өлеңмен баяндалады. Сонымен қатар, Пайғамбарымыздың (с.а.у.) дүниеге келу сәтіндегі анасы Әминаның жағдайы, ақ құстың және бір топ қызметкердің келуі туралы Шәді ақын да сөз қозғап, Хилуати шығармасындағы бұл оқиғаны толықтыра түскен:

Бір ақ құс сол мезгілде келді жетіп,  
Сипады қанатымен ізет етіп,  
Ағзасы Әминаның тынышталып,  
Көңілінен қорыққандығы қалды кетіп.

Сусамақ ғалыб<sup>25</sup> болды Әминаға,  
Ап келді бір кесемен шәрбат унға<sup>26</sup>.  
Ақтығы қарағанда сүт мысалы,  
Ләззаты қант, әселден тәтті және.

Әмина ол шәрбатты ішті алып,  
Ағзасы рахаттанды мейір қанып.  
Сол уақытта үйдің іші нұрға толды,  
Мысалы, шам жаққандай шұғылаланып.

Есіктен кіріп келді бірнеше қыз,  
Ілгері көрмеп еді оларды әр кез.  
«Біздерді қызмет үшін жіберді», – деп,  
Әдеппен қол қусырып айттылар сөз [157, б. 56].

Шығармалары арқылы Мұхаммед пайғамбардың (с.а.у.) өмірлік өнегесін қоғамға үлгі еткен атақты ақын Мәшһүр Жүсіп Пайғамбарымыздың (с.а.у.) дүниеге келген күнін «Хаятбақшы» дастанында былай жеткізеді:

Раббиғ ул-аууал айынан он бірі өтіп,  
Он екіге дүйсенбі келді жетіп.  
Атқан таңмен таласа бірге туды,  
Ай мен күннен сәулесі асып кетіп [157, б. 116].

Ал Шәді ақынның «Сияр Шәрифінде» бұл мәселе былайша суреттелген:

Расулдың талас болды туған күні,

---

<sup>25</sup> үстем  
<sup>26</sup> оған

Хақиқат дүйсенбінің еді түні.  
Раббиғ ул әууәл<sup>27</sup> айдың он екінші,  
Түні деп көп имамдар айтты мұны.

Сол уақытта әуел баһар<sup>28</sup> еді жана,  
Дүниенің тазаланған бәрі һәмма.  
Әртүрлі гийаһтарда<sup>29</sup> гүл ашылып,  
Бұлбұлдар айтар еді Хаққа сәна [134, б. 55].

Ислам діні келмей тұрып арабтар арасында жыл санауын әйгілі оқиғалармен байланыстыратын дәстүр қалыптасқан болатын. Сол дәстүрге сәйкес Пайғамбарымыз туылған жыл тарихта «Піл жылы» деп аталып кеткен. Имам Байһақи Ибн Аббастан (р.а.) жеткізген риуаятта да Мұхаммед (с.а.у.) «Піл жылы туылған. Шәді ақын да «Асхаб фил жылдығында дүниеге енді» деп отырғанының мәнісі Алла елшісінің (с.а.у.) дүниеге келуіндегі сол бір мұғжизалы оқиғамен байланысты болуында.

Йемен патшасы залым Абраһа Мекке қаласында орналасқан қасиетті Қағбаны қиратуды жоспарлап, оның орнына Йеменнен «Құллайыс» атты салтанатты шіркеу тұрғызады. Алайда, Қағбаға құлшылық жасаушылар ол құрған шіркеуге ағылар емес. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.) туылатын жылы Абраһа Қағбаны мүлде жою мақсатында үлкен әскер жинап, пілдерге мінген әскерімен Меккеге қарай жорыққа шығады. Қалаға жақындағанда Абраһа әскерлері Меккенің ең атақты адамдарының бірі, Алла елшісінің (с.а.у.) атасы Абдулмутталибтің түйелерін өздерімен айдап әкетеді. Абраһа Абдулмутталибке өкілін жіберіп, Қағбаны бұзу үшін келгенін жеткізеді. Абдулмутталиб Абраһамен кездесіп, өзінің түйелерін қайтаруды сұрайды. Сонда Абраһа Мекке ақсақалының бұл сөзіне таңғалып: «Мен сендердің ата-бабаларың құлшылық жасайтын қасиетті мекендеріңді жоямын деп келіп тұрмын, ал сен болсаң менен арзымайтын екі жүз түйенді сұрап тұрсың!» – дейді. Сонда Абдулмутталиб: «Түйелердің иесі мен, ал Қағбаның иесі бар, Ол оны өзі қорғайды!» – дейді. Абраһа түйелерді қайтарып, Меккеге қарай кірмек болғанда әскердің алдында келе жатқан үлкен піл жүрмей қояды. Йеменге не шығысқа қарай бұрса, шапшаң жүріп кетеді де, Қағбаға бұрса табанын тіреп тұрып алады. Сол уақытта Алланың қалауымен аспаннан Абабил құстары ұшып келеді де тұмсығы мен қанатындағы тастарды Абраһа әскерлеріне тастайды. Осылайша, қалың әскер опат болып, Абраһаның өзі де ауруға шалдығып мерт болады. Бұл оқиға жайлы ең сенімді дерек – Құран Кәрім. Қасиетті кітаптың «Фил» сүресінде бұл оқиға Алла елшісіне (с.а.у.) ескерту ретінде жіберілген.

Тақырыпты зерттеу барысында міне, осы сынды Алла елшісі (с.а.у.) дүниеге келгендегі тарихи әрі кереметке толы оқиғалар қазақ-өзбек

---

<sup>27</sup> арабша ай аты

<sup>28</sup> көктем

<sup>29</sup> өсімдік, шөп

ақындарының жырларына арқау болғанына көз жеткіздік. Бұған негізгі себеп Хилуати, Шәді, Мәшһүр сынды ақындардың рухани білім алған мектептерінің бір болғаны деп білеміз. Міне, осы ақындар халық арасында мұндай мұғжизалы оқиғаларды кеңінен таратып, «Мәуліт» мерекесі жыл сайын тойланатын дәстүрге айналды. Тәуелсіздік алғалы Қазақстан Республикасы мұсылмандарының діни басқармасы тарапынан жыл сайын өткізіліп келе жатқан дәстүрлі «Мәуліт» іс-шаралары халықтың Пайғамбарымызға деген сүйіспеншілігін оятуына себеп болуда. Бұл жағдайда тарихымызда өткен ақындарымыз тарапынан жазылып қалдырылған, бүгінгі таңда әлі зерттеуге алынбаған мәуліт шығармаларын халық игілігіне пайдалану, Ислами әдебиет тарихында бабаларымыздың жазған еңбектерін қоғамға жария ету, насихаттау алда атқару қажет болған қызмет екені сөзсіз.

Адамзаттың ардақтысы – Мұхаммед пайғамбардың (с.а.у.) басты айырмашылығы – оның пайғамбарлық қасиеті мен өзіне берілген ерекше мұғжизалары десек, бойындағы ізгілік пен мейірімге бастайтын сабырлылық, туралық, байсалдылық секілді көркем мінездері ардақты болуға лайық қасиеттерден еді. Айналасындағы барлық замандастары пайғамбарлық келместен-ақ «Сенімді Мұхаммед» («Мухәммәдул-әмин») деп атауы да босқа емес. Ал, пайғамбарлық келгеннен кейінгі жүзеге асқан түрлі мұғжизалары сол заманның өзінде жұртшылыққа кең тарап, пайғамбарды мойындаған әрбір мұсылман жүрегінде оған деген ерекше мейірім ұялатса, бойында ақындық дарыны бар сөз шеберлері көркем әдебиет арқылы пайғамбар өміріндегі мұғжизаларды кеңінен жырлады.

Алла елшісінің (с.а.у.) болмысы мен табиғаты, ерекше мұғжизалары өлең сөзбен өрнектелген туындылар «хилиә» (адамның болмыс бітімі, келбеті), ал көркем мінездері жырланған шығармалар «шәмаил» (көркем мінез, жақсы қасиет) деп аталады. Осыдан шығып, кейбір ғалымдар пайғамбардың болмысына тән қасиеттері мен мұғжизалары суреттелген шығармаларды бөліп-жармай, бәрін «хилиә» тақырыбындағы шығармалар аясында қарастырған [153, 243]. Әдеби көркем шығармаларда да кейбір ақындар пайғамбардың барлық мұғжизаларын тізбектеп көлемді шығарма жазса, кейбір шайырлар бір ғана мұғжизаны суреттеп беруге тырысты.

Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.) өміріндегі елеулі мұғжизалардың бірі – Миғраж оқиғасы. Миғраж – арабша «саты», «баспалдақ» дегенді білдіретін қасиетті ұғым. Миғраж сөзінің түбірі араб тіліндегі «уруж» яғни «көтерілу» сөзі. Осы түбірден миғраж – «көкке көтерілу сатысы» мағыналары келіп шығады. Миғраж оқиғасы туралы Құран кәрімнің бес жерінде (15/14; 32/5; 34/2; 57/4; 70/4) сөз болса, екі орында «Меариж» яғни «сатылар» (70/3; 43/3) мағынасында зікір етілген [158, б. 230].

Шарғи мағынасында Хазірет Мұхаммедтің (с.а.у.) Жәбірейілмен (ғ.с.) бірге пыраққа мініп, белгілі бір сәт ішінде Мекке қаласынан Құддысқа баруы «Исра» деп аталады да, ол жерден жеті қабат аспанға сапар шегуі, аспанның әрбір қабатында өзінен бұрын өткен пайғамбарлармен кездесуі, жәннат пен тозақты көруі, Сидрәтул-мунтаһаға көтеріліп, Жаратушының бүкіл мұсылман үмбетіне



парыз етіп бұйырған «Намаз» құлшылығын аманат ретінде қабылдауы, үмбетіне шапағат ету құқығының берілуі сынды көптеген мұғжизалы оқиғаларын қамтыған термин ретінде «Миғраж» мұғжизасы қолданылады.

Пайғамбарымыздың (с.а.у.) қасиетті сапарында орын алған міне, осы керемет мұғжизалары бұл тақырыпқа көптеген шайырлардың ат басын бұрып, пайғамбардың өнегелі өмір жолын адамзатқа үлгі етуіне негіз болды. Әдебиетте мұндай шығармалар «Миғражнамалар» деп аталады. Түркі халықтары ислами әдебиетінде «Миғражнамалар» жеке жанр деңгейіне көтерілген. Ғалым Т.Қыдыр Пайғамбардың миғражын өлеңмен насихаттаған «Миғражнамалар», негізінен, үш композициядан тұратынын жазады. Олардың алғашқысы – Ибра. Мұнда Пайғамбарымыз қысқа уақытта пырақпен Мекке қаласынан Мешіт Ақсаға барып, онда екі ракағат намаз оқыған. Ал, келесі оқиға – Миғраж. Мұнда Алла елшісінің (с.ғ.с.) көкке ұшуы, пайғамбарлар һәм періштелермен байланыста болуы, Сидратул-мунтаһаға шығып, Алла дидарын көруі жырланады. Үшіншісі – «Нузул», яғни, пайғамбар Миғраждан қайта оралған сәтте жер бетінде орын алған бірнеше оқиғаларды көруі, содан өз үйіне қайта келуі жырланады.

Сопылық әдебиетте Баязид Бистамиден бастаған сопылар миғраж көргендерін айтатын болған. Жалпы миғраж термині сопылық әдебиетте рухтың жоғарылауы мен рухани сапар ретінде қолданылған, яғни рухтың Аллаға қарай көтерілуін миғраж деп атаған. Миғражда «түсу, көтерілу» ұғымы бар. Әзірет Адам жер жүзіне түсірілді, әзірет Мұхаммед көкке көтерілген. Барлық мұминдер намаз кезінде (ғибадат кезінде) рухани және мағынауи миғраждан үлес алады. Өйткені құлдың Аллаға ең жақын кезі, сәждеге барған кезі болып есептеледі.

Ғалым Метин Акар (Metin Akar) түркі халықтары әдебиетінде бұл тақырыпта алғаш рет қалам тербеген шайыр Сүлеймен Бақырғани (Хакім Ата) екенін айтса, зерттеулеріміз қорытындысында бұл тақырыпта алғаш рет сөз қозғаған ақын – сопылық поэзияның негізін салушы, данышпан, ойшыл Қожа Ахмет Ясауи екені белгілі болды. Бұл пікір ғалым Мехмет Темизкан (Mehmet Temizkan) тарапынан да қолдау тапқанын көруге болады [159].

Ясауи өзінің «Хикаяти меъраж» деп аталатын хикметтерінің тізбегінде былай жырлаған:

Әйа достлар, баян әйләй Хақ расулдын,  
Үммәт болсаң ештіб дуруд әйтиң достлар.  
Ул «Раһмәтән лил әләмин» жузу куллдін,  
Үммәт болсаң ештіб дуруд әйтиң достлар...

Хикмәт қылды «Меъраж» сөзін Құл Хожа Әхмәд,  
Шүкрилиллаһ Мустафаға қылды фәрзәнд.  
Арслан бабам хурма беріб қылды хурсанд,  
Чін үммәтсен ештіб дуруд әйтиң достлар [24, б. 71].

Мағынасы: «Ей, достарым, Хақ Расулы (Алла елшісі) жайлы сөз қозғайын, егер оған үмбет болсаң, мұны естігенде мақтау айт. Ол әлемдердің рахметі, шапағатшысына үмбет болсаң, мұны естігенде мақтау айт. Құл Қожжа Ахмет Миғраж оқиғасын хикметпен баян етті, Аллаға шүкір Мұстафаның ұрпағынан болуды жазды. Арслан бабам құрма беріп қуантты, шын үмбет болсаң, мұны естігенде мақтау айт».

Ясауидің атақты шәкірттерінің бірі, Сүлеймен Бақырғани де Алла елшісінің (с.а.у.) өміріндегі осы бір елеулі оқиғаға арнап «Миғражнама» атты шағын поэзиялық туынды жаратты. Хакім ата:

Құл Сүлеймен хош айтты,  
Расул миғражын жайды,  
Расул миғражын айтып,  
Досына жәдігер қойды-йә, – [144, б. 162] деп жырлаған.

Ғалым Чағлар Дениз (Çağlar Deniz) атақты Әмір Темірдің ұлы Шаһруһтың арнайы тапсырмасымен 1436 жылы Мир Хайдар есімді сарай ақыны «Миғражнама» атты көлемді шығарма жазып, Герат қаласында Малик Баһши тарапынан хатқа түсірілгенін, ол 1673 жылы Антони Галланд тарапынан сатып алынып, Францияның Колберт кітапханасына тапсырылғанын айтады. Сондай-ақ ғалым, бүгінгі таңда Париж қаласындағы Ұлттық кітапханада сақтаулы бұл еңбек сол Шаһруһ тарапынан жаздырылған нұсқа екені туралы деректі ұсынған. [158, б. 262]. Бұл тарихи деректі басқа да түркітанушы ғалымдар толықтыра түскен. Мысалы, «Миғражнама» шығармасының ғылымға белгілі екі нұсқасы жайлы тілші ғалым Саадет Чағатай (Saadet Çağatay): «Алғашқысы ұйғыр әрпімен жазылған Франция нұсқасы, екіншісі араб әрпімен жазылған Истанбул нұсқасы. Ұйғыр әрпімен көшірілген мәтін 1436 жылы Гератта Малик Баһши тарапынан хатқа түсірілген» [160, б. 175 ] десе, ғалым Жиһан Доған (Cihan Doğan) шығарманың араб әрпімен жазылған нұсқасын Павел де Куртилле (Pavet de Courtille) есімді аудармашы француз тіліне аударғанын жазады [161, б. 55]. Ал, ғалым Грубер (Gruber) Миғражнама еңбегінің бұл нұсқасы жайлы былай дейді: «Шығарманың ұйғыр тіліндегі нұсқасы Тимуридтердің саяси-экономикалық, мәдени-рухани тұрғыдан кемелденген тұсында Сұлтан Шаһруһ заманында жазылған. Бұл шығарманың Сұлтан Шаһруһ заманында жазылуы оның Миғраж оқиғасына қызығушылық танытқанынан ғана емес, керісінше ата-бабаларынан келе жатқан ескі моғол дәстүрлерінен түгелдей бас тартып, мемлекетін хақ дін Ислам шариғатымен басқаруды мақсат еткендігінен және Құран мен хадиске негізделген «Миғражнама» шығармасын насихаттаудан туған» [162, б. 266].

Орталық Азия және Қазақ даласында діни-ағартушылықты мақсат еткен ақындар шығармаларына үлгі болған Алтын Орда әдеби жәдігерлерінің асыл жауһарынан болып табылатын Насируддин Бұрһануддин Рабғұзидің «Қиссас ул-әнбия» (Пайғамбарлар тарихы) еңбегі де Миғраж оқиғасын көркем сөзбен суреттеген. Ал, сол дәуірде сопылық әдебиеттің танымал өкілдерінен саналатын, Сопы Аллаяр да «Сәбәтул ажизин» атты еңбегінің «Пайғамбарларға

сенім» бабында Алла елшісінің (с.а.у.) миғраж оқиғасына кеңінен тоқталған.  
Ақын:

Мухаммадким, эрур афзалу асдақ,  
Эрур бешак шаби меърожи бар хақ [163, б. 17]

Мағынасы: *«Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарлардың арасындағы Аллаға ең жақыны, әрі дәрежесі аса биігі. Алла өзінің сүйікті досына миғраж түнін сыйлық етті»* дей келе, бұл оқиғаның шын мәнінде өмірде болғандығына, шынайы түрде сеніп, жүрекпен растауымыз қажет екендігін ескерткен:

Бариға сидқимиз, икроримиз бор,  
Эмас хеч қайси иш Тангрига душвор [163, б. 17].

Мағынасы: *«Миғраждың өзіне де онда кешкен оқиғалардың баршасына да шынымен-ақ болып өткен оқиға деп сенеміз, әрі хақ деп тілмен растаймыз. Өйткені, бұлар жайлы ашық аяттар мен хадистер келген. Сондай-ақ Хақ Тағала үшін мұндай жағдайларды бой көрсеттірудің еш те бір қиыншылығы жоқ».*

Алтын Орда кезеңі әдеби жәдігерлерінің тағы бір үлгісі Маһмұд әл-Кердеридің «Наһджул-фәрадис» (Жұмақтардың ашық жолы) атты еңбегі. Бұл еңбектің жетінші бабы толығымен Алла елшісінің (с.а.у.) Миғражына арналған [106].

Біз зерттеп отырған кезең қазақ-өзбек әдебиеттерінде Пайғамбарымыздың «Миғраж» мұғжизасы жайлы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы арнайы шығарма жазса, Шәді Жәңгірұлы, Жүсіп Сайрамы сынды ақындар өз шығармаларында Миғраж оқиғасына арнайы тоқталған. Ыбырай Алтынсариннің «Шараитул ислам» еңбегінде бұл мұғжиза жайлы қысқа мәлімет ұсынылған.

Діни-ағартушы ақын ретінде қазақ жазба әдебиетінде өзіндік жол салған тұлға, өмірін ұрпағына рухани мұра қалдыруға арнаған ойшыл – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы дүниетанымында иманның орны ерекше. Ал, иманның негізгі шарттарының бірі болып табылатын «Пайғамбарларға сенім» мәселесі де қоғамның рухани тәрбиесімен айналысқан ұстаз үшін маңызды болғанын ақын шығармашылығын зерттеу барысында көз жеткізіп отырмыз. «Бес жастан «бисмиллә» деп жаздым хатты, бұл тағдыр жастай тиді маған қатты» деп ақын жазғандай, бес жасынан молдадан хат таныған Адам Жүсіп алғаш Баяндағы Нәжмеддин хазіреттен сауатын ашса, 8 жасында Қамариддин хазіреттің берген тағылымымен білімін шындай түскен. Ал, Бұхарадағы жоғары оқу орнында алған діни білімдерінің нәтижесі оның нағыз Ислам ғылымы жолында пісіп жетілуіне себеп болғандай. Мәшһүр Жүсіп өзінің «Миғраж» атты шығармасында:

Әуелі бисмиллада сөзім басы,  
Тыйылмас булықса да көздің жасы.  
Миғражын ән хазіретінің тамаша қып,  
Сөйлеген ақын Мәшһүр хикаясы.

Құдайым жарылқай ма көптен, аздан,  
Ойым бар келсе күшім, Қағба қажыдан.  
Жарандар құлақ салып тыңдасаңыз,

Азырақ сөз қозғайын Миғраждан [164, б. 146] – деп, Миғраж оқиғасын қазақ даласында қайта жаңғыртты. Ал, ақын Жүсіп Сайрамидің қолжазбаларын парақтағанмызда, Пайғамбарымыз Миғражына арналған мына өлең жолдары ақындардың бұл тақырыптан хабарсыз емес екендігін тағы бір рет дәлелдеп берді:

Бір кечә бардың һәрәмдін Мәсжиді Өксағача,  
Хәмраһиң Руһул қудс та алами балағәчә,  
Күрсийу лауһу қалам, әрші ула әлағәчә,  
Сәйр қылдың қаба кәусәйнәу «әу әдна» гәчә,  
Лүтф қылса хақ мәнғә тәуафи һәрәм, йа, Мұстафа,  
Рәузәи пакинғә барсам, дидә нәм, йа, Мұстафа [152, б. 135].

Мағынасы: *Бір түнде Харам мешітінен Ақса мешітіне дейін бардың, Жолдасың Руһул Құдус (Жәбірейіл) Күрси мен Лауһул қалам һәм Аршы Ағлаға дейін апарды. Сайрандадың Қаба қаусайн мен «Әу әднаға» дейін. Ия, Мұстафа, Хақ тағала бұйырса маған Қағбаны тәу етуге, қасиетті қабіріңе барсам деймін, ия, Мұстафа.*

Өз ішінде көтерілген тақырыптарының сан алуандығы, сондай-ақ сюжеттерінің тартымдылығы жағынан көптеген ақындар шығармаларына негіз болған «Миғраж» оқиғасы ислами әдебиет тарихында жеке жанр ретінде қалыптасты деуге болады. Алла елшісінің (с.а.у.) ғибратты ғұмырындағы бұл керемет оқиғаның әлі де болса адамзатқа өнеге болар тұстарын зерттеу, әдебиет тарихы тұрғысынан арнайы әдеби жанр ретінде қарастыру алдағы уақыттың еншісінде екенін ғылыми ортаға ескерткіміз келеді.

Ислам діні қоғамның ажырамас бөлігіне айналып, иләһи кітапты адамзатқа көркем үлгімен жеткізген Пайғамбар Мұхаммед Мұстафаның (с.а.у.) сөйлеген сөздерін, өзі жасап көрсеткен және мақұлдаған іс-әрекеттерін сахабалар өз өмірлеріне үлгі етіп, оны басқаларға өнеге ете бастаған алғашқы кезеңдерде бүгінгі Ислам ғылымының үлкен бір саласына айналған «Хадис» ғылымы қалыптасу процесін бастаған еді.

Ұлы Жаратушыға қарай баратын ақ жолды көрсеткен Аллаһ елшісі Мұхаммед Мұстафаның (с.а.у.) сөздері мен іс-әрекеттерін білдіретін хадис пен сүннет Ислам деген даңғыл жолдың Құраннан кейінгі негізі болып қаланды.

Алла елшісінің (с.а.у.) сөйлеген сөздерін оқып үйрену, оны өмірлік қағидаға айналдыру – әр мүминнің басты міндеті саналып, әдебиет майданында жыр жазған ақындар халықтың көкейіне тез қонып, ұзақ сақталуы үшін Алла елшісінің сөздерін көркем сөзбен өрнектеп беруге көшті. Ондағы мақсат – Алла елшісінің (с.а.у.) өнегелі өсиетін қоғамға насихаттап, Алла ризалығын табу, о дүниеде пайғамбардың шапағатына бөлену болды.

Ислам әлемінде Аллаһ елшісінің (с.а.у.) хадистерін зерделеп, еңбек жазған ғалымдар көбейді. Солардың арасында пайғамбардың қырық хадисін арнайы түрде алып, оған түсіндірме жазған немесе өлеңмен көркемдеген дәстүр қалыптасты. Имам Ғазалидің «Қудси қырық хадис», Имам Науауидің «Қырық хадис» секілді еңбектерін солардың мысалы ретінде атап өтуге болады. Ғалымдар пайғамбардың хадистерін қара сөзбен талдап жеткізсе, ақындар ел арасына өлең сөзбен өрнектеп таратты. Соның нәтижесінде әдебиетте «Әрбәғин» әдеби дәстүрі дүниеге келді.

«Әрбәғә» – араб тілінде қырық деген мағына бергенімен де, әдеби термин ретінде пайғамбардың қырық хадисін көркем сөзбен насихаттауды айтады [153, б. 244]. «Шығыстың белгілі әдеби зерттеулерінде алғаш «Әрбәғин» құрастыру дәстүрін бастаған ақын хижра жыл есебімен II ғасырларда өмір сүрген Мервтік ғалым Абдуллаһ ибн Мубарак екендігі алға тартылған. Кейінгі ғасырларда бұл дәстүр жалғасын тауып, араб, парсы және түрік ақындары мен ғалымдары өз тілдерінде «Әрбәғин» жазуды қолға алған. Ғылыми түрде әртүрлі тілдерде «Әрбәғин» жазған 100 ге жуық ақындардың аттары белгілі» – дейді зерттеуші ғалым Мехмет Емре [165, б. 4].

Поэзия үлгісімен жазылған «Әрбәғин» шығармалары екі түрге бөлінеді. Біріншісі – аударма түрінде болып көп орынды алмайды, мұнда ақындар шығыс классикалық әдебиетіндегі кең тараған форма – рубаиды қолданса, хадистерді түсініктерімен берген ақындар мәснәуиді қолданған [153, б. 244].

Адамзаттың ізгілігі жолында қызмет жасаған, түркі халықтары ортақ пір тұтқан сөз зергері, Әлішер Науаи 1481 жылы ұстазы Әбдірахман Жами тарапынан парсы тілінде өлеңмен жырланған «Әрбәғин» жинағын түркі тілінде өлеңмен жазып шығуы түркі халықтары әдебиетіне ізгілікті ту еткен жаңа дәстүрдің кіріп келуіне себеп болды. Ақын Алла елшісінің (с.а.у.) қоғамды ізгілікке шақыратын, ынсаппен әділетке үндейтін хадистерінен 40 хадисті түркі тілінде өлеңмен жазып шығуы түркі халықтары арасында сөз өнеріне ғашық жандардың Пайғамбарға деген, Аллаға деген махаббатын қозғау, күнәларының кешіріліп, Қиямет күнінде Алла тағаланың разылығына бөленуді мақсат еткені болса, түркі халықтарының классик әдебиетінде «Әрбәғин» жанрының қалыптасуына септігін тигізді.

Түркі дүниесінде орта ғасырларда Науаимен қатар парсының Фузули, әзірбайжанның Хазини секілді шайырлары қырық хадисті өлең сөзге айналдырса, олармен замандас өмір сүрген Махмұт Кердері, Алты Бармақ сынды ғалымдар пайғамбардың қырық өсиетін қара сөзбен түркі тілінде жазып шықты. Аталған прозалық туындыларда, көбінесе, пайғамбар хадистерінің аудармасымен бірге түсініктемесі де қатар беріледі.

Өзбек классик әдебиетінде Науаиден кейінгі ақындар шығармаларында «Әрбәғин» жанрымен қалам тербегендері белгісіз. Ал, XIX ғасыр мен XX ғасыр басында өмір сүрген әдебиет қайраткерлері арасында бұл әдеби дәстүр кеңінен дамып жетілмеген болса да, Науаиды өзіне ұстаз санаған ақын Мухайир бұл тақырыпта қалам тербеп, «Әрбәғин» әдеби дәстүрін қайта жаңғыртқанын көріп отырмыз.

Ақынның өлеңдер жинағынан орын алған, Аллаһ елшісінен (с.а.у.) сахих риуаяттармен бізге дейін жеткен, Орталық Азия халықтары арасында кеңінен тараған хадистерінен қырық хадисті өлеңмен жазып шығуынан Науаи заманында басталған әдеби дәстүрді қайталап қана қоймай, оны жаңғыртып, өзіндік стильмен байытқанын көруге болады.

Бұл туралы А.Дехканов: «Өлең сөзбен қырық хадисті баяндау араб, парсы әдебиеттерінде ежелден дәстүрге айналған болса да, өзбек әдебиетінде Науаиге дейін бұл тақырыпта шығарма жазылмаған және Науаиден кейін де бұл дәстүр бірер ақын не жазушы тарапынан жалғасын тапқаны көрінбейді. Зерттеулеріміз нәтижесінде, Науаиден кейін классик әдебиетімізде бұл дәстүр тек Мухайир шығармашылығында көрініс беріп отыр» [166, б. 9] – дейді. Сондай-ақ, Акрам Дехканов, дәйекті деректер арқылы Науаидың Әрбәғинымен Мухайирдың Қырық хадисінде байланыс бар екендігін көрсетіп берген. Яғни, бүгінгі таңда Науаи атындағы мемлекеттік әдебиет музейінде 226-инвентарь нөмірмен сақталатын Науаидың таңдамалы шығармаларын 1870 жылы Мухайир қайта көшірген. Осы көшірме соңында Мухайирдың соңғы сөзі арнайы мөрі болған. Осы мәліметтерді жеткізе отырып А.Дехканов: «Әлішер Науаидың осы диуанының жазуын Мухайир тарапынан жазылған өзінің диуан нұсқаларының баршасымен салыстырып шыққан кезімізде олардың бәрі де бір хаттатың (каллиграф) қолынан шыққандығына көз жеткіздік» [166, б. 8] – деп қорытынды жасаған.

Ақын жинағынан орын алған діни-ағартушылықты мақсат еткен ең шырайлы шығарма Пайғамбарымыздың (с.а.у.) 40 хадисін өлеңмен өрнектеген әдеби мұрасы деуге болады. Ақын шығарманың кіріспесінде былай дейді:

«Анбиё сарварининг сахих ривоят бирла ворид болған хадисларидин қирқ хадисни бир хадиси қудсий бирла «Баллиғу анни ва лав аятан («Мен хақимда бирор белги бўлса ҳам етказинглар») ҳадисига мувофиқ форсий таржима юзидин Мухаййир туркий рубоййяда адо қилди. Умид будурки ушбу хадисларни ёд қилғон уламо зумрасидин бўлғай» [166, б. 15].

Мағынасы: *«Алла елшісінің (с.а.у.) «Мен туралы бірер белгі болса да жеткізіңдер» деген хадисіне сай, Пайғамбарымыздан сенімді жолдармен жеткен қырық хадисі және бір қудси хадисін парсы тілінен аударма жасап, түрікше өлеңмен жазып шықтым. Осы хадистерді жаттаған адам ғалымдар қатарында болсын деп үміттенемін».*

Адамгершіліктің ең жоғарғы сатысы «Кемел адам» болу десек, бұл сатыға қол жеткізу үшін иман мен ислам шарттарын орындау, жұмсақтық пен кішіпейіл болу сынды қасиеттер қажет болары сөзсіз. Аллаһ тағала адамзатты ізгілікке бастау жолында біздерге жоғарыдағы қасиеттерді меңгере отырып, үнемі игі істерде бір-бірімізбен жарысуымыз қажеттігін бұйырған:

*«...Ендеше жақсылыққа жарысыңдар..»* (Маида сүресі, 48-аят).

«Жақсылық – ақылымызбен ойлаған әртүрлі көркем амал, пайдалы іс және тек ізгілікті қамтитын түсінік. Жақсылық адамзаттың сүйіп армандаған ізгі амалдары [167, б. 290].

Мухайир ақын да Ұлы Иеміздің әміріне құлақ түріп, жақсы амалдарда өз замандастарымен жарысуға бел буғанын көріп отырмыз. Ақын Аллаһ елшісін (с.а.у.) қоғамға үлгі етіп, имандылық, тақуалық, көркем ахлақ, дүние мен ақырет, жәннат пен тозақ тақырыптарында жеткен сахих хадистерді өлеңмен түсіндіріп берді. Мысалы, Пайғамбарымыздың (с.а.у.) адамдардың бір-бірлеріне жақсы қарым-қатынаста болуы, бір ізгі амалды жасауда жол бастаудың артықшылығы туралы хадисінде:

*«Бірер ізгі амалды жасауда жол бастаған адамға сол жақсылықты орындаған адамның сауабы беріледі».*

Бұл хадисті өлеңмен өрнектеген Мухайир:

Кимки хайр айласа жаза тапқай,  
Эй хуша, улки болды амили хайр.  
Яна хайр ишга улки болды далил,  
Муздидур мисли музди фаили хайр [166, б. 15] – дейді.

*Мағынасы: Кімде-кім бірер жақсылықты жасайтын болса, міндетті түрде оның сыйын алады. Уа, жақсылар, бір жақсы іске себеп болған адам да сол жақсылықты орындаған адаммен тең сауапқа кенеледі.*

Хадисте адамдарды ізгі амалды көп жасауға насихаттау, сондай-ақ, ізгі амалдарға жол бастаған адамдардың да ескерусіз қалмай, сол істі атқарғанмен бірдей сауапқа ие болатыны айтылуда. Имам Нәуәуидің «Хадистер жинағында» бұл хадис төмендегідей берілген:

Әбу Масғұд Уқба ибн Амр әл-Ансариден (р.а.) жеткен хадисте Аллаһ елшісі (с.а.у.): «Кімде-кім бір игі істі бастап өзгеге үлгі болса, өзінен кейін сол істі істегеннің сауабындай сауап алады», – деп айтты» – делінген [168, б. 92].

Аллаһ елшісі (с.а.у.) үмбеттеріне үлгі еткен, әрбір мұсылманда көрініс табуы шарт болған көркем мінездің бірі – «шүкір ету». Шүкір – өзіне берілген әрқандай нығметке сол нығметті берушіге қарай шынайы ықыласпен білдірілген ерекше құрмет пен ризашылық деуге болады. Шүкір етудің ең көркем үлгісі Ұлы Жаратушыға қарай жасалады.

Шығармадағы сегізінші хадисте Аллаһ елшісі (с.а.у.) былай дейді: «Аллаһ тағала құлының бір нәрсе жегенінен соң шүкір етуінен және бір нәрсе ішкеннен соң шүкір етуінен қуанады».

Ақын бұл хадисті де өлеңмен өрнектей отырып:

Бегумон билки Азиди Раззоқ,  
Бандадин рози булғуси ул дам.  
Ки таъм-у шаробдин сунгра,  
Айлагай шукр унга хам мунга [166, б. 16].

Мағынасы: *«Есіңде болсын, Әзиз және Раззақ болған Раббымыз жегенінен және ішкенінен соң шүкір ететін құлдарынан разы болады».*

Мухайыр осы сынды сахих хадистерді қоғамда өлең сөзбен жазып шығу, насихаттау арқылы өз замандастарын ізгілікке бастап қана қоймай, өзінен кейінгі ұрпақтарға да Алла елшісінің (с.а.у.) өнегесін таныта білді. Ақынның шығармалар жинағынан орын алған басқа да әдеби мұраларын кеңінен зерттеуді қолға алуды біз келешектің еншісіне қалдырдық.

XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде пайғамбар хадистерін жырларына арқау еткен, оны көркем үлгімен өлеңдері арқылы көрсете білген ағартушы ақындардың бірі Ыбырай Алтынсарин болды. Ыбырай өлеңдеріндегі түйінді тұжырымдар хадистерден нәр алғандығынан дерек бергендей. Мысалы, әрбір істің бастауы («Бисмилләһ») Аллаһтың атымен басталу керек екендігі жайлы «Бисмилләһпен басталмаған әрқандай істің соңы келте» деген Аллаһ елшісінің (с.а.у.) хадисі Алтынсариннің «Істің болар қайыры бастасаңыз Алла деп» деген жолдармен көрініс береді.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) адамдарды әрқашан адал еңбекпен ризық тауып, садақа жасауға шақырған, басқаларға масыл болып күн көруден қайтарған. Үмбеттерін бір-бірлеріне жақсылық жасауға шақыра отырып, қиындыққа тап болған адамдарға көмек қолын созуы керектігі еш болмағанда жамандық жасаудан сақтану керектігі жайлы тәлім береді.

Әбу Мұса әл-Әшғариден (р.а.) жеткен хадисте Аллаһ елшісі (с.а.у.): «Әрбір мұсылман садақа беруі керек» – деді. Сонда бір адам: «Маған айтшы, егер адам садақа беруге ешнәрсе таппаса ше?» – деп сұрады. Аллаһ елшісі (с.а.у.): «Онда ол өзінің қолымен еңбек етіп, өзіне-өзі пайда келтірсін де, садақа берсін», – деді. Әлгі адам: «Егер адам оны жасай алмаса ше?», – деп сұрады. «Онда ол қиындыққа тап болғанға көмектессін», – деп жауап қайырды Пайғамбар. Ол адам: «Ал егер ол бұны да істей алмаса ше?», – деп сұрады. Ол: «Онда жақсылыққа шақырсын», – деді. Ол адам: «Маған мынаны айтшы, егер ол оны да істей алмас ше?», – деп сұрады. Ол: «Онда ол жамандықты істеуден өзін тыйсын, бұл да садақа болып табылады», – деді.

Жоғарыда иман мәселелерін талдаған тарауда Ыбырай Алтынсариннің «Шариятул-Ислам» немесе «Мұсылманшылықтың тұтқасы» еңбегіне тоқталған болатынбыз. Міне, осы еңбегінде Ыбырай ғалым әрбір қазақ баласын тәкаппарлық, күншілдік, сараңдық сынды жаман мінез-құлықтардан аулақ болуға, қайта үнемі адамдардың қажетін өтейтін жомарттыққа шақыруда Пайғамбар хадистерін негізгі құрал ретінде пайдаланғанын көреміз. Мысалы, тәкаппарлық туралы:

«Тәкаппаршылық дүниеде өткен жақсылықтарыңды жойып кететін мінез. Хатта пайғамбарымыз алайһиссалам айтыпты: «Адамның көңілінде бір мысқалдай тәкаппаршылық болса да ұжмаққа кіре алмас», – деген [78, б. 48].

Сараңдық туралы Аллаһ елшісі (с.а.у.) бір хадисінде «Мына екі сипат мұсылман адамның бойында болмайды. Ол: сараңдық пен жаман мінез», – десе, Алла елшісінің хадистерін өнеге еткен Ыбырай Алтынсарин: «Пайғамбарымыз әләйһиссәләм айтыпты: «...хасләтәни лә яжтәмиғәни фил-мумини әл-бухлу уә



сууль хулуқи», яғни екі нәрсе шын мумин пенденің көңіліне қонбас: біреуі – сараңдық, біреуі – бұзықтық деген» [78, б. 48].

Біздіңше, мұндағы ақындарның ортақ идеясы – мына уақытша дүниеде кім болып өтсең де басына келетін бір өлім бар, сол өлімге кез болмай тұрғанда тәубеңе кел, себебі өлімнен соң бұл дүниеде жасаған әрбір амалың үшін жауаптысың. Бұл дүниеде ізгілік жолын таңдасаң да, зұлымдық жолын таңдасаң да ол сенің қалауың, алайда Ұлы Жаратушың көрсеткен ізгілік жолымен жүруді мақсат етсең, өзіңнен бұрын өткен Алла елшілерінің өміріне назар аудар, сонда мәңгілік өміріңде жәннатқа қол жеткізесің, ал залым Ферғаун, надан Намруд сынды зұлымдық жолын таңдасаң барар жерің мәңгілік азап.

Қорыта айтқанда, орта ғасырларда Ясауи, Сүлеймен Бақырғани, Насируддин Бұрхануддин Рабғұзи, Махмут Кердери, Сопы Аллаяр сынды сөз зергерлерінің Пайғамбарлар жайлы толғаған көркем шығармалары кейінгі кезеңде сөз өнерін қадір тұтқан ақындар шығармаларына үлгі болды. Соның ішінде ХІХ ғасыр мен ХХ ғасыр басында өмір сүрген Әзімқожа ишан, Шәді Жәңгірұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Жүсіп Сайрамы, Хазини, Мухайир сынды ақындар пайғамбарлардың тарихи бейнесін поэзия үлгісімен жырлап, бұл тарихи-әдеби дәстүрді қайта жаңғыртты. Осы орайда, Пайғамбарлардың әдеби, көркем бейнесінің жырлануы тақырыбы бұл ақындар шығармаларымен шектеліп қалуы мүмкін емес екенін жеткізгіміз келеді. Қазақ-өзбек халықтарының ұлттық әдебиеті тарихында болсын, түркітану саласында болсын бұл тақырыптың екі халық арасында да өте аз зерттелген тақырыптардың бірі екенін ғалымдар назарына ұсына отырып, алдағы уақытта бұдан да терең зерттеулерге жол ашылады деп үміттенеміз.

### **2.3 Ақыретке сенім мәселелерінің көркем әдебиеттегі көрінісі**

Ұзақ замандардан бері жалғасын тауып келе жатқан Ислами әдебиеттің үлгілері әсіресе, ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасыр басында Орталық Азия мен қазақ даласында туған әдеби шығармаларда жаңа арнаға түсіп, жаңа түрмен көрініс бере бастады. Сондай әдеби арналардың бірі Қиямет қайым болатын кездегі оқиғалар төңірегінде дамып, «Ахуалы қиямет», «Қияметнама» сынды тақырыптар төңірегінде шығармалар жазылды.

Жалпы осы бір сырға толы алып жаратылыс пен адам өмірінің мына дүниедегі кезеңі мәңгі еместігі, оның мезгілі жеткенде аяқталу кезеңі болатыны адамзат санасында сонау Адам ата мен Хауа заманынан қалыптасқан ұғым екенін ескерсек, бұл мәселе күнімізде де маңызын жоймаған, қайта заман өткен сайын белгілері көріне бастайтын шындықтың бірі екеніне көз жеткіземіз.

Иман шарттарының бесіншісі болып табылатын ақыретке иман, яғни қиямет сөзіне Ислам анықтамалығында төмендегідей түсіндірме беріліпті:

«Қиямет – (араб. тік тұру, орнынан қозғалу) дүниенің аяқталуы жайлы діни білімдер жиынтығы Исламда ақырет сенімін құрайды. Бұл білімдер Құран сүрелерінде ақырет күнінің басталуымен байланысты оқиғаларды, бүкіл жаратылғандардың қайтыс болуы, кейін қайта тірілуі, орындарынан тұруы, бір-

бір сұраққа алынып, сауап пен күнәлардың есепке тартылуы, соған қарай адамдардың жәннат пен тозаққа жіберілуі, жаһаннам азабы, жәннаттың рақаты т.с.с. хабарлар толық баяндалған [169, б. 294].

Қиямет, махшар, ақырет терминдерінің Құран мен пайғамбарымыздың (с.а.у.) хадистерінде адамзат баласына қайта-қайта ескертілуі, сондай-ақ Ислам ғұламалары мен хақ дінді насихаттауды мақсат еткен ақындар шығармаларында көптеп тілге тиек етілуі бұл мәселенің шынайы өмірлік ақиқат екендігін дәлелдей түседі.

Алла Тағала Құран Кәрімде адамзат баласына көздері көріп тұрған аспан әлемі мен жердің жаратылысын мысал келтіре отырып, басталған істің аяқталуы, жаратылған нәрсенің соңы болатыны секілді мына алып дүниенің де жоғалып, оның орнына мәңгілік өмірдің келетінін ескертеді:

*«Аллаһ өздерің көріп тұрған мына аспан әлемін ешбір тіреусіз етіп жаратты... Бәрі де белгілі бір мерзімге дейін өз қызметтерін атқаруда. Аллаһ пен кездесетіндеріңе күмәнсіз сенулерің үшін Аллаһ істердің бәрін тәртіпке келтіріп, құдіретінің белгілерін жан-жақты көрсетеді»* (Рағыд сүресі, 2-аят ).

Ал, Құранның 75-сүресінде Алла тағала былай дейді:

*«Қиямет күн қашан болады? – деп сұрайды. (6) Қашан көз шағылысқан (7) Ай тұтылған (8) Күн мен ай бір араға келтірілген кезде (9) Адамдар сол күн: «Қашатын жер қайда? – дейді. (10) Жоқ. Әсте пана жоқ. (11) Ол күнгі тұрақ: Раббыңның алды (12) (Қиямет сүресі, 6-12-аяттар).*

Сонымен қатар, жер шарының аяқталу сәті мен мәңгілік өмірдің басталу алдындағы жағдайлар Ұлы Жаратушы тарапынан анық баяндалған:

*«Сол күні, жер мен таулар қозғалады да, таулар құм боп жиналады (14). Расында, Біз Перғауынға пайғамбар жібергендей күз түрінде сендерге Пайғамбар жібердік. (15) Сонда Перғауын Пайғамбарға қарсы келді. Сондықтан оны қатты қинаумен қолға алдық (16). Егер қарсы келсеңдер, балалардың да шашын ағартатын күннен қайтып сақтанасыңдар?(17). Ол күннің зардабынан Көк жарылады. Алланың уәдесі орындалады (18). Расында, бұл бір насихат. Ал енді кім қаласа Раббының жолын ұстайды (19)»* (Мүззәммил сүресі, 14-19-аяттар).

Міне, осы сынды адамзаттың бәрі түгел ескеру қажет болған ақиқаттар Жаратушысын мойындап, өзін таныған ақындар шығармашылығында Ислам жер бетіне тарала бастаған алғашқы дәуірлерде-ақ көрініс бере бастады. Ақындар өздері өмір сүріп отырған қоғамға бұл шындықтарды көркем сөзбен жеткізуді мақсат етті.

Орталық Азия және Қазақстан аумағында Ислам діні алғаш тараған VIII-IX ғасырларда жазылған әдеби шығармалармен қатар кейінгі дәуірлерде «Ақырзаман белгілері», «Махшар», «Қиямет ахуалы» сынды тақырыптарды шығармаларының өзегіне айналдырған Ясауи, Сүлеймен Бақырғани,

Насируддин Бұрхануддин Рабғұзи, Махмут Кердери, Сопы Аллаяр сынды түркі ұландарының көркем шығармалары біз зерттеп отырған кезең ақындар шығармаларына тікелей жолбасшылық қызмет атқарған еңбектер дей аламыз. Мысалы, Ясауи хикметтерінде «қиямет» сөзі жүзге жуық орында қолданылса, оның атақты шәкірттерінің бірі Сүлеймен Бақырғанидың хикметтер жинағында «Қиямет» сөзі 45 жерде көрініс беріп отыр.

Хикметтерінде Құдайдың рахметінен үміт үзбеуге, біліп-білмей жасаған күнәларымызға тәубе етуге шақыра отырып, өмірлік ақиқат болған өлімді еске салған Хакім ата, қиямет күнінің міндетті түрде болатынын ескертіп:

Келгін, достар, түні-күн анық тұрыңдар,  
Ақыреттің ісін мұнда Хақтан сұраңдар.  
Құлшылықта түні-күн әзір тұрыңдар,  
Фәни үшін бақи үйін салса болмас [170, б. 102] – деп жырласа,  
«Ақырзаман» атты шығармасында:

Заман ақыр болғанда нелер болар,  
Ғалымдар шағыр ішіп, зина қылар.  
Дүниеге түрлі-түрлі пәле толар,  
Одан артық тағы ғажап кереметтері бар [170, б. 116] – дейді.

Ислами әдебиет тарихында Бақырғанидің «Ақырзаман» шығармасымен қатар «Қиямет ахуалы», «Махшар майданы», «Ғарасат», «Ақырет» тақырыптарында жазылған көне жәдігерлер кейінгі кезең мұсылман түркілер арасында даму процесіне түсіп, дәстүрлі түрде жолға қойылғаны белгілі. Мұндай туындыларды зерттеу, оларды ғылыми айналымға салу ислами әдеби шығармаларды зерттеудегі өзекті мәселелердің біріне айналып отыр.

Бұл дәстүр біз зерттеп отырған ХІХ ғасыр мен ХХ ғасыр басындағы қазақ-өзбек халықтары әдебиетінде де жалғасын тапқанын көруге болады. Ақын әрі шарифат ілімдерін меңгерген ғалым Шәді Жәңгірұлының «Ахуал қиямет» шығармасы жоғарыдағы еңбектердің заңды жалғасы деуге болады.

Шәді ақын адамгершілік пен Ұлы Жаратушыға деген шынайы махаббатты, адамға деген адалдық пен шынайы достықты, бір сөзбен айтқанда имандылықты ту еткен Құран қиссалары негізінде қазақ даласында қиссалар жырлап, жазба әдебиеттің қалыптасуына, оның жаңа белеске көтерілуіне септігін тигізді.

Шәді Жәңгірұлы шығармаларының негізгі бөлігі Ислам дінінің адам өмірі үшін қажетті қағида-шарттарын насихаттауға арналған. Бұл біздің ақын шығармаларын зерттеуден туған ғылыми қорытындымыз десек те болады. Бұл пікірді ақынның «Ахуалы қиямет» шығармасын қазіргі қазақ графикасына түсірген ғалым Төрәлі Қыдыр да қуаттай түседі:

«Шәді ақын көптеген діни тақырыптарға, анығы діни мәселелерге қалам тартты. Сондықтан да, «Шәді ақынның өзі бір медресе» деуге болады. Әзіреті Мұхаммед пайғамбардың өмір жолы мен Пайғамбарлар тарихын, ақида

негіздері мен шариғат мәселелерін көркем сөзбен жеткізді. Дәстүрлі медреселерде Шәді ақынның шығармаларын қосымша оқулық ретінде оқытуға болатыны да сондықтан» [133, б. 6].

Өз заманында Шәді ақын да бұл мәселенің маңыздылығын жүректен сезіне алды. Ол ең алдымен өзін Құран ілімдерімен тәрбиелеп, қоршаған ортасын, қоғамды түзеудің ең тиімді әдісі – Алланың ақиқат жолын насихаттау деп түсінді, бұл жолдың саналы жандар үшін идеал бола алатын ең тура жол екендігін жеткізгісі келді. Сөздерін өлеңмен өрнектеп, тыңдаушысының жүрегінен орын табуды көздеді.

«Ахуалы қиямет» дастаны – Шәді ақынның осы мақсатта жазылған құнды шығармаларының бірі. Атынан белгілі болғандай, бұл шығармасында ақын бүкіл жаратылған мақұлықтардың қиямет қайымдағы ахуалын суреттеу арқылы адамзат баласын бір Алланың шексіз құдіретін мойындауды, бүкіл жаратылыс мақсатсыз өздігінен пайда болмағанын түсіндіруді мақсат еткен. Бұл шығарма өлеңмен құрастырылған көркем туынды ғана емес, діни-ағартушылық мақсатта жазылған оқулық екенін де ұғынған жөн.

Ислам – екінші бірі білгенін айтып, өзінше түсіндіріп, қоғамның талқысына салып, пайдалануға берілетін дін емес. Керісінше, Ұлы Жаратушы тарапынан адамзат пен жындыларға түсірілген дұрыс өмір сүру заңдарының жиынтығы. Бұл жолда қызметке кіріскен әрбір мүмін, әр сөзіне дәлел, айғақ келтіру қажет. Шәді ақын да мұндай көлемді әдеби шығарма жазу үшін бұл тақырыпқа алдын ала, арнайы дайындықпен келіп, бірнеше ислами кітаптарды өз шығармаларына негіз етіп алғаны көруге болады.

«Ахуалы қиямет» еңбегін толық зерделей келе, ғалымның Құран Кәрім аяттары және хадистермен қоса Имам Ағзам Әбу Ханифа (Нұғман бин Сабит), Ұлық имам, Мұхаммед ибн Ахмет Әбу Хамид әт-Туси әл-Ғаззали сынды Ислам әлемінде танымал ғұлама, ғалымдардың, сопы шайырларынан Сопы Аллаяр, Бабараһым Машраб сынды ақындар шығармаларын үлгі еткендігі анықталды. Сонымен қатар «Дәқайиқул ахбар», «Риязул музаккирин», «Мәсләкул муттақин», «Хазинатил әсрар», «Ақайд», «Мабдайи нур», Музакки нуфус, «Дүрр мәжәлис», «Мухтасар», «Мухаммадия», «Әбәдул жәмиғ», «Дәлил ихсан», «Тәрғибус-салат», «Дуррәтун-насихин», «Шәрхи нийаз», «Мәжмуғ таиф» еңбектеріне сілтеме жасап, бұл еңбектердегі сенімді тарихи мәліметтерді шығармаға арқау еткен. Мысалы, «Хазинатил әсрар» кітабына жасаған сілтемесінде:

Расулдың кітаптарда көп хадисі,  
Сүренің фәзиләті әрбірісі.  
«Хазинатил асрардан» қарайсыңдар,  
Көрмекке әр адамның болса хошы [133, б. 17],

– деп, тереңірек білгісі келген оқушысына өзі оқып, тағылым алған кітаптарын ұсынып отырады.

Ақын сусындаған діни білімі, тағылым алған мектебі, ұстанған жолы Орталық Азия және Қазақстан жерлерін мекендеген халықтар ұстанатын дәстүрлі «Имам Ағзам» яғни «Ханафи» мазһабы екендігін өлең жолдарынан-ақ білуге болады:

«Ғалымдар оқып көрген білер бәрін,  
Талас қылып дін туралы айтқандарын.  
Имам Ағзам, әһлі сүннет абзалдығы,  
Есітсең мағлұм болар ішінде оның» [133, б. 19],

– деп, өзінің де ұлық ұстаз Имам Ағзамның жолын, мазһабын ұстанғанын жеткізгісі келеді. Міне, осы қырынан-ақ ақын шығармашылығын бүгінгі қоғамға насихаттау, ғылыми айналымға салу қажеттігі байқалып отыр.

Алып дүниенің о бастағы жаратылуы, Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбардың нұрының жаратылуы, періштелердің, жындар әлемінің жаратылуы, Адам мен Хауаның жаратылуы сынды Құран Кәрім деректеріне сүйенген дәлелдермен дүниелік ғылымда белгісіз оқиғаларды ақын шеберлікпен баяндайды.

Шығарма негізгі төрт «Рүкін»<sup>30</sup> нен, 58 фасылдан (бап) сондай-ақ шығарма соңында ақынның «Себеп тасниф һәзәл-китаб» яғни еңбекті жазуының негізгі себептері көрсетілген баптардан тұрады.

Бір қарағанда, оқырман үшін тақырыптардың бәрі бір арнаға тоғысатындай көрінгенімен, автордың қолданған әдісі бөлек. Назар аударатын болсақ, алғашқы бөлімде көтерілген тақырыптардың түгелімен «Алғашқы жаратылысты» немесе «Жоқтан бар болу» үдерісін тануға қатысты екендігін көруге болады. Ақын «Егер қайта тірілуге сенімің бекем болмайтын болса, онда алғашқы жаратылысқа назар аудар, иманың қуаттансын» деген Құран қағидасын негізге алғандай. Демек, ақынның әдісі бойынша ең алдымен оқырман о бастағы жаратылысқа назар аударуы тиіс. Сонымен қатар, шығарманың негізгі тақырыбын ашу үшін алғашқы жаратылысқа көз жүгіртпеу мүмкін емес. Ақын «Адамзат өзінің шынайы тарихын, қайдан, қалайша пайда болғанын білмейінше ақыреттің болатынына сенімі тиянақты бола алмайды» деген идеяны ұсынған және оны көркем әдеби тілмен жеткізе білген. Ақын бұл жөнінде «Сәбәб тәсниф һәзәл-китаб» (шығарманың жазылу себебі) атты бапта 196 жолдан тұратын жыр жолдарын арнай отырып:

Жаксылар көрдіңіздер оқып мұны,  
Барлығы өзіміздің түркі тілі.  
Білмекке не қажет деп ойлайтұғын,  
Хикая, қиссалардың емес бірі.

Әуелі «Құлһу Аллах» фәзиләті,  
Нұр шариф жаралғанмен Расул нағты.  
Періште Бәнилжан мен әзіреті Адам,  
Жаралған барлығының әслі заты [171, б. 127]

<sup>30</sup> негіз, тірек, бөлім мағыналарын білдіреді

Шәді ең алдымен Ұлы Жаратушының сипатын, ол жіберген шынайы тарихты танытуды көздейді. Шығарманың алғашқы бөлімінен-ақ оқырман сенімін бекемдеп алуды мақсат еткеніне қарағанда бұған негізгі үш себеп бар деуге болады:

Біріншісі, ақын дүниетанымындағы алғашқы түсінік – Аллаға лайық құл, Мұхаммедке үмбет болу. Бұл жолда «кәлимагөй» (иман келтірген) мұсылманның бәрі бір-біріне «пірәдар» (бауыр). Бауыр болудың шарттарының ең алғашқысы өлім басына келіп, дүниеден өтіп кетпей тұрғанда бір-біріне үнемі пайдасы тиіп қалу. Міне, осы себептерді негізге алған Шәді ақын:

Бұл сөзді айтқанымның себебі бұл,  
Мұхаммед үмбетімін, Құдайға құл.  
Дүниеде кәлимагөй мұсылмандар,  
Дін серік Хақ жолында пірәдар біл.

Пірәдар болмақтықтың бұл формасы,  
Мүмінге пайда болсын қылған ісі.  
Өзінен ия сөзінен әр тұрғыда,  
Бахрә алсын бұл дүниеде әрбір кісі.

Бұл сөзді кітаптардан оқып көріп,  
Ойландым мұндай қиял көңіліме еніп.  
Мүмінге пайда қылар бір іс қылсам,  
Дүниеден кетпей тұрып бір күн өліп [171, б. 127].

Екіншісі, ақынның өзі өмір сүріп отырған қоғамда болып жатқан саяси-әлеуметтік күйзелістермен байланысты. XIX ғасыр мен XX ғасыр басы – бүкіл дүниежүзін жаулап алған материалистік көзқарастарды үлгі еткен Қызыл Империяның ел арасына іріткі салып, орыстандыру, шоқындыру саясаты ашық түрде жүргізуінен халқының сан ғасырлардан бері қанына сіңіп кеткен, тіпті, күнделік салт-дәстүрлеріне айналған діни наным-сенімдеріне сызат түсе бастаған сәтте оған қарсы күресетін бір-ақ қару – Алланың жалғыз Жаратушы екеніне, ақырет күнінің міндетті түрде болатынына деген сенімді күшейтіп, адамға өзінің кім екенін үнемі ескертіп отыру, ұмыттырмау. Өйткені бұл сенімнің орнына сыртқы күштердің әсерімен үгіттеліп кіріп келе жатқан негізгі христиандық көзқарас бойынша Алланың ұлы бар. Ол да болса әкесіз дүниеге келген «Исус» – Мариямның ұлы Иса (ғ.с.). Ал, мұсылман сенімі бойынша Иса (ғ.с.) Алланың құлы әрі елшісі. Ол Мұхаммедтен (с.а.у.) 570 жыл бұрын дүниеге келген.

Үшіншісі, ақын көтеріп отырған бұл тақырып, келтірген деректер, өзі айтқандай, жалпы халық бірден қабылдап кете алмайтын, араб, парсы тілдеріндегі Құран Кәрім мен Хадистерге негізделген мәліметтер болуы. Бұл ілімдерден хабардар болмаған бұқара халық, Жаратушысын танымаған адам

үшін кейінгі кезекте айтылатын адамзаттың өлім алдындағы жағдайы, пенделерге өлімнің көрінуі, қабірде болатын әртүрлі қиындықтар мен машақаттар, Мүңкір-Нәкір періштелердің қабірдегі сұрақ-жауабы, қабір азабы, ақырзаман жақындағанда пайда болатын белгілер, Иса (ғ.с.)-ның көктен енуі, әзіреті Мәдінің шығуы, Дажжалдың имандыларды азғыруы, Йәжүж-Мәжүж қауымының жер бетін жаулауы, Жәбірейіл, Исрафил, Әзірейіл және Микайыл сынды муқарраб (араб тілінде: жақындастырылған, Аллаға ең жақын) періштелер мен жұмақ пен тозақ періштелерінің қиямет қайым болардағы атқарар іс-әрекеттері, пенделердің он екі тайпа болып махшарға баруы, пенденің амал дәптерінің берілуі, Мизан таразысының қойылуы, Жәннаттың сипаты және оған кіретін пенделердің дәрежесі, Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбардың үмбеттерін шапағат етуі, Пенделердің Алла тағаланың дидарын көруі жайындағы сенімді деректер суреттеледі. Сол себепті ақын:

Құдайым мұсылманға тауфиқ беріп,  
Ойланар бұл кітапты оқып көріп.  
Дүниеде ықыласымен тағат<sup>31</sup> қылсын,  
Қорқынышы ақыреттің көңіліне еніп.

Хусусан тасниф еткен<sup>32</sup> бұл пендені,  
Тауфиқтың тағамына тойдыр оны.  
Өзіңе нафармандық<sup>33</sup> іс қылмасын,  
Ажырамай тұрғанында тәнде жаны.

Ия, Алла бұл дұғамды қабыл етіп,  
Кешіргін күнәмнің бәрін өтіп.  
Оқыған, есіткен дұға айла,  
Шаттансын мұратына барша жетіп [171, б. 134] – деп дұғадан үміттенеді.

Түркі халықтары ортақ пір тұтқан сөз зергері, Әлішер Науаи шығармалары арасында Пайғамбарымыз Мұхаммедтен (с.а.у.) сенімді жеткізушілер арқылы жеткен сахих хадистерді өлеңмен бейнелеген жинағы бар. Науаи осы жинағы арқылы түркі әдебиетіне «Арбаьин» деп аталатын жанрды алып келді. Міне, осы еңбегінде Науаи де араб, парсы тілдерін білмейтін бұқара халыққа Алла ризалығы үшін Пайғамбарымыздың (с.а.у.) хадистерін түркі тілмен түсінікті болсын деген мақсатпен аударғанын жазған:

Форсийдонлар айлабон идрок,  
Орий эрди бу нафъдин атрок.  
Истадимки бу халқ хам бори,  
Болмағайлар бу нафъдин орий [114, б. 8]

---

<sup>31</sup> құлшылық  
<sup>32</sup> жырлаған  
<sup>33</sup> орынсыз

Мағынасы: «Парсы тілін меңгергендер түсініп, мұның пайдасын көріп жүр. Мен де бұл халықтың (түркі халқының) бәрі түгел түсініп пайдасын көруін қаладым», – дейді ақын.

Науаи – адамзаттың ізгілігі жолында қызмет жасаған тұлға. Оның Алла елшісінің (с.а.у.) хадистерінен адамды ізгілікке шақыратын, ынсаппен әділетке үндейтін жалпы қоғам тәрбиесі үшін қажет болған 40 хадисті өлеңге айналдыруы сөз өнеріне ғашық жандардың Пайғамбарға деген, Аллаға деген махаббатын қозғау болса, ендігі мақсаты, күнәларының кешіріліп, Қиямет күнінде Алла тағаланың разылығына бөленуді мақсат еткені болса керек дейміз. Дәл осы мақсаттың Шәді ақын шығармасында да көрініс беруі ақындар арасындағы рухани сабақтастық әрі ұлы адамгершілік мұраттардың бір арнада тоғысатынында дер едік. Шәді ақын:

Ойландым бұл кітапты түркі қылып,  
Зікір етсем ауамдарға мен білдіріп,  
Дүниеде қайыр беріп тағат қылса,  
Ахуалын ақырдағы әркім біліп.

Бір Құдай ол қызметін қабыл етсе,  
Дүниеден дін иманы аман өтсе,  
Айтулы қатерлерді есен қылып,  
Фазлымен кәрәм айлап жәннатқа елтсе, [133, б. 132] – дейді.

Бұл өлең жолдарынан ұғынғанымыз, XV ғасырда Гератта өмір сүрген Науаи мен араға төрт ғасырдан астам уақыт салып Қазақ жерінде өмір сүрген Шәді Жәңгірұлы сынды ақынның ортақ мақсаттары – Алланың разылығын табу мен еліне деген сүйіспеншілігінен туындағаны анық.

Ақын шығарманың алғашқы бөлімін «Жаратылыстың пайда болуы» немесе «Жоқтан бар болу» үдерісін танытуға арнайды және нақты мысалдармен дәлелдейді. Мысалы, әрбір мұсылман адамның Аллаға деген сенімін нығайтуға себеп болатын маңызды факторлардың бірі – «Асма ул Хусна» (Алла тағаланың көркем есімдері). Алла тағаланың көркем есімдері – 99. Бұл туралы Алла тағала Құран Кәрімнің бірнеше сүрелерінде баяндаған. Солардың бірі ретінде ақын Ықылас сүресін келтіреді. Сүреде бұл ұлы есімдердің үшеуі қатар келеді. Олар: «Аллаһ», «Ахад», «Самад». Осы арада ақын да Алланың көркем сипатын оқырманына түсіндіріп өтеді:

«Ахад» дер һәм «Самад» дер Хақ сипатын,  
«Ләм ялид уә ләм йуләд уә ләм йәкун».  
Серігі жоқ, теңдесі жоқ, ортағы жоқ,  
Халқ еткен<sup>34</sup> құдіретімен мақлұқатын [133, б. 18].

---

<sup>34</sup> жаратқан



Осы сынды дәлелді айғақтармен оқырман жүрегінде Аллаға деген сенімін бекемдеп алған соң ақын, өмірі адамзатқа өнеге болған, соңғы деміне дейін «Үмбетім, үмбетім» деп өмірден өткен соңғы пайғамбар Мұхаммедке (с.а.у.) деген сенімін тияқнап алуды көздейді:

Расулдың үмбет болсаң айтқанын қыл,  
Затына көз жібермей құдіретін біл.  
Бірлігі барлығына тасдиқ<sup>35</sup> етіп,  
Нешік деп талап етіп ашпағын тіл [133, б. 20].

Бүкіл жер жүзі «адамзат баласын маймылдан жаралған» деген теорияны ұрандатып жүрген тұста «Адам о бастан-ақ адам болып жаратылған, оның мына алып дүниеге келуінде өзіндік мақсаты бар» деген Құран Кәрім теориясын қоғамға насихаттауды мақсат еткен Шәді Жәңгірұлы тек Ислам арқылы ғана адамзат баласына белгілі болып отырған «Аршы», «Күрсі», «Лаух», «Қалам», «Сидратул-мунтаһа», «Хор», «Ғилман», «Жәннат», «Тозақ» сынды иләһи терминдермен оқырман танымын байытып, бұлардың бәрі де о баста жоқ болатын, аса көркем Суретшінің жаратуынан соң пайда болғанын айтады:

Аспан-жер, Аршы-Күрсі, Лаухы Қалам,  
Сидратул-мунтаһа, жәннат, дозақ, күллі ғалам.  
Періште, хор, ғилмән<sup>36</sup>, инс илә жан,  
Жоқ еді әуелінде бәрі тамам [133, б. 20].

Шәді Жәңгірұлымен замандас танымал ақын әрі баспагер Жүсіпбек Шайхисламұлының «Ахуалы қиямет» шығармасы да өлім мен ақыреттің айнымас ақиқат екенін қоғамға жеткізуді мақсат еткен құнды еңбектердің бірі. Жалпы 760 жолдан тұратын шығарманың қолжазба нұсқасы халық мұрасын жинаушы Сейт Омар Саттаров тарапынан Қытайдың Текес қаласынан алып келініп, 2013 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының тарихи-рухани мұраларына арналған «Қазыналы Оңтүстік» көптомдық жобасы аясында баспаға дайындалып, 77-томның бірінші кітабы, «Жүсіпбек Шайхисламұлының әдеби мұралары» қатарына енгізілді.

Қияметнама немесе қиямет қайым болған кездегі оқиғаларды суреттейтін, мазмұны мен көтерілген мәселелері тұрғысынан алғанда, Жүсіпбек ақын шығармасын толықтыра түсетін шығарманың бірі ақын әрі қоғам қайраткері Ақыт Үлімжіұлының «Ахирет-баян» немесе «Қиямет ахуалы» шығармасы. Көлемі жағынан және көтерген тақырыптары тұрғысынан алғанда Шәді Жәңгірұлының «Ахуалы қиямет» шығармасынан әлдеқайда аз. Дегенмен, өзіндік стилі, алға қойған мақсаты бар. Шәді шығармасында Қиямет қайымның болу жайлы ақиқат оқырманға алғашқы жаратылысты еске салу арқылы басталса, Ақыт Үлімжіұлы шығармасының бастамасы қияметтің болуына негіз

<sup>35</sup> бекіту

<sup>36</sup> Жұмақтағы ер қызметкер

болатын өмірлік ақиқаттардың бірі – өлімді еске салумен басталады. Ақын өлімнің рас екенін: «Өлімге жол сап кеткен Адам ата, пенденің жоқтан өзге бәрі қата (е)» дей отырып, адамзаттың атасы Адам атадан бастау алатын бұл үдеріс одан тараған ұрпақтың бәріне мирас екенін еске салады. Құран Кәрімде аттары аталған Шис, Нұх, Лұт, Салиһ, Ибраһим, Исмайыл, Исхақ, Жақып, Жүсіп пайғамбарлармен қатар соңғы пайғамбар Мұхаммедтің (с.а.у.), сондай-ақ атақты Әбу Бәкір, Омар, Оспан, Әли (р.а.) сынды сахабалардың өлімнің дәмін татқанын, олармен қатар адамзаттың қаншама танымал тұлғалары, тіпті, Аллаға қарсы келген Қарынбай мен Перғауын, Намрудтардың да осы жағдайды басынан өткергенін жырға қосып, қоғамды өлім келмей тұрып оған дайындалуға, жасаған қателері үшін тәубе етуге шақырады:

Баян ғып бұрынғыны айта берсем,  
Ерлердің ақ жүрегін қайғы басқан.  
«Дүние мен ахирет қамын бірдей же» деп,  
Насихат үшбу сөзім көңіл ашқан, [172, б. 12] – дейді.

Ислам дінін өзіне жолбасшы етіп таңдаған әрбір мұсылман орындайтын амалдары мен сенім мәселелерінің дұрыс болуы үшін Құран мен оны адамзат баласына көркем үлгімен жеткізген Мұхаммед пайғамбардың (с.а.у.) өмірлік өнегесін басшылыққа алуы тиіс. Ақын: «Құран кітап Алланың әмірі бірлән, Пайғамбарым шарифатын бізге шашқан», – дей отырып Ислам дінінің негізгі қайнары болған Құран мен Алла елшісінің жолын, сол жолды жалғастырған ардақты Әбу Бәкір, Омар, Оспан, Әли (р.а.) сынды сахабаларды өнеге етеді.

Пайғамбар мен ардақты сахабалардың ұстанған жолын ауам халыққа жеткізіп, сол жолға өмірлерін қиған төрт мазһабтың жолбасшылары Имам Ағзам, Имам Шафиғи, Имам Ахмад, және Имам Маликтердің бұл саладағы еңбектері орасан зор. Ақын төрт мазһаб имамдарын да жырға арқау еткен:

Төрт имам: әуел басы имам Ағзам,  
Олардай жан жаралмас бұл жалғаннан.  
Имам Шафиғи, Мәлік пен имам Ахмет,  
Шарифат осылардан бізге қалған [172, б. 14].

Өлім мен басқа да өмірлік ақиқаттарды еске салған соң ендігі кезекте ақын «Арасат майданынан сөз қозғайын, жамағат құлағың сал осындайда» дей отырып, қияметтің қорқынышын суреттеуге кіріседі:

Қарасат майданынан аз сөйлейін,  
Жамағат, құлағың сал осындайда.  
Ахиретте Қарасат болар майдан,  
Жеңілдік тіленіздер бір Құдайдан [172, б. 15] – деп, бүкіл жаратылысқа үкім оқылатын күн тек Жаратқанның қолында екенін айтады.

Исламдық таным бойынша, қиямет күнінде адамзат негізінен үш түрге бөлінеді. Олар: мұсылмандар, екі жүзділер (мунафиқтар) және кәпірлер. Ақыт Үлімжіұлы арасат майданына жиналған мұсылман қауымының жағдайын шығармада былайша суреттейді:

Теп-тегіс адам пенде жылап тұрар,  
Көл қылып көзінің жасын бұлап тұрар.  
Сол күнде ерік берер заман қайда,  
Періште «Не қылдың?» деп сұрап тұрар [173, б. 16].

Осы сынды қиямет таңындағы пенделердің мүшкіл халі Қоқан әдеби мектебінің көрнекті өкілі Мухайир шығармаларында да орын алған. Ақын махшар майданында болатын сұрақ-жауап жайлы сөз қозғай отырып, Алланың рақметінен үміттенгендер, Мұхаммедке (с.а.у.) үмбет болуы керектігін жеткізеді:

Ул куники вахмдин ақли кул болур бархам,  
Болса нома боронлиғ Адам оғлыға ұл дәм,  
Бәззіләр тутуб мотам, бәззіләр болур хуррам,  
Анда болмайын хуррам, мунда йұрмағыл бедәм,  
Ғам илә болуб хамдам, марг бирлә улфәт тұт.

Табиши қуяш бір йан, от харараты бір йан,  
Турса мағзы сәр қайнаб, һәм аяқ күйіб чәндан,  
«Раббәна залләмна» деб халқ болсалар гирйан,  
Әндә сен нечүк қылғуң, ей Мухайири надан,  
Рәһмәт истәсәң өзні Мұстафаға үммәт тұт [166, б. 63].

Мағынасы: *«Ол күні уайым-қайғыдан күллі ақылдының бәрі жерге кіре жаздайды. Кейбірі аза тұтса, кейбірі көңілді жүрер. Ол кезде көңілді жүру үшін мұнда бейғам болма. Қайғымен бірге болып, жомартпен дос бол. Ол күнде күннің ыстығы бір төбе, оттың ыстығы бір төбе, бір жақта миың қайнаса, бір жақта аяқ күйер. «Раббәна залләмна» деп халық өкінішпен жылап тұрғанда, ей, надан Мухайир сен не істемексің. Егер Алланың рақметінен үміттенсең, Мұхаммед Мұстафаға (с.а.у.) үмбет бол»* – деп өзіне ескерту арқылы оқырманға ойын жеткізуді мақсат еткен.

Мына дүниеде екі жүзділікті кәсіп етіп, өзін мұсылман атандырып, шын мәнінде күпірліктің басында қайнаған, Құдайға кәпір болған жандардың ахуалы өте аянышты екенін Ақыт ақын аса көркем үлгіде жеткізген:

Құдайды танымаған кәпір-малғұн,  
Тұрады сөйлей алмай көзі жайнап,  
Күрзімен періштелер соққанында,  
Қылжақтар өлген малдай тілін шайнап.

Бір жақтан жылан келер аузын ашып,

Бір жақтан шаян келер зәһәр шашап,  
Ғазап қып жылан, шаян сорған шақта,  
Жығылар есі кетіп, түсі қашып.

Бір тараптан от келіп күйдіреді,  
Неше түрлі көп азап араласып.  
Жазасын көп малғұндар сөйтіп тартар,  
Болған соң Хаққа дұшпан қарсыласып [172, б. 17].

«Жалғанда шалқып тасып бұлғақтаған» кәпірлер қиямет күні жүздері қарайған күйі тірілетінін жеткізеді. Тіршілікте көршісіне зиян жеткізген адамдардың арасат майданында қолы кесілген күйі тірілетіні, сауда істерінде малын өтірік жолмен сатуды әдетке айналдырған жандар болса аузынан қан аққан күйі тірілетіні, ал үнемі өтірік айтуды әдетке айналдырған жандар тілдері кесілген күйі майданға келетіні, тірі кезінде жетімнің малын зұлымдықпен жеген кей адамдар іштерін жылан сорған күйі тіріліп келетіні сияқты мәселелер қиссада сәтті жырланған. Мысалы, жетім малын зұлымдықпен жеген жандардың жағдайы төмендегідей суреттеледі:

Кей адамдар келеді іші толған,  
Іштерін әбден кеулеп ірің сорған.  
Бұл-дағы отқа түсер адам екен,  
Жетім малын алдап жеп залым болған [172, б. 19].

Ал, енді иманы жанына жолдас болған жандардың жайы бір бөлек:

Амал оңға қияметте жұмақ даяр,  
Оған қоймай алдайды дүние аяр.  
Ақ жүзді ахиретте болған жанды,  
Періште мағлұм қылып жұртқа жаяр

Ақ істілер тірілер айдай болып,  
Толықсып, жүзі көркем майдай болып.

Басына тәж оранып, тахыт мініп,

Қас-кірпігі құрылған жайдай болып [172, б. 26] – деп дәріптейді ақын.

Болмыстың жаратушысы жалғыз Алла және Оған адамзаттың арасында ең жақын болатыны пайғамбарлар екені шындық. Алайда, пайғамбарлардың өзі есеп-қисап күнінде елден безіп, басын сауғалап жатуы бұл күннің қаншалықты ауыр күн екенін көрсетсе керек. Сонымен қатар, қияметтің ахуалын өлеңмен жырлап шығу авторға аса ұқыптылықты талап ететін жауапты міндет екенін ескеру керек. Қиямет күнінде Пайғамбарлардың соңғысы, Аллаһтың һабибі (сүйіктісі) атанған пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.) ғана үмбетінің жағдайымен қайғырады екен. Бұған атақты сахабалардың бірі Әбу Һурайра риуаят еткен хадис дәлел. Осы хадисті негізге алған ақын пайғамбарлар арасында бір ғана Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.) ғана үмбетінің тозақтан

аман қалуын тілеп, Аллаға жалбарынатынын, Алланың рахметімен шынайы үмбеттеріне шапағатшы болатынын жеткізеді:

Жылайды көп пайғамбар өз басым деп,  
Бір қысым өз басыма болмасын деп.  
Жалғыз-ақ Нұрмұхаммед жылайды екен,  
«Құдая көп үммәтім – жолдасым» – деп [172, б. 16].

Қиямет қайым, махшарда жиналған махлұқтың ауыр жағдайы, тіпті, пайғамбарлар да өз басын сауғалап тұратыны, тек пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.а.у.) шапағатшы болуы жайлы мәліметтер ХІХ ғасыр мен ХХ ғасыр басындағы өзбек әдебиетінде біз зерттеу нысанына алған ақындар шығармашылығында да кездесіп отыр. Бұл кезең өзбек әдебиеті өкілдері шығармашылығында қиямет ахуалын суреттейтін көлемді шығармалар кездеспегенімен «Қияметнама» тақырыбының ақындар назарынан тыс қалып қоймағанын ерекше айтқымыз келеді. Мысалы, өзбек әдебиетінің көрнекті өкілі Сидки Хандайлиқидың (1884-1934) «Тазкира-и Имам Ағзам», «Мезони шариат» еңбектері де ХХ ғасыр басындағы ислами әдебиеттің көркем үлгілерінен саналады. Ақынның Өзбекстан Республикасы, Ғылым академиясының Әбу Райхан Беруни атындағы қолжазбалар институтында № 13831 сақтаулы, 1333 хижра жылы Ташкентте жарық көрген «Тазкира-и Имам Ағзам» еңбегінің 15-19 беттеріндегі көлемі шағын «Қияметнама» атты прозалық шығармасы қиямет күні Расул Алла басшылық еткен шариярлардың мына дүниеде Мұхаммед пайғамбарға үмбет болған жандарға көмектесу үшін барын салатыны, дүниеде жасаған күнәларына алатын жазалардың жеңілдетуін Алладан сұрап, араша түсуін көркем түрде суреттейді. Жалпы шығарма арқылы оқырманға Пайғамбар – Алланың досы әрі елшісі, ол қиямет күні үмбеттеріне шапағатшы болатыны ақиқат деген тұжырым ұсынылады. Зерделей қаралса, Сидки да жоғарыда Шәді Жәңгірұлы, Ақыт Үлімжіұлы, Жүсіпбек Шайхисламұлы сынды ақындар ұсынған идеяны ұсынып отыр.

Энциклопедист ғалым әрі ақын Баситхан Шашидың өлеңдер жинағынан орын алған төмендегі ғазал өмір бойы бүкіл адамзат баласына көркем мінезімен өнеге болған Алла елшісінің (с.а.у.) қиямет таңында да «үмбетім, үмбетім» деп Алла тағала алдында зар жылап, үмбетіне араша түсетіні жайындағы жоғарыдағы хадисті растай отырып, оны өлеңмен былайша суреттейді:

Анбиялар барча рози хашр уа нафсим дер,  
Лекин Аһмад йиғлаб айтурлар бәсе уа уммата.

Барча умматни шафоат айламак умидида,  
Назрати Ғаффар дарғаһига айлаб илтижа [68, б. 31]

Мағынасы: *«Хашр (қиямет) күнінде барлық пайғамбарлар өз нәпсісін аман алып қалу үшін барын салады, алайда, Ахмет зар жылап «үмбетім» дейді.*

*Барша үмбетін шапағат жасаймын деп үміттеніп, әзірет Ғаффар (Алла тағаланың көркем есімдерінің бірі) құзырына келіп дұға жасайды».*

Бұл арқылы ақын бір жағынан мұсылмандардың пайғамбарға деген сүйіспеншілігін арттырса, екінші жағынан қияметтің ауыр күн екенін ескерткісі келеді.

«Ахуалы қиямет» шығармаларында көтерілген ортақ тақырыптардың бірі – жұмақтың суреттелуі. Мысалы, жұмақты суреттеген Жүсіпбек ақын жұмаққа баратын адамдар қандай болу керек? деген сұраққа көбірек жауап іздегенін байқау қиын емес. Ақын жәннатқа қол жеткізген жандар мүлдем қартаймайтынын, ауырып-сырқаттанбайтынын, қаншама ұзақ жол жүрсе де киген киімдері тозбайтынын, қараңғылық болмайтынын, адамдар үнемі Алла тағаланың көрсеткен нығметтеріне шүкірлік етіп, үнемі мадақтаумен болатынын, әрбір адамның алдында арнайы тағайындалған қызметшілері болатынын, іштей қалаған нәрсесі бірден алдынан шыға келетінін, жүрген жерінде хор қыздары жолдас болатынын өлең жолдарымен жеткізе отырып, бір Алланы дос деп білген, Пайғамбарға шынайы үмбет болған, бес парызды өзіне міндет санаған жандар ғана бұл марапатқа лайық болатынын айтады:

Кәпір көрмес пейішті, жақсы көрген,  
Жақсы кім, бір Алланы дос деп білген.  
Хақ пайғамбар үмбеті жұмақтағы,  
Алланың бес парызын оқып білген [ 174, б. 67].

Ал, Шәді ақын шығармасында жұмақтың артықшылықтарын сипаттау принциптері біраз өзгешелеу. Ақын шығармада бұл мәселеге «Жәннаттың сипаты һәм кіргендердің дәрежесі» атты бір бөлімін арнай отырып, Алла елшісінен (с.а.у.) жеткен хадистер негізінде жұмақтың сипаттарына тоқталады.

Пайғамбардан жеткен хадистерге сүйенсек, жәннаттың сегіз есігі бар. Олар: «Дар ул-жалал (ақ маржанмен безендірілген)», «Дар ус-салам (қызыл тастардан тұратын)», «Жәннат ул-мағуа (жасыл асыл тастардан жасалынған)», «Жәннат ул-хулд (сары маржан тастардан жасалынған)», «Жәннат ул-нағим (ақ күмістен жасалынған)», «Дар ул-қарар (қызғылт алтыннан жасалынған)», «Жәннат ул-фердаус» (күміс, алтын, асыл маржан тастардан жасалынған)», «Ғадын» (ақ асыл тастан тұратын). Пайғамбар хадистерін терең білген Шәді ақын шығармасында да бұл ұғымдар оқырманға үлгі ретінде ұсынылыпты:

Жәннаттың неше түрлі тәусифі бар,  
Нақыл етіп пайғамбардан айтып-дүрлар.  
Әртүрлі әрбірінің атын қойған,

Есігі сегіз-дүр деп қылған изһар [171, б. 97] – дей отырып, олардың әрқайсысына кіретін адамдардың сипаттамалары автор тарапынан сәтті жырланған. Мысалы, «Дар ус-салам» ға ақын былай сипаттама береді:

Екінші – жәннат ерүр «Дәрус-салам»,  
Есіктің қызыл жақұт бәрі тамам.  
Намазды рүкінларымен дұрыс оқып,  
Кіреді таһаратты кәміл қылған адам [171, б. 97].

Ислами әдебиеттегі назар аудару қажет болған маңызды мәселенің бірі – автор тақырыпты ашуда шығарманың көркемдік сапасымен бірге шынайылықты, Алла тағала тарапынан мұсылман үмбетке берілген шынайы ақиқаттарды жеткізуді мақсат етеді. Сондықтан да, шариғат шарттары мен ақыреттің азабын, неше түрлі ауыртпалықтарын суреттеп, оқырманға көркем сөзбен бейнелеп жеткізу үшін ақын өз қиялынан туған ойларды жырлаудың орнына шариғат талаптарын басшылыққа алуға тырысады. Өз кезегінде бұл ислами поэзиядағы шығарманың құндылығын арттыра түседі.

Ақыт Үлімжіұлы да тақырыпты ашуда шариғат шарттарын басшылыққа алған. Ақын Құран Кәрімнің «Ғабәсә», «Мәғариж» сынды сүрелеріндегі қияметте болатын жағдайларды баяндайтын аяттар мен Аллаһ елшісінің (с.а.у.) сол тақырыпты айқындайтын хадистерін негізгі дереккөз ретінде пайдаланғанына зерттеу барысында көз жеткіздік. Мысалы, ақын Құран Кәрімде «Ғабәсә» сүресінің:

*«Ал енді қатты дауыс келген сәтте; (33) Сол күні, кісі туысынан қашады; (34) Шешесінен, әкесінен (35) Әйелінен және балаларынан. (36) Ол күні әркімнің ісі ауыр. (Әркім өз халымен әлек.) (37)»* – дейтін 33-37-аяттарын тәпсірлеген Ибн Кәсир (р.а.) сынды атақты ислам ғалымдарының тәпсірлерін пайдаланған.

Қиямет күні адам баласының күнәлары ауыр келіп, Алла тағала оны тозаққа үкім еткен сәтте пенде тозаққа барудан қорқып, әке-шешесінен, қатыны мен бала-шағасынан сауап үміттеніп, Алладан олармен жолығуға рұқсат беруін сұрайды екен. Алланың рұқсатымен ол пенде әке-шешесімен, әйелі мен бала-шағасына жолығып өзіне көмектесуін сұрап жалбарынады. Сондағы әкесінің жағдайын ақын былайша жырға қосыпты:

Әкесі айтар: «Нашар ғой менің хәлім,  
Сенің үшін тауыстым ғұмырым бәрін.  
Сенен де менің хәлім қиынырақ,  
Бар болса маған қарас, өзің жаным» [172, б. 31].

Ал, өмірінде перзенті үшін жанын пида етуге дайын болған анасы арасат майданында туған перзентіне жақын жолай алмайды екен:

Анасы айтар: «Шырағым, ғаріп балам,  
Сенен гөрі өзімнің халім жаман.  
Шамаң келсе шапағат қыл осындайда,  
Мен едім бек мүһірбан сенің анаң [172, б. 32]

Адам үшін дүниеде әке мен шешеден мейірімді, жақын адам болмайтыны рас. Алайда, қиямет күні сондай жақын болған жандар тек өзінің қыл көпірден аман-есен өтуін тілеп отырады екен. Ал, қатын мен бала-шаға, әкенің өзіне жармасып, тіршілікте Алланың жолын танытпағаны үшін, Құраннан тәрбие бермегені үшін, өлімді еске салмағаны үшін, тіпті, кек алуға дейін баратынын ақын сәтті жырлаған. Осылайша, шарасыз қалған пенде Алланың құзырына қайта оралып «Құда-я, Сенен басқа жәрдем жоқ деп», дүниеде болған кезінде Алла ризалығы үшін бір адаммен ақыреттік дос болғанын, сол адамға жолығып, көмек сұрауға рұқсат беруін өтінеді. Рұқсат берілген соң әлгі досына келеді. Досының жағдайы да мақтайтын емес. Әйтсе де, өзіне көмек сұрап келген ақыреттік досының жұмаққа баруын өзінен артық қалаған шынайы досының берген жауабын ақын төмендегідей суреттепті:

Ей, достым, әдейі іздеп келдің маған,  
Беруге мен әзірмін көмек саған.  
Өзімде аздап сауап бар ма, жоқ па?  
Баралық Тәңір алдына, Хаққа таман [172, б. 37].

Ақын мұнда адам баласының дүние өмірінде «достық» деген қасиетті ұғымға мән беру қажеттігін еске салғысы келгендей. Себебі, дүниеде ең жақын болған әке мен шеше, қатын мен бала-шаға қиямет қайым болған кезде өзімен өзі әлек болуы, олардан көре алмаған мейірім «Алла ризалығы үшін болған» дос тарапынан берілетіні, сондай достың себебімен тозақтан құтылған пенде мен ол үшін тозаққа түсуге дайын болған ақыреттік дос та Құдайдың әмірімен жұмаққа баратынын жеткізеді:

Сол кезде бір Алладан келер пәрман,  
Сол кезде пайдасы жоқ қылған арман.  
Мойныңа асқан күнәң аз ғана екен,  
Тозаққа ей бейшара сені салман [172, б. 37].

Ақын осы өлең жолдарымен Алланың мейірімі шексіз, аса қамқор «Рахман» және «Рахим» сипатты Жаратушы ие екендігін, шарасыз құлдарын тозақ отына қимайтын ерекше мейірімімен қоса әділ төреші, екендігін жеткізгісі келеді.

Ал, бойындағы ақындық өнерін Алланың жолын насихаттауға бағыштаған, «Өлімнің өлмей бұрын қамын ойла, Абайсыз жүргенінде ажал жетер!» [175, б. 268], – дей отырып, өлімнің ақиқаттығын үнемі еске салған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы дүниетанымында да «Қияметке сенім» мәселесінің рөлі ерекше болғанын атап өткен жөн. Ақын жазып қалдырған «Ақыреттің егіні», сынды дастаны мен мәңгілік өмірде болатын жағдайларды суреттейтін «Қиямет ахуалы» дастаны оны иман шарттарының қияметке сенім мәселелерін насихаттаған ойшыл ақын екендігіне жеткілікті дәлел болары сөзсіз.



Өлеңдерінде өмірлік ақиқаттардан саналатын өлім және қияметтің ауыр азаптарын еске салу арқылы қоғамды түзу жолға бастауды мақсат еткен ақын «Қиямет ахуалы» дастанында жоғарыда аттары аталған замандастарының ақырзаман, қиямет, махшар жайлы жырларын өзіндік қолтаңбасымен толықтыра түскендей. Ақын қияметтің ауыр жағдайын былайша суреттейді:

Жер қайда паналауға қоңыр салқын,  
Ол күннің айтып болмас тілмен қалпын.  
Лапылдап жалын, түтін қабат қаптап,  
Састырап көп жиылған Махшар халқын.

Әнбия, мурсал, нәби Хаққа жылар,  
Тұра алмас тағат тұтып, шыдап олар.  
Ибраһим, Мұса, Ғайса, Шис, Ыдырыс, Нұх,  
Айырылар ақылынан әнбиялар [164, б. 284].

Махшардағы тіпті пайғамбарлар шыдай алмайтын ауыр күнді бейнелеген Мәшһүр Жүсіп ақыреттен үміті сөне бастаған оқырман назарын Мұхаммед пайғамбарға (с.а.у.) аударады:

Жаныңа бір шыбындай иман пайда,  
Бәрінен жан біткеннің таусылды айла.  
Ғаламға он сегіз мың пана болған,  
Мұхаммед, айналайын, тақсыр қайда? [164, б. 285] – дей отырып,  
оқырман жүрегіне ақырындап үміт жолының есігін ашады. Ақын:

Қолында жасыл ту бар көзге түсіп,  
«Үмбетім, үмбетім!», – деп өкпесі ұшып.  
Тұра тұр, тоқта, тозақ, тулама! – деп,  
Алдынан келер тақсыр құстай ұшып.

Ия, Алла тілемеймін мен өзімді,  
Сарғайттым үмбет үшін гүл жүзімді.  
Сақтай гөр үмбетімнің бәрін оттан,  
Қабыл қыл дәрғаһында бұл сөзімді [164, б. 285]

Міне, осылайша ақындар Қияметтің ауыр азабынан құтылу үшін Алланың алдында Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.) ғана араша түсе алатынын, ол үшін мына дүниеде Алла елшісінің өмірлік өнегелерін үлгі ету қажеттігін ескертеді.

Махшар майданындағы пенделердің мүшкіл халін суреттеумен қатар ақындар өзі тарапынан оқырманға аз-көп насихат айтып оырған. Мысалы, Ақыт Үлімжіұлы, Сират көпірінен аман есен өтпейінше, Алланың дидарын көрмейінше, мақтаннан сақтану қажеттігін ескерте отырып оқырманға қарата былай дейді:

Жарандар, жәрдем тіле Жаппар Хақтан,  
Патша да бағы тайса түсер тақтан.  
Мейлің бай, мейлің төре, мейлің молда,  
Сираттан өткен күні сен де мақтан.

Онан бері мақтаннан сақтаныңыз,  
Сіз үмбет пайғамбарға боласыңыз.  
Сынақтан өтіп дидар нәсіп болса,  
Хақ дидарын көрген соң мақтаныңыз [172, б. 41].

Ал, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының насихаты бір бөлек:  
Адамзат қызыл тілден табады екен,  
Ұстағыл тіршілікте тілді майда.  
Жалғанда қырық парызды өтемесең,  
Құтылар сол уақытта күнің қайда?!

Сіздерге қадари қал айтып болдым,  
Жігіттер құлшылық қыл осындайда [164, б. 289].

Қорыта келе айтарымыз, өмірлік ақиқаттардың бірі әрі кез келген мұсылман үшін иман шарттарының негізгісі болып табылатын «Қияметке сенім» мәселесі ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырдың басында өмір сүрген Шәді Жәңгірұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Жүсіпбек Шайхисламұлы, Ақыт Үлімжіұлы, Баситхан Шаши, Сидки Хандайлики, Мұхаммедкүл Мухайир сынды ақындар шығармалары арқылы көрініс беріп отыр. Қияметтің ауыр азаптарын еске салу арқылы қоғамды түзу жолға бастауды мақсат еткен ақындар шығармашылығын терең зерттеу алдағы міндеттеріміздің бірі екені сөзсіз.

### 3 ИСЛАМ МЕН ИХСАН МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ ҚАЗАҚ-ӨЗБЕК ӘДЕБИЕТІНДЕГІ КӨРІНІСІ

#### 3.1 Шарифат шарттарының әдеби шығармаларда репрезентациялануы

XIX ғасыр мен XX ғасырдың басында өмір сүрген қазақ-өзбек халықтарының әдебиет өкілдері ұстанған бағыттары мен басып өткен өткелдерінің өзі әрқилы. Айырықша зерттеп талқылауды қажет еткен бұл дәуірде бауырлас халықтардың фольклорлық шығармалары мен жазба әдеби жәдігерлерде Ислам дінінің негізгі қағида-шарттарын жырлау жаңа бір сатыға көтеріліп, соның негізінде шеберлігін шындаған жаңа жазба поэзияның ірі өкілдері пайда болды. Нақтырақ айтқанда, дәуір туғызды. Бұл ақындар шығармашылығында тек адамға ғана тән ғылым мен білім, ар-намыс, ұждан, ұят, кішіпейілдік, әділдік сияқты басқа да адамды ақиқат-шындыққа, адалдық пен тазалыққа жетелейтін гуманистік идеялар үстемдік етті.

Асылында бұл тарихи талап адамзат пайда болғалы әр қоғамда, әр кезеңде, әртүрлі деңгейде қойылып отырған. Әйтсе де, Ислам дінінің келуімен қоғам ізгіліктің шуағымен нұрланды. Ислам – Алла Тағала тарапынан бүкіл адамзатқа түсірілген соңғы дін ретінде Алла елшісінің (с.а.у.) өнегелі жолымен жайылды. Бүкіл адам баласының тарихына, оның рухани өміріне ерекше әсер етіп, кіршіксіз әлемді танып білуіне сара жол салған Ислам діні жайлы Құран Кәрімде: *«Алла Тағаланың қасындағы шынайы дін – Ислам»* (Әли-Имран сүресі, 19-аят) сондай-ақ, *«Кімде-кім Исламнан басқа дін іздесе, әсте одан ондай бір дін қабылданбайды да, ол ақыретте зиянға ұшыраушылардан болады»* (Әли Имран сүресі, 85-аят) – деп бектілсе, Имам Ахмет (р.а.) жеткізген хадисте Алла елшісінен (с.а.у.) бір кісі: *«Ия, Расулаллаһ (с.а.у.), Ислам дегеніміз не? – деп сұрағанда, Ол кісі (с.а.у.): «Жүрегіңді Алла тағалаға тапсыруың (яғни, Алла тағаланың әмірлеріне толық мойынсынуың), мұсылмандар сенің тіл және қолыңның зиянынан аман болуы»* [124, б. 14], – деп жауап береді. Сондай-ақ, Ибн Омардан (р.а.) риуаят етілген хадисте Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.) былай дейді:

*«Ислам – бес дәлелден тұрады: Аллаһтан басқа құдай жоқ екеніне және Мұхаммед (с.а.у.) Аллаһтың елшісі екеніне куәлік ету, намаз оқу, зекет беру, шамасы келсе қажсылыққа бару және Рамазан оразасын ұстау»* [176, б.13].

Дінтанушы ғалымдар Ислам діні әлемдегі өзге діндерден алты қасиетімен ерекшеленетінін айтады:

- 1) Ислам – Алла тағаланың діні;
- 2) Ислам – адамзат тіршілігінің барлық саласын қамтиды. Сондай-ақ, шарифат үкімдері Қиямет қайымға дейін өз күшін жоғалтпайды;
- 3) Ислам – адам құқығын (тіпті ол кәпір болса да) қорғайды;
- 4) Ислам – іс жүзінде үнемі қолданыста болады;
- 5) Ислам – ешбір өзгеріс немесе бұрмалаушылыққа ұшырамайтын дін. Өйткені, Алла тағала Исламның өзгеруден не бұрмалауға түсуден аман болуын кепілдігіне алған.

6) Ислам – парасаттылық, өркениет пен мәдениеттің дамуын, бағыт-бағдарын қамтыған [124, б. 13].

XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ-өзбек халықтары әдебиет өкілдерінің шығармашылығына негіз болған Құран қиссалары мен Пайғамбар өсиеттері әдебиет тарихының маңызды деректерге толы ортағасырлық кезеңінде Исламды жырлаған, шариғат шарттары мен иман негіздерін түсіндіретін шығармалардан бастау алды. Тарихта өзіндік орны бар ғалымдар Бурханиддин Али ибн Әбу Бәкір Марғинанидың «Ғидая», Убайдуллаһ ибн Масъуд ибн Тажу-ш-шариға Маһбуби Бухаридың «Мухтасару-л Виқоя», Масъуд ибн Махмуд ибн Юсуф Самарқандидың «Саләту Масъуди», Әбу Ләйс Самарқандидың «Танбехул ғафилийн», «Муқаддима фи-с-салот», Ибн Камалпашшаның «Шурутү-с-саләт» еңбектері, «Алтын Орда» тұсындағы түркі халықтарының жазба әдебиет үлгілерінен «Раунақул Ислам», «Муғинул мурид», «Дәләил нубууат Мухаммади» сынды көптеген шығармалар, бертін келе Заһираддин Мұхаммед Бабырдың «Мубәййән дәр фикһ» сынды еңбектері XIX ғасырға келіп әдебиетте жаңа түр мен жанрлардың қалыптасуына себеп болды. Міне, сондай атаулы еңбек – Лутфуллаһ Насафидың «Фикһ Кәйдани» еңбегі.

Ислам негіздері мен шариғат шарттарын өлең сөзбен өрнектеу дәстүрі Орталық Азия ақындары арасында ежелден дамығанын ескерсек, Ислам дініндегі құқықтық мәселелерді оқушыға тереңінен жеткізіп насихаттауды мақсат еткен ортағасырлық Насаф Фикһ мектебінің белгілі өкілдерінен болып табылатын Лутфуллаһ Насафидың бұл еңбегі өзінен кейінгі дәуірлерде өмір сүрген ақындар тарапынан көптеп шығармалар жазылуына негіз болғандығына әмин болдық.

Лутфуллаһ Насафи және оның «Фикһ Кәйдани» еңбегін бүгінгі әдебиет зерттеушілеріне жақыннан таныстыру мақсатында ғалым мен оның ғасырлар бойы Орталық Азия жеріндегі медреселерде маңызды оқулық ретінде қолданылған «Фикһ Кәйдани» еңбегі туралы қысқаша мәлімет ұсынғанды жөн санадық.

1877 жылы К.Рихтгофеннің бастамасымен тарихта «Ұлы Жібек Жолы» аталған Еуразия құрлығындағы ең көне халықаралық мәдени сауда керуен жолы Орталық Азияның Тараз, Исфиджаб, Самарқанд, Ферғана сынды бірнеше көне қалаларынан өткендігі мәлім. Міне, сондай қалалардың қатарында тарихта Насаф қаласы да белгілі. Мауарауннаһрдың ірі мәдени орталықтарының бірі ретінде Насаф орта ғасырларда ерекше даму жолына түскендігі тарихи деректерден мәлім. Ол жерден шыққан ғалымдар есімдерінің соңына «Насафи» лақап атын беріп отырған.

Сондай ғалымдардың бірі Лутфуллаһ Насафи (ө.ж. 1349). Насаф Фикһ мектебінің белгілі өкілдерінен болып табылатын Лутфуллаһтың өмірі мен шығармашылығы толық зерттелмеген. Түркі тілдерінде оған қатысты тарихи деректер мен шығармашылығы туралы зерттеулер жоқ деуге болады. Алайда, өзбек ғалымдары Насафидың бұл еңбегі жазылғаннан бастап алты ғасырға

жуық уақыт бойы, яғни XX ғасырдың басына дейін Орталық Азияның түрлі медреселерінде негізгі оқулық ретінде оқытылып келгендігін айтады [79, б. 9].

Зерттеуші Н.Насруллаев Насафидың бұл еңбегін түрлі кезеңдерде осы бағытта жазылған Бурханиддин Али ибн Әбу Бәкір Марғинанидың «Ғидая», Убайдуллаһ ибн Масъуд ибн Тажу-ш-шариға Маһбуби Бухаридың «Мухтасарул Виқоя», Масъуд ибн Махмуд ибн Юсуф Самарқандидың «Салоту Масъуди», Әбу Ләйс Самарқандидың «Муқаддима фи-с-салот», Ибн Камалпашшаның «Шурут-у-с-салот» сынды шығармаларына жақын тұрады [79, б. 9], – деп бағалайды.

«Фикһ кәйдани» – парсы тіліндегі үш сөзден: «фикһ» – мәселе, «кай» – қашан, «дони» – білу, үйрену деген сөздерден құралған. Демек, сөзбе-сөз аударғанда «Фикһи кай дони» – «Мәселені қашан үйренесің?» деген мағынаға келеді.

Автор бұл еңбегін кез келген мұсылманға алғашқы көмекші болуын қалап жазғандай. Себебі, мұнда әр мұсылман күнделікті өмірде сан рет кездесіп отыратын сегіз мәселе жайлы ілімді игереді. Олар: парыз, уәжіп, сүннет, мустахаб, мубах, харам, макруһ, муфсид. Автор бұл мәселелерді екі топқа бөліп, Алла тағала және Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.) тарапынан бұйырылғандарға парыз, уәжіп, сүннет, мустахаб, мубах амалдарды жатқызып, ал қайтарылған амалдарға харам, макруһ, муфсид амалдарын жатқызып, олар туралы жан-жақты түсіндірме береді. Сондай-ақ осы амалдар арқылы жасалатын іс-әрекеттердің жақсы не жаман тұстарын айқындап түсіндіріп отырады.

Бүгінгі таңда Өзбекстан Республикасы Ғылым Академиясының Әбу Райхан Беруни атындағы шығыстану институтында Лутфуллаһ Насафиге тиісті «Фикһ Кәйдани» еңбегінің бірнеше нұсқалары кездеседі. Сонымен қатар Институт қорында түрлі кезеңдерде «Фикһ Кәйдани» еңбегіне парсы тілінде өлеңмен жазылған шығармалардың 7 нұсқасы сақталған.

Сонымен қатар, XX ғасырдың басында Насафидың еңбегін негізге ала отырып Орталық Азия және Қазақстан жерінде танымал екі талантты ақын Ысхақхан Ибрат пен Шәді Жәңгірұлы түркі тілінде «Фикһи кәйдани назми» және «Назым Фикһ кәйдани» атты поэзиялық еңбектерін жырлап шыққанын анықтадық.

Ислам дінінің негізгі қағидаларын көркем сөзбен жырлаған, бұл салада ортағасырлық ислам ғұламалары жазып қалдырған ислами әдебиет нұсқаларын тиімді пайдаланған, сонымен қатар әдебиетте ежелден қалыптасқан «Нәзиралық дәстүрді» жетік меңгерген екі ақын бір дәуірде өмір сүрген болса да (арасы 7 жас) әзірге олардың өзара қарым-қатынасы туралы деректерді қолға түсірмедік. Дегенмен, ұлтының білімді, мәдениетті болуына, кемел адам болуы жолында аянбай қызмет жасаған екі ақынның да бұл еңбекті үлгі етіп, оған түсіндірме жазуы кездейсоқ емес деп пайымдаймыз. Ендеше ақындар жайлы деректерге жеке-жеке тоқталсақ.

Қазақстан Республикасы БҒМ Ғылым комитеті «Ғылым ордасы» РМК орталық ғылыми кітапханасының сирек қолжазбалар қорындағы Шәді

Жәңгірұлына тиесілі №799 папкада сақталатын, 1914 жылы Ташкентте басылған «Хикаят Қамар-Заман» атты шығармасының соңғы бетінде ақын өзінің баспа бетін көрген және баспаға дайындалып жатқан еңбектерінің тізімін бере отырып «Назым Фикһ кәйдани» шығармасын баспадан шыққан кітаптар қатарында көрсеткен. Дегенмен, шығарманың қай жылдары баспа бетін көргені туралы мәліметтерге әзірге қол жеткізе алмадық. Назар аударатын маңызды мәселенің бірі, ақын бұл шығармасын «Фикһ кәйдани» еңбегінің аудармасы емес, «Түркі назым шархы Фикһ кәйдани» яғни, «Фикһ кәйдани еңбегінің түркі тіліндегі өлеңмен жазылған түсіндірмесі» деп атаған.

Бұл тәсілмен жазып шығудағы негізгі мақсатын ақын былайша жеткізіпті:

«Фикһ кәйдан» атты бір кітап,  
Муғтабар<sup>37</sup> еді бұрыннан.  
Намаздың барша тәртібі,  
Ішінде баян қылынған.

Дәріс оқитын талыптар,  
Оқитын болса ғылымнан.  
Молдасы сабақ бере-дүр,  
«Фикһ кәйданды» білуден.

Әуелі мұны жад алып,  
Басқаға кейін ұрынған.  
Бұл кітап не білмектің,  
Пайдасы мұнан білінген.

«Фикһ кәйданды» түркі қып,  
Айтпақты көңілім қалады [149, б. 26].

Ислам дінінде құлышылық амалдар үш түрлі жолмен жасалатыны белгілі. Мал-дүние арқылы, дене мүшелері арқылы әрі күш-қаутымен. Мысалы, байлық жинаған адамдар мал-дүниесі нисаб мөлшеріне жеткен уақытта жылына бір рет қырықтан бірін мұқтаж жандарға береді. Сол арқылы мойнындағы зекет парызынан құтылады. Ал, күш-қауатымен әрі дене әрекетімен қоғамдағы әлсіз жандарға көмек қолын созуы немесе өмірінде бір болса да қасиетті Қағбаға барып қажылықтың парыз, уәжіп және сүннеттерін орындауы мүмкін. Сондай-ақ, Аллаға құлышылық жасауда намаз бен ораза адам үшін таптырмас пайда әрі сауабы аса жоғары ғибадат. Бұл амалдар балиғат жасына жеткен әрбір мұсылман үшін парыз.

Иманжүзді, бір-біріне үнемі жақсылықты ойлаумен жүретін мұсылманның иман еткеннен кейінгі міндеті – намаз. Намаздың әрбір мұсылманмын деген құлға парыз екендігін діни-ағартушылықты мақсат еткен ақындардың бәрі де жырлап өткен деуге болады. Мысалы, Орталық Азияда тариқат ілімінің негізін

---

<sup>37</sup> қасиетті

салған әрі сопылық поэзия мектебінің алғашқы ұстазы Қожа Ахмет Яссауи хикметтерінде:

Мунда ўзин билмағон, насихатни олмағон,  
Беш вақт намаз қилмағон, анда расво бўлғуси.  
Агар оқил бўлсангиз, насихатни олсангиз,  
Беш вақт намаз қилсангиз анда фойда бўлғуси [24, б. 307].

Мағынасы: *«Мұнда өзін білмеген, насихатты алмаған, бес мезгіл намаз қылмаған, онда ұятқа қалады. Егер ақылды болсаңыз, насихатты тыңдаңыз, бес мезгіл намаз қылсаңыз, сонда пайда болады»*, – деп жырлаған.

Шәді ақын да шығарманың кіріспесінен-ақ адам үшін иманнан кейінгі ең маңызды амал «Намаз» екенін ескерте отырып:

Бәндеге намаз парыз-дүр,  
Балиғат жасқа кірумен.  
Үзірлі қанша болса да,  
Өткізбес уақытты күнімен.

Ішінде қанша парыз бар,  
Ажыраса қылмай бірінен.  
Намазының баршасы,  
Бұзылып кетер тігінен.

Парыздардың бәрінен,  
Намаздың жолы қиын-ды.  
Ішінде қанша парыз бар,  
Тәрк қылма деп бұйырды [149, б. 25] – дейді.

Шәді ақын «Назым Фикһ кәйдани» шығармасының идеялық мәнін аша түсетін, қоғамда сенім мәселесінің дұрыс қалыптасуына жол ашып беретін тағы бір тақырып – «Манақиб шаһар мазһаб» яғни төрт мазһаб жайлы. Оның ішінде «Имам Ағзам» мазһабы және Имам Ағзам Әбу Ханифаның ерекшелігі сөз болады:

Мазһаб боп өткен төрт имам,  
Хақ жолға түсіп жандарын.  
Жари қылған дүниеге,  
Аят пен хадис пәрменін.

Әуелі Ағзам Ханифа,  
Нуғман деп қойған намдарын.  
Жүз мәрте көрген түсінде,  
Раббысын Аршы Ағланың [149, б. 17].

Ислам дінін ұстанатын әрбір мұсылман Аллаһтың әмірлерін орындап, тыйым салған нәрселерінен бойын аулақ ұстауы тиіс. Бұған жауапты мұсылманның міндеттері Имам Ағзам мазһабы бойынша сегізге бөлінеді. Олар: парыз, уәжіп, сүннет, мустахаб, мубах, харам, макруһ, муфсид амалдар.

Ақын шығарманың негізгі бөлігін жоғарыда аталған фикһ мәселелерін егжей-тегжейлі түсіндіруге арнаған. Шығарма сегіз баптан және намазбен тікелей қатысты «Таһарат», яғни дәрет пен ғұсылдың парыз, уәжіп, сүннеттері, оның әдептері мен мәкруһтері жайлы 8 буынды өлең жолдарынан тұратын түсіндірмелерден тұрады. Сондай-ақ, намаз оқымаған адамның осы дүниеде және ақыреттегі жағдайы туралы «Ақуалы бейнамаз» бөлімінде:

Қиямет-қайым болғанда,  
Барша жан көрден тұрылар.  
Жеті тозақ үстінен  
Сират көпір құрылар.

Махшарғаһтың жеріне,  
Хазыр болып жиылар.  
Бәнделер ол Махшарда,  
Иманнан сауал қылынар.

Иманнан кейін намазды,  
Оқымақтықта сұралар.  
Бұларға жауап берген соң,  
Сауалға басқа кірілер.

Егер де жауап бермесе,  
Бәндеге қиын іс болар.  
Періштелердің қаһарлы,

Азабына тосылар [149, б. 105], – деп, қиямет қайымда әрбір адамның алдынан шығатын есеп-қисап мезгілін еске салады. Сондай-ақ, «Бейнамаздың кесапатынан періштенің қанаты сынғаны», «Бейнамаздың кесапатынан араб пақыр болғаны», «Бейнамаздан доңыздың қашқаны», «Бейнамаздан шайтанның қашқаны», «Бейнамаздан бұлақ суы құрығаны», «Бейнамаз адамның ағзасы доңыз болғаны» сынды тақырыптарға өлең жолдарын арнап, әріп мұсылман адам үшін намаздың қаншалықты қажет екендігін жеткізе отырып еңбекті аяқтайды.

Жеті ғасырға жуық уақыт бұрын өмір сүрген ғалым Лутфуллаһ Насафидың, бір ғасыр бұрын бұл шығарманың Шәді Жәңгірұлы, Ысхақхан Ибрат тарапынан жазылған өлең түріндегі түсіндірмелері ХХІ ғасырда отандық исламтанушы Ә.Дербісәлин, Қ.Бағашар, А.Әділбаев, М.Исаұлы және Қ.Жолдыбайұлы сынды ғалымдар еңбектерінде сондай-ақ шарифат негіздерін Ханафи мазһабы бойынша түсіндіретін еңбектердің бәрінде бұл амалдарға берілген анықтама мағыналарының бір-бірімен дәлме-дәл келуінен Орталық



Азия және Қазақстан жерлерінде ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан дәстүрлі Ханафи мазһабының, оған негізделген шариғат ілімдерінің бірізділігін байқау қиын емес.

«Фикһ кәйдани» еңбегіне поэзиялық үлгіде түсіндірме жазған келесі ақын – Ысхақхан төре Ибрат. Ысхақхан төре Ибрат тіл, тарих, әдебиетпен қатар шариғат ілімдерін де терең меңгерген ғалым еді. Бұған оның поэзиялық үлгіде жазылған «Фикһи кәйдани назми» шығармасы мен 9 мезоннан (бөлім) тұратын діни-насихат түрінде жазылған «Мезон уз-замон» атты прозалық шығармалары дәлел.

Ибраттың «Фикһи кәйдани назми» шығармасының 3 нұсқасы Өзбекстан Республикасы Ғылым Академиясының шығыстану институты қорында №20099, №12690, №16315 папкаларда сақтаулы.

Біз №20099 папкадағы шығарманың 1908 жылы Қазан қаласындағы «Хусаиновтар» баспаханасынан шыққан нұсқасын зерттеу нысанына алдық. Ибрат 1907-1908 жылдары Москва, Петербург қалаларына саяхат жасайды, қайтарында Орынбор, Уфа қалаларына соғып, Ризайддин Ибн Фахриддин, Фатих Карими сынды татар, башқұрт халықтарының танымал ағартушыларымен танысады. Шамамызда осы сапары кезінде Ибрат «Назми Фикһи кәйдани» еңбегін шығару үшін Қазанға да соққан болуы мүмкін. Дегенмен, бұл жайлы анығырақ мәліметтерді іздестіруді жалғастырып отырмыз.

Ендеше, екі нұсқа бойынша ұқсастықтармен айырмашылықтарды көру үшін Ибрат нұсқасына назар аударайық.

Ысхақхан төре нұсқасы автордың 52 жолдан тұратын кіріспесімен басталып, онда негізінен шығарманың жазылу себебіне көбірек тоқталған. Ақын:

Хам шу бу масъала сауабыдын,  
Шояд Хақ сақласа азабыдын

Негаким вахми ахырат мәндә,  
Көб ерур болмай Хаққа шәрмәндә

Ба вужуд мавоней бисйар,  
Масъала назмина болыб мухтор [79, б. 14].

Мағынасы: *«Мәселелер кітабын жазуға бел будым. Осы қызметім үшін Хақ тағала азабынан сақтаса екен. Себебі, Хақтың алдына барғанда шерменде болудан қорқамын, сондықтан ақыретті көп уайымдаймын. Сауабынан үміттеніп, һәм адамдарға пайдасы тисе екен деп фикһты өлеңмен түсіндіруге тырыстым»,* – дейді.

Ибрат шығарманың һижра есебімен 1325 жылы, яғни 1905 жылы Наманганның Төреқорған жерінде жазылғандығы, сондай-ақ екі жүз қырық бәйіттен тұратынын, Әзірет Сұлтанның ұрпағы, қала қазысы, Ысхақхан екендігін жазады.

Ибраттың «Мәселелер кітабы» деп отырғаны Ислам дінінде маңыздылығы жағынан негізгі орынды алатын «Фикһ» ілімдері. Бұл туралы жоғарыда еңбектің атауын талдаған кезде айттық. Сонымен қатар «Фикһ кәйдани» еңбегі мен оған қатысты негізгі деректерді жоғарыда Шәді Жәңгірұлы тарапынан жазылған «Назым Фикһ кәйдани» еңбегін талдаған кезде ұсынғандықтан бұл бөлімде Ибраттың «Фикһ кәйдани назми» шығармасының негізгі ерекшеліктері және жоғарыдағы еңбекпен салыстырмалы талдау жүргізу арқылы мәселені айқындауды мақсат еттік.

Жалпы шығарма араб тіліндегі мәтін және оның араб графикасында жазылған өзбек тіліндегі өлеңмен берілген түсіндірмесінен тұрады. «Бисмилләһпен» әдеттегідей хамд және нағт, яғни Аллаға мадақ пен Пайғамбарымызға және оның асхабтарына салауат айта отырып, негізгі бөлімге көшеді. Ибрат нұсқасы да Насафи шығармасының сөзбе-сөз аудармасы деуге келмейді. Сондықтан Ибраттың бұл шығармасын да аударма деуден гөрі «Фикһ кәйдани» еңбегінің өлеңмен жазылған түсіндірмесі дегеніміз дұрыс сияқты. Себебі, Ибрат еңбектің жалпы мазмұнына көбірек назар аударған.

Автор пайғамбарларды адамзатқа жолбасшы еткен Аллаға мадақ айта отырып, олардың ішінде Пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.а.у.) бізді үмбет болуды жазғаны үшін шүкіршілік етеді:

Шукру лиллоҳки, уммати Ахмад,  
Айлади, бизга берди бу ҳужжат [79, б. 13].

Мағынасы: *Шүкір Аллаға, бізді Ахмедтің (Мухаммедтің) үмбеті болуды жазды, бізге Құжатты (Құран Кәрімді) берді.*

Негізгі бөлімде жоғарыда айтылғандай фикһ мәселелеріне қатысты 8 мәселені, яғни парыз, уәжіп, сүннет, мустаһаб, мубаһ, харам, макруһ, муфсид амалдары жайлы егжей тегжейлі түсіндіріп шығарманы аяқтайды.

Көлемі жағынан алғанда Шәді Жәңгірұлы нұсқасы 86 беттен, ал Ибрат нұсқасы 29 беттен тұрады. Бұл Шәді нұсқасы Ибрат нұсқасынан 3 есе көп деген сөз. Ал, екі ақын да шығарманы поэзия жанрымен жазып шыққандығын ескерсек, көлемі жағынан өлең жолдарымен салыстырғанымыз дұрыс сияқты. Ибрат шығармасын 240 бәйіттен, яғни 480 жолдан тұратынын жазған, ал Шәді Жәңгірұлы нұсқасын есептеп шыққанымызда 3336 жол екендігін анықтадық.

Ибрат «Фикһ кәйдани» еңбегінің негізгі мазмұнын оқырманға түпнұсқадан алшақ кетпей өлеңмен жеткізуді көздеген болса, Шәді ақынның стилі өзгешелеу. Ол шығарманы еркін жырлауды мақсат еткені көрініп тұр.

Ибрат Насафи еңбегінің негізгі мазмұнын жырлай отырып, шарифатта «машруғ» болып табылатын парыз, уәжіп, сүннет, мустаһаб, мубаһ амалдарына және на машруғ» болып табылатын харам, макруһ, муфсид амалдарына жеке-жеке анықтама береді де содан соң қайтадан жоғарыдағы сегіз амалдың намазда орындалуы туралы мәселелерді түсіндіреді.

Ал, Шәді Жәңгірұлы шығарманың басынан-ақ хамд және нағттан соң «Әлқап аулад Расул ғалейһи салам» Алла елшісінің әулеттеріне, «Нағт әзуаж уа

асхаб Расул ғалейһи салам» – Алла елшісінің әйелдері мен сахабаларына салауат арнайды. Келесі бөлімде «Манақиб шаһар мазһаб» – Төрт мазһабқа арнап өлең жолдарын арнайды.

«Мінәжәті мусанниб» бөлімінде ақын өз тарапынан Аллаға мінажат арнайды. Осылайша, «Түркі назым шархы Фикһ кәйдани» Фикһ кәйдани еңбегінің түрік тіліндегі өлеңмен берілген түсіндірмесі басталады. Бұл шығарманың негізгі бөлімі. Негізгі бөлімде Шәді ақын нұсқасының айырмашылығы, жоғарыдағы сегіз амалға бірден әрі түсінік бере отырып, әрі намазда орындалуы жайлы мәліметтерді оқырманға ұсынған. Сондай-ақ «Мәселе харижия» – ауам халыққа қатысты намаздағы қосымша мәселелерді де жырға қосқан. Мысалы:

Айтарлық және бір сөз бар,  
Мағлұм етіп ауамға.  
Неше іс имам тәрк етіп,  
Келтірмей кетсе амалға.  
Қылмастық оны лазым-дүр,  
Муктади<sup>38</sup> болған имамға [149, б. 59].

Яғни, намазда имамға ұйыған адам имам намазда орындалатын бірер әрекетті ұмытып қалдырса, сол күйі имамның ізінен айнымай әрекетін жалғастыруы шарт.

«Намаз – дәретсіз қабыл болмайды» деген қағиданы берік ұстанған Шәді ақын шығармасының ендігі айырмашылығы, намазда қатаң ескерілуі қажет болған сегіз мәселе жайлы толық түсіндірмені аяқтаған соң, Таһарат және ғұсыл амалдары жайлы жан-жақты мәліметтер ұсынады. Таһарат және ғұсылдың әдептері, парыз бен уәжіп, сүннет, макруһтары туралы түгел мұсылман білуі тиісті мәселелерде сөз қоғаған.

Исламның тірегі болған бес парыздың ішінде намаз ғибадатының орны ерекше. Намаздың әрбір мұсылманға парыз болуы туралы Алла тағала Құранның көптеген аяттарында хабар берген. Шәді ақын да қоғамдағы өзін мұсылман санап бейнамаз жүрген көпшілікке арнап «Ақуалы бейнамаз», «Бейнамаздың кесапатынан періштенің қанаты сынғаны», «Бейнамаздың кесапатынан араб пақыр болғаны», «Бейнамаздан доңыздың қашқаны», «Бейнамаздан шайтанның қашқаны», «Бейнамаздан бұлақ суы құрығаны», «Бейнамаз адамның ағзасы доңыз болғаны» сынды тақырыптарда 666 жол өлең жолдарын арнаған. Мысалы, «Ақуалы бейнамаз» бөлімінде:

Пайғамбар айтты үлкен деп,  
Дүниеде екі күнәні.  
Әуелі оның көңілінде,  
Серікті білсе Құданы.

<sup>38</sup> намазда имамның соңынан ерген мұсылман

Екінші – әрбір намаздың,  
Қаза қып уақтың тұрады.  
Кейінгі келер намазға,  
Қазасын қосып жияды.

Өзгелерден бұлардың,  
Артықша болар сұрауы.  
Қазаның хәлі бұл болса,  
Тәрк қылған нешік қылады.

Мұсылман-кәпір арасы,  
Намазбенен ашылар.  
Орнымен екен бәнденің,  
Сауабын көп қып тасырар [149, б. 106].

Ақын Исламның негізгі ұстыны болып табылатын бес парызды жырлау мәселесінде өзіне Алла тағала тарапынан берілген дарынды орнына пайдалана білген деуге болады. Намаз – Аллаһ пен мүмин құл арасындағы өзара байланыс негізі екендігін ескерсек, Шәді ақын оны оқырманға көркем сөзбен жеткізуде де ыстық ықыласын аямаған. Алла елшісінің (с.а.у.) үлкен күнәлар жайлы айтқан хадисін өлеңмен нақыштай отырып, намазын уақтысында орындамай жүрген иманы әлсіз құлдарға ескерту жасаса, мұсылман мен кәпірдің арасы намазы арқылы белгіленетіні туралы Пайғамбарымыздың (с.а.у.) хадисін бір бәйітке сыйғызғаны оның ақындық тәжірибесінің жетілгендігінен деп білеміз.

Шәді Жәңгірұлы түркі халықтарының классик әдебиетіндегі исламды насихаттауға арналған қисса, дастан, хикаят, риуаят түрлерін де жетік меңгерген ақын болумен қатар оларды жырға қосып отырғандығын осы еңбегінде тағы бір рет дәлелдепті.

Пайғамбарлар, әулие-әнбиелердің өмірлеріндегі өнегелі оқиғалар мен кереметтері туралы хикаяттар мен насихаттар жинағы болып табылатын «Фавойид-ул муслимин» немесе «Жавохир-ул хикаят» атымен шығыс елдерінде, әсіресе Түркістан өлкелерінде танымал болған әдеби-насихат түрінде құрастырылған шығармалар жинағы бұл мәселеде ақынның көмекші құралына айналған іспетті. Мысалы, «Жавохир-ул хикаят» жинағында тірі кезінде өзін мұсылман санап, бірақ бірде-бір намазын орындамаған адамның өлгеннен соң мәйіті доңызға айналған оқиғасы туралы прозалық үлгіде жазылған хикаят бар. Міне, осы хикаяны Шәді Жәңгірұлы «Назым фиқһ кәйдани» шығармасының бір бөліміне айналдырған. Ақын «Бейнамаз адамның ағзасы доңыз болғаны» атты бөлімде осы хикаятты жырға қосады:

Пайғамбар айтты асхабқа:  
«Құдіретін көргін Алланың.  
Құранда айтқан үшбу-дүр,  
Аламаты таңланың.

Уақтымен намаз оқымай,  
Бейнамаз болған бәнденің.  
Көрмекке қара доңыздың,  
Пормына қылар таңланың.  
Рәсуа болып тұрғайлар,  
Махшарда тұрған һәмманың» [149, б. 127].

Ислам дінінің негізгі ұстындарының бірі болып табылатын намаздың иманнан кейінгі парыз екендігі, оның адамзат баласы өмірінде ерекше маңызы бар құлшылық болуы Шәді Жәңгірұлы, Ысхақхан Ибратпен қатар Әзім қожа, Мажзуб, Хазини, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы, Әбу Бәкір Кердері, Майлықожа Сұлтанқожаұлы сынды ақындардың жекелеген шығармаларында да көптеп насихатталады. Мысалы, Мәшһүр-Жүсіп ақынның «Бес парыз» атты насихат үлгісінде жазылған өлеңінде:

Екінші намаз екен – бізге парыз,  
Айтпасақ білмегенге ізге қарыз.  
Нәпсіні құрбан қылып бауыздасақ,  
Құдайға жетеді екен сонда ғарыз [177, б. 138] – дейді ақын.

Ал, діни-ағартушы ақын Әбубәкір Кердері насихат өлеңдерінде де бес парыздың, оның ішінде намаздың маңызы жайлы үгіттейді. Өлең-жырларының бастауын халқының ұйып тыңдайтын тақырыбы болған шариғат жайымен бастаған ақын:

Жарандар, кеңес жазайын,  
Үшбу дәптер қағазға.  
Ақымаққа таяқ деген бар,  
Ақылы қысқа сабазға.  
Мұсылман болсаң ыждағат қыл,  
Иман, ораза, намазға [83, б. 105].

Бес парыздың әрбір мұсылман мойнындағы қарыз екені Майлықожа Сұлтанқожаұлы шығармаларынан да көптеп кездеседі. Ақын «Артық деп халыққа қылған бір әділ іс» атты өлеңінде:

«Өлмек – парыз, – деп айтар, тумак – сүндет,  
Мойынға ораза, намаз, – дейді, – міндет».  
Алымдар орындауды мәжбүр етер,  
Адамға Мұхаммедке болған үмбет [178, б. 41] – десе, Алла елшісі Мұхаммед (с.а.у.) жайлы «Мұхаммед пайғамбардың қиссасы» атты шығармасында:

Намаз бен оразаңыз тәрік болмасын,  
Өлмесе, ата-бабаң қайда кетті? [178, б. 287] – дей отырып,  
намаздың маңыздылығын жырға қосады.

Тақырыпты зерттеу барысында бес парызды жырлау дәстүрі ақындар шығармаларында түрлі стильдік ерекшеліктермен көрініс беріп отырғанын байқадық. Мысалы, жоғарыда Майлықожа өлеңдерінде намаз бен ораза қатар келіп отырса, кейбір ақындарда зекет мәселесі қоса беріліп отырады немесе намаз бен зекет мәселесін қатар насихаттаған ақындар да кездеседі. Мысалы, намаз бен зекеттің парыздығын Құран аяттары негізінде ұсынуды қалаған Шәді Жәңгірұлы Бақара сүресінің 43-аятындағы *«Намазды толық орындаңдар, зекет беріңдер»*, деген Құран бұйрығын бұқара халыққа талдап жеткізеді:

«Уақимус-сәләтә уа әтус-зәкәтә»<sup>39</sup> деген,  
Және бар аяттың да жазылмышы.  
«Намаз оқы, зекет бер» деген екен,  
Аяттың мәлім болған бұл мәнісі [143, б. 150].

Ислам дініндегі бес парызды насихаттаған әдеби шығармалардың ішінде Рамазан айы немесе ораза жайлы шығармалардың орны ерекше. Ислами әдебиеттің негізгі жанрларынан болып табылатын рамазания жанры туралы бүгінге дейін жүргізілген зерттеулер көп болмаса да, бұл жанрдың әдебиеттегі орнын ғылыми айналымға салу жұмыстары жанданып келеді. Отандық түркітанушы ғалым Т.Е.Қыдыр, татар ғалымы Р.Н.Гиззатуллина сынды зерттеушілердің бұл тақырыптағы зерттеулерін ерекше атап өту қажет. Мысалы, Р.Н.Гиззатуллина бұл жанрдың ерекшеліктеріне терең мәнді талдаулар жүргізген болса, ғалым Т.Қыдыр бұл жанрдың қазақ әдебиетіндегі көрінісін, ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасыр басында өмір сүрген Кәрібоз ақынның *«Мәрһәбән йа рамазан»* өлеңі мысалында зерттеу жүргізіп, оның әдебиеттегі даму тенденциясын айқындап берді [179, б. 225].

Бүгінге дейін қазақ әдебиетінің ХІХ ғасыр соңы мен ХХ ғасыр басындағы өкілдері арасынан Мәулекей Жұмашұлы, Кәрібоз Қаңтарұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы сынды ақындар шығармашылығында Рамазан айының қасиеті, оның пайдалары жайлы өлеңдер топтамасы кездесіп отыр. Мысалы, Кәрібоз ақын Рамазан айының қадір-қасиеті жайлы:

Ұлығы он екі айдың рамазан,  
Мәһабында айтыпты Имам Ағзам.  
Бұл айдың құрметіне кешіледі,  
Он бір айдың ішінде қылған жазан.  
Ей, жарандар, үміт қылсаң хор-ғилман,  
Мұхаммед үмбетіне, шаһри рамазан, [180, б. 1]

– деп, Рамазан айының басқа айлардан ерекше қадірлі болатынын жеткізсе, төмендегі өлең жолдары арқылы оразаны айлардың шамшырағына теңеп, ораза ұстағанның пайдасы, оған берілетін ерекше сауап жайлы тамаша суреттейді:

<sup>39</sup>«Бақара» сүресінің 43-аяты: *«Намазды толық орындаңдар, зекет беріңдер»*.

Ораза – он екі айдың шамшырағы,  
Құрмет қылған адамның артық бағы.  
Бұл айдың құрметі үшін бір ат берсең,  
Жұмақтың беріледі мың пырағы.  
Құрмет қыл оразаны болмай надан,  
Мұхаммед үмбетіне, шаһри рамазан [180, б. 1]

Рамазан айының қадір-қасиеті, әсіресе бұл айдағы Ислам әлемінде ерекше құрметке лайық «Қадір түні» жайлы иләһи хабарлар Құранның бірнеше сүрелерімен қатар «Қадр» сүресінде толық берілген. Сонымен қатар Алла елшісінің (с.а.у.) Рамазан айының ерекшелігі жайлы хадистері бүгінге дейін мұсылмандардың бұл айға деген ерекше ықыласы мен махаббатын оятып келеді. Сондай хадистердің бірі Алла елшісінің (с.а.у.) бұл айды үш он күндікке бөліп, олардың әрқайсысының өзіндік мақсаты бар екенін түсіндіретін хадисі. Міне, осы хадисті өлеңмен көркемдеп жеткізуді мақсат еткен Кәрібоз Қаңтарұлы:

Ораза – он екі айдың падишасы,  
Бұл айда қабыл болар көздің жасы.  
Сағадат, мағфират, рахмет,  
Он-оннан бөлінеді әр қайсысы.  
Ей, жарандар ғибадатқа келсе шамаң,  
Мұхаммед үмбетіне, шаһри рамазан [180, б. 4] – деп насихаттапты.

Рамазан айының қадір-қасиетін ерекше жырлап, өлеңге салудағы ақынның негізгі мақсаты күллі мұсылманға үшінші парыз болып табылатын оразаны дәріптеу. Сол арқылы Жаратушы алдындағы өзінің мұсылмандық міндетін атқарса, тыңдаған әрбір жанның жүрегіне иман шуағын ұялатып, күнәларының кешірілуіне себеп болу, қоғамда ізгіліктің нұрын таратуға жанын салу ендігі бір мақсаты дей аламыз.

Рамазан айының ерекше қасиетін «Бұл айда рахмет нұрға дүние толған», дей отырып, қазақ арасында кеңінен насихаттаған ақын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Жарапазан» өлеңі де, халық арасында ертеден қалыптасқан жарапазан жырларының жазба әдебиеттегі көркем нұсқасы деуге болады. Ақын ораза ұстап, бұл айдың құрметіне ерекше садақалар жасаған жандардың Тәңірі тарапынан қошеметке ие болатынын ескертіп:

Бұл айда кешер Алла жазығыңды,  
Сыйласаң біздей пақыр ғарібіңді.  
Садақа, берген қайыр – азығыңды,  
Мұхаммед үмбетіне шақыр Рамазан! [181, б. 26] – деп жырлайды.

Қорыта келе айтарымыз, XIX ғасыр мен XX ғасыр басында өмір сүрген қазақ-өзбек халықтарының діни-ағартушы шайырлары ислам дінінің негізгі қағида шарттарын көркем шығарма арқылы насихаттауды негізгі тақырыбына

айналдырған. Бұл тақырыпқа қалам тербеген ақындар ең алдымен өздері Ислам нәрімен сусындағанын және олардың өмірлік мақсаттары да сол дінді насихаттаудан туындағаны анық. Шығармаларды талдау барысында әсіресе, бес парыздың ішінде намаз бен оразаны жырға қосу дәстүрі ерекше дамығанын ескеру керек. Ал, бұл ақын-шайырлардың шығармаларын терең талдап, олардың асыл мақсаттарын ғылымға паш ету алдағы міндетіміз екені сөзсіз.

### **3.2 Ихсан мәселелерінің көркем әдебиеттегі көрінісі**

Адамзат тарихының қай сатысында болсын адамның ерекше жаратылыс иесі екенін дәлелдеу қажет етпейтін мәселе екені белгілі. Әйтсе де, адамға оның жаратушысы тарапынан берілген ұлы нығметтер мен мүмкіндіктерді дұрыс пайдаланудың жолдарын қарастыру, атына заты сай болып өмір сүрудің маңызы туралы ескертулер жасау қоғамның алдыңғы қатарлы пайғамбарлары, әулиелері, ғалымдар мен ақылды, дана, ойшылдарының негізгі міндеттері саналады. Міне, сондай ерекше адами қасиеттерді қоғамда насихаттау түрлі кезеңдерде әдеби шығармалар арқылы жүзеге асып отырған. Әсіресе, адамзатқа ізгілікті мақсат еткен иләһи діндердің соңғысы Ислам дінінің келуімен қоғамда ізгілік пен адамгершілік қасиеттердің орны жоғары дәрежеге көтерілді. Бұл бөлімде зерттеу нысанына алып отырған «ихсан» мәселелерінің әдеби шығармалардағы көрінісі де әдебиеттану ғылымындағы ерекше маңызы бар мәселелердің бірі.

Ихсан – Алла елшісі Мұхаммед (с.а.у.) хадисінде пенденің Раббысын көріп тұрғандай құлшылық жасауы немесе Алла тағала әрқандай жағдайда да мені көріп тұр деген сеніммен ғибадат жасауды айтады. Мұндай қасиет тек рухын пәк ұстаған пайғамбарлар мен сахабалар және олардың жолын жалғастырушы Аллаға деген берік сенімге ие болған жандарда ғана табылатыны күмәнсіз.

Имам Бухаридің хадистер жинағында «Ихсан» сөзінің шарғи мағынасы – мұсылман адамның шынайы ықыласпен Аллаға деген сенімін жетілдіру, кемелдендіруінің біртұтас жиындысы екені айтылады [124, б. 16] Яғни, бұл анықтама Алла елшісінің (с.а.у.) жоғарыдағы хадисімен үндесіп жатқаны көрініп отыр.

Демек, кез келген қоғамда өзінің адам екенін сезініп, өз жаратушысының Алла тағала екенін мойындаған әрбір мұсылман Раббысының әмірлері мен тыйымдарын (яғни шарифат шарттарын) ықыласпен орындау арқылы Құдайға жақындық сезінеді. Бұған қол жеткізген кез келген мұсылманның деңгейі ислами әдебиетте «ихсан» немесе «инсани камил», «кемел адам», «толық адам» ұғымдарымен көрініс береді.

Міне, осы деңгейге қол жеткізген ақындар шығармаларында кемел адам болу концепциясын насихаттау, жырлау үрдісі Орталық Азия жерінде Ислам дінінің келуімен бастау алған, мың жылдар бойы жалғасын тауып келе жатқан ауқымды процесс деп бағалауға болады.

Исламдағы «иман», «ислам», «ихсан» мәселелерінің алғашқы екеуінің түркі халықтары өміріндегі тәжірибесі ұлық имам Әбу Ханифаның салған дара жолымен жалғасын тауып, дарынды шәкірттері Әбу Юсуф, Имам Матуруди



сынды ғұламалар тарапынан жүзеге асырылып, осылайша, түркі жұрты Ислам Өркениеті жолына түскені белгілі. Әсіресе, алғашқы Ислам ренессансы дәуірінде ерекше даму жолына түскен бұл үдеріс Орталық Азия жерінде шарифат шарттарын басшылыққа алған түрлі сопылық қауымдастықар (Яссауилік, Нақшбандилық, Кубрауилік, тариқаттары) бейнесінде көрініс бере бастады.

Осы қауымдастықтар негізінде мұсылман елдерінде шамамен VIII ғасырлардан пайда болған тасаууф немесе сопылық әдебиеті біз зерттеу нысанына алып отырған «ихсан» мәселелерінің әдеби шығармалардағы алғашқы қайнар бұлағы деуге болады. Жаратқанды сүюді, адамзатқа ізгілік шуағын шашуды, нәпсінің тізгінін тартып, Хаққа жетудің түрлі жолдарын көздеген бұл әдебиет Ислам дінінің негізі саналатын Құран мен хадистерден бастау алды. Сырға толы ғаламның таңғажайып мұғжизаларына қанық болған сопы шайырлар шығармалары арқылы Құран Кәрімнің мәні мен маңызын, адамның ғажайып болмысын ұғынуға, көзге таса болған сырларын қоғамда насихаттауға талпыныс жасады. Шарифат шарттары мен Пайғамбар өмірін өнеге еткен Уәйс әл-Қарани, Суфиян Саури, Баязид Бистами, Жүнейд Бағдади сынды алғашқы сопылар тасаууф жолы мен әдеби мектептерінің қалыптасуына әсер етті. Ақындар шығармаларында халал мен харамды ажырату, нәпсіні тежеу, дүниедегі уақытша рақаттардың орнына мәңгілік жәннатқа қол жеткізу, осылайша рухани кемел болуға ұмтылу, жүректің көзі, Жар жамалы, Хақ сыпырасы сынды ұғымдар мен символикалық тіркестер негізгі тақырыптардың біріне айналды. Ортағасырлық Түркі Ислам өркениеті негізінде халық арасында қалыптасып, даму жолына түскен классикалық әдебиеттің белді өкілдері, сол жолда жетілген ақындар шоғыры осы қауымдастықтар ішінде мәдениет пен әдебиет, рухани өмірде халық шығармашылығының көркеюіне зор үлес қосып отырды.

«Адамның кемелдену жолындағы иләһи шарттарды насихаттауға бел буған ақындар шарифат пен тариқаттың өзіне тән талаптарын, мағрифаттың дариясы мен хақиқаттың құпиялы сырларын жырлауды дәстүрге айналдырды. Шынайылық, кішіпейілділік, сабырлылық сынды көркем мінезге тән қасиеттер сопылық әдебиетте кеңінен көрініс бере бастады» [87, б. 68].

Жоғарыда аталған тариқат мектептерінің әрқайсысының өзіндік тарихы мен ислами әдебиетке қосқан үлесі орасан зор. Әйтсе де, Орталық Азияның жүрегі, Исфижаб жерінде туылып, Яссы қаласында тариқатты жайған, бір жағы Анадолу жері, бір жағы Қазанға дейінгі кең өлкеде Ислам ілімдерін таратқан данышпан ақын – Қожа Ахмет Яссауидің түркі халықтарының қалыптасу тарихында орны ерекше болғанын атап кеткен жөн. Ақынның артынан қалдырған әдеби мектебі жоғарыда аталған қауымдастықтар ішінде Орталық Азия түркілерінің саяси-әлеуметтік, діни-мәдени, әдеби өмірінде ерекше із қалдырды.

«Адам тән мен жаннан жаралған соң екі түрлі танымға ие. Бірі – материалистік таным. Екіншісі – рухани таным. Адамзаттың көпшілігі дүниелік құндылықты алға тартып, адамның рухани дүниесі ұмыт қалып жүрген заманда

Қожа Ахмет адам үшін рухани танымды естен шығармау керектігін ескеріп отырды. ..Қожа Ахметтің рухани танымы түркілер үшін, мұсылмандар үшін әлемдегі пайда болған өзге де түрлі таным мектептерімен салыстырып, өз танымымызды жетілдіріп, дамытуға мәйек болып табылады» [182, б. 119], – дейді ғалым Ислам Жеменей. Әзірет Сұлтан өмірінде жолбасшы болған осы рухани таным оның ихсан деңгейіне қол жеткізуіне себеп болғандай.

«Хикметінде құқық пен ақида мәселесін талқылап отырмайтын себебі, өзінен бұрынғы Имам Ағзам Әбу Ханифа мен Имам Матурудидің салған сара жолын негізге алғандығы [65, б. 309].

Ислам шарифатына негізделген Яссауи тариқаты Орталық Азия түркі ұлыстарының рухани-моральдық іліміне айналды. Яссауи ілімінің негіздерін танытатын «Жүректің айнасы», «Пақырнама» секілді трактаттар да шәкірттері арқылы хатқа түскен ақынның өз шығармалары болып табылады. Соңғы жылдары ғалымдар Яссауидің «Рисала-и дәр адаби тариқат» атты еңбегін ғылыми айналымға қосты. Яссауидің ата-тегіне қатысты шежірелер мен шәкірттерінің еңбектерінде де ихсан ілімінің негіздерін танытатын тағылымды дүниелер молынан ашылып келеді.

«Ислам дәуірінде дүниеге келіп, мұсылманшылықты дәріптеген Қожа Ахмет Ясауи, Сүлеймен Бақырғани тәрізді сопы ақындардың шығармалары адам мен Алла қатынасын белгілеуде адамның бұл өмірдегі орнын жақсы мен жаманды, адамгершілік қасиеттерді жырлауға арналып, діни-фәлсапалық өлеңдер циклын бастады» [183, б. 8], – дейді сопылық ілімнің пайда болуы мен оның көркем әдебиетте көрініс табуының негіздерін қарастырған ғалым Ақбота Ахметбекова.

Шын мәнінде, Яссауи хикметтерінде ихсанды насихаттауға тән ерекше белгілер, адам баласының өз нәпсімен күресуі, үнемі Алланы еске алу қажеттігі сынды мәселелермен қатар халықтық сипат, әлеуметтік астар, адам мен қоғам мәселелерін бірлікте бейнелеудегі кемел адам болу сынды көркемдік ізденістер көзге түседі. Яссауи хикметтеріндегі үнемі көрініп отыратын өмірлік шындық, адам баласы үшін бұл өмір уақытша тұрақ екендігі, сол өмір барысында нәпсіге берілмей, *«Хақдын қорқұб, шұм нәфсиңні тиймақ керәк»* [104, б. 139] деп ақиқатты шынайы көрсету қабілетімен көрінеді. Ол объективті шындықты жүйесімен көркемдеп, сырын айшықтап, нанымды суреттейді, оқырманның көзін жеткізе жақсы мен жаманын сезіндіре бейнелейді. Түптеп келгенде, Яссауи хикметтері арқылы өмірдің шынайы реалистік көріністерін бейнелей отырып, қоғамда сол идеяны жалғастыратын мектеп өкілдерін тәрбиеледі. Әр кезеңдерде өмір сүрген бұл мектеп өкілдері қаншама жыр жолдарын жазып, келер ұрпаққа әдебиет ғылымының даңғыл жолын салып берді.

Ясауи үлгісімен шәкірт тәрбиелеу үдерісі тарихи деректерде ХХ ғасырдың басына дейін жалғасын тапқаны айтылады. Бұл деректерді яссауитанушы ғалым Досай Кенжетайдың пікірлері де қуаттай түседі:

«Бертінге дейін мектеп-медреселер Яссауи жолы тәртібімен шәкірт тәрбиелеп келді. Шәкірттердің ХХ ғасырдың басына дейін Түркістанға ағылып, ілім ордасы – медреселерден ілім алуына Әзірет Сұлтанның дәрежесі ықпал

еткені анық. Бағзыдан бүгінге жеткен сырлы ұғымдардың бірі – медреселерде оқытылған «он екі пән». Бұл пәндердің ішінде «Диуани хикмет» те бар еді. Медресе ұстаздары оның Өзбекстандағы «Көкілташ», «Мир-Араб» медреселері, Қазақстандағы «Қарнак», «Аппақ ишан» медреселерінде шәкірттер алдымен «Диуани хикмет» ті түгел жаттап алатын. Тіпті, ауыл молдасының алдын көргендердің өзі Қожа Ахмет Яссауи, Сүлеймен Бақырғани хикметтерін, Сопы Аллаяр өлеңдерін жүрекке түйіп шығатын» [65, б. 6].

«Дарын шығармашылығын қаза түссең, қазынасы сарқылмайтын кен сияқты. Халықтың сенім-нанымында берік орныққан ғұламалар еңбектерін тану, зерттеу арқылы халықтық сана-сезімнің қыр-сырына бойлай түсеміз» [183, б. 4] деген пікірді ескерсек, Яссауилік тариқатын жалғастырған Сүлеймен Бақырғаниден (Хакім ата), Мұхаммед Данышмендтен бастаған шәкірттер шоғыры кейінгі дәуірлерде Қожа Ысхақ ата, Исмайыл ата, Сопы Аллаяр, Мәулана Қойлақи, Құл Ұбейди сынды мыңдаған шәкірттер жазып қалдырған шығармаларында «ихсан» мәселесі жетекші орынға көтерілгенін байқау қиын емес. Бұл жолда ақындардың бәрі де әрбір мұсылман үшін жолбасшы саналатын Құран Кәрімді басшылыққа алып отырған. Яссауидің атақты шәкірті Сүлеймен Бақырғани «Соңғы иләһи кітаптың» қасиеті жайлы мынадай хикмет қалдырыпты:

Кім оқұса бұ Қуран, аләм әңә фәрауан,  
Учмағ ичрә хираман, йардур әңә бу Қуран.

Қуран Тәңірі кәламы, түн-күн оқұң тәмамы,  
Учмағ ичрә сәламы, шәфаәтчі бұ Қуран [170, б. 46].

Мағынасы: *«Кім Құранды оқыса, дүние ол үшін жайлы әрі жұмаққа барғанда сүйеніш, жолдас. Құран Тәңір сөзі, оны түн-күн тынбай оқы, ол саған жұмақта шапағатшы болады».*

Шәкірттер ұстазы сияқты Ислам дінін, шариғат қағидаларын тариқат жолы арқылы халыққа жеткізуді, соның негізінде тәлім-тәрбие беруді ихсан дәрежесіне көтерілуді мақсат еткен. Олар өз шығармалары арқылы Хақ жолына аяқ басқан пенделердің сопылықпен шариғат, тариқат, мағрифат, ақиқат сатыларынан өтіп, Алла Тағаламен қауышатынына көз жеткізеді. Мысалы, Өзім қожа ишан:

Қайу құлға хақиқат дин болса нәсиб,  
Шәриәтгә, тариқатгә жойан болұр.  
Түн-күн тінмәй сыдқы бірлән тәләб қылыб,  
Мәсуаның хіл`әтідін `ұрйан болұр [150, б. 33].

Мағынасы: *«Қайбір құлға шынайы дін болса нәсіп, шариғатқа, тариқатқа кірген болар. Түн-күн тынбай ықыласпен талап етіп, өзгелердің болмысынан шыққан болар».*

Хасанхожа Нисари «Музәккир-е аһбаб» («Жолдастар естелігі») атты кітабында Яссауи шәкірттерінің бәрі дерлік өз шығармаларын түркі тілінде жазғанын, әсіресе, шейхул Ислам дәрежесіне жеткен Ахмет Жами, Шайық Надири, Қасым шейх сынды ғұламалардың аса мәнді хикметтер жазып қалдырғандығын, бұл хикметтер тек Түркістан мен Сайрамда емес, бүкіл Мауарауннахр өлкесіне тарап кеткендігін жазады [184]. Осындай деректің бірі Әлішер Науаи жазбаларында да бар. Ойшыл Атаи мен Гедаи сынды Яссауи шәкірттері бүкіл түркі жұртына есімі кең тараған ақындар болғанын айтады.

Соңғы жылдары түркі мұсылман ғалымдарынан Неждет Тосун, Сайфиддин Сайфуллах, Досай Кенжетай, Нодирхон Хасан сынды түркітанушы, яссауитанушы ғалымдар тарапынан Сүлеймен Бақырғани (Хакім ата), Мұхаммед Данышманд, Қожа Ысхақ бин Исмайыл ата, Шайх Худайдад, Әзім қожа ишан (Әзими) сияқты шәкірттер мұрасына қатысты бірнеше зерттеулер жарияланды. Әйтсе де, түрлі уақыт пен кеңістікте өмір сүріп, сопылық поэзияның хикмет үлгісімен қалам тербеген түркі ұландары хақында нақты деректер әлі де болса аз. Осы бостықтың орнын толтыруға аз да болса өз үлесімізді қосу мақсатында 2012-2013 жылдары Оңтүстік Қазақстан (Қазіргі Түркістан) облысының тарихи-рухани мұраларына арналған «Қазыналы Оңтүстік» көптомдық кітаптары жобасы аясында әр кезеңде Яссауи үлгісінде қалам тербеген ақындар тарапынан жазылып, бүгінге дейін қолжазба немесе литографиялық баспа нұсқаларда сақталған хикметтер мен ғазалдар жинақталды. Тематикалық-құрылымдық, идеялық тұрғыдан талдау жасалынып, жолма-жол аудармасы және транскрипциясы дайындалып, академиялық басылым ретінде көптомдық кітаптарының 92-томының 1,2,3-кітаптары баспаға ұсынылды.

Бірнеше жүз жылдардың бетін көрген қолжазбалар ұрпақтан-ұрпаққа қолма-қол мұра ретінде ауысып келгендіктен және сапасыз жағдайда сақталғандықтан қағазы түтіліп, ылғалдана бастаған. Қолжазба бетіне басылған мөрлері өше бастап, тіпті ішкі беттерінің біраз жерлері жыртылған болса, бір жағынан қолжазбаны пайдаланған оқушылардың көп болғандығын аңғартады. Қолжазбаларды парақтап қарағанда мұнда сопылық әдебиеттің жолын жалғаған ақындар шығармалары арасында иман, ислам, ихсан мәселелерін көтерген жырлар мен даналық сөздердің көптеп кездесуі тақырыпты зерттеуге деген құлшынысымызды арттыра түсті.

Сөз етіп отырған қолжазбаларды парақтай қарап, саралай сұрыптағанда сопылық әдебиетке үлес қосқан көп ақындардың аты мәлім бола бастады. Солардан Ахмет Жами, Әзім қожа, Жүсіп Байзауи, Гадаи, Ғазали, Гауси, Дәруіш әлі, Желалиддин, Заһиди, Иқани, Қасым Шайық, Құл Ұбейди, Құл Ғариб, Құл Омар, Құл Шариф, Маһмул, Машраб, Мұхаммед Дәруіш, Ниязи, Сақи, Талиб, Құл Тимури, Халис, Ыуайда, Ыубби қожа, Шайық Худайдад, Шайдаи, Шамс Үзгенди сынды Орталық Азия жерінде танымал қырыққа жуық ақындардың екі жүзге жуық поэзиялық шығармалары ғылыми айналымға түсірілді [58, б. 324].

Бұл шайырлардың хикметтері құрылысы мен мазмұны жағынан өзара өте жақын келетіндіктен де, соңғы жолдардағы тахаллусына қарамаған адам, бұл даналық сөздің кімнің қаламына тиесілі екендігін айырудың өзі тіптен қиынға соғады. Себебі, Яссауи әдеби мектебінің түлектері ұстаз сынды шарифатта «кіші ширк» болып табылатын «рия» мәселесінен сақтанғандықтан, өздері туралы мәлімет қалдыруды басты мақсат етпеген.

Олардың шығармаларын зерттеу барысында көз жеткізгеніміз, аса тақуалықпен Аллаға жақындаған пәк жандар болғаны. Хикмет жазумен айналысқан шәкірттерінің дерлік бәрі ұстазы сияқты есімдерінің соңына, не алдыңғы жағына «ғариб», «диуана», «құл», «міскін», «бишара» сынды лақап аттарды қосқандығы, шығармаларында тариқат жолын уағыздап, насихаттағаны аңғарылады. Ол атаулардың барлығы сопылық мәні бар терминдер. Мәселен, «ғариб» – бұл сөз адам баласы бұл дүниеде Илаһи болмыстан ұзақта жүргені үшін өзін өмірде бөтен, жат сезінетін күй-жайын білдірсе, Алла Тағаладан алыстаған әр пенде дүниеуи тұтқын ретінде диуана, міскін, құл, бишара кейпінде өмір кешеді. Атақты ұстаз қалдырған бүкіл хикметтер Құран Кәрім мен Хадис негізінде жазылғандығын ескерсек, бұл әдіс дәл сол қалпында шәкірттерінің шығармаларында да көрініс тапқан.

Шәкірттер де ұстазы сынды адам факторына, атап айтқанда, қоғамға жол көрсетіп, жөн сілтейтін зиялыларға, сонымен қатар мемлекет басқарып отырған басшыларға үлкен мән береді. Құранның, Исламның мәніне жеткен бұл ғұламалар, оған иланатындар қоғамды ағартуды өздерінің адамдық парызы деп біледі. Олар қоғамның құлдырауына өздерін жауапты сезінеді. Өйткені, қоғамда Аллаға жақын адамдар азайса, ғалымдар мен зиялылар ғылымына, ал әкімдер әділетке сай шешім қабылдамаса қоғам құлазиды, мемлекет күйрейді. Хадисте қоғамның құлдырауы мен рухани азғындауынан болып жатқан жағымсыз, жарамсыз құбылыстарды көрген әрбір мұсылман оны іс-әрекетімен реттеуі, болмаса сөзімен жөнге салуы қажет. Оны да жасай алмайтын жағдайда болса іштей реніш білдіріп, жүрегімен жек көруі қажет. Міне, сол иманы ең әлсіз адамның тірлігі делінген. Яссауи шәкірттерінің шығармаларында осы тақырып ерекше орын алған.

Ғасырлар бойы жалғасын тауып келе жатқан Яссауи сопылық мектебі сопылық поэзияның классикалық деңгейіне көтерілген ақындық дәстүрді жалғастырушы сопы ақындар тізбегі ХХ ғасыр басына келіп жетсе, тәуелсіздігін берік ұстанған Түркия елінде Яссауи жолы мен ақындық дәстүрі жалғасын тауып, бүгінге дейін тарихи инерцияын жоғалтпай, даму үстінде келе жатыр [185, б. 19]. Міне, осы поэзиялық дәстүр ХІХ ғасыр мен ХХ ғасыр басында өмір сүрген қазақ-өзбек ақындары шығармашылығында қай деңгейде көрініс берді? Осы сұраққа ақындар шығармашылығынан жауап іздеген кезімізде өзбек әдебиетінде Мажзуб Намангани, Өзім қожа, Молда Йолдаш Хилуати, Низами Хоқанди, Хазини Хоқанди сынды ақындар хикметтерімен жалғасын тауып отырғанын, ақындар қалдырған әдеби мұралардың заман өткен сайын бұл мәселені ашуда құндылығы арта түскенін көреміз.

Зерттеліп отырған кезең қазақ жазба әдебиеті өкілдерінің шығармаларын зерделей келе, жастайынан Әзірет Сұлтанның хикметтерін жаттап өскен Сайыпназар ахун Өтенұлы, Мәделі Жүсіпқожаұлы, Шортанбай Қанайұлы, Сүйіндік Тілегенұлы, Майлықожа Сұлтанқожаұлы, Ерiмбет Көлдейбекұлы, Ақтан Керейұлы, Шәді Жәңгірұлы, Аралбай Оңғарбекұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Молда Мәди Меркішұлы, Мырзабек Байжанұлы, Сәттіғұл Жанғабылұлы, Шораяқтың Омары сынды әдебиет өкілдері Түркістан пірінің есімін жыр-толғаулары арқылы қоғамда насихаттап, Яссауи өмірі мен хикметтерін өз шығармаларына үлгі еткенін байқау қиын емес. Танымал ақын Әйiмбет Қаймақбайұлы өлеңдерінде:

Бір Құдайға таухид қылдым,  
Қожа Ахметті тақлид қылдым,  
Хикметтерін таусиф қылдым,

Бір Аллаға тасбих қылдым [84, б. 126] – десе, Ясауидің жерлесі, киелі Сайрам елінің тумасы Жүсіп Сайрами Әзірет Сұлтанға көркем поэзия үлгісінде жыр арнапты:

Ей, кашифи хақайиқ, әсрары садиқийн,  
Уай, уақифи дақайық, мишкат-и хариқийн.

Рушд-и тариқ-и, хади-и иршади талибин,  
Ей, кулзум-и һидайәт, бұрһан-и ашиқийн.

Келдім ғұбар-и дәрғаһыңа сүргәли жәбин,  
Ей, мәһзәни кәрамәт-у Султан ул-арифин [152, б. 135].

XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті өкілдері арасында хикмет жанрымен қалам тербемеген болса да, ихсан дәрежесіне жетудің түрлі тәсілдерін қарастырған ақындар баршылық. Бұл жайлы ғалым Мекемтас Мырзахметұлы: «Қазақ поэзиясы бүкіл қоғамдық-әлеуметтік ой-сананың қызметін атқарушы универсалдық функциясы болуы себепті де, біз қазақ халқының ой-санасындағы сопылық танымның белгілерін көбінесе қазақ ақындарының туындыларынан кездестіреміз» – [186, б. 10] десе, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басындағы Қарақалпақ жерінде өмір сүрген қазақтың діни-ағартушы ақындары шығармашылығын зерттеген ғалым Меңдібай Әбілұлы да, ХҮ ғасырдан бастау алатын жыраулық поэзия өкілдері шығармаларынан бастап, кеңес дәуіріне дейінгі қазақ ақын-жыраулары поэзиясында сопылық танымның белгілері көптеп кездесетінін, айтады [84, б. 95]. Мысалы, Ақыт Үлімжіұлы:

Пірді ойламас жазғанның,  
Жүрегі қатты тас келер.  
Аллаға ғашық шын ерлер,  
Хақ жолына бас берер [187, б. 228],

немесе:

Ауызбен бақыт табылмас,  
Жүректі түзу шын қылмай [187, б. 363].

Сондай-ақ:

Тозаққа ақыретте болар қалқан,  
Зікір айт ей жаранлар, ертелі-кеш [172, б. 6].

Абай Хакімнің отыз сегізінші қара сөзі немесе өзі атағандай «Китаб тасдиқ» – «Иман кітабында» адамзатқа ихсанның маңызы мен ғылымның пайдасын, Алла тағаланың көркем есім-сипаттары мен «тафаккур» яғни терең ойлану, Құдай тағала әрбір жаратқан нәрсесін хикметпен жаратқандығын түсіндіру мәселелеріне кеңінен орын берген. Керек жерінде заманындағы дүмшелерді де сынап отырған. Ақын осы қара сөзінде кемел адам немесе «Толық адам» концепциясына нақты анықтама берген секілді:

«Енді біліңіздер, перзенттер! Құдай тағаланың жолы деген жол Алла тағаланың өзіндей ниһаятсыз болады. Оның ниһаятына ешкім жетпейді. Бірақ сол жолға жүруді өзіне шарт қылып, кім қадам басты, ол – таза мұсылман, толық адам делінеді» [128, б. 117] – дейді Абай хакім.

Абай айтқан терең ой – ақылды танытса, талап пен еңбек – қайраттың белгісі, ал қанағат пен рақым – жүректің қасиеті. Хакім бұл үш қасиеттің әрбір «адам» атаулыда табылу қажеттігі туралы 17-қарасөзімен қатар «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа» атты өлеңінде де «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: «ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деп нақтылай түсіпті. Демек, Абайдың кеңесі бойынша «Алланың жолын өзіне шарт қылып, қадам басқан» және жоғарыдағы үш қасиетті бірдей бойында жинақтап, ізгілік жолында пайдаланған адам толық адам болып есептеледі. Сондықтан Абай ақын:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,  
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.  
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,  
Және Хақ жолы осы деп әділетті [128, б. 409].

Махаббат – адамзат баласы арасында бұл сөзге мән бермеген адам табылмасы анық. Ол – мейірімділік пен ізгіліктің көрінісі, биік шыңы деуге болады. Ұлы Жаратушы адамды Өз қолымен балшықтан жаратып, оны жаратылыстағы ең ұлы дәрежеге көтеруі – шынайы махаббаттың арқасы. Ақын оқушысына «Сені сүйгенді сен неге сүймейсің» деген идеяны тастайды. «Алланы сүю үшін Оны жақсы танымақ керек. Ойдағы түрлі шүбә, күдіктен арылмақ ләзім. Алланың күдірет қаламынан шыққан «Ғалам» атты алып кітапты оқу арқылы ұлы Жаратушының шеберлігі мен шексіздігін, күдіреті мен күзіретін, теңдессіз өнері мен өлшеусіз білім иесі екенін мойындау қажет» [188, б. 6]. Міне, сол кезде ғана Оны жаннан артық көре аласың. Ол саған сенің өмірге келуіңе себеп болып отырған әкең мен анадң, сенімен бірге тайталасып бір қарыннан түскен бауырларыңды, сенімен замандас өмір сүріп отырған барша

жанды сүюді үйретті. Себебі, Ол солардың бәріне бірдей мейірім нұрын шашты. Сол үшін де сен «адамзаттың бәрін бауырым деп» жақсы көруге міндеттісің. Және ұмытпа, сен олардың арасында «әділдік» деген ұғымды ұстану керексің. Бұл ұғымның ауқымы өте кең және мағынасы өте терең. Алла Тағала Құранда былай дейді:

*«Ей, иман келтіргендер, өздеріңнің әке-шешелеріңнің және туған-туыстарыңның мүддесіне қарсы болса да, Аллаһ үшін куәгер болып, әділдікті сақтаңдар»* (Ниса сүресі, 35-аят).

Осы үш сүю болады имани гүл,  
Иманның асылы үш деп сен тахқиқ біл.  
Ойлан дағы, үшеуін таратып бақ,  
Басты байла жолына, малың түгіл [128, б. 409].

Дінтанушы, ғалым Қайрат Жолдыбайұлы иман мәселелерін жан-жақты түсіндірген еңбегінің атауын «Имани гүл» деп атап, өзі Абайдың осы өлеңіндегі осы бір шумақтарға мынадай түсіндірме жазыпты:

«Хәкім Абай мұнда пенденің әуелі жаратқан иесі Алланы, сосын барша адамзатты және әділеттікті сүюді, яғни осы үш ұлы сүюдің жиынтығын «имани гүл» деп атағанын көреміз. Шындығында иман ақиқаты осы үш махабаттан тарайды десек, артық айтқандық емес... Демек, «Имани гүл» бұл кемел иманға айтылған сөз. Алла елшісінің (с.а.у.): Иман етпейінше жұмаққа кірмейсіндер, ал бір-біріңді жақсы көрмейінше кемел иманға қол жеткізе алмайсыңдар» деген хадисінен осы «Имани гүлдің» жұпар иісі аңқып тұрғанын сезу қиын емес» [188, б. 5].

Дін де осы, шын ойласаң, тағат та осы,  
Екі дүние бұл тасдиқ – хақтың досы [128, б. 409].

Мұнда ақын «тәфәккур» мәселесін алға қояды. «Тәфәккур» сөзі араб тілінен «шын ойлану», «терең ойлану» деген мағыналарды білдіреді. Абай шығармашылығында адам баласын терең ойлануға шақырған өлеңдері мол. Әсіресе, «Әуеде бір суық мұз – ақыл зерек», «Кейде есер көңлі құрғырың», «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа», «Алла деген сөз жеңіл», «Менің сырым, жігіттер, емес оңай», «Жүректе көп қазына бар бәрі қызық», «Әсемпаз болма әрнеге», «Адамның кейбір кездері» сынды өлеңдері оқырманды терең ойлануға шақырады.

Ғалым А.Әділбаев: «Терең ой – жүректің нұры, рухтың азығы, ілімнің тірегі. Терең ойсыз жүректі қара басып, рух семіп, өмірдің мәні қашады. Жақсы мен жаманның, пайда мен зиянның, әсемдік пен сұрықсыздықтың ара жігі терең ойлау арқылы ажыратылады. Кез келген оқиғадан ғибрат алғызып, әр істің әлқиссасында адымын аңдап бастыртатын да осы – терең ой» [189, б. 14] – деп дәл анықтама беріпті.



Екі дүние – бұл біз бүгін өмір сүріп отырған әлем мен ақырет әлемі. Бұл екеуінің айырмашылығы біреуінің уақытша және екіншісінің мәңгі болуында. «Бұл дүниеде Алланы сүйген, адамзатты сүйген, әділдікті сүйген әрбір жан иесі екі дүниеде Хақтың досына айналары сөзсіз» – дейді ақын.

Абай жолын өзіне өнеге еткен Шәкәрім Құдайбердіұлы толық адам болу жолында, ихсан деңгейіне жетуде өзіндік әдіс қолданған. Бізге белгілі, Шәкәрім ақын өлеңдерінде:

Менің жарым қыз емес,  
Хақиқаттың шын нұры.  
Оны сезер сіз емес,  
Көзге таса бұл сыры.  
Жасырып тұр жар өзін,  
Бас көзіңмен қарама,  
Жүрегіңнің аш көзін,

Жанның сырын арала [190, б. 238], – деген жолдар мен қатар Ұлы Тәңірісін көп рет зікір етіп, Оны өлеңдерінде танытуда көркемдік тәсілдерді жеткізе қолданған:

Алланың пендесіне рақымы мол,  
Сен де өзіндей адамға мейірімді бол.

немесе,

Шын мұсылман болайын деп ойласаң,  
Құдайға құл болудың мәнісін біл [191, б. 214],

– деп жырлаған Шәкәрім осы өлеңдерінде, шын мәнінде, Хақ тағаланың адамзатқа жасаған мейірімін сезіне алу керектігін, шын мұсылман болам деген адамға оның мәнін түсіну керектігін жеткізеді.

Ойланамыз, қияметте «Хақиқаттың шын нұрына» яғни Ұлы Тәңіріміздің мейіріміне бөленуді армандаған адам қалайша мына уақытша өмірінде оны есіне алмасқа? Демек бұл анық ақиқат. Шәкәрім, Шәді сынды ақындар жай нәрсеге ғашық болып отырған жоқ. Бұл сөзімізді дәлелдеу үшін Ислам тарихында белгілі Алла Тағаланың сүйікті елшілерінің бірі Мұса (а.с.) мен Алла тағала арасында болған сұқбатқа назар аударайық. Өз дәуірінде адам баласына Ұлы Жаратушысының бұйрықтары мен үкімдерін жеткізген Мұса (а.с.) Тәңірісіне: «Сенің нұрлы дидарыңды көруді қалаймын», – дегенде, Шексіз Мейірім Иесі: «Лә тарани – Мені ешқашан көре алмайсың», – деп, оған таудың басына қарауын бұйырады. Сонда, Мұса тауға түскен нұр сәулесіне қарай алмай талып құлайды.

Бұл оқиға әр кезеңде ақындар шығармаларына арқау болған. Мысалы, Сүлеймен Бақырғанидың 4-хикметінде:

Тур Сина тауына шығып Мұса,  
Хаққа ғашық болып дидар қылды көргін.  
Дидар көрмек жоқ-дүр деп, ей, Мұса,

«Лә тарани» жауабын бергенін көргін [170, б. 34].

Ал, жоғарыда айтылған мұндай ізгі қасиеттерді бойында жинақтай алмаған, нәпсіне құл болған пенделерді Шәкәрім «Адамның ең жақсысы» деген өлеңінде сынап келіп:

Қанша жарып нұр құйсам,  
Хақиқаттан сыр құйсам,  
Өршеленер су құйсам,  
Нәпсі деген оты бар [75, б. 186] – деп жырлайды.

«Мұндай адамдар хақиқатты қанша рет ұқтырсаң да қайта отты нәпсілері өршелене түседі», – деп, адамның қу нәпсін жалынды отқа теңейді. Ал, «Тойымсыз нәпсі, тұрақсыз дүние» өлеңінде былай дейді:

Өлімнің хақ екенін көрсең де,  
Өлместей омыраулап шабасың.  
Дозақтың барын біліп жүрсең де,  
Күнәға әлің келсе батасың.

Сауап көп ғибадатқа десең де,  
Жалығып, жалқауланып жатасың.  
Адалдық адал ризықын жесең де,  
Арамды әдейі іздеп татасың [191, б. 224]

Ақын шығармашылығында ихсан тақырыбын айқындай түсетін адам өмірінің пәнилік және бақилық кезеңін, адам өмірі үнемі өзгерісте болуын, адал мен арамның арасын суреттейтін өлеңдері молынан кездеседі. «Өлген көңіл, ындынсыз өмір», «Жан менен һәм көңіл», «Тойымсыз нәпсі, тұрақсыз дүние», «Тура жолда қайғы тұрмас», «Иманым», «Тәңірі мен жан», «Абай марқұм өткен соң өзіме айтқан жырларым», «Жарымды жаным сүйді, сүйе алмай тәнім күйді», «Тәңірі іздеп бір мұңғыл», «Бейісте бар бір сұлу жар» сынды өлеңдерінде адам мен Алла арасындағы түрлі мәселелерді жырлайды.

Ақындардың әдеби шығармалар арқылы адам бойында Аллаға деген махаббатты қалыптастырудағы басты ұстанымы «Алла тағаланың көркем есімдерін» насихаттау болып табылады. Мұнда ақын негізгі тақырыпқа кірмей тұрып ең алдымен Аллаға хамд-мадақ айта отырып, «Асма ул-хусна» яғни, Алланың көркем есімдері мен сипаттарын қазақи ұғыммен түсіндіріп береді. Ақынның тілімен айтқанда «ауам халық» ихсан дәрежесіне қол жеткізу үшін ең әуелі өз Жаратушысының кім екенін жақсылап танып алуы тиіс. Әйтпесе, ол үшін Құдайға деген махаббаттың түкке қызығы жоқ. Бұл дәстүр исламды насихаттауды мақсат еткен кез келген ақын шығармаларында кездесетін құбылыс. Дегенмен, бұл мәселеде әр ақынның өзіндік стилі бар. XIX ғасыр мен XX ғасыр басында біз зерттеу нысанына алып отырған, ортағасырлардан

жалғасын тауып келе жатқан түркі классикалық әдебиет өкілдері шығармаларын Алланың атымен бастай отырып, сол тұста Алла тағаланың көркем есім-сипаттарын жырға қосады. Мысалы, Шәді ақын «Назым Фиқһ кәйдани» шығармасында 36 жолдан тұратын «Хамд» (мадақ) бөлімінде Алла тағаланың оннан астам көркем есімдерін зікір етіп, олардың түркі халықтарына ортақ баламасын өлеңмен өрнектейді:

Хәмд<sup>40</sup> бейхад<sup>41</sup> бейәдәд<sup>42</sup>,  
Жаратқан Хаққа лә мақан<sup>43</sup>.  
Ортағы жоқ серіксіз,  
Өз мүлкі ерур ду жаһан<sup>44</sup>.

Мақлұқы ерур аспан-жер,  
Құс-туюр<sup>45</sup> инс-жын<sup>46</sup>.  
Күллі зи нәфси<sup>47</sup> жандының,  
Ол берер ризығын бейкүмән [149, б. 5].

Ақын осы екі шумақ өлеңге Жаратқанның бес көркем есімін сыйғызыпты. Алғашқысы – Хақ. Бұл сипат жалпыға түсінікті болғандықтан, ақын мұнда түсінік бермеген. Екіншісі – «Ортағы жоқ, серіксіз» деген мағынаны беретін «Әл-Уахид» есімін қолданса, үшінші – «Өз мүлкі ерур ду жаһан» яғни, «Екі дүниенің мүлкі Оған тән» дей отырып – «Әл-Мәлик» сипатын түсіндірген. Төртінші «Әл-Халиқ» сипатына – «Мақлұқы ерур аспан-жер, құс-түюр, инс-жын» деп түсіндірген. Ал, бесінші – «Күллі зи нәфсі жандының, Ол берер ризығын бейкүмән дей отырып, «Әр-Раззақ» есімін айшықтап берген.

Алланың көркем есім сипаттарының мәнін түсіну адамның сенім мәселесінде негізгі орын алатынын терең түсінген Абай өзінің «Китаб тасдиқ» аталған шығармасы немесе 38-қара сөзінде: «Сіз «Әмәнту билләһи кәмә һуә би әсмәһи уә сифәтиһи»<sup>48</sup> дедіңіз. Ол есімдер һәм Алла тағаланың фиғыл ғазимләрінің аттары, олардың мағынасын біл һәм сегіз сифат затиялары не деген сөз кәміл үйрен. Өзінді анығ құлы біліп, өзінді мүслим ат қойып, тәслим болғаныңа раст боласың да. Өз пиғылдарыңды соған өз хәліңше ұқсатуды шарт қыл... Аның үшін Алла тағаланың сипаттары: Хаят, Ғалым, Құдірет, Басар, Самиғ, Ирада, Кәлам, Тәкуин. Бұл сегізінен Алла тағаладағыдай кәмалат ғазамат бірлән болмаса да пендесінде де әр бірінен өз хәлінше бар қылып жаратыпты [128, 103 б.], – дейді.

Абай ақын шығармаларын талдап отырсақ, Алла тағаланың көркем есімдерінің арасында «Әл-Ғалим» сипатына көбірек үңілгенін байқаймыз.

<sup>40</sup> мадақ

<sup>41</sup> шексіз

<sup>42</sup> сансыз

<sup>43</sup> жоқтық әлемі, орны жоқ

<sup>44</sup> екі дүние

<sup>45</sup> құстар

<sup>46</sup> адам мен жын

<sup>47</sup> күллі нәпсі иелері

<sup>48</sup> Құдайға және Оның көркем есім-сипаттарына иман келтіремін

Мысалы ақын: «Ғылым – Алланың бір сипаты, ол хақиқат, оған ғашықтық өзі де хақлық һәм адамдық дүр» [192, 190 б.], – дейді. Ақынның ойын таратып айтар болсақ, «Ғылым – хақиқат, оны жәй ғана тану емес, оған ғашық болу қажет, сонда ғана сен оны тани аласың және бұл сенің адамгершілігіңнің белгісі», – деп түсіндіреді. Демек, Абай кемел адам болуға апаратын жолдың негізгісі «Ғылым» деген идеяны шығармалары арқылы қоғамға ұсынды. Мұның негізгі себебі, халқының ғылымға деген ынта-ықыласын күшейту, ғылым мен білім бар болған жерде дамудың, өркендеудің болатынын жеткізуден туған болса керек деп пайымдаймыз.

Түркі халықтары классик әдебиетінің танымал өкілдерінің бірі Өзім қожа Ишан немесе Өзими ақын өзі Нақышбандия тариқатын ұстанғанымен әдеби шығармаларында Яссауи үлгісінде жазылған хикметтері молынан кездесіп отыр. Бұл тұрғыдан алғанда ол кісі тасаууф ақындарынан, яғни, сопылық әдебиетте Яссауидің белгілі ізбасарларының бірі деуге болады.

Жоғарыда біз Яссауи шәкірттеріне арналған зерттеулеріміз жайлы сөз қозғағанда Қазыналы Оңтүстік көптомдық кітаптарының 92 томының 2-кітабында Өзім Қожа ишанның 17 хикметі алғаш рет қазақ тіліне аударма жасалғанын айттық. Ақынның бұл хикметтері Яссауидің хикметтерімен бірге XX ғасырдың басында Ташкентте жарық көрген болатын. Аталған жинақты зерделей келе, ақынның хикметтері Яссауи даналық сөздерімен үйлесімін тапқан, сырға толы діни-дидактик тақырыпқа құрылған поэзиямен өрілген дүние екеніне көз жеткіздік. Ислам мен иман, тақуалық, дүние мен ақырет, жәннат пен тозақ мәселелері ақынның өмірлік кредосы іспетті. Ақын хикметтері арқылы халықты ынсап пен қанағатқа, әр мәселеде әділетті болуға шақырады. Ақын адамгершіліктің шыңы «ихсан» – «кемел адам» дәрежесіне жетелейтін қасиеттің бірі жұмсақтық пен кішіпейілділік екенін еске сала отырып, мына бір хикметті жазып қалдырыпты:

«Бәндәлікні шәртідүр, ажызлығы-у сынұғлұғ,  
Султан болсаң аләмғә һәргіз қылма ұлұғлұғ.

Дүнья меһрін қоймайын, Хақ йадыны әймәйін,  
Нәфсін көзін оймайын, бойның болмас салұғлұқ [193, б. 139].

Мағынасы: *«Құлшылықтың шарты жұмсақтық пен кішіпейіл болу, әлемге патша болсаң да еш мақтанба. Жүрегіңнен дүниеге деген махабатты шығарып тастамай, Хақты зікір етпей, нәпсіңнің көзін жоймай, кішіпейіл бола алмайсың».*

Ақын мұнымен уақытша дүниеге бой алдырып, пәнилік жалған қызықтарға алданбауға, Хақ тағаланың есімін үнемі зікір етіп, ақиқатты ұмытпауға шақырады. Ақынның пікірінше, кез келген адамды жолдан азғыратын «нәпсінің көзін жоймай» тұрып жоғарыдағы дәрежелерге қол жеткізу мүмкін емес. Ақын мұнда бір жағынан адамды тура жолдан азғыратын дүниенің, екінші жақта сұм нәпсінің кесапатынан сақтануға үндейді.

Сопылық әдебиетте көтерілетін ең негізгі тақырыптардың бірі «нәпсі» болса, екіншісі «азғырушы шайтан немесе ібіліс» мотивтері екені белгілі. Нәпсі мен шайтан бар зұлымдық пен жамандықтың ұйытқысы екенін Әзім қожа хикметтерінен көруге болады. Ақын хикметтері арқылы оларға қарсы күресудің, азғырулардан құтылудың жолдарын қарастырады:

Бәндәмән деб ғафлат ичра йатса болмас,  
Һиммәт қылмай нәфс тағыдын өтсә болмас,  
Нәфс-у шайтан көзләріні ойсә болмас,  
Һәмдәм болмай нәфс көзіні ойғанларға [193, б. 191]

Мағынасы: *Нәпсінің таудай ауыр жүгін тастау үшін пендемін деп қапыда жата беруге болмайды, нәпсінің көзін жойғандарға дос болмайынша, нәпсі мен шайтанның көзін құрыту мүмкін емес.*

Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у) бір хадисінде отаны мен ар-намысын қорғау үшін соғысқа аттанған сахабаларына: «Енді сіздердің алдарыңызда бұдан да ауыр соғыс тұр. Ол – өз нәпсілеріңізбен күресулеріңіз!» – деп, адам баласының нәпсімен күресуін, сол арқылы ішкі жан-дүниесін таза сақтауын сондай бір алапатты, қанды соғыстардан да үстем екендігін ескерткен.

Әзім ақын хикметтері де зерделей қаралса, адам өмірінде нәпсінің рөлі жоғары екені, оны үнемі тәрбиелеу адамның негізгі міндеті екені айтылғандай. Пайғамбар өсиетін де өмірлік тәжірибесіне қолданған ақын хикметтері тауып айтылған тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні секілді болып көрінеді. Мына дүниедегі өмірдің өткінші екендігі, дүниенің өзгергіштігі, бұл дүние адам баласының уақытша тұрақтайтын тұрағы екендігі, «Лаухул Махфузда» белгіленген уақыт келіп жеткен сәтте ол келесі «барзах» әлеміне көшіп өтетіні, мына жарық дүниеде жасаған тозаңдай амал-әрекеті оның амал дәптерінде жазулы тұратыны, сол дәптердегі әрбір ізгі амалы үшін сауабын алып, зұлымдық әрекеті үшін жауап беретіні секілді о бастан-ақ Алла тарапынан елшілер арқылы адамзат баласына ескерту болып келген ұғым-түсініктер ақын шығармаларына арқау болған.

Ихсан мәселелерін шығармалары арқылы жырлауды мақсат еткен Қоқан әдеби мектебінің көрнекті өкілдерінің бірі Мұхаммедқұл Мұхаммедрасулұлы Мухайир еді. Ислам діні негізінде кемел адам болудың түрлі жолдарын қарастырған, оны насихаттауды мақсат еткен ақын шығармаларына Яссауилік, Нақшбандилық тариқаттарының өкілдері ерекше әсер еткені байқалады. Ақын «Бол мужәррәд, ей көңүл, ғайры Худадын үз тәмә, кір тариқат йолыға, шаһ-у гәдадын үз тәмә» (Сақ бол, ей жүрек, Құдайсыздан үміт үз, тариқат жолына кір, патша-кедейден үміт үз) дей отырып, адамдарды құдайсыздарға жоламауға, патша болсын, кедей болсын Алла жолынан жүрмейтін кез келген адаммен қарым-қатынасты үзуге шақырған.

Мухайир шығармашылығын зерттеген ғалымдардың пікіріне сүйенсек, «ақынның діни шығармалары негізінен «Хамд» (Мадақ) және «На`ат»

(Пайғамбардың сипаты) қа құрылған. Диуанындағы 400 ғазалдың жүзге жуығы, отыз алты мухаммастың төртеуі, жетпіс бір рубаидің жиырма бесін осы топтағы шығармаларға жатқызуға болады» [194, б. 284].

Ақын жазып қалдырған ғазалдар мен рубаилар, мухаммастар мен хикметтерді Қожа Ахмет Яссауи хикметтерімен салыстырған кезімізде Аллаға деген махаббат, нәпсі-шайтанға құл болмау сынды ортақ идеялар көзге ұрып тұрды. Мысалы, Яссауи хикметтерінде:

Ишқ йолыда фәна болай, Хақ, Бир-у бар,  
Һәр нә қылсаң ашық қылғыл Пәруәрдиғар.  
Илким ачыб дуа қылай Иззим Жаббар,  
Һәр нә қылсаң ашық қылғыл Пәруәрдиғар [24, б. 102].

Мағынасы: *«Ғашықтық жолыңда құрбан болайын, Хақ, Бир-у бар, не қылсаң да мені Өзіңе ғашық қыл, Пәруәрдиғар. Қолымды көтеріп дұға етейін, Иззим Жаббар, не қылсаң да мені Өзіңе ғашық қыл, Пәруәрдиғар»*, – десе, Мухайир де ұстаз сынды Аллаға деген махаббат тақырыбын алға қойып:

Салғыл бу телбә башыма, ия, Раб, һауайи ишқ,  
Бергіл ділімғә ләззәті зауқы сафайы ишқ,  
Бегана қыл, өзүмдін һәм өзгәдін мәни,  
Келтурмә һатырымға һәмишә сиуайи ишқ [166, б. 131]

Мағынасы: *«Уа, Раббым, мәңгірген басыма ғашықтық сезімін оят, жүрегіме пәк махаббаттың ләззәтін сезіндір. Өзімнен де, өзгеден де бөтен қыл, Өзіңнен басқаға ғашық болуды ойыма салма»*.

Ахмет Яссауи:

Уа уайлата, кечә күндүз қылмай таәт,  
Хақ Рәсул, үммәт үчүн йемәй немәт,  
Ичмиш, емиш, немәтләрі қайғу мейнәт,  
Нә йүз бірлә һәзрәтиғә барғум мәна [195, б. 38 ]

Мағынасы: *«Күндіз-түні құлшылығым жасамай, Хақ Расулды, үмбеттерді ойламай, ішкен-жеген нығметтерім жайлы ойламай, Құдайдың алдына қалай барамын»*, – десе, құлдарының Аллаға деген ғашықтығы Мухайир шығармаларында да көрініс береді:

Қайсы тіл бірлә дейін йа Рәб сенгә һамду сәна,  
Қайсы тіл бірлә қылай изһар арзу мүддә.  
Қайсы иш бірлә өзүмні лайықы рәһмәт біліб,  
Қайсы иш бірлә тіләб һажәт әйләй илтижа [166, б. 25].

Мағынасы: *«Уа, ұлы Раббым, қайсы тілмен Сені мақтайын, қай тіліммен саған арманымды, мақсатымды айтайын, қай амалыммен өзімді сенің рақметіңе лайық деп білейін, қай іс-әрекетіммен қажетімді сенен сұрайын».*

Ақынның бұл сынды өлеңдерінде қолданылған аяттар мен хадистер, даналық сөздер оның ішкі жан-дүниесі қандай болғанынан хабар беретін сияқты. Ақын рухани өміріндегі иманның маңызы, Аллаға деген берік сенімін реал өмірінде шығармалары арқылы көрсете білген. Төмендегі ғазал жоғарыдағы ойларымызды толықтыра түседі:

Әйлә, ия Рәб, кибр-у, ужб-у худнамалықдын халас,  
Нәфсі шәйтана әсир-у мубталалығдын халас.  
Йар етіб һуш-у һирад білдір өзүңні анчәкім,  
Та болай өлгүнчә жәһлу нарасалығдын халас [166, б. 116].

Мағынасы: *«Уа, Раббым! бізді кербездіктен, мақтаннан, тәкаппарлықтан сақта, нәпсі-шайтанға еріп, құл болудан сақта, жар етіп өзіңді жақыннан таныт, өлгенше ашу мен жайсыздықтан құтылайын».*

Мухайирдің өмірі мен шығармашылығын, өзбек әдебиетіндегі алатын орнын зерделеу барысында оның өз заманында Қоқан әдеби мектебінің танымал тұлғаларының бірі болғанын, Яссауилик мектебінің шайырларымен қатар Лутфи, Қожа Хафиз, Молла Жами, Әлішер Науаи сынды ақындарды өзіне ұстаз санағанын көруге болады. Шайыр дәстүрлі классикалық түркі әдебиетінің дәстүрлерін Мұқими, Зауқи, Фурқат сынды замандас ақындармен жарыса алатын деңгейде жалғастырғанын да ерекше атап өту керек. Себебі, Мухайир шығармаларындағы діни-ағартушылық идеялар оның аса рухани бай әрі кемел тұлға болғанынан хабар береді.

Алланы сүю, пайғамбарын ерекше құрметтеу, тақуалықпен иман ләззатын сезіну, сол арқылы кемел адам болуға қол жеткізу мәселелерін қоғамда насихаттау Орталық Азия жеріне Ислам діні тарай бастаған алғашқы ғасырлардан бастау алып, түрлі кезеңдерде бірде поэзиялық, бірде прозалық үлгіде жалғасын тауып отырғанын Өзбекстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының Шығыстану институты, әдебиет музейі, Науаи атындағы ұлттық кітапханасы мен Әбу Райхан Беруни атындағы қолжазба қорларында сақтаулы құнды жәдігерлер дәлелдей түсуде. Жоғарыда аталған ақындар шығармалары бұл тақырып аясындағы әдеби жәдігерлердің бір бөлігі ғана. Жоғарыда зерттеу нысанына алып отырған ақындар шығармашылығын салыстырмалы түрде талдай отырып, Аллаға деген ғашықтық сезімдерінің көркем сөзде көрініс бергенін байқау қиын емес. Ақындардың «ихсан» мәселесін тарихи тұрғыдан насихаттауды Өзім қожа ишан, Мухайир ақындар лирикалық өлеңдер мен хикметтер арқылы оқырманға жеткізуді мақсат еткен болса Шәді Жәңгірұлы, Ақыт Үлімжіұлы сынды ақындар қисса үлгісінде жырлауды мақсат еткені көрінеді.

Қорыта айтқанда, Жаратқанды сүю, Пайғамбардың өнегелі өмірін үлгі ету, нәпсінің тізгінін тартып, адамзатқа ізгілік шуағын шашу, осылайша Хақиқатқа жетудің түрлі жолдарын әдеби шығармалар арқылы қарастырған ақындар шығармашылығын зерделеу, олардың арасында Яссауи жолын үлгі еткен шәкірттердің әдеби мұрасының жырлану ерекшелігін қарастыру өзекті мәселенің бірі. Бүгінгі әдеби ортаға тахаллусы арқылы ғана танылып жүрген жоғарыдағы шайырлардың шынайы әдеби портреті жасалып, бүгінгі қоғамда адам баласын шарифат, тариқат ілімдерімен тәрбиелеу, сол арқылы ихсан дәрежесіне қол жеткізуді мақсат еткен хикметтер ғылыми айналымға кіріп, айқындала түсер еді. Бұл жазба жәдігерлердің әдеби құндылығын айқындап, ислами әдеби шығармалар тізбегін толықтыру келешекте де жалғасатынына сенімдіміз.



## ҚОРЫТЫНДЫ

Ерте замандардан қалыптасқан тарихын, діні мен ділін, мәдениеті мен әдебиетін бөліп қарауға келмейтін, қайта бір арнаға салып зерттеуді қажет ететін түркі халықтарының бір бөлігі бауырлас қазақ пен өзбек халықтарының әдебиеті екені даусыз. Бүгін қазақ-өзбек әдебиеттану ғылымдары тәуелсіз саясаттың ықпалымен қайта жаңғыру жолына түсті. Кезінде кеңестік идеология қолданған саясат ықпалымен жіберілген кемшіліктері жөнделіп, тарихи-рухани болмысқа, діни-танымдық мәдениетке қатысты өзекті мәселелер жаңаша пайым, көзқарас, пікірлер аясында топтастырылып, қайта қаралу үстінде.

Бұл кезеңнің, өзіндік ерекшеліктерін зерттегенде, екі бауырлас халық өміріндегі Ислам дінін ту еткен ақындар шығармашылығы сол жаңаша пайым, жаңаша көзқараспен жүйеге салынып, әдебиеттегі өз орнын алуы тиіс деген мақсатты жоспарымызға біршама қол жеткіздік деуге болады. Өйткені, зерттеу жұмысында әдеби өмірде ерекше көрініс берген ақындар шығармашылығы жайлы бірер тұжырым жасау үшін олар өмір сүрген дәуірді терең зерттеп, олар жазған шығармаларға да тәуелсіз көзқараспен баға беру жағына жіті назар аударылды.

XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы бауырлас қазақ-өзбек халықтарының діни-ағартушылық идеяны ту еткен ақын-шайырлары әдебиеттің мұсылмандық өмірдегі рөлін арттыра түсті. Исламды насихаттауды мақсат еткен шығармалардың өміршеңдігі ғылыми тұрғыда дәлелденді. Бұл шығармалар қоғамды ыдыратуды мақсат еткен кез келген күшке қарсы тұра алатын идеологиялық құрал екенін оларды талдау барысында көз жеткіздік.

Бұл кезеңде өмір сүрген әдебиет өкілдері мен қаншама әдеби мұраларымызды бүгінгі ұрпаққа дұрыс талдап жеткізу арқылы екі халықты бір-бірімен рухани түрде жақындастырып, гуманитарлық ғылымын дамытуға зор үлес қоса аламыз. Себебі, адамзат үшін өмір сүрудің нақты өлшемдерін белгілеп берген Жаратушы тарапынан түсірілген соңғы дін Исламды бүгін әлем халықтары топ-топ болып қабылдап жатқан кезде, қолымызда тұрған ақиқат дінге негізделіп жазылған жазба жәдігерлерімізді ортақ құндылық ретінде насихаттап, тарихымыздың ашылмаған беттерін жаңа таныммен ашуымыз халқымыздың рухани байлығы тереңде екендігін көрсетсе, екіншіден бүгінгі жаһандану үдерісі жүріп жатқан тұста бауырлас халықтардың бірлігін қалыптастырудың негізгі тетіктерін байыта түседі.

Сібірден Кавказға дейін кең байтақ өлкені қоныстанған түркі халықтарының барлығы дерлік орыстың отарына айналған тұста барлық отарланған түркілердің руханиятын мансұқтап, тарихын жойып жібергісі келген орыстың империалистік саясатының астарында өздеріне бағынышты халықтарды түбегейлі жойып жіберу пиғылы жатқаны тарих деректерден белгілі. Олар XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Орталық Азияны мекендеген мұсылман түркілерді, соның ішінде қазақ-өзбек халқын шоқындыру жағына кірісті. Қазақтарды күшпен шоқындыру арқылы өз тамырынан, болмысынан айыру өз жемісін жылдам береді деп сенді. Себебі, Сібірді жайлаған кейбір түркілерді шоқындыру арқылы өздерінің ұлттық болмысынан

айырып та үлгерген болатын. Өкінішке қарай, бір кездері тағдырдың жазуымен мұсылман болу нәсіп болмаған Сібір түркілерінің біразы шоқынып, бүгінгідей жаһандану заманында ұлт ретінде жойылып кетудің аз-ақ алдында тұр. Десек те, иманына берік Орталық Азия түркілері өз діндерінен бас тарта қойған жоқ. Мың жылдан аса уақыттан бері мұсылман болып келе жатқан қазақ, өзбек халықтары имани сенімдерінің беріктігінің арқасында өзге сенімді қабылдаған жоқ. Ал, ақындар орыс империализіміне қарсы қарумен емес, қаламының ұшымен күресті. Содан шоқындыру саясатына бірде күштеп, кейде айла-тәсілмен қарсы шықты. Ислам дінін асқақтата жырлап, Алланы мадақтады, пайғамбардың өнегелі өмірін дәріптеді. Бұхара, Ташкент, Қарнақ, Қазан шаһарларындағы медреселерде діни тәлім-тәрбие алған ақындар отаршылдыққа қарсы нәзиралық дәстүрді ұтымды пайдаланды. Яғни, шығыс мұсылман әдебиетінде кеңінен жырланған имани, ерлік дастандарды қайта жазды. Сол арқылы халықтың көзін ашып, көкіректерін имани сумен сусындатты. Дін тақырыбындағы қисса-дастандарды көптеп жырлаудың нәтижесінде қазақ даласында кітаби ақындар шоғыры пайда болды. Олар не жазса да, не жырласа да тақырыбы – «иман», «ислам», «ихсан» болды. Себебі олар империализмге қарсы бірден-бір құрал – күшті имани сенім деп ұқты. Мұсылман халықтарын күшпен не айла-тәсілмен шоқындырып жіберудің мүмкін еместігіне көздері жеткен отаршылдар коммунистердің билікке келуімен атеистік яғни дінсіздік қоғамды орнатты. Ондағы мақсаты да түркілерді дінінен ажыратып, ұлт ретінде жою болатын. Коммунистік билік Орталық Азия түркілерін ұлт ретінде жою үшін мың жылдан аса уақыт қолданылған араб графикасын әуелі латынға, содан соң кирил әрпіне ауыстырды. Бабалардан мұраға қалған жазба жәдігерлерді түсінбейтін халге жеткізіп, тарихын мансұқтау негізгі мақсат болды. Бірақ қашанда ақиқат жеңетіні секілді отаршылдар Орталық Азия түркілерін, соның ішінде қазақ-өзбек халықтарын дінінен, салт-дәстүрінен айыруға барын салғанымен, имани-сенімін біржолата жойып жібере алған жоқ. Себебі, ел үшін, Отан үшін, дін үшін жанын қиған ел ардақтылары қашанда алдыңғы қатарға шығып уды умен қайтарып отырды. Міне, осы жолда діни-ағартушылықты мақсат еткен ақындар риясыз қызмет етті. Халықтың Аллаға деген сенімін, Пайғамбарға деген махаббатын, отанына деген сүйіспеншілігін сақтап қалу үшін иман негіздері мен шарифат шарттарын насихаттауды қолға алды. Осылайша, Орталық Азия және Қазақстан жеріне Ислам діні келгелі қалыптасу процесі жандана түскен Ислами әдебиетке өз үлестерін қосты.

Зерттеу жұмысында зерделеніп отырған «Ислами әдебиет» термині – Ислам дінінің тарихы мен мәдениетін, адамзат тарихындағы орны мен маңыздылығын насихаттап, Иләһи танымдар негізінде қоғамды ізгілікке шақырып, жамандықтан қайтаратын, кемел адам болуға үндейтін көркем шығармалар жиынтығы екені XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы ақындар шығармашылығы арқылы дәлелденді. Құран мен хадис – сол көркем шығармалардың қайнар бұлағы екенін ескерсек, осы бұлақтардан сусындаған әдебиет өкілдері ізгілікпен пәктікті мақсат ете отырып, Құран Кәрімдегі тарихи

оқиғаларды шығармаларында сәтті пайдаланды. Бүгінде талай ғылыми жаңалықтардың ашылуына себеп болып отырған аяттардың ішкі сырларына бойлап, сырға толы дүниенің жұмбағын әдеби шығармалары арқылы беруге тырысты.

Қазақ-өзбек халықтары әдебиетіндегі ақындар шығармаларында «Иман», «Ислам», «Ихсан» мәселелерінің көрінісі, жырлану ерекшелігі, тақырыптық-идеялық және жанрлық ерекшеліктерін айқындау диссертациялық жұмыстың негізгі мақсаты болатын. Осы мақсатқа жету үшін Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбайұлы, Шәді Жәңгірұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Әзімқожа, Жүсіп Сайрами, Хазини, Мухайир, Хилуати сынды ақындар шығармашылығында иман шарттарының «Таухид» (Аллаға деген сенім), «Пайғамбарларға сенім», «Ақыретке сенім» мәселелерінің көркем шығармалардағы бейнесі кеңінен сөз болды.

Алланың бірлігі мен бар болуын (Таухид) көркем сөзбен өрнектеген Ыбырай, Абай, Шәкәрім, Шәді шығармаларымен қатар олармен замандас Сидқи Хандайлиқи, Ғиясиддин Ғияси сынды ақындар поэзиясымен салыстыра талданды. Әсіресе, пайғамбарлардың тарихи бейнесінің көркем әдебиетте бейнелену мәселесі біз зерттеу нысанына алған ақындар шығармаларымен шектеліп қалуы мүмкін емес екеніне көз жеткіздік. Қазақ-өзбек халықтарының ұлттық әдебиеті тарихында болсын, түркітану саласында болсын бұл тақырыптың бүгінге дейін өте аз зерттелген тақырыптардың бірі екенін ғалымдар назарына ұсына отырып, алдағы уақытта бұдан да терең зерттеулерге жол ашылатынына үміт арттық.

Ислами әдебиеттегі көлемді әдеби арналардың бірі Қиямет қайым болатын кездегі оқиғаларды суреттейтін «Махшар», «Ахуалы қиямет», «Қияметнама» тақырыбындағы шығармалар. Діни-ағартушылықты мақсат еткен шығармалар арасында «Қияметке сенім» тақырыбында жазылған көркем әдебиет үлгілерін теориялық тұрғыдан талдау мәселесі де әдебиеттанудағы өзекті мәселелердің бірі екені даусыз. Зерттеу жұмысында жоғарыда аталған тақырыпты иеленген шығармаларды талдау, салыстыруға жіті назар аударылды. Атап айтқанда, Шәді Жәңгірұлы, Ақыт Үлімжіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Жүсіпбек Шайхисламұлы сынды ақындардың арнайы шығармаларымен қатар өзбек әдебиетінің көрнекті өкілдері Мухайир, Хазини, Сидқи, Баситхан Шаши сынды ақындар ғазалдары мен хикметтерінде «Ақыретке сену», оған осы өмірде дайындық жасау мәселелері кеңінен сөз болды.

XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ және өзбек әдебиеттерінде ғасырлар бойы бір арнадан сусындап, адамзаттық ортақ идеяларды қоғамға ұсынған әдеби арнаның бірі – сопылық әдебиет болатын. Орталық Азия жеріне Ислам діні тарай бастаған алғашқы ғасырлардан бастау алған Қожа Ахмет Ясауи, Сүлеймен Бақырғани, Ахмет Иүгнеки сынды ақындар тарапынан негізі қаланған алып арна біз зерттеп отырған кезең әдебиетінде Әзім қожа ишан, Мухайир, Хазини сынды ақындар лирикалық өлеңдер мен хикметтер арқылы оқырманға жеткізуді мақсат еткен болса, Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Майлықожа Сұлтанқожаұлы, Шәді

Жәңгірұлы, Ақыт Үлімжіұлы, Нұралы Нысанбайұлы сынды ақындар қисса-дастан, терме, өлең үлгілерімен жырлауды мақсат етті. Жаратқанға махаббат, Пайғамбарды үлгі ету, нәпсіні тізгіндеп адамзатқа ізгілік шуағын шашу, осылайша Хақиқатқа жетуді мақсат еткен бұл ақындар шығармашылығы бүгінгі жаһандану заманында адам баласын шариғат, тариқат ілімдерімен тәрбиелеу, сол арқылы ихсан дәрежесіне қол жеткізуге қызмет етеді.

Демек, XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы бауырлас қазақ-өзбек халықтарының діни-ағартушылық идеяны ту еткен ақын-жыраулары әдебиеттің мұсылмандық өмірдегі рөлін арттыра түсті. Исламды насихаттауды мақсат еткен шығармалардың өміршеңдігі ғылыми тұрғыда дәлелденді. Бұл шығармалар қоғамды ыдыратуды мақсат еткен кез келген күшке қарсы тұра алатын идеологиялық құрал болғанын оларды талдау барысында көз жеткіздік. Жоғарыда біз сөз еткен әлемдік ғылымның қайта өрлеуіне негіз болған Ислами ғылымдар мен ислами әдебиеттің қалыптасуына себеп болған діни шығармалар бүгінгі түркітану саласының ажырамас бөлігіне айналып отыр және оны дінтанушы ғалымдар теологиялық тұрғыдан, ал әдебиеттанушылар тарапынан түркі халықтарының рухани тұтастығы жолындағы кешенді зерттеу нысанына айналар болса, бауырлас халықтардың мәдени-әдеби байланыстарын тағы бір сатыға көтерер еді деп сенеміз.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Назарбаев Н. Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ // Егемен Қазақстан. – 2014. – №238.
2. Наливкин В.П. Туземцы раньше и теперь. – Ташкент, 1913. – 144 с.
3. Бобровников Н.А. Русско-туземные училища, мактабы и медресе Средней Азии. Путевые заметки. – СПб.: Сенатская типография, 1913.
4. Бартольд В.В. История культурной жизни Туркестана. – Ленинград: АН СССР, 1927.
5. Остроумов Н.П. Исторический очерк народного образования в городах и укреплениях Сыр-Дарьинской линии и Туркестанской области до учреждения Туркестанского генерал-губернаторства с 1860 г. по 1867г. – Ташкент, 1881.
6. Радлов В.В. Алтын сандық. Құрастыр.: Қасқабасов С., Ісләмжанұлы К. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 256 б.
7. Вамбери А. Путешествие по Средней Азии. – Москва, 1865. – 253 с.
8. Meakin Annette M.B. In Russian Turkestan. A garden of Asia and it`s people. – London: The Balantime press, 1903.
9. Curtis W.E. Turkestan. The heart of Asia. – London: Hodder & Stoughton, 1911. – p.345.
10. Schuyler E. Turkistan. Notes of journey in Turkistan, Khokand, Buhkara and Kuldja., Phil. Br. Member of the American Geographical Society and of the Imperial Russian Geographical Society, etc. – London, 1876. – P. 211.
11. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. Том-1. – Алматы: Дәуір, 2014.– 464 б.
12. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. – Алматы: Ана тілі, 1998.
13. Кенжебайұлы Б. Шығармалар жинағы. Түрік қағанатынан бүгінгі күнге дейін Т.1. – Алматы: Ел-шежіре, 2018. – 352 б.
14. Тәжібаев Ә. Өмір және поэзия. – Алматы, 1960. – 267 б.
15. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезендері (Ерте дәуірден ХІХ ғасырдың аяғына дейін). – Алматы: Қазақстан, 1967. – 388 б.
16. Қоңыратбаев Ә. Көптомдық шығармалар жинағы. Том-4.– Алматы: МерСал, 2004. – 516 б.
17. Бердібай Р. Бес томдық шығармалар жинағы. Том-1. – Алматы: Қазығұрт, 2005. – 448 б.
18. Күмісбаев Ө. Терең тамырлар. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 452 б.
19. Қыраубаева А. Қазақ әдебиетіндегі шығыстық қисса-дастандардың түп-төркіні мен қалыптасуы. Фил. ғылымдарының докторлығына арналған дис. – Алматы, 1997. – 366 б.
20. Қалижан У. Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым (ХІХ ғ. екінші жартысы мен ХХ ғ. басы). – Алматы: Білім, 1998. – 256 б.
21. Жұмажанова Ф. Қазақ әдебиетіндегі шарифат негіздерінің көрінісі (Монография). – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 206 б.

22. Қансейітова Э.Ж. Діни дастандардағы тарихи шындық және көркемдік уақыт (XIX ғ. және XX ғ. бас кезі) фил.ғыл.кан.дис. – Алматы, 2005. – 146 б.
23. Абдигапбарова Ж. Шәді Жәңгірұлының діни, тарихи дастандары фил. ғыл. кан.дис. – Алматы, 2010. – 153 б.
24. Яссавий Ҳожа Аҳмад. Девони хикмат. Нашрга тайёрлаганлар: Ҳаққул И., Ҳасан Н. – Тошкент: Наврӯз, 2018. – 360 б.
25. Сайфуллох С. Улуғ авлиё шайх Худойдод Вали. – Тошкент: Ozbekiston, 2017. – 272 б.
26. Хасанов Н. Яссавийликка доир манбалар ва Девони Ҳикмат. – Тошкент: Академнашр, 2012. – 304 б.
27. Сидқий Х. Мезони шарият. Нашрга тай: М.Хасани. – Ташкент: Навруз, 1992. – 102 б.
28. Жўрабоев О. Хазини тўра. – Тошкент: Фан нашриёти, 2007. – 140 б.
29. Қосимов Б. Миллий уйғониш: жасорат, маърифат, фидойилик. – Тошкент: Маънавият, 2002. – 400 б.
30. Долимов У. Туркистонда жади́д мактаблари. – Тошкент: Университет, 2006. – 126 б.
31. Кароматов Ҳ. Қуръон ва ўзбек адабиёти. – Тошкент: Фан, 1993. – 96 б.
32. Муминов И.М. Из истории развития общественно-философской мысли в Узбекистане конца XIX и начала XX вв. – Ташкент: Узгосиздат, 1957. – 214 с.
33. Абдурахимова Н.А. Колониальная система власти в Туркестане (вторая половина XIX – начало XX вв.) Автореф. дис. на соискание уч. степени док. ист. наук. – Ташкент, 1994. – 68 с.
34. Худайкулов А.М. Просветительская деятельность джадидов Туркестана (конец XIX-начало XX в.) Дис. на соискание ученой степени кандидата исторических наук. – Ташкент, 1995. – 138 с.
35. Тожибоева М. Жади́д ади́блари ижодида мумтоз адабиёт анъаналари ва маҳорат масалалари (Монография). – Тошкент: Mumtoz so'z. 2017. – 260 б.
36. Салижанова Г.Ф. Учебно-просветительские очаги в Туркестане, их общественное значение (конец XIX – начало XX). Автореф. дис., канд. ист. наук. – Ташкент, 1998. – 68 с.
37. Арапов Д. Система государственного регулирования ислама в Российской империи (последнее четверть XVIII-начало XX в.) – Москва, 2004. – 381 с.
38. Tosun, N. Türkistan Dervişlerinden Yâdigâr. (Orta Asya Türkçesiyle Yazılmış Tasavvufî Eserler) ikinci baskı. – İstanbul: İnsan Yayınları, 2019.
39. Ачик Ф. Ўзбек адабиёти. – Анкара: Alp yayinevi, 2007. – 166 с.
40. Avcı Y. Fitrat ve eserleri. – Анкара: Kültür Bakanlığı, 1997, – 207 с.
41. Karakaş Ş. Ўзбек адабиёти yazıları. – Анкара: Kurgan edebiyat yayınları, 2012, – 469 с.
42. Erşahin S. Buhara'da Cedidcilik-Eğitim Reformu (Münazara ve Hind Seyyahının Kıssası). – Анкара: Kültür Bakanlığı yay., 2000. – 182 с.

43. Komatsu H. Revolutionary central Asia: A portrait of Abdurauf Fitrat (The Middle East in the Muslim World). – Tokyo: Press, 1996. – 290 p.
44. Allworth E. The modern Uzbeks: from the fourteenth century to the present: a cultural history. – Stanford: Stanford University. Hoover Institution Press., 1990.
45. Балдауф И. XX аср ўзбек адабиётига чизгилар. Масъул мухаррир: Н.Каримов. – Тошкент: Маънавият, 2001. – 72 б.
46. Мырзахметұлы М. Ел қалай орыстандырылды. Қазыналы Оңтүстік көптомдығы. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2015. – Т. 300. – 320 б.
47. Қосимов Б., Юсупов Ш. Миллий уйғониш даври ўзбек адабиёти. Ташкент: Маънавият, 2004. – 296 б.
48. Бермағанбет С.Ж. Діни-ағартушылық және Әбубәкір (Кердері) Боранқұлұлының әдеби мұрасы (Монография). – Ақтөбе: Жұбанов университеті баспасы, 2019. – 128 б.
49. Таджиев Х., Мырзахметұлы М. Ұлы Дала жәдігерлері – «Қазыналы Оңтүстік көптомдығының түркі әдеби мұрасын насихаттаудағы орны мен маңызы. // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы, Шығыстану сериясы. №2 (89). 2019. 131-139 б.б.
50. Гейнс А.К. Собрание литературных трудов. (с портретом и планом). – Москва: Стасюлевич, 1897. – Т.1. – 589 с.
51. Яковлев В.Я. Из истории церковной жизни Туркестана. – Верный, 1902.
52. Қамзабекұлы Д. Әдеби-тарихи процес: ағымдар, концепциялар (ағартушылық кезең). Филология ғыл. докт. диссерт. – Алматы, 2002. – 365 б.
53. Мырзахметұлы М. Совершенно секретно: Тайны русификация казахов. Пер. Б. Момынкул. – Алматы: Қазығұрт, 2015. – 344 с.
54. Кәкішев Т. Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт баспасы, 2013. – 6. Т. – 384 б.
55. Кәкішев Т. Қағидаға айналған қателер. Нәубет. – Алматы: Жалын, 1990.
56. Ергөбек С.С. Қазақтың дәстүрлі жазба әдебиеті (XIX-XXғғ.) Монография. – Түркістан: Тұран, 2012. – 324 б.
57. Ісімақова А. Алаш әдебиеттануы. – Алматы: Мектеп, 2009. – 560 б.
58. Tadzhiyev Kh., Khasanov N., Qydyr T. 19.yüzyıl ve 20.yüzyıl'ın başında Türkistan dinî-maarifi edebiyatında Ahmed Yesevî izleri. // Türk kültürü ve Hacı Bektaş Veli araştırma dergisi. – 2020. № 96,. – S.319-343
59. Букейхан А. Киргизы. Формы национального движения в современных государствах. Под редак. А.И.Костельянского. – СПб, 1910.
60. Бейбуди М. Танланган асарлар. Нашрга тайёрлаган: Қосимов Б. – Тошкент: Маънавият, 2006.
61. Жәйшібекұлы Ә. Әйелдеріміз жайынан. –Троицк: Айқап журналы, 1913, №18.
62. Чернышевский Н.Г. Таңдамалы педагогикалық пікірлері. – Алматы, 1951.

63. Дулатұлы М. Алты томдық шығармалар жинағы. 2- том. Көсемсөз, әдеби-сын, және зерттеу мақалалары. Құраст: Дулатова Г., Иманбаева С. – Алматы: Мектеп, 2013. – 392 б.
64. Абдурашидхонов М. Танланган асарлар. Баспаға дай.: Ахмедов С. – Тошкент: Маънавият, 2003. – 197 б.
65. Керімбай С., Төлеген М., т.б. Яссауи феномені (Отбасы хрестоматиясы). – Алматы: Орхон Баспа үйі, 2017.
66. Наджип Э.Н. Регионы и этапы формирования тюркских письменных языков и литератур. – Туркестан: Туран, 2007. – 268 с.
67. Авлоний А. Танланган асарлар. 2-том. – Тошкент: Маънавият, 2006. – 304 б.
68. Шоший Б. (Харикий) Девон. Баспаға дай. Хасаний М. – Тошкент: Fan va texnologiya баспасы, 2009. – 124 б.
69. Исхоқхон И. Миллатни ким ислоҳ этар. – Тошкент: Ойна журналы, 1914. № 12.
70. Исхоқхон И. Танланган асарлар. Нашрга тайёрловчилар: Долимов У., Жабборов Н. – Тошкент: Маънавият, 2005.
71. Сэбитов Н. Қазақ мектеп, медреселері. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясы, 1950.
72. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Зерттеулер, мақалалар. 19-том. Жауапты шығ. Л.Әуезова, Т.Әкімов. – Алматы: Жазушы, 1985. – 496 б.
73. Бельгер Г.К. Гете и Абай (эссе). – Алматы: Жалын, 1989. – 104 б.
74. Рымғали Н. Әдебиет теориясы. Нұсқалық. – Астана: Фолиант, 2003. – 344 б.
75. Құдайбердіұлы Ш. Үш томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2008. – 432 б.
76. Қанайұлы Ш. Шығармалары. Қазыналы Оңтүстік көптомдығы: 236-том. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2014. – 296 б.
77. Нодим Н. Танланган асарлар. Нашрга тайерлаган: А.Турсунов, А. Халилбеков. – Ташкент: Узадабийнашр, 1964. – 88 б.
78. Алтынсарин Ы. Мұсылманшылықтың тұтқасы (Шариат-ул-ислам). – Ақтөбе: Фатима-принт, 2014. – 64 б.
79. Исхоқхон И. Фикхи Кайдани назми. – Ташкент: Мовароуннахр, 2012. – 96 б.
80. Қалижанұлы У. Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым (XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғ.басы) фил.ғыл.докторлығына арналған дис. – Алматы, 1999.
81. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы, 1991.
82. Меркішұлы М. Тухфа-и жұмхурият (Республикаға сый) Қазыналы Оңтүстік көптомдығы. 113 том, 1-кітап. – Алматы: Нұрлы әлем, 2013.
83. Кердері Ә. Қазағым. – Алматы, 1993.
84. Әбілұлы М. Қазақ әдебиетіндегі діни-исламдық поэзия (Монография). – Тараз: Қайнар, 2003. – 206 б.



85. Сидқий Х. Навбахор (ғазаллар, достон, хикоятлар). Нашрга тай: Қосимов Б., Жалолов А. – Тошкент: Ғ.Ғулам атындағы әдебиет және өнер баспасы, 1984. – 248 б.
86. Завқий. Ажаб замона (Шеърлар). Тўпловчилар: А.Мадаминов, А.Турдалиев. – Тошкент: Шарқ, 2003. – 176 б.
87. Қыдыр Т. Дешті қыпшақ даласындағы ислами әдебиет (X-XV). – Астана: Рухани құндылықтарды қолдау қоры, 2018. – 200 б.
88. Temurtaş F. Osmanlı türkçesine giriş. I kısım. – İstanbul: İstanbul Üniversitesi, 1994. – 96 s.
89. А.Бомбачи. Зарубежная тюркология. I том. – Москва: Наука, 1986.
90. Байтұрсынұлы А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
91. Фильштинский И.М. Арабская классическая литература. – Москва: Наука, 1965. – 310 с.
92. Әділбаев А. Саңлақ сахабалар. – Алматы: Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры, 2010. – 336 б.
93. Средневековая татарская литература VIII-XVIII вв. – Казань: ФЭН, 1999.
94. Кенжебайұлы Б. Әдебиет белестері (зерттеулер, мақалалар) – Алматы: Жазушы, 1986. – 400 б.
95. Әл-Фараби. Трактаттары. Қазыналы Оңтүстік көптомдығы. 33 том, 2-кітап. – Алматы: Нұрлы әлем, 2011. – 338 б.
96. Баласағұн Ж. Құтты білік. Көне түрік тілінен аударған алғысөзімен түсініктерін жазған А.Егеубай. – Алматы: Өлке, 2006. – 640 б.
97. Әділбаева Ш. Хадис – ғұрпымыз, сүннет салтымыз. – Алматы: Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры, 2011. – 280 б.
98. Әдиб Ахмет Жүйнеки. Ақиқат сыйы. Қазыналы оңтүстік көптомдығы, 44-том, 1-кітап. – Алматы: Нұрлы әлем, 2011.
99. Кенжетай Д. Иасауи мұралары. Қазыналы Оңтүстік көптомдығы. 21 том (5-кітап) – Алматы: Нұрлы Әлем, 2013. – 336 б.
100. Қыдыр Т. Дәстүрлі Ислам жауһарлары. Орта ғасырларда (X-XVI ғғ.) жазылған діни еңбектер мен шығармалардан үзінділер жинағы. – Астана, 2016. – 392 б.
101. Köprülü F. Türk edebiyatı'nda ilk mutasavvıflar. – Ankara: Türk tarih kurumu basımevi, 1976. – 470 s.
102. Tosun, N. Süfi Muhammed Dânişmend. Mir`âtü'l-kulub. – Ankara, 2020. – 176 s.
103. Abdurrahman Güzel. Dinî-Tasavvufî türk edebiyatı el kitabı. – Ankara, 2012. – 877 s.
104. Хикметтер жинағы. Баяз. Қолжазба. М.Мирхалдаровтың жеке мұрағаты.
105. Рабғұзи Н.Б. Пайғамбарлар қиссасы. Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. Құраст.: Қыдыр Т. – Алматы: Таймас баспа үйі, 2008. – 480 б.
106. Әл-Кердери. Нәһжул-фәрадис. Қазыналы оңтүстік көптомдығы, 37-том. 1-5-кітап. – Алматы: Нұрлы әлем, 2011.
107. Құтб. Хұсрау-Шырын. Қазыналы оңтүстік көптомдығы, 49-52-том. – Алматы: Нұрлы әлем, 2012. – 328 б.

108. Алты Бармақ. Мұхаммедтің Пайғамбарлық дәлелдері, Қазыналы оңтүстік көптомдығы. 38-том, 1-5-кітап. – Алматы: Нұрлы әлем, 2011.
109. Мәулана Атаи. Шығармалары. Қазыналы оңтүстік көптомдығы, 40-том. – Алматы: Нұрлы әлем, 2012. – 320 б.
110. Шәриф Әмиди, Түрік тіліндегі Шаһнама, Қазыналы оңтүстік көптомдығы. 43-том, 1-13-кітап, 184-198 томдар. – Алматы: Нұрлы әлем, 2013. – 312 б.
111. Сопы Аллаяр, Т.Жалшықұлұлы шығармалары. Қазыналы оңтүстік көптомдығы, 54-55-том. – Алматы: Нұрлы әлем, 2012. – 312 б.
112. Рабғұзи Н.Б. Қиссас ул-әнбия (Пайғамбарлар тарихы). Қазыналы оңтүстік көптомдығы. 36-том, 1-кітап. Баспаға дай. Қыдыр, Т., Тажиев Қ. – Алматы: Нұрлы әлем, 2011. – 344 б.
113. Ислам. Мүридке көмекші (XIV ғ.). Кесікбаш кітабы (XIV ғ.) Қазыналы Оңтүстік көптомдығы. 39-том. Баспаға дай. Қыдыр Т., Өмірзақов С. – Алматы: Нұрлы Әлем баспасы, 2011. – 312 б.
114. Навоий А. Арбаын. Нашрга тай.: М.Хақимжон. – Ташкент: Мехнат нашриёти, 1991.
115. Әуезов М. Ақынның өзбек өнеріндегі бейнесі. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 21-том. – Алматы: Дәуір, 2014. – 384 б.; Әуезов М.Әлішер Науаи. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 28-том. – Алматы: Дәуір, 2014. – 464 б.
116. Ысмайылов Е. Науаи және қазақ әдебиеті. ҚазССР РА Хабаршысы, №2. – 1948.
117. Бердібай Р. Гүлстанның бұлбұлдары. – Алматы, 1970.
118. Сейдаханов К. Ұлы шайыр. Жұлдыз журналы, №2. – 1968; Әлішердің Хамсасы. – Алматы: Қазақ әдебиеті, 1968.
119. Бабыр З.М. (Мубәййән дәр фикһ) Шарифатты түсіндіруші. (XVI ғ.) Қазыналы Оңтүстік көптомдығы, 57-том. 1-кітап. Баспаға дай. Қыдыр Т., Тажиев Қ. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2012. – 328 б.
120. Өмірзақов С.Д. Қоқан басқыншылығы дәуіріндегі қазақ әдебиеті (монография) – Шымкент: Алтын шаңырақ, 2018. – 312 б.
121. Мәдібай Қ. Зар заман әдебиеті (Қазақ әдебиеті тарихындағы зар заман ағымы). Қазыналы Оңтүстік көптомдығы. 236-том. – Алматы: Нұрлы әлем, 2014.
122. Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы: Жалын, Ана тілі, 1991.
123. Әзібаева Б. Қазақтың діни дастандары. Әдебиеттанудың өзекті мәселелері. (Академик С.Қирабаевтың 75 жылдығына арналған жинақ). – Алматы: Комплекс, 2002. – 133 б.
124. Бухари. Сахих хадистер. Таңдамалы, бірінші кітап. Қазақ тіліне аударғандар: Абдуссамад М., Сандыбаев Ж. – Алматы, 2003. – 224 б.
125. Қыраубаева А. Шығыстық қисса-дастандар. 5 томдық шығармалар жинағы. 3-том. Баспаға дай. С.Дәрібайұлы. – Алматы: Өнер, 2010. – 344 б.
126. Смирнова В.В. Мирская художественная культура. Часть I. Москва: Изд.центр Аз, 1995. – 149 с.

127. Құдайбердіұлы Ш. Үш томдық шығармалар жинағы. 2-том. – Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2008. – 432 б.
128. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. 2- том. Баспаға дайындаған: Матыжанов К.І., Мәдібаева Қ.Қ. – Алматы: Жазушы баспасы, 2020. – 640 б.
129. Ерназар Н. Ұлы тұлғалар Ислам жөнінде. – Алматы: Шапағат Нұр, 2002.
130. Машанов А. Әл-Фараби және Абай. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 192 б.
131. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. 1- том. Баспаға дайындаған: Матыжанов К.І., Мәдібаева Қ.Қ. – Алматы: Жазушы баспасы, 2020. – 640 б.
132. Фиёсий Ф. Миръоти шар (Шариат ойнаси). Нашрга тай: С.Сайфуллох, Ф.Н.Шофирконий. – Тошкент: Мовароуннахр, 2008.
133. Жәңгірұлы Ш. Ахуалы қиямет. Қазыналы Оңтүстік көптомдығы, 89-том, 1-кітап. – Алматы: Нұрлы Әлем баспасы, 2012. – 288 б.
134. Жәңгірұлы Ш. Назым Сияр Шәриф. Қазыналы Оңтүстік көптомдығы, 80-том, 1-кітап. Баспаға дай: Қыдыр Т., Өмірзақов С. – Алматы: Нұрлы Әлем баспасы, 2012. – 344 б.
135. Дербісәлиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. – Алматы: Рауан, 1995. – 238 б.
136. Fuzulî. Türkçe divanı. Haz. Prof. Dr. Kenan Akyüz-Süheyl Beken, Dr.Sedit Yüksel v.b. Ankara: Akçağ Yayınları, 1990.
137. Çalışkan A. Fuzulî'nin Su Kasidesi ve Şerhi. Ankara: DİB. Yayınları, 1992. – s. 52
138. Ясауи шәкірттерінің хикметтері. Қазыналы Оңтүстік көптомдығы 92-том, 1-кітап. Баспаға дай: М.Мирхалдаров, Х.Таджиев. – Алматы: Нұрлы Әлем баспасы, 2012. – 320 б.
139. Холис. Меърожнома. – Тошкент: Мехнат, 1992. – 27 б.
140. Сейтбеков С. Иман негіздері. – Алматы: Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры, 2011. – 376 б.
141. Жаһангерұлы Ш. Назым Сияр Шәриф. Өлеңмен жазылған Пайғамбардың тарихы (қадим жазуымен). Баспаға дайындаған: Жүніс Т. – Алматы: Арыс нашрияты, 2003. – 384 б.
142. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп баспасы, 1973. – 210 б.
143. Жәңгірұлы Ш. Шығармалары. Қазыналы Оңтүстік көптомдығы. 227-том. Баспаға дай. Таджиев Х., Өмірзақов С. – Алматы: Нұрлы Әлем баспасы, 2014. – 320 б.
144. Бақырғани С. Хикметтер. Қазыналы Оңтүстік көптомдығы. 35-том, 5-кітап. Баспаға дай: Қ.Тәжиев. – Алматы: Нұрлы Әлем баспасы, 2011. – 320 б.
145. Ысхақ ата. Хадиқат ул-арифин. Өзбекстан нұсқасы. 1259/1838
146. Султонхон А. Адо каддини дол этмиш (зерттеу мақалалар, ғазалдар). Баспаға дайындаған: Өткирбек Мухаммадсобир. – Ташкент: Muharrir nashriyoti, 2019. – 52 б.

147. Madumarov Ö. Peygamberlerin zikredildiği gazel. Filoloji ve kültür araştırmaları. – Karabük, 2020. – 553 s.
148. Мухаммад Содик М. Ю. Қуръони Карим ва ўзбек тилидаги маънолари таржимаси. – Тошкент: Нилol-Nashr, 2018. – 388 б.
149. Жәңгірұлы Ш. Шығармалары. Қазыналы Оңтүстік көптомдығы. 226- том. Баспаға дай: Таджиев Х. Өмірзақов С. – Алматы: Нұрлы Әлем баспасы, 2014. – 296 б.
150. Ясауи шәкірттерінің хикметтері. Қазыналы оңтүстік көптомдығы. 92-том, 2-кітап. Баспаға дайындаған: Мирхалдаров М., Таджиев Х. – Алматы: Нұрлы Әлем баспасы, 2013.
151. Хазиний. Девон. Нашрга тай: Мадаминов А., Жұрабоев О. – Ташкент: Маънавият, 1999. – 176 б.
152. Сарёмий Ю. Асарлар. Нашрга тай: Қосимов Б., Тожибоева М. – Тошкент: Маънавият, 2002. – 167 б.
153. Қыдыр Т. Мұхаммед Пайғамбардың көркем бейнесінің әдебиетте жырлану ерекшеліктері. // ҚазҰУ Хабаршысы. Шығыстану сериясы. – 2016. – Т.76, №1.
154. Banarlı N.S. Büyük Nazireler Mevlid ve Mevlid’de milli çizgiler. – Ankara: Yüksek İslam Enstitüsü dergisi, 1962.
155. Aksoy, H. Türk Edebiyatında Mevlidler. Türkler. C.12. – Ankara: Yeni Türkiye Yayınevi, 2006.
156. Ҳилватий. Мавлид Набий (с.а.у.) (Мавлудуннабий с.а.в.). Нашрга тайёрлаган: Мухаммадамин хожи Мулла Абдусамад Ханафи Андижоний. Андижон: Андижон нашриёти, 1992 й. – 60.
157. Көпейұлы М. Ж. Шығармалары. 3-том. – Павлодар: ЭКО ҒӨФ, 2003. – 382 б.
158. Çağlar D. A. Mucizenin ikonografisi: Miraç ve Miraçnameler. // Alevilik-Bektaşilik Araştırmaları Dergisi. – 2019. №19.
159. Temizkan M. Ahmed Yesevi’nin Miraç-namesi ve Etkileri üzerine bir inceleme. // Türk Dünyası İncelemeleri Dergisi /Journal of Turkish World Studies. 16/2 Kış-Winter, 2016.
160. Çağatay S. Türk lehçeleri Örnekleri, VIII Yüzyıldan XVIII Yüzyıla Kadar Yazı Dili. – Ankara: Ankara DTCTF Yay. No: 9. 1977.
161. Cihan D. Mirâc-name Harezmi türkçesiyle mi yazılmıştır. – Ankara: Üniversitesi Dil ve Tarih-Coğrafya Fakültesi, Türkoloji Dergisi, 22.1, 2018
162. Gruber, Ch. J. The Timurid Book of Ascension (Mi’rajname): A Study Text and Image in a Pan-Asian Context. – Valencia: Patrimonio Ediciones in collaboration with the biblioteque nationale de France, 2008.
163. Софы Аллаяр. Сабат ул-ажизин. Нашрга тайёрлаган: Махмуд Хасаний, Пўлатқори Мухаммад Али. – Ташкент: Мехнат, 1991.
164. Көпейұлы М. Шығармалары. 2-том. – Павлодар: ЭКО, ҒӨФ, 2003. – 384 б.
165. Emre M. Kırk Mevzuda Kırk Hadis. – İstanbul, 1344.

166. Мухайир. Девон. Нашрга тай: А.Дехканов. – Тошкент: Muharrir нашриёти, 2010. – 256 б.
167. Kur'an'dan öğütler. 5 baskı. Yay.hazırlayan: Dr. Yaşar Yigit, Dr. Muhlis Akar ve b. – Ankara, 2011. – 424 s.
168. Науауи М. Хадистер жинағы (Риядус-салихин). – Алматы: Көкжиек баспасы, 2017. – 656 б.
169. Ислам (справочник). Нашрга тай: Усмонов М.А. – Тошкент: Узбек совет энциклопедияси бош редакцияси, 1989. – 336 б.
170. Бақырғани С. Хикметтер. Қазыналы Оңтүстік көптомдығы. 35 том, 1-кітап. Баспаға дай: Қ.Тәжиев. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2011. – 320 б.
171. Жәңгірұлы Ш. Ахуалы қиямет. Қазыналы Оңтүстік көптомдығы, 91-том, 3-кітап. – Алматы: Нұрлы Әлем баспасы, 2012. – 288 б.
172. Үлімжіұлы А. Ахирет күні (Қиямет ахуалы). Баспаға дай: Кәкей Жаңжұнұлы. – Өлгий, 1993.
173. Үлімжіұлы А. Ахуал қиямет. – Қазан, ағайынды Кәримовтар баспаханасы, 1908. – 20 б.
174. Шайхисламұлы Ж. Шығармалары. Қазыналы Оңтүстік көптомдығы. 77-том, 1-кітап. – Алматы: Нұрлы Әлем баспасы, 2012. – 304 б.
175. Көпейұлы М.Ж. Шығармалары. 4-том. – Павлодар: ЭКО ҒӨФ, 2004. – 535 б.
176. Бухари Абдуллаһ Мухаммед ибн Исмаил. Әл-жамийъ ас-Сахих: (Сенімді жинақ) 1-к. – Ташкент: Қомуслар баспасы, 1991. – 560 б.
177. Көпейұлы М.Ж. Шығармалары. 1-том. Павлодар: ЭКО ҒӨФ, 2003. – 436 б.
178. Сұлтанқожаұлы М. Толық шығармалар жинағы. Жауапты шығарушы: Абиқова Г.М. – Алматы: Ғылым ордасы, 2019. – 534 б.
179. Қыдыр Т. Қазақ әдебиетіндегі Рамазания жанрының ерекшелігі. // ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы. – 2017. Т. 80, №1.
180. Қаңтарұлы К. Китәбун мәрхәбән, йә рамазан. – Қазан: Типо-литография Императорского Университета, 1912. – 12 б.
181. Көпейұлы М.Ж. Шығармалары. 5-том. Павлодар: ЭКО ҒӨФ, 2005. – 410 б.
182. Жеменей И. Түркі халықтары әдебиеті тарихына кіріспе (Оқу құралы). – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 274 б.
183. Ахметбекова А. Қазақ әдебиетіндегі сопылық поэзия. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 312 б.
184. Хасанхожа Н. Музакири ахбоб. – Тошкент: Абдулла Қодирий номидаги халқ меърси нашриёти, 1993.
185. Мырзахметұлы М. Қазақ әдебиетіндегі сопылық таным. Құрастырып, алғысөзін жазған: Светқали Н. – Алматы: ГИС-print, 2012. – 184 б.
186. Мырзахметұлы М. Түркістанда туған ойлар. – Алматы, 1998.
187. Үлімжіұлы А. Шығармалары. 2-том. – Күйтің: Іле халық баспасы, 1999.
188. Жолдыбайұлы Қ. Имани гүл. – Алматы: Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры, 2011. – 384 б.

189. Әділбаев А. Кемелдік кілті. – Астана: Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры, 2011. – 248.
190. Құдайбердіұлы Ш. Шығармалары. Құрастырған: Ш.Сәтбаева. – Алматы: Жазушы, 1988. – 560 б.
191. Құдайбердіұлы Ш. Иманым. Құрастырған: Байғалиев Б., Қасейінұлы Е. – Алматы: Арыс баспасы, 2000. – 321б.
192. Абай шығармаларының екі томдық толық жинағы. 2-том. – Алматы, Жазушы, 1995. – 384 б.
193. Hasan N. Çağatay Şairi Azim Hâce ve Hikmetleri. Türk Dünyası Araştırmaları Dergisi, 2011.
194. Kızıltaş E. 17.yu. Sonundan 20.yu. Başına Kadar Yaşayan Fergâna Muhiti Şairleri. Yüksek Lisans Tezi. Danışman: Doç. Dr. Nodirxon Khasanov. – İstanbul, 2012. 284 s.
195. Яссавий А. Девони Хикмат. Нашрга тайерлаган: Абдушукуров. – Тошкент: Ғ.Ғулом нашриёти, 1992.
196. Авлоний А. Бурунги ўзбек вақтли матбуотининг тарихи. Миллий уйғониш. Ташкент: Университет, 1993. 115-123 б.
197. Таджиев Х., Қортабаева Г. Қазыналы Оңтүстік көптомдығындағы Нұралы Нысанбайұлының әдеби мұрасы. // Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. №2 (131) 2020. – Б. 62-70.
198. Таджиев Х., Қыдыр Т., Сайфуллаев М. Шәді Жәңгірұлының әдеби мұрасы және оның «Қазыналы Оңтүстік» көптомдығында жариялануы. // Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, Филология ғылымдары сериясы, №1 (71), 2020. – Б. 396-402.
199. Мырзахметұлы М. Абай танымындағы ұлттық код мәселесі // Ақиқат журналы. – 2018. №5. – Б. 54-65.
200. Құл-Мұхаммед. Алаш қайраткерлері саяси құқықтық көзқарастарының эволюциясы. – Алматы: Атамұра, 1998. – 360 б.
201. Дулатов М. Шығармалары: өлеңдері, қарасөздері, көсемсөздері. – Алматы: Жазушы, 1991. – 384 б.
202. Қалтайұлы М. Қазақ ахуалынан бахыс еткен манзумасы. – Қазан: «Өрнек» мәтбағасы, 1909. – 20 б.
203. Әміренов Ә. Мақыш Қалтайұлының әдеби мұрасы. Павлодар, 2015. – 150 б.

## ҚОСЫМША А

### ӘЗІМ ҚОЖА ИШАН (ӘЗИМИ) (... – 1847)

«Тазкира-и Қайюми»<sup>49</sup> атты еңбекте келтірілген деректерге қарағанда, Кемалиддин ұлы Әзім қожа ишан белгілі тасауф шайыры Низами Хоқандидің (қайтыс болған жылы х.1121 / м. 1709-1710) немересі. Ол ХҮІІІ ғасырдың соңы мен ХІХ ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүріп, 1847 жылы қайтыс болған. Ферғананың орталығы Қоқан жерінде дүниеге келген ақын алғашқы білімін әкесінен алады. Қоқан медресесінде оқып, кейіннен нағашысының ұлы Мұхаммед Желалиддин (Желали) мен бірге Бұхара қаласында білімін жалғастырады. Оқуды тәмамдап Қоқанға қайтқаннан соң атақты Нақышбанди шайықы Мұхаммед Хусейн Халифаға (1755-1834) мүрид (шәкірт) болады. Ұстазынан алған ілім мен тақуа арқылы жоғары дәрежеге қол жеткізіп, ұстазынан иршад ижазасын алған соң оған «Құтб ул ақтаб» дәрежесі беріледі. Қоқанның Кел-Душан ауылында 40 жыл бойы имамдық қызмет атқарған ақын өмірінің соңына дейін Қоқанда болып, сонда қайтыс болған. Сар-мазар қабірстанына атасы Низами Хоқанди қабірі жанына жерленген. Сол кезеңнің әдеби дәстүріне байланысты екі тілде (көне түркі және парсы тілдерінде) шығармалар жазған Әзім Қожаның 1837 жылы жинақталған 321 өлеңнен құрастырылған «Түрікше диуаны» бізге дейін жеткен.

### ЖҮСІП САЙРАМИ (1840-1912)

Мұхаммед Жүсіп Молда Әбдішүкірұлы Сайрами – 1840 жылы Сайрамда туып, 1912 жылы сол жерде дүниеден өткен. Алғашқы сауатын әкесінен алған Молда Жүсіп Шымкент, Сайрам және Бұхара қалаларындағы медреселерде білім алады. Жастайынан шығыстың Әлішер Науаи, Хафиз Ширази, Мәулана Лутфи, Баба Рахым Машраб, Мырза Беділ сынды классик ақындар шығармаларын өзіне үлгі еткен болашақ ақын өзі де өлеңдер жазуды бастайды. Қоқан, Бұхара және Ташкент қалаларындағы белгілі ғалым, ағартушылармен жақыннан араласып, әдеби орталарда шығармаларымен таныла бастайды<sup>50</sup>.

ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында Ташкенттің «Көкелдаш», «Беклербегі», «Қожа Ахрар» сынды сол кезеңдегі танымал медреселердің әдеби-мәдени өмірде де жетекші рөл атқарғандығы тарихи деректерден мәлім. Әсіресе, алғашқы екі медресенің атағы өте жоғары деңгейде болатын.

Міне, осындай жоғары деңгейдегі әдеби-мәдени атмосферадан тыныс алған Жүсіп Сайрами шығармашылығы түрлі жанрлар арқылы көрініс беріп отырған аса бай әрі жан-жақтылығымен ерекшеленеді. Ақынның көптеген діни-сопылық, иләһи ғашықтық өлеңдерімен қатар лирик ғазалдары, рубаилері мен мухаммастары, таржиъ бандтары мен сатиралық өлеңдері, мусаддастар мен манақибнамалары күнімізге дейін жеткен. Тәуелсіздік жылдарында ғалым

<sup>49</sup> Қараңыз: Полатжан Қайюми. «Тазкира-и Қайюми» 1-том. Ташкент, 1998. – 248.

<sup>50</sup> Скопус 2-мақала

Мирахмад Мирхалдаров, өзбек әдебиеті тарихшылары Бегали Қосимов және Муқаддас Тожибоева сынды ғалымдар Жүсіп Сайрамы жайлы ғылыми зерттеулер жүргізіп, ақынның таңдамалы шығармаларын өзбек тілінде жариялады<sup>51</sup>.

Ақын өлеңдері оның тірі кезінде-ақ түрлі басылымдарда жарық көре бастаған. Мысалы, «Баяз» (1893, 1907), «Армуған-и Хислат» (1911), «Баяз-и Мухалла» (1912), «Баяз-и Гулшан-и ашъар», «Баяз-и Хазини» (1912) сынды жинақтарды атауға болады. 1912 жылы ақын қайтыс болған соң да оның шығармашылығына деген қызығушылық арта түсті. Ақынның ең жақын шәкірттерінен Тавалло 1914 жылы ұстазының өлеңдерін жинақтап «Диуан-и Мавлави Юсуф Сарёмий» атымен кітабын жариялаған.

### МУХАММЕДҚҰЛ МУХАЙИР (1842-1918)

XIX ғасыр мен XX ғасырдың басында Қоқан әдеби мектебінің танымал ақындарының бірі Мұхаммедқұл Мұхаммедрасулұлы Мухайир 1842 жылы Қоқанда туып, 1918 жылы Ақ жерде дүниеден озған<sup>52</sup>. Мухайир ақынның өмірі мен шығармашылығына қатысты деректердің аз болуына байланысты Өзбекстан жеріндегі бірнеше ғылыми кітапхана және қолжазба қорларында зерттеу жүргізе отырып, сондай-ақ бүгінге дейін ақын жайлы әдеби зерттеулерді негізге ала отырып, ақынның Түркістан халықтарының діни-ағартушылық әдебиетінде алатын орнын анықтауды және «Әрбәғин» жанрын жаңғыртуға қосқан үлесін айқындауды мақсат еттік.

«Тазкира-и Қайюми» еңбегіне сүйенсек, Мухайирдің әкесі Молда Мұхаммед Расул Мырза Қоқан ханының хатшысы қызметін атқарған. Мухайир алғашқы сауатын әкесінен алып, кейіннен медреселерде білімін жалғастырған. Көркем жазу өнерін жоғары деңгейде меңгере отырып 1870 жылы Әлішер Науаидың «Диуанын» көшірген<sup>53</sup>. 1875-1885 жылдары Бұхара медреселерінде білімін шыңдап, Науаимен қатар атақты шығыс классиктерінен Хафиз Ширази, Бедил, Машраб, Лутфи сынды ақындар шығармаларының әсерімен көне түркі және парсы тілдерінде өлеңдер жазуды бастайды.

1886 жылы Қоқанға қайта оралып, сонда кең тараған оба ауруына шалдығып, қатты қиналады. Осы аурудың себебімен әйелі және бес перзентін жоғалтып, моральдық қиындықтарға тап болады. Кейінгі өмірін Ақ жерде жалғастырады. Бұл жайлы «Тазкира-и Қайюми» еңбегінде:

«Қайда болса да өмірінің жартысы қиындықпен өтті. Өмірінің соңғы кезеңінде Рашидан ауданының Ақ жер ауылында мешітте имамдық және ұстаздық қызметті қоса атқарды. 1918 жылы, 78 жасында қайтыс болды [<sup>54</sup>, 348].

<sup>51</sup> Юсуф Сарёмий. Танланған асарлар. Наширға тайёрлаган: Тажибоева М. Тошкент «Маънавият», 2002. – 145.

<sup>52</sup> Қараңыз: Мухайир. Диуан. Баспаға дайындаған: Дехканов А., Рафиддинов С. Ташкент: «Мухаррир» баспасы. 2010. – 256 б.

<sup>53</sup> Қараңыз: Қайюмов П. «Тазкира-и Қайюми». Ташкент. 1998. – 549 б.

<sup>54</sup> Қайюмов П. «Тазкира-и Қайюми». Ташкент. 1998. – 549 б.



Мухайир өзінен кейін бай әдеби мұра қалдырды. Өмірінің Ақ жердегі кезеңі әдеби-мәдени өмірге жақыннан араласқанымен құнды. Лутфи, Жами, Хафиз Ширази, Әлішер Науаи сынды ақындар ғазалдарына мухаммас жазса, Мұқими, Зауқи, Мұһйи, Хамза, Фұрқат, Надим Намангани және Мунтазир сынды ақындармен жақын әдеби байланыс жасағандығын олардың бір-бірлеріне жазған хаттарынан көруге болады<sup>55</sup>. Аударма ісінде Ислам әлемінде танымал ғалымдардың бірі Мәсуд ибн Юсуф Самарқандидің «Салат-и Мәсуди» еңбегін өзбек тіліне тәржімалаған.

Мухайирдің әдеби мұрасы ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап зерттеле бастады. Атап айтқанда, 1960 жылы А.Хайитметов, 1967 жылы А.Азизи тарапынан ақынның 2000 жолға жуық таңдамалы шығармалары баспадан шығарылды<sup>56</sup>. Өзбекстанның тәуелсіздік жылдарында да ақын өлеңдері М.Хайруллаева тарапынан 2000 жылы баспа бетінде жарияланды<sup>57</sup>. Мухайирдің өмірі мен шығармашылығын зерттеген ғалым Акрам Дехкановтың айтуынша, ақынның өлеңдері 11000 жолдан асады. Оның 8000 мың жолы өзбек тілінде жазылған.

Бүгінгі таңда ақынның толық Диуанының екі нұсқасы бар. Алғашқысы, Өзбекстан Ғылым Академиясы Әлішер Науаи Мемлекеттік әдебиет музейінде (инв. №241) (бұл нұсқа ақын өмірінің соңғы кезеңінде жинақталған). Екіншісі, Өзбекстан Ғылым Академиясының Әбу Райхан Беруний атындағы шығыстану институтында (инв. №7493) сақталған нұсқа болып табылады. Сонымен қатар Шығыстану Институтының қолжазбалар бөлімінде 682 нөмірімен сақталған, 1893 жылы (хиж. 1311 ж.) жинақталған таңдамалы шығармаларының жинағы да бар. Шығармаларды бір-бірімен салыстырған А.Дехкановтың айтуынша, барлық нұсқалар Мухайирдың өз қолымен жазылған.

Біз зерттеу нысанына алып отырған жинақ (№ 241) 1917 жылы (х.1335) жазылған, 158 беттен тұрады. 1-3 беттері автордың алғысөзімен басталса, 4-7-беттерінде Пайғамбарымыздың (с.а.у.) таңдамалы 40 хадисін өлеңмен баяндаған шығармасы, 400 ғазал, 36 мухаммас, 3 мусаддас, 6 мураббаъ, 2 таржиъбанд, 71 рубаиды қамтиды.

## **МОЛДА ЖОЛДАСБАЙ ТӨРЕБАЙҰЛЫ ХИЛУАТИ (1858-1921)**

Молда Жолдасбай Төребайұлы Хилуати 1858 жылы бүгінгі Өзбекстанның Наманган облысы Үйчі ауданының Жидекапа ауылында дүниеге келген. Балалық шағы жанұясының қатты қиналып, ауыр жағдайда өмір сүрген кезеңіне сәйкес келіп, әкесі Төребай перзенттерінің үлкені Жолдасбайды заманының танымал қазысы Молда Әзім қазының қызметіне береді. Молда Әзім Жолдасбайдың адал қызметінен, ақылды һәм байсалдылығынан, ерекше әдебінен риза болып, оны өз перзентіндей көріп, білім алуына жағдай жасайды.

<sup>55</sup> Қараңыз: Мұқими. Шығармалар. 2-том. Ташкент: «Өзбекстан» баспасы. 1960. – 110 б.; Зауқи. Таңдамалы шығармалары. Ташкент: «Өзбекстан» баспасы. 1960. – 103 б.

<sup>56</sup> Өзбек әдебиеті. 4 том. 1-кітап. Ташкент. 1960. – 199 б.

<sup>57</sup> Қараңыз: Диуан. Баспаға дайындаған: Хайруллаева М. Ташкент. 2000

Заманының танымал ұстаздарынан бірі Инаятхан Ленгери ұстаздық еткен «Әзиз қожа Ишан» медресесіне оқуға береді.

Медреседегі алған білім Жолдасбайдың өміріне ерекше әсер еткен. Алғашқы жылдарда-ақ Хафиз Ширази, Молда Жами, Әлішер Науаи, Заһиреддин Мұхаммед Бабыр, Фузули, Баба Рахым Машраб сынды шығыстың танымал классиктерінің еңбектерінен нәр алып, көркем сөзге деген ықыласы артады. Өзі де жеке өлең жазумен айналыса бастайды. Бір жағынан өз заманындағы Надим Намангани, Ысхақхан Ибрат сынды дарынды тұлғалармен бірге түрлі мәселелерде қарым-қатынаста болады.

Жалпы XIX ғасырдың соңы өлкенің әдеби өмірінде маңызды өзгерістерге себеп болған, діни-ағартушылықты мақсат еткен ақындардың ортақ идеяларының Исламды насихаттау жолында бірігуі маңызды мәселелерден еді. Сол кезеңдегі Ферғана уәлаятының әдеби-мәдени тіршілігі Хилуатидің шығармашылық өміріне терең әсер етті. Шығыстың атақты ғұламаларының әсері мен замандас ғалымдардың көрсеткен бағыт-бағдары, өмірлік тәжірибелері «Сөз өнеріне» жаңадан кіріп келе жатқан Хилуатидің әдебиетте жаңа қырларымен, өзіндік үлгімен көрініс беруіне мүмкіндік берді.

Ақынның жазып қалдырған ескі өзбек тіліндегі «Диуаны»ның бір нұсқасы Өзбекстан Республикасы Ғылым Академиясының Шығыстану Институтында, ал екінші нұсқасы Хилуатидің немересі Маруфжан Акмаловтың жеке кітапханасында сақтаулы. Диуан ғазал, мухаммас, қасида, мууашшаһ, сатира сынды түрлі жанрларда жазылған 7656 бәйіт өлеңнен тұрады. Оның 6886-сы шағатай тілінде, ал 770 бәйіті парсы тіліндегі өлеңдер. Сонымен қатар ақынның «Сәйр-и Жибал», «Чарағи мактаб» атты діни-ағартушылық мақсатта жазылған шығармалары мен Алла елшісінің (с.а.у.) дүниеге келуіндегі мұғжизаларды жырлаған «Мәулид-и нәби» атты поэзиялық туындысы бүгінгі өзбек әдебиеттану ғылымында ғана емес, түркітану саласында да маңызды шығармалар ретінде зерттелу жолына түсті.

Хилуатидің өмірі мен шығармашылығы бүгінге дейін С. Рафиддинов, О.Болтабоева, А.Қурбонов, И.Абдуллаев, Мухаммедамин Молда Абдусамадұлы сынды әдебиет зерттеушілері тарапынан әдебиеттану ғылымына кіріп келсе, әр жылдары Хайруллаһ Қасым Элтурк, Адем Чаян, Емине Кызылташ сынды түркітанушылар тарапынан шығармалары жарияланып, ғылыми зерттеуге алынған.

## СУЛТАНХАН АДО

XIX ғасырдағы өзбек әдебиетінің Қоқан әдеби ортасындағы өзіндік орны бар, өзбек классик әдебиетінің дамуына салмақты үлес қосқан ақын – Султонхон Адо. Тәуелсіздікке дейінгі кезеңде ақынның өмірі мен шығармашылығы жайлы жарияланған аздаған деректер көбінесе оны феодал рухани таптың өкілі деген бағалаумен шектелді. Өзбекстан тәуелсіздігін алған жылдардан бастап көптеген ағартушы ақын-жазушылар қатарында ақынның есімі атала бастады. Дегенмен, санаулы мақалаларда ақын шығармаларындағы

діни-ағартушылық көзқарастар көбінесе көрінбей қала берген. Ақын шығармалары үш жинақ арқылы күнімізге жеткен. Әсіресе, Фазлий Намангоний тарапынан жинақталған «Мажмуаи шоирон» жинағында Адо ғазалдарына кеңінен орын берілген.

### ЫСХАҚХАН ИБРАТ (1862-1937)

XIX ғасыр екінші жартысы мен XX ғасыр басындағы әдебиетте діни-ағартушылық идеяны ту еткен, жәдидтік әдебиеттің көзге көрінген ірі тұлғаларының бірі, Қоқан әдеби мектебінің талантты өкілі, ақын, тарихшы, саяхатшы, публицист, тілші ғалым сонымен қатар Ислам дінін терең меңгерген діни-ағартушы педагог Ысхақхан төре Ибрат еді.

Ақын ретінде «Ибрат ілімі» өлеңдер жинағы, тілші ғалым ретінде – «Луғат ситтати әл-синә», «Жамеъ ул-хутут» сынды кітаптары, тарихшы ретінде – «Тарихи Фарғона»<sup>58</sup>, «Тарихи мәдениет» сияқты тарихи еңбектері, сондай-ақ діни-ағартушы педагог ретінде – «Мезон уз замон» сияқты 9 мезоннан (бөлім) тұратын діни-насихат түрінде жазылған прозалық шығармасы мен жоғарыда аты аталған Лутфуллаһ Насафидың «Фикһ кәйдани» еңбегінің өлең түріндегі түсіндірмесі «Фикһи кайдоний назми» шығармасы, сонымен қатар танымал публицист ретінде «Түркістан уәлаятының газеті», «Тараққий», «Тужжар», «Садойи Түркістан», «Садойи Фарғона» сынды газеттерде, «Айна», «Әл-Ислаһ», «Әл-Изаһ» журналдарында жарияланған ондаған мақалалары тұлғаның ғылымдағы жолын айқындап береді<sup>59</sup>.

Ысхақхан Жунайдулла ұлы Ибрат 1862 жылы Өзбекстанның Наманган облысы, Төрөқорған ауданында дүниеге келген. Ибрат – Ысхақханның лақап аты. Әкесі Жунайдуллақожа Суннатуллақожа ұлы. Әке жағынан атақты Түркістан пірі, Орталық Азия сопылық әдебиетінің негізін қалаушы кемеңгер тұлға Ахмет Ясауиге барып тірелетінін жазып қалдырыпты. Бұл жөнінде:

Ибрат тахаллусимдур, ахфоди Ҳазрати Султон,  
Шухратда – Ҳожи тўра, маъвоси Тўрақўрғон.<sup>60</sup>

Мағынасы: *«Ибрат – лақап атым, тегім – Әзірет Сұлтан, танымал қажы төре, шыққан жерім – Төрөқорған».*

Әкесі Жунайдулла диканшылықпен бау бақша өсіруді кәсіпке айналдырған, аса танымал бағбандардың бірі болыпты<sup>61</sup>. Сонымен қатар шығыстың көркем әдебиетінен мол хабардар, заманында Хадим есімімен өлеңдер жазған ақынжанды кісі екен. Анасы Хурбиді де заманының оқымыстыларынан болыпты. Ол өз үйіне қыздарды жинап, Науаи, Жами, Машраб сынды классик ақындар өмірінен сабақ беріп, шығармаларынан үзінділер оқытып, жазу-сызуды үйретіп, көркем жазудың қыр-сырларынан

<sup>58</sup> Шығарманың екі нұсқасы Өзбекстан Республикасы, Ғылым Академиясының Әбу Райхан Бируни атындағы шығыстану институтында инв.№11616, №11080 сақтаулы

<sup>59</sup> Исҳоқхон тўра Ибрат. *Фикҳи Кайдоний назми. Наирга тайёрловчи: Н.Насруллаев. Тошкент, «Monaqimmat» нашриёти, 2012. – 96 б.*

<sup>60</sup> Исҳоқхон Ибрат. *Илми Ибрат. – Тўрақўрғон, 1909 й., 4-бет*

<sup>61</sup> <https://ziyouz.uz/ilm-va-fan/adabiyot/ulugbek-dolimov-jahongashta-ijodkor>

дәрістер өтеді екен. Ысхақхан төре алғашқы сауатын ауыл мектебінде бастағанымен онысы аяқталмай қалып, қыздар мектебінде, яғни өз үйінде анасынан оқуды жалғастырады, екі жылда анасының көмегімен жазуды үйреніп шығады. Бұл туралы ақынның өзі: «Алғаш ауыл мектебінде 5 жылда 3 мұғалімнен дәріс оқып, соңына жетпей қалды, кейін қыздар мектебінде, яғни өз үйімде анашымнан оқуды үйрендім. Екі жыл қиблагаһымнан (анамнан) көркем жазуды машықтандым» – дейді.<sup>[62, 83]</sup>

Отбасында әке мен шешенің ғылымға, әдебиетке деген жоғары құрметі Ысхақханның бойында ғылымға құштарлық пен имандылық, адамгершілік, адалдық, мейірімділік сияқты өнегелі қасиеттердің қалыптасуына мүмкіндік туғызды. Бір жағынан бұл ізгі қасиеттер Ысхақханның әдебиет пен өнерге ерте қызығуына себеп болды.

Сегіз жасында әкесі қайтыс болып, Ысхақхан жастайынан жетімдік тонын киеді. Дегенмен ақылды ана перзентінің білімі мен тәрбиесіне аса жоғары көңіл бөліп, 1878 жылы ұлын 16 жасында Қоқандағы Мұхаммед Сыддық Тұнқатар медресесіне оқуын жалғастыру үшін жібереді.

Ысхақханның Қоқандағы сегіз жылдық білім алу кезеңі Ресей империясының Түркістанды түгел жаулап алған, империалистік саясаттың күшіне мінген дәуіріне сәйкес келді. Түрлі тарихи оқиғалар Қоқанның саяси-әлеуметтік өмірімен қатар діни-әдеби, мәдени өміріне де көп әсерін көрсеткен еді. Осыған орай Қоқанның Ислам дініне негізделген медреселері мен оқу-ағарту салаларында өзгерістер болып жатты. Ысхақхан діни білімдерді терең меңгерумен қатар шығыс ғұламаларының еңбектерін өз бетінше оқып, араб, парсы, орыс тілдерін үйренуге күш салды. Сондағы Қоқан әдеби мектебінен шыққан Мұһйи, Мұқими, Фурқат, Зауқи, Надим, Ғурбат сынды ірі қайраткерлермен сұхбаттас болып, олармен жақыннан араласты.

1886 жылы медресені бітірген соң, Төрөқорғанға қайтып, оқу-ағарту саласында жұмыс жасауға кіріседі. Мектеп ашып, ауыл жастарына білім беруді қолға алады.

Ибраттың «Луғати ситта ал-сина» (Алты тілден құралған сөздік) және «Тарихи Фарғона» атты еңбектерінде жазылған мәліметтерге қарағанда, 1887 жылы 25 жасында анасын алып қажылық парызын өтеу үшін жолға шығады. Алайда анасының ауыр дертке шалдығуынан 1887-1888 жылдары Истанбулда, кейіннен Жидда қаласына келген кезінде анасы қайтыс болады. Ибратанушы ғалым У.Долимовтың мәліметіне қарағанда, анасын Жидда қаласында жерлеген Ибрат қажылық амалдарын орындаған соң сапарын шығыс елдеріндегі қалаларда жалғастырады. Біраз уақыт бойы Жидда қаласында тұрады. Сонымен қатар Рим, Афина, Париж сынды Европа орталығындағы қалаларда болады. Кейіннен Араб және Қызыл теңіздері арқылы Үндістанға келеді. 1892-1896 жылдары Үндістанның ең үлкен порт қалалары Бомбей және Калькуттада өмір сүреді.

Ибраттың шетелдердегі он жылға жуық сапары туралы мәліметтерді оқу барысында оның жүрген жерінде барынша ғалымдарға жақын болуға

<sup>62</sup> Tojiboyeva M. *Milliy uyg'onish davri o'zbek adabiyoti*. Toshkent: Mumtoz so'z. 2017. – 207.

тырысқаны, сондай-ақ әлем халықтарының тілдерін үйренуге ден қойғандығын көруге болады. Бомбей мен Калькутта қалаларында тұрған кезінде сондағы халықтар арасында жиі қолданылатын араб, парсы, урду және ағылшын, француз тілдерін меңгереді. Ең көне тіл болған финикиялықтардың тілі, иудей, сурия, грек жазуларын да қызығушылықпен үйренеді.

Ибраттың замандасы Ибраһим Дәурен оның бірнеше тілдерді меңгергендігін растай отырып: «...қазы төре мырза (Ибратты айтып отыр. Х.Т.) арабша, түрікше, парсыша, үнді, орысша тілдерді меңгерумен қатар французша, немісше де хаттар жазуға қабілетті кісі» [63] – деп пікір білдірген.

Сапары барысында ғалым Шығыс елдерінің мәдениетімен қатар Европа мәдениеті, өнерімен жақыннан танысады. 1896 жылы Үндістаннан Бирма арқылы Қытайға, одан Қашғарға өтіп, соң отанына қайта оралады.

1907-1908 жылдары Москва, Петербург қалаларына саяхат жасаған ғалым Ресейдегі жоғарғы және орта оқу орындарымен жақыннан танысады. Қайтар кезінде Орынбор, Уфа қалаларына соғып, түркі халықтарының танымал ағартушылары «Шуро» журналының редакторы Ризаиддин Ибн Фахриддинмен, «Уақыт» газетінің редакторы Фатих Карими сынды ғалымдарымен кездесіп, усули жадид мәселелерінде көп сұхбат жасайды. Орынбордағы Гауфман есімді баспахана басшысынан он жылға бөліп төлеу шартымен литографик машина сатып алып, оны поездбен Қоқанға алып кетеді. Ол жерден түйелердің көмегімен Төреқорғанға жеткізеді.

Сөйтіп алғаш рет Төреқорғанда баспахана жұмысын ұйымдастырып «Матбааи Исхоқия» (Ысхақ баспаханасы) атымен жұмысын бастайды. Бұл саланы жақсы меңгерген Хусейн Макаев пен Абдурауф Шаһиди сынды білімді мамандар баспахана жұмысын жандандырған. Мұнда сауат ашуға арналған кітапшалар, оқулықтар, плакаттар мен ілім таратуда қажетті болған баспа материалдары шығарылып отырған. Ибраттың «Санъати Ибрат» (Ибрат өнері), «Қалами Мирражаб Бандий» рисаласы (1908), «Илми Ибрат» (Ибрат ғылымы) өлеңдер жинағы (1909), «Жомеъул хутут» (Жазулар жинағы) еңбектері сонда жарық көрген.

Ұлттық ояну дәуірі өзбек әдебиеті оқулығында бар өмірін оқу-ағарту саласына жұмсаған Ысхақхан төре Ибрат өмірінің соңғы кезеңдері төмендегідей суреттеледі: «Ибрат өмірінің соңғы жылдары біршама ауыр кешті. Біріншіден, қартайғандығы. Екіншіден, 1935 жылдан бастап ол барлық лауазымдардан шеттетіліп, зейнетақы да тағайындалмаған еді. Есесіне үкімет адамдары оған сенімсіздікпен қарайтын. Күннен күн ақын аспанында қара бұлттар құйыла бастады. Мындаған зиялылардың өмірін қысқартқан репрессия Ибраттың есігіне жақындады. 1937 жылдың көктемінде Ысхақхан Ибрат қамауға алынды. Сотқа да шақырылмады, қамауда екі ай жатып 75 жасында қайтыс болды»<sup>64</sup>.

<sup>63</sup> «Түркістан уәлаятының газеті», 1908 ж., № 56 Иброҳим Даврон. «Ҳақсўз» (1910) ziyouz.uz/matbuot/jadid-matbuoti/ibrohim-davron-haqsoz-1910/

<sup>64</sup> Миллий уйғониши даври ўзбек адабиёти. Наирга тайёр: Б.Қосимов, Ш.Юсупов, У.Долимов ва бош. Тошкент: Маънавият, 2004. – 298 б.

Ысхақхан төре Ибраттың өмірі мен шығармашылығын зерттеу, сонау 1960 жылдары М.Иброҳимов, О.Усмоновтар тарапынан бастау алды. Ғалым туралы жан-жақты толық мәліметтер ұлттық ояну дәуірі әдебиетінде ағартушылық бағытты зерттеген ғалым Улықбек Долимовтың 1971 жылы «Өзбек ағартушы ақыны Ибраттың өмірі мен шығармашылығы», сондай-ақ 2008 жылы К.Воҳидованың «Ысхақхан Жунайдуллаұлы Ибрат және оның тарихи-ғылыми мұрасы» атты кандидаттық диссертацияларда көрініс тапқан. Тәуелсіздік жылдарында да өзбек ғалымдарынан У.Долимов Ибрат шығармашылығына жан-жақты зерттеулер жүргізді<sup>65</sup>, сонымен қатар Х.Бобобеков, М.Ҳасаний<sup>66</sup> Ю.Самадов<sup>67</sup>, Н.Жабборов<sup>68</sup>, К.Воҳидова<sup>69</sup>, Н.Насруллаев<sup>70</sup>, И.Йулдошев, Р.Умматов<sup>71</sup>, Б.Бобожонов, Б.Низомов<sup>72</sup>, М.Абдуллаева<sup>73</sup> Н.Улуқовтар<sup>74</sup> тарапынан Ибрат шығармашылығын ғылыми айналымға түсіру жұмыстары кеңінен жүргізіліп келеді.

Ысхақхан төре өмірі мен шығармашылығы жайлы шетелдік ғалымдар тарапынан да зерттеулер жүргізілген. Жапон ғалымы Хисао Коматсу және өзбек ғалымы Бахтияр Бобожоновтар тарапынан Ташкент және Токио қалаларында Ибраттың «Мезону-з замон» шығармасы баспадан шықты<sup>75</sup>. Түрік әдебиетші ғалымы Фатма Ачык Ибраттың өмірі мен шығармашылығын сондай-ақ «Қош келдің», «Тілекше», Көруге келдім сағынып» атты өлеңдерін түрік тілінде сөйлетті<sup>76</sup>.

### ХАЗИНИ ХОҚАНДИ (1867-1923)

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басындағы Қоқан әдеби мектебінің көрнекті өкілдерінің бірі Зияуддин Катта қожаұлы Хазини төре Хоқанди еді. Ақынның туған жылы мен туылған жеріне қатысты ғалымдар арасында қайшылықтар кездесіп отырады. Десек те, Хазини Хоқандидың өмірі мен шығармашылығы жайлы терең зерттеген ғалымдар А.Мадаминов, О.Жорабаевтардың пікіріне сүйенсек, Хазини 1867 жылы Қоқан қаласына жақын маңдағы Кенагас ауылында дүниеге келген. Әдебиетші ғалымдардың

<sup>65</sup> Долимов У. *Исҳоқхон Ибрат*. – Тошкент: Шарқ, 1994; *Миллий уйғониш педагогикаси*. Тошкент: «Ношир». – 2012. – 149 б.

<sup>66</sup> Ибрат И. *Фарғона тарихи / Наирга тайёр*: Бобобеков Х., Маҳмуд Ҳасаний. – Тошкент: Камалак, 1991

<sup>67</sup> Самадов Ю. *Мавлоно Ибрат ворислари*. – Наманган: Наманган, 1999.

<sup>68</sup> Ибрат И. *Танланган асарлар / Наирга тайёрловчилар*: Долимов У., Жабборов Н. – Тошкент: Маънавият, 2005.

<sup>69</sup> Воҳидова К. *Исҳоқхон Жунайдуллоҳхўжа ўғли Ибрат ва унинг тарихий-илмий мероси*: Филол. фан. номз. дисс – Тошкент, 2008. – 186

<sup>70</sup> *Исҳоқхон тўра Ибрат*. *Фиқҳи Кайдоний назми*. *Наирга тайёрловчи*: Н.Насруллаев. Тошкент, «Мовагаиппаһт» наирриёти, 2012. – 96 б.

<sup>71</sup> Йўлдошев И., Умматов Р. *Ибрат изларидан*. – Наманган: Наманган, 2014.

<sup>72</sup> Низомов Б. *Наманганда Ибрат босмахонаси / Давр*. – Наманган, 2017, 10 март. – № 11;

<sup>73</sup> *Исҳоқхон Ибрат – серқирра ижод соҳиби*. – Тошкент: Наврўз, 2018.

<sup>74</sup> *Ибрат И. Ҳикматли сўзлар / Наирга тайёрловчи*: Улуқов Н. – Тошкент: Наврўз, 2019.

<sup>75</sup> *Коматсу Х., Бобожонов Б. Исхақхан тура ибн Джунайдуллах Ходжа. Мезан аз-заман*. – Ташкент-Токио, 2001

<sup>76</sup> *Dr. Fatma Açıк. Özbek edebiyatı*. Ankara: Alp yayınevi, 2007. 166 s.

басым бөлігі де осы деректі қолдағандықтан біз де осыны қолдағанды жөн санадық.

### СИДҚИ ХАНДАЙЛИҚИ (1884-1934)

Сирожиддин Сидқи Хандайлиқи (Сирожиддин Сидқий Хондайлиқий) 1884 жылы Өзбекстанның қазіргі Бостандық ауданының Хандайлиқ ауылында дүниеге келген. Әкесі Мирзохид өте қарапайым, отбасын елдің жылқысын, малын бағып күн көріп өткен кедей кісі болыпты. Сондай қиын атмосферада өсіп ұлғайған жас Сирожиддин 1903 жылы 19 жасында Ташкентке келіп, Рахматуллаһ және Бекларбеги, Көкелдаш медреселерінде білім алады. Сонда жүріп араб, парсы тілдерін үйреніп, сол заманда атағы шыққан Шаһмурат катибке (көшіруші) шәкірт түсіп каллиграфия саласын меңгереді. Жалпы ғалымдар Сидқидың бұл салада біраз жетістіктерге жеткенін, Орталық Азияда каллиграфия саласының тарихын зерттеуде, дамытуда тұлғаның маңызды орны бар екендігін айтады<sup>77</sup> (192). Ал, араб-парсы тілдерін жетік меңгерген Сидқий бұл талантын аударма саласына жұмсаған. Мысалы, шығыс әдебиетінде танымал «Мың бір түн», Сағди Ширазидың «Бостан» сынды көптеген танымал шығармаларды өзбек тіліне аударма жасаумен шұғылданған. Бүгінгі таңда Өзбекстан Ғылым Академиясының қолжазбалар фондында Сидқидың 20 дан астам қолжазба және баспа кітаптары сақтаулы.

Сидқидың әдебиеттегі орны оның талантты ақындығымен өлшенеді. ХХ ғасырдың бастарынан әдеби өмірге кіріп келген ақын қолжазбаларының негізгі бөлігі лирикалық өлеңдері мен ғазалдарынан, діни-ағартушылық мақсатта жазылған құнды шығармаларынан тұрады. Ақынның жүзден артық ғазалдары жинақталған диуаны (өлеңдер жинағы) Сидқидың талантты ақын болғанына дәлел. Ақпан төңкерісі кезіндегі болған оқиғаларды суреттейтін «Русия инқилоби» шығармасы да поэзия үлгісімен өрілген тарихи жыр ретінде қазақ-өзбек халықтары әдебиетінде маңызды рөл атқарады. Себебі, қазақ ақыны Мәди Меркішұлының «Тухфа-и жумхурият» Республикаға сый деп аталатын өлеңмен өрнектелген тарихи шығармасы замандас ақындардың бір-бірінің шығармашылығынан хабардар болғандай көрсетеді. Бұл алдағы зерттелетін мәселенің бірі.


Сидқи Хандайлиқидың тағы бірнеше қырларына тоқталу мүмкін. Алайда, мұндағы негізгі мақсат қазақ тілді оқырманға тұлға туралы қысқаша мәлімет беру болғандықтан оның өмірі мен шығармашылығы туралы кең көлемдегі деректерді алдағы уақыттың еншісіне қалдыруды жөн деп санадық.

---

<sup>77</sup> Сидқий Хандайлиқи. *Навбахор: Ғазалдар. Дастан. Хикаяттар. Баспаға дай: Қосимов Б., Жалолов А. Ташкент: Ф.Ғулам атындағы әдебиет және өнер баспасы. 1984. – 248.*

## ҚОСЫМША Ә

«Қазыналы Оңтүстік» көптомдық жобасы аясында ұйымдастырылған  
ғылыми экспедиция материалдары



Сурет Ә.1 – Шәді Жәңгірұлы. Хикаят Ибраһим Халилулла 1-бет.



آدیلمن بر قطر سو آبی ما نی  
 تکرر نی در خوراک استه جان کز بیبه  
 تو غور آه او به کوه های دنیایم انور  
 یکه صد روز فاضلشک بولما خاند  
 بندانک بعضی لار سگاف ایتر بیگ  
 اورینکاتار سلیق قور ساداعی  
 بعضی لار مسلمانلیق تایدک دینی  
 ایله ارگی بیخبر لار محکم تو تریه  
 آدالی پیغمبر شنگ حضرت آدام  
 ایله ارکن جامعی اوکلری بیخبر  
 ایستند او شمنک او شجوز مور سالی  
 آمدان تو غزیرینه کتبه تو سگی  
 آفضالی بار شایس شنگ رسول خدا  
 عارش ایله لایق اینا آتسا بازیه  
 ایکنش ابراهمدور آزار او علی  
 فضلی می ابراهمنان خایدا بولیه  
 قصایس بار شایس شنگ قصایسته  
 جمبول میه او زبالمشایله ایتر  
 وفاق آتیند خلیل شنگ هم بار دوشکلی  
 لامعاتی اغزید تا شخدا میندیه

راجمنه انامیز قوریدنگ آ آلیس  
 آتاق قول اعضا شنگ بتدی بار عی  
 آنا شنگ قورساغیند اباریق کور دیک  
 بول تورلی قالیق بولیه جور میردیک  
 دونیانی کافر لار که جا قین ایتر بیگ  
 بعضی سین دو کمالا تدر اچام ایتر بیگ  
 کونکلیتمه دیه ایسلام شنگ تو کز بیگ نور  
 آمره شنگ عتبه قیلایه بردا بیر  
 آخره رسول خدییر الانام  
 بولار شنگ اورتا سیندا بولغان تمام  
 آلا شنگ شکر توری اغضالدور لار  
 والول عزیزم بشا ویرینه قیلغان ایظهار  
 آت بولده خیر البشر الیل مونکا  
 آمدان میه دیه کتککان نرا  
 برضا خلیل دیه نیدا قیلدی  
 حاجی پیغمبر حیی میثابی تو غزیره  
 بولما دیه آیتما غما باریه بر دیک  
 خالیشک روح شافین بترا تسلام دیه  
 نمرودیه دیه کتبا لاردا ایتار آتی  
 جاراتقان میه دیر ایدی بول دونیانه

Сурет Ә.2 – Шәді Жәңгірұлы. Хикаят Ибраһим Халилулла, 2-бет

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ

یراتقان حقه خلاصان  
 اوزملىگى ابروردوجها  
 خوش طيبورانسى طار  
 اول برورد ابروزيقابى گول  
 طر فاسيز ابردى نشان  
 بى چكونه بى چو نمان  
 اوقمايدىك اندىك نىچ زامان  
 آشكر برلان هم نهان  
 سىمايدىك آشكار نزيان  
 ايشتار سويلابى زابان  
 بول سوزده سنماس كورماجان  
 تودير بجانيسز جانلى دار  
 اندا جوق قىلما شو به اظان  
 دالىلى موشنىك دور عيان  
 قىلما قغ قلىيا ايم تيبان  
 موه قنى بوليسه مهر بار

حمد بى حمد بى خدا دى  
 اور تمانى جوق شىركه سيز  
 مخلوقى ابرورد اسمان جبر  
 كوتلوزدى نفس جانىك نىك  
 احدور حمد بى مثان  
 لم نزال حمد ولم نزال دور  
 دالى ميه قايىم تورغو چى  
 قودير اتنه معلوم دور  
 بارچه نم لولخان اول غالىب  
 گورادىك كوز سيز قولاق سيز  
 اندىك دور اولماك ترمالماك  
 جاتسز جانلى چىخار آر  
 آمانازن فر زنت  
 اخلاص ديبه ايتقا سورا دا  
 اختيار خزانان بر دى  
 حاجتكنه تانملا كور سوزير

Сурет Ә.3 – Шәді Жәңгірұлы. Фикһ кәйдани шығармасы, 1-бет

اولجايدان اورين الامام  
عنه جزا قرانند

نعت بنی صلواتی الله علیه وسلم

روحیه بولسون صلوات	بغیر از خدا ننگ
مبارکاتی مبارک آنی محمد	یا ذاتی که قرانند
توفیق تو مدیک دور عداد	قطر مستحبه بخورد ننگ
نفسلی هر بر مخلوقات	دیو فریه خوش طایور میں
آیتام هم آزدور قیبه زیات	آلار ننگ بار چه سانیدین
جزا تعالی ما و جزا ت	مارا تبدا آندیه کین دور
آولدان ایرود بولور صورت	جزا تما قالیقته علامنی
بیلما کنگ قلسا اچمتا هات	محمد او چور بولغانین
اونک دیبه دلیل قیلرک یات	لولیک لما خلق ات
حاجیم حاجی بیج دیبه بازدی خط	عرش اعظم ننگ ساقدرا
جبر ایل بزدی بشارت	او یقیدا معراج خبارین
الجابات تا زاطهرات	کعبه دانهما ز او قودی
جنت داره فراق کیلرک ات	معراجتو واسول بارخاندا
اسی یا نند یا ارقنات	آدامدیک ایدرک جوزلا رکه
مقرتبقا فعلین قیبه عداد	یا د شاه لبق کونن کیما دکه
قیلاستی ایسرا به قرابت	قانی کوجو دوشیا بولسا دا
بالار قیلا کور خیات	فقو عین صحبت ایتاردی

Сурет Ә.4 – Шәді Жәңгірұлы. Фикһ кәйдани шығармасы, 2-бет

دُرده کُش لا جانید کیفیت خمرالت باده سوزنه منجراو پیم این جان بدلا ایسترم بودیرا ابرجام و جد خمیدن تشنه کنی تو لب و توت مبدم لبر جام قطره تابسنگ بیدین برن جام ایله کچا پر دیم بچو داول بیخ دیر لغر غیده نابخ رشیدی جام ازل لبر نرایدی	باشید بو شد رنج خار اویش بلا ایلا سام بر غزوه سیغنه یوق باریم نذفا اوز کوکوم بنیادینی بیغسه بیغیب فرفنا ای شوی مضر تلا ساقی یوسف لفا خرقه و دستار تسبیح و ردا ای زاهد قند کاندین بری ام تعلق دین رهها دُرده دیک جان کونکل اونشادین بوسنا
--	--

ساقی بکل چهره جام می اولغای تا ابد  
یوسف خاک زمینانه و دست دعا

ساقیا توت مبدم ساغر منکامیدین باده یک بیج بولغای دوران غمینی دفعینه شوخ بدستیم سوزنوب آله مندین نقوش دیر پیری خدشید باش قیامین بر او پوس سرفدکل چهره سوزنه من سارا اینغ یارنه اغیر سیز دهر ایچره هرگز تا پیم طعن ناشید سوزنوق باشدین ایتمی علم در دایلی شوغلا بیدین غم چیکل سون چنگد یک من غولار زیمی او چون کونک ادم رتکلید کل باغلا ده کاکه قان ایچر	رحم قیل باشیمده دوروشیا اینغ قتیغ بلا بولمشه بچو دلو غوم اولدو کوسی رنج غنا قالغای لوح دل جانیمده نقوش ماسوا کاش تکیای کرد ارمیده کوز و معنه توتیا کویا کیم بی بولغای برس کافض کیمیا شده هر لطف قهر کینج نی بی اژدها ایسترم میخانه ده می دُرده مسیدین میا چونکه هر میکده در کاهید ردار اشفا چون خم زلفی کبی آخر کور و نک قدیم تا چقیقه کلکشت اینکا او شوخ بوک کل قبا
---	---

Сурет Ә. 5 – Жүсіп Сайрами. Шығармалар жинағы, 3-бет

<p>سوج حظ کور کاج لب لعید دود آدین</p>	<p>یوسفی کوردی بون تون برنجه کوکلخ قرا</p>
<p>عجز ناندین بولک ل بوق باوج کبریا  اکتبا ایلا سو نوقلوق قویم خود او قدر  زهد تقوا خرمین کما ایلا سنگ زکوه کو  بوله طاعت برله ایمین جرم برلان نامید  کیم یا سحر دین سنی مشغول تیر لارانه  فضل عدلا آلدیدر کاهمه تنگ کیلدی  ایلا کیل انهار قلو ق انتظار فضل بول  هردی اندین تیار سرمایه نقد حیات  بیلمنیک هر لحظه آرتار دیمم حدین قون  کیم بریدب رشا هر چه سیغاب کن  لاله جامی غول کیم قیلدی کلکون باده  بوچمند کیم بنفشه خرقه سین قیلیش کبود  بودستان چمنه سروکل اوراقین  بوی لغت ایستمر کون مکان کلزایدن</p>	<p>موند بر قیلچه بولک سنگ اند سیند و راقیا  چونکه قتیغ سدره دور ذره کبر و هوا  بوله ورتار کسموم سمعه برق ساریا  قهر و لطیف دین از توت دامن خوف جا  حاجت ایرما سدرت بتجانه قلیق لوتینا  زاهد شمیمه نوس فاسق ناپار سا  بولمغای قلو قدین اوزک قلعهر کز فر دیا  هر نفس سندن کیتا سوی عدم کرفنا  سندن عصیان خطا لار اندین اهرن عطا  کیم تکیب دو سر و قدیفه زمرد کون قبا  کیم بو اوت تا بیدین تمیش داغ نغری قرا  چونکه آسیب خج اندین باغدار ماتم سرا  کیم او قورلار دیمم ببل فغان قمری نوا  بیته زلف یار دین کیمیکان سیم عطر سا</p>
<p>دسنگا اعتباینگ یوسفی برشت کنا  قویله وز لوک دین اثر سیند و طلسم نقش با</p>	
<p>الهی حمدنیکا قیلغیل تیل و دلیم کویا</p>	<p>همیشه سنگا دین نجا دلده ذکر و ثنا</p>

amc

0.11

Сурет Ә. 6 – Жүсіп Сайрами. Шығармалар жинағы, 4-бет

# حکمت عظیم خواجه ایشان

بسم الله الرحمن الرحيم

نفس شیطان غالب کیلیج یوم توفی  
ایلیکم آیب یولغہ ساینک نامی مصطفی  
کونیدین کونغر رسو ایغیم حدین ادتی  
ایلیکم آیب یولغہ ساینک نامی مصطفی  
عمر اذ تکار دیم نفسیم اوجون بیلیب یوکوروب  
یتده بارهسم دنیا انده باشم اوکوروب  
یوزمینک تیر کوک مشقت فی جانغہ کوروب  
ایلیکم آیب یولغہ ساینک نامی مصطفی  
بیلمای تالیم عسردم یلدیگ اد تارینی  
وقتیم کونی غفلت برله باتارینی  
غریب جانغہ ندامت لاریتارینی  
ایلیکم آیب یولغہ ساینک نامی مصطفی  
پچا یوردوم طاعت سری پیل باغلامای  
تونلار تام قیام توروب قان بیغلامای  
خدمت قیلیب ایرانلار دین برانکلای  
ایلیکم آیب یولغہ ساینک نامی مصطفی

Сурет Ә. 7 – Өзім қожа ишан. Хикметтер жинағы, 94-бет.

دانالارنى بيلگان لارين بيلسه بولمىس  
 مردان لارنى قيلغان لارين قيلسه بولمىس  
 تعلق غا دلچين اوز دىن سال بولمىس  
 بىدىم بولماي تىرىد توغرىن كىگان لار غا  
 طريقت كار بىر سىز قدم قوي سه بولمىس  
 بولبول لارنى خطرى كوب بيلسه بولمىس  
 بولبول لار ده ايسان امان يور سه بولمىس  
 بىدىم بولماي بىلىب قدم توپىگان لار غا  
 عاتل اير سىنگ نصيحت اوز دىنكا قىل  
 ايران ايتىگان اوز كانه قوبى اوز دىنكى پىل  
 اى عظيما تاكى يور كوك زار دىل لىل  
 بىدىم بولماي دىن ما مېرىن توپىگان لار غا

## حکمت

شىريت كار است موافق طريقت غا  
 مشاغلار طر بىقه بهسود دىر لار  
 رياضت نى شد تىغه صابر بولوب  
 استقامت قىلغان قل غا عابد دىر لار  
 دماره دىن لو آره دىن لىفسى اوت سه  
 ملامه ليك مقامىغه اكر مېر سه  
 رياضت كار اضي بولوب قىلوق ايت سه  
 تو سطنىك مقامىده زاهد دىر لار  
 نفسى اكر اول مقام دىن عبور ايت سه